


Мұхамеджан  
АБДРАХМАНОВ

Саяхат  
Жылдар



**Мұхамеджан АБДРАХМАНОВ**

# **САҒЫМ ЖЫЛДАР**

*(Ғұмырнамалық роман)*



**АБЗАЛ-АЙ**

**Алматы**

**2010**

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-44  
А18

*Кітап “Мәдени мұра” бағдарламасының аясында  
Алматы облысының әкімі  
Серік Әбікенұлы ҮМБЕТОВТІҢ  
қолдауымен жарық көріп отыр.*

**А18 Абдрахманов Мұхамеджан**

Сағым жылдар (Ғұмырнамалық роман). – Алматы: «Абзал-Ай»  
баспасы, 2010. – 228 бет + 4 бет суретті жапсырма.

ISBN 978-601-7172-13-8

Жазушы Мұхамеджан Абдрахмановтың «Сағым жылдар» атты романы өткен ғасырдың 1929-1931 жылдардағы босқын болған қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі жайлы сыр шертеді.

Шығыс Түркістанда туып, Үрімжі, Бейжін, Алматы шаһарларында оқып, білім алған ол екі үлкен империяны көзімен көріп, сондағы қоғамдық құрылысты басынан өткереді. Өмірі осындай шырғалаңға толы жазушының жазары да көп болатыны сондықтан болса керек.

Жастық шағы, балалық бал дәурені Тянь-Шань тауының көз тоймас сұлу табиғаты аясында өткен ол махаббаттың сиқырлы әлемі жайлы да қызықты ой толғайды.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7172-13-8

© Абдрахманов М., 2010  
© «Абзал-Ай» баспасы, 2010

**Бұл кітабымды өмірде де, өнерде де  
серігім болған, қуансам бірге қуанатын, қамықсам  
қасымнан табылатын, үш ұл, екі қыз сүйгізіп,  
шаңырақты шаттыққа бөлеген сүйікті жарым –  
Хадиша Баймұхамедқызына арнаймын!**

*Автор*

«Адам өзін-өзі таныған  
сәттен тарих басталады»

*Сеа – Мексиканың ұлы философы,*

### БОСҚЫНДАР

Менің балалық шағым қазақ халқының салт-дәстүріне қылау түспеген, қаймағы бұзылмаған сол баяғы тұп-тұнық таза мөлдір шағында, көшпенділердің тек өзіне ғана тән романтикалық сұлулыққа толы ерекше жағдайда өтті. Олай дейтінім мен табиғаты өте әсем, ну қарағай көмкерген, ұшар басында мұз құрсанған қарлы шыңдар мінгескен Тянь-Шань тауының етегінде туып, сол өлкеде ес біліп, етек жаптым. Құзар таудан құлап аққан ағынды дариялары ат ағызатын Ақсу мен Текес өзендерінің жағасында балалық бал-дәуренім, жастық шағым қалды. Нақтылап айтар болсам, 1942 жылқы жылы 14 шілдеде Шығыс Түркістанның Іле қазақ облысына қарасты, Мұңғұлкүре ауданының Қарасу деген жерінде қан жайлауда, жұрттың пейілді кезінде дүниеге келіпмін. Бұл жерге географиялық анықтама берсек, қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Нарынқол қалашығынан шығысқа қарай небары 20-30 шақырым жер. Нарынқолдың дәл іргесіне тиіп тұр десе де болады. Осындай жақын жерді соншалықты алыс еткен тағдырға не шара!..

Менің ата-бабамның ежелгі мекені, әке-шешемнің кіндік қаны тамған жері Райымбек ауданындағы Сүмбе деген ауыл. Дәл сол жерден 1929 жылы колхоздастыру кезінде қызыл империяның жандайшаптары мен шолақ белсенділердің қысымына шыдамай, әкелеріміз шекара асып кетеді. Әкелеріміз деп көптік жалғауын жалғап отырған себебім - әкем үш ағайынды болыпты. Ең үлкені менің әкем – Абдрахман. Одан соң – Момбек, Толымбек. Руымыз Албан ішінде Алжан. Албанның ұранына айналған атақты батыр Райымбектің әулетіміз. Абдрахманнан ағайым Тұрлы және мен тараймын. Әкеміз біртоға момын, шаруаға икемді кісі болатын. Асқан тәуіп, тамыршы еді. Аурулардың тамырын ұстап отырып дертін дәл тауып, дәрі жұмсайды екен. Тәуіптік атағы тым

алысқа тараған. Тіпті күншілік жерден ат арылтып келіп қолқалап шақырып әкететін-ді.

Ағайынды үшеуінің ынтымақтығы болғаны сонша өзара енші бөліспепті. Үш үйдің мал-жаны бір ортада болған. Әкелерінен жастай жетім қалып, ерте есейген үшеуі сондай тату, ұйымшыл болыпты. Оның есесіне әжеміз – Төлеш айбарлы кісі еді. Үш үйлі жанды уысында ұстайтын. Бір ауыз сөзбен айдап өргізіп, жусатып жатқызатын сондай ақылгөй ана еді. Жұрттан асқан байлығы болмаса да, өздеріне жетерлік орта шаруасы болған. Жылқының ішінде атақты бөрте бие деген бие бұл шаңыраққа құт болып дарыған. Жануар шығаннан шыққан мисыз жүйрік екен. Оның жүйріктігіне қызығып жаз бойы көкпарға салып, бәйгеге қосады. Сөйтіп жылда құлындатпай бедеу қылып мінеді. Күндердің күнінде Шәлкөде жайлауында үлкен той болып көкпар беріледі. Көкпар десе ішкен асын жерге қоятын Абдрахман күні бойы бөрте биені көкпарға салып, сілікпесін шығарады. Кештетіп келіп түн ортасына дейін таза суытады да, ерін алып өрісіне қарай сыпырып жібереді. Таң азанда жылқы жинауға барған Абдрахман өз көзіне өзі сенбейді. Қараса бөрте биенің бауырында ербиіп, шегірткедей арық құла құлын тұр. “Апыр-ау, мен шынымен-ақ құлын көріп тұрмын ба” деп ол қайтадан сәп салып қарайды. Рас, еркек құла құлын, тілерсегі майысып енесінің шабын түрткілеп қояды. Жануар әлі ауыздан баса керек. Сыйдиган сирақтары қалт-қалт етеді. Құлынды көріп Абдрахман қатты ұялады. Кеше көкпарға шауып, қинағаны үшін бөрте биеден кешірім өтінгендей болады. “Жануар-ай, ә, туартуғанша бір белгі берсе етті. Құлынды қай жеріне сақтаған десейші?!” деп таңырқайды.

“Жүйрік биеден туады, жорға айғырдан туады” деген қағиданы ұстанып, құлынды бұлар мәпелеп бағады. Кенже інісі – Толымбекке бәсіре қылып меншіктейді. Ол да мұны балаша әлпештейді. Сөйтіп құла құлын жұрт назарында болады. Күн санап өсіп, тай болады. Құнан шығады. Құнан кезінен-ақ қас жүйрікке тән белгілер байқала бастайды. Өзінің бітімі де бір бөлек. “Жүйрікке сын болмайды” деген әсте рас болар. Бойы аса сұнғақ емес, жатаған. Жалы майда, шоқтығынан құйрығына дейін тартылған қара жолақ белдеуі бар, қара жон. Тұяғы төңкерген тостағандай жұп-жұмыр. Тұрқы қысқа, шомбалдау. Құлын күнінен қант беріп, нан жегізіп үйреткендіктен адамға өте жақын, үйірсек. Толымбек бұны

ауылдағы тай бәйге, құнан бәйгеге қосып сынап көреді. Алдына қара салмайды. Осылайша құла аттың жүгіру кезеңі басталады. Толымбек те ат жалын тартып мініп, жігіттік санат құрады. Бұл кезде елде ірі қоғамдық өзгерістер болып жатқан кез еді. Совет өкіметі орнығып қалған. Бұл өкімет біртіндеп халыққа өз үстемдігін жүргізе бастаған. Ірі байларды тәркілеп, алдын итжеккенге де айдап үлгерген. Күндердің бірінде Толымбекке де тықыр таянады. Ауылнай шақыртып алып:

– Құла атты шекаралық заставка бересің, мұндай жүйрік ат үкіметке керек, – дейді. Жанына балаған жүйрігін қолдан шығаруға қимаған Толымбек тез шешім қабылдайды. Арғы бетте 1916 жылғы Қарқара көтерілісі кезінде шекара асып кетіп, сол жақта тұрақтап қалған әпке-жездесі бар-тұғын. Жездесі Мұса темір ұстасы еді. Ол жақтағы жұрттың – қазақ пен мұңғұлдардың құрал-саймандарын соғып, сол елге әбден сіңісіп кеткен. Әпкесі Зеріп те он саусағынан өнері тамған өте шебер кісі болған. Киім тігу, түскиіз жасау, киіз басу, пима жасау дейсіз бе, әйтеуір тұрмысқа қажетті бұйымдардың қолынан келмейтіні жоқ. Мұсаның үйі Сүмбеден қашықта емес. Ауыл жанын жанап ағатын Текес өзенінің арғы бетінде қозыкөш жерде – Нолағай-Толағай деп аталатын екі төбенің дәл қасында. Мемлекеттік шекараны Текес өзені ғана бөліп тұр. Дарияның арғы беті Қытай жері деп аталғанымен, бұл өлкеде қытайдың көлеңкесі де жоқ. Ежелгі Шығыс Түркістан өлкесі. Жергілікті халықтың көп сандысы ұйғырлар. Халық саны 16 миллионға жуық. Шекара сызығын бойлай үш облыста – Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарында қазақтар қоныстанған. Бұдан бөлек қырғыздар, дүңгендер, сібе-салаң мұңғұл қатарлы аз санды ұлттар да кездеседі. Қытай жағының шекара күзетінде көбінесе мұңғұлдар жүреді. Қытай үкіметі арнайы жасақталған бір тайпа мұңғұлды осы шекараның бойына әкеліп орналастырады. Олар әдеттегі әскери адамдар емес, үй-жайымен көшіп келіп қоныстанған мұңғұл шаруалары. Бірақ олардың барлық үйінде қару бар. Мылтықпен, қылышпен қаруланған. Шекара тыныштығын сақтайды. Ол кезде шекараға тартылған тікенек сым болмаған. Тек өзендер мен тау жоталары ғана шекара сызығының міндетін атқарған. Түн жамылып шекарадан ары-бері өтіп кетуге әбден болады. Тек мұңғұл жол торушыларының көзіне түспесең болғаны. Осы мүмкіндікті пайдаланған Толымбек арғы бетке өтуге бел байлайды. Ауылнаймен болған әңгімені ағаларына айтады

да, бүгін түннен қалмай арғы жаққа өтуге бекиді. Жаңа үкіметтің пиғылын таныған үлкендер жағы оның бұл ниетін құптайды.

– Алла жолыңды оңғарсын, бар шырағым! Заман болса мынау тарылып барады. Кім білсін, күндердің күнінде біз де қоныс аударғандай боламыз ба, қайдам!... – деп Абдрахман ләжсіздік танытады. Тас түйін боп тәуекелге бекінген Толымбек түн жарымында жолға шығады. Туған жер, атамекенін қиып кету оған да оңай соқпаған. Жүрегін біреу жұлып алып қалғандай, өзегі өртеніп тұр. Іші-бауыры езіліп, көзіне лықсып жас келді. Жат жерде өзін не күтіп тұрғанына көзі жетпейді. Әйтсе де шолақ белсенділердің бұл қорлығына шыдайтын түрі жоқ. Жан серігі құла аты үшін нендей қиын іс болса да көруге әзір.

Бұл түні үш үйлі жанда көз ілген ешкім болған жоқ. Бәрі де көрер таңды көзімен атқызды. Әркім өз ойымен әлек. Алдағы күн бұлдыр елес, тұманданып көз шырымын алдырмайды. “Құдай-ау, алдағы күніміз не болады?!” деген күдік бар әрқайсысының зердесінде. Әсіресе Төлеш қатты уайымдауда. Сыртқа сыр беріп күйгелектенбесе де, іштей күйініп тұр. Әлі де пісіп қатпаған кенже ұлының ендігі тағдыры не боларына ана көңілі алаңдаулы. “Жаның құдайға аманат, құлыным!..” дейді ол іштей күбірлеп.

Сүмбе қыстағының қасында шекаралық застава орналасқан. Атты әскерлер шекараны бақылап жүреді. Оларға ауыл тұрғындарынан қосымша көмекші топ жасақталған. Оның көбі тақыр кедейден шыққан жалаңбас тобырлар. Шаш ал десе, бас алатын ұр да жық әумесерлер. Қолына түскен ешкімді де аямайды. «Мылқаудың қолына түспе, кереннің астына түспе» деп халқымыз осындайлардан сақтану үшін айтқан болар. Жаңа үкімет кедейлерді көтермелеп жатқан кез. Оларға құпия тапсырмалар беріп, ауылдағы байлар мен орта шаруаларды астыртын бақылап жүру жүктелген. Бұл қызметті олар өзіне зор мәнсап көреді. Кеудесіне нан пісіп, айдарынан жел есіп, тапсырылған міндетті мінсіз атқарады. Түн жамылып келіп қара тізімге іліккендердің үйін торуылдайды. Терезеден тың тыңдайды. Олардың жүріс-тұрысын бақылайды. Сол күні бұл тізім Толымбектің үйімен толыққан. Оның жүйрік аты бар. Арғы бетте әпке-жездесі тұрады. Шекара бұзып жүруі ықтимал деген күдікпен арнайы назарда ұстау тапсырылған. Бұл тапсырманы мойнына алған Жабықбай сол түнде-ақ жұмысқа кірісіп кеткен. Ел орынға отыра бере баспалап Толымбектің үйінің маңына жет-



ті. Төңірегіне құлақ түріп, жан-жағына сақтықпен қарайды. Дуалдан соғылған қоржын тамның кішкентай терезесінен болымсыз қызғылт сәуле көрінеді. Ауланың алды үш қашамен қоршалған, берік. Мал қораның төбесіне шөп жиналған. Саңылау тауып тың тыңдау мүмкін емес. Жабықбай үйді айналып біраз жүрді. Терезеге жақындап құлағын тосып көрді. Іштен дыбыс естілмейді, ол түннің бір уағына дейін болды. Ол өзі жаурап та кетті. Қараша айының түнгі ызғары өңменінен өтеді. Жерде қар жоқ дегенімен, қарасуық сүйегінді қабады. Жабықбай жыртық-жыртық шапанын қаусырынып, екі жұдырығын жеңіне тықты. Иегін ішіне алып бүрісіп тұр. Бір кезде жалықты білем, үйіне қайтты. Бұл жәйдан Толымбек бейхабар еді. Ол таң алдында жолға шығуды ойлаған. Ақыры мезгіл жетіп жинала бастады. Бір сыпыра киім-кешегін буып-түйіп қоржынға салды. Шапанын киіп, бөктерісін бөктеріп алды. Сөйтті де бір Аллаға сиынып жүріп кетті. Анасы мен ағалары қош алысып қала берген. Тастай қараңғы түн. Таң алдындағы көзге түртсе көргісіз қою қараңғылық. Иесінің пиғылын танығандай жануар құла ат лепілдей басып жымып келеді. Әлдебір сыбыс білінсе қос құлағын тігіп қалт тұра қалады. Ол лезде дарияның жағасына келіп жетті. Текес өзенінің екі жақтауын ну жыныс, қалың тоғай көмкерген. Ит тұмсығы өтпестей қалың орман. Жабайы тал мен шілік ұйысып өскен, ішіне жол тауып кірудің өзі қиямет. Сүмбе қыстағы мен Текес өзенінің екі арасы мықты болса үш-төрт шақырымдай-ақ жер. Толымбек іркілместен тоғайға жетіп келді. Әлі таң біліне қоймаған, қараңғылық серпілер емес. Жігіт тоғайға кірудің ыңғайын таппай біраз кідіріп қалды. Жағалап көріп еді саңылау таппады. Ол не де болса таңның атуын күтті. Атының ауыздығын алып, жайылтып біраз отырды. Таң алдындағы меңіреу тыныштықты бұзып сан түрлі құстардың сайраған үні естіледі. Бара-бара тоғай іші бір әдемі әуенге толып кетті. Сауысқан шықылықтаса, құзғын қарға қарқылдайды. Үкі мен жапалақ та олардан қалыспайды. Енді бір жақтан еліктің шақырғаны естіледі. Көп күттірген жоқ, сібірлеп таң атты. Дарияның жағасын ылғи соқыр тұман басып тұрар еді. Бүгін аспан шайдай ашық. Бұл да болса Толымбекке жасаған тәңірдің сыйы болар. Жан-жағын, баратын жерін анық көріп алсын дегені шығар. Толымбек қалың нудың ішіне сүңгіп кетті. Енді қауіп сейілген. Тек дариядан аман өтсе болғаны. Ол бұта-бұтаны аралай жүріп өзеннің жағасына жетті.

Дария беті тып-тынық. Арнасы терең өзеннің әдеті осы, суының беті жылмиып жатады. Буырқанған асау ағын астында болады. Толымбек тіксініп қалды. Қай жерінен өткел тауып өтерін білмей дағдарып тұр. Дарияның ені де жалпақ көрінді. Аракідік тұтасқан сендер түнліктей болып қалқып барады.

Ол дереу аттан түсті. Етігін шешіп, тізесіне дейін түрінді. Сырт киімін шешіп, жеңілденіп алды. Киімдерін қоржынға салып, бөктергісін қайта бөктерді. Сөйтті де, жаратқанға сиынып, дарияға қойып кетті. Түскен жерден-ақ, су аттың таңбалығына келді. Орта тұсы тіпті терең екен. Аттың қапталына көтерілді. Бір кезде қатты ағыс құла атты жұлып әкеткендей болды. Құлағы ғана көрініп, ағыспен ығып барады. Жануар қатты малтиды екен. Басын көкке көтеріп алған, пыр-пыр етеді. Толымбектің зәре-құты қалмады. Біткен жерім осы шығар деп ойлады. Тақымын қысып, аттың жалына жармасқан күйі қатып қалыпты. Ол кәдімгідей ағып кетті. Әудем жерге барғанда аттың аяғы жерге тиді білем, сүріне жаздап қайта оңалды. Абырой болғанда, өзеннің арғы беті таяздау екен. Аттың сауыры көріне бастады. Біртіндеп бауырына, одан шідерлікке түсті. Сүме-сүме болып әйтеуір арғы бетке аман өтіп шықты. Құла аттың мықтылығынан-ақ өтті. Анау-мынау осал жылқы болғанда жаңағыдай жойқын ағысқа төтеп бере алмас еді. Қатты ағыс бір жұлқығанда-ақ домалатып әкететін. Толымбек жағаға шығып, аттан түсті. Жануар құла ат та дүр сілкініп, есін енді жиғандай болды. Бөктергіні шешіп, аттың ерін алды. Суға малшынған киім-кешегін сығып біраз әуреге түсті. Осы арада киімдерін сорғытып, сүт пісірім уақыт аялдап қалды. Бұл кезде күн едәуір көтеріліп, ұлы сәске болған-ды. Ол атын ерттеп, тағы да жолға шықты. Өзеннің арғы беті де қалың тоғай екен. Аралай жүріп ашыққа шықты. Қарсы алдында қасқайып Хан-Тәңірі шыңы тұр. Мұз сүзгідей шаншылған Тянь-Шаньның мұзарт таулары жарқырап көзін шағады. Сол таудың бергі бөктеріндегі мидай жазық далада жер емшегі секілденіп, екі төбешік елшең көрінеді. Нолағай-Толағай деп аталатын қос төбенің осы.

Мұсаның үйі сол екі төбенің маңайында деп еститін. Толымбек соны бетке алып, суыт жүріп келеді. Алыстан тақиядай болып көрінген қос төбе мен мұндалап қол бұлғағандай болады. Маңайда қыбыр еткен жан жоқ. Елсіз-күнсіз сары дала керіліп жатыр. Ол тоғайдан қозыкөш жерге ұзап кеткен. Кенет арт жағынан

ат тұяғының дүбірі естілді. Құла ат та секем алып құлағын тіктей қалған. Толымбек жалт қарады. Түр-тұлғасы өзгеше бір адам таяп келеді екен. Үстіне кигені қоңыр тон, басында шошақ төбелі қаратымақ. Өзінің тұрпаты бір бөлек, мұрты салбырап аузына түскен, сығырайған қиық көзін оқша қадап адамға сұстана қарайды. Шықшытты келген жалпақ беті күнқақты боп әбден тотыққан, қап-қара. Жақындап келген ол:

– Әмірсайқын бәні! – деп құлдыр-құлдыр етеді. “Е, е, әлгі мұңғұл дегені осы болар” деп ойлады Толымбек. Не айтқанын түсінбесе де, өңін жылытып басын изеді. Тілін түсінбегенін байқаған ол енді қазақшаға көшті.

– Тамыр, насыбайыңнан бір атқызшы! – деді.

– Мен насыбай атпаймын.

– Анау қоншындағы насыбай шақша емес пе?

– Жоқ, бұл шақша емес, қанжар ғой, – деп Толымбек етігінің қоншынан пышақты қынымен суырып алды. Бұл жолғы қимылдың бәрін ол өте сақтықпен жасады. Екі көзін қасындағыдан айырмаған күйі сәл еңкейіп қанжарды суырып алды да, жарқ еткізіп қайтадан қынына сұғып қойды. Әлгінің ойында не барын кім білсін, еңкейе бергенде көк желкеден ұрып жіберуі де мүмкін ғой! Қанжарды көргенде оның көзі бағжаң ете қалды. Қапелімде мұндайды күтпесе керек. Ол мұнан ары тілге келген жоқ, ләм демеді. Тұрған орнында мелшиіп қатты да қалды. Толымбек желдірте басып ұзай берді. Әлден уақытта артына бұрылып қарап еді, әлгі адам дөй далаға лағып бара жатқандай көрінді оған.

“Шекараны қарауылдайтындар осы болар, – деп ойлады, – егер олар болса мені неге тергемейді?”. Толымбектің басында сан түрлі сұрақ жұмбақ болып қала берді.

Көп жүрмеді, аты-лауы аман-есен жездесінің үйіне келіп жетті. Он неше жылдан бері аралары ажырап қалған туыстар жылап көріскен. Әсіресе әпкесі – Зеріп бауырын құшақтап дауыс салып, сағынышын жыр қып айтып жатыр. Әлден соң мауқы басылып, ел-жұрттың амандығын сұрай бастады.

– Сұрыңның садағасы кетейін, өзі кәтта жігіт болыпты, – деп бауырын өбектеп, айналып-толғанып жатыр.

Рас, бұлардың іргесі бөлінгенде Толымбек он бір жасар болатұғын. Одан бері не заман, қазір ол жиырма төрт жастағы солқылдаған жігіт. Астына мінгені шашасына шаң жұқтырмайтын

жүйрік құла ат. Өзі де толысқан, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, аққұба жігіт. Өңінде нұр ойнап тұратын көрікті бозбала. Жүрісінде пандық бар. Талғаммен киінеді. Кірпігіне кір жуытпайтын, кірпияз. Осы заманның нағыз серісі дерсің.

Мән-жайды ұғысқаннан кейін бұлар алдағы күннің қамалқасына кірісті. Бұл өңірде Мұсаның беделі бар-тұғын. Мұңғұлдың бар игі жақсыларымен араласып кеткен жәйі бар: өзі атақты темір ұстасы. Қолөнерінің арқасында әжептәуір ауқаттанып алған. Бір қора қойы, бір үйір жылқы айдап жүр. Мұңғұл нояндары Мұсаның айтқанын екі етпейді. Сонда да ол сақтық жасап, әліптің артын баққан. Құла атты жабық қораға жасырып қойды. Бұл үйге кісі қара көп келеді. Ондай жағдайда Толымбектің де тасалай тұрғаны жөн.

– Толымбек, шырағым! Мен мұңғұлдардың зәңгілерімен сөйлесіп көрейін, – деді Мұса түскі шайдан кейін, – қалай-қалай емес, шекара бұзып келіп отырсың. Сондықтан олардың көзіне түспе. Күндіз ана тоғайдың ішіне кіріп бой тасала. Адам аяғы басылғаннан кейін кештетіп келіп осында қонасың.

Байлам осы болды. Толымбек азық-түлігін қоржынына салып алды да, таң атпай тоғайға кіріп жасырынады. Ел орынға отыра бере қайтып келеді. Не жаңалық айтар екен деп келген сайын Мұсаның аузына қарайды. Алғашқы күндері мардымды ештеңе ести алмай жүрді. Өйткені шоң бастықтары ішкеріге кетіпті. Осылайша ол кісікиік болып бір жеті тоғайды паналап өмір өткізді. Айтқанындай-ақ, Мұсаның үйінде күнде топырлаған адам. Біреу келіп таға соқтырады. Енді біреуі ат тағалатады. Бәз біреулері Зеріпке киім тіктіруге келеді. Әйтеуір адам үзілмейді. Бір күні түс әлетінде бұл үйге Мұқырда деген мұңғұл келді. Оның Мұсамен көңілі жақын-тұғын. Арнайы төс қағыстырып дос болмаса да, досқа бергісіз сыйластығы бар еді. Өзі сұңғыла, сөзуар кісі. Көптен бері Мұсаға жақын тартып, жанасып жүр. “Зәңгіден бұрын Толымбектің жәйін осыған айтсам қайтеді, – деп ойлады ол, – бұл не ақыл қосар екен?”. Ақыры ойындағысын жасырмай, оның алдына жайып салды.

– Ой, тамыр, оның несіне қиналасың. Біз Еренші үкірдаймен туыс боламыз. Ол кісі менің айтқанымды екі етпейді. Мен өзім-ақ ол інінді кепілге аламын. Оны бір жұмадан бері тоғайға жасырып бекер әуре болғансың, – деп Мұқырданың жаны қалмады.

– Ой, айналып кетейін Мұқырда, онда мен ол інімді сенімен дос қыламын, – деп Мұса тіпті қуанып кетті.

– Тоғайдан қазір-ақ алып келейік, обал емес пе! – деп Мұқырда Толымбекті көргісі келетінін айтты.

– Сені тапқан апаңнан айналайын, бір жасың мың болсын, Мұқырда... – деп Мұса алғысын жаудырып-ақ жатыр. Сөйтіп екеуі тоғайға аттанып кетті. Межелі жерден Толымбекті лезде-ақ тауып алды. Жігіттің көркіне көзі тойды білем, Мұқырда аттан домалай түсіп, ескі таныстарынша құшақтап, төс қағыстырып амандасты. Толымбек аң-таң, мән-жайды Мұса түсіндіріп жатыр. Осылайша көптен күткені жерден табылғандай болып оның көңілі жайланып қалды.

– Ертеңнен бастап маған ілесесің. Өзім ертіп жүремін. Шекараны екеуміз қарауылдайтын боламыз, – деп Мұқырда ағынан жарылып жатыр. Толымбек сенерін де, сенбесін де білмей аңтарылып тұр. “Бір көрген адамға соншалықты пейіл білдіргені несі екен мұның, – деп ойлады ол, – әлде атыма қызығып тұр ма”. Адам қара саналы келеді деген, Толымбек бірден арам ойға жорыды. Дос болған адам бір-біріне қолқа салатын болар. Құла атты қолқаласа қайтемін?! Оның басына сан түрлі ой келіп мазасы кетті.

“Жақсының жаттығы болмайды” деген әсте рас болар. Мұқырданың өңі қара болғанымен, жүрегі аппақ, жаны таза адам екен. Салған жерден ескі таныстарынша араласып кетті. Сол күні-ақ Толымбекті үйіне ертіп барып, әйелімен, бала-шағасымен таныстырды. Дәулеті шағын, ортақол отбасы екен. Қонақжайлылығын айтпаңыз. Қой сойып қонақ етті. Мұңғұл деген жұртты Толымбектің көріп тұрғаны осы. Әйелі сұрсыздау кісі екен. Шашын тал-тал қып өріп, арқасына төгілтіп жіберген. Басына кигені шошақ төбелі қара қалпақ. Үстінде зерлеп тіккен барқыт бешпет. Жырық етек қара көйлегі аяғының басына оралып жүр. Үйдің іші жұпыны көрінді. Төрге төселгені әлдебір аң терісінен оюлап жасаған тері тулақ. Жүк ағашта үш-төрт тері топ жинаулы тұр. Тазалығы да мәз емес көрінді. Шай құйған ағаш тостағандары кір-қожалақ. Толымбек жиіркеніп ас іше алмады. Үй иесінің жаны қалмай, бар дәмін оның аузына тосып жатыр. Бірде ол жүкаяқтың астынан жанторсықты суырып алды.

– Толымбек, мынау біздің ата тамағымыз – мұңғұл арағы. Сүттен қайнатқан. Ең болмаса осыдан ауыз тиші! – деп қиылып отырып алды. “Несі бар, ішсем ішейін” деп ойлады Толымбек.

– Қане, құйыңыз дәмін татайын.

– Жок, дәмін татпа, бірақ сілте, – деп үлкен ағаш тостағанды толтырып құйып берді. Өзіне де дәл сондай құйды. Мөп-мөлдір тұнық екен. Толымбек көзін жұмып тұрып бірақ сімірді. Күлімсі иісі, қышқылтым дәмі бар екен. Бір сәттен кейін жігіт жадырап сала берген. Күлкісі келетін сияқты. Өзі тіпті көңілденіп кетті. Буын-буыны босап балбырап отыр. Сөзшең болып бара ма қалай? Әр нәрсені айтып Мұқырданы күлдіріп қояды.

Осылай басталған екеуінің достығы барған сайын нығая түсті. Уәдеге берік, ұстамды кісі екен. Жас айырмашылығы едәуір алшақ болса да, Толымбекті баласындай қатарынан қалдырмайды. Күнара екеуі тоғайдың ішінен аң аулайды. Құс атады. Әйтеуір Толымбекті зеріктірген жоқ. Күндердің бірінде Толымбек досына ішкі сырын жасырмастан жайып салған. Артта қалған үй ішін қалай көшіріп алудың жайын ақылдасты.

– Анам, ағаларым қалды. Оларсыз менің мұндағы күнім күн емес қой. Сізден қандай жәрдем болады, ақыл қоссаңыз?! – деген ол ағынан жарылып.

– Оның несіне бас ауыртасың, көшіріп аламыз. Тек орыстардың күзетшілеріне ұсталып қалмаса болды. Бұл жақты маған жібер, – деді Мұқырда нық сеніммен. Оның сөзінің жаны бар. Осы тұстағы шекараның өн бойына өзі басшылық етеді. Қалғандары оның сөзін жықпайды. Толымбек қуанып кетті.

– Онда мен бүгін түнде-ақ аттанамын, – деді көзі жайнап. Айтқанындай жарым түн ауғанда Толымбек атқа қонды. Қою қараңғылықты жамылып, Сүмбе қайдасың деп жортып келеді.

Дарияның өткелін де біліп алған. Аттың сауырынан ғана келетін таяз жерлері бар екен. Өткен жолы жол білмегендіктен тереңге ұрынып қалыпты.

\* \* \*

Ауыл шырт ұйқыда. Тіпті үрген иттің дауысы да естілмейді. Жым-жырт өлі тыныштық. Ол өте сақтықпен жан-жағына қарайлай жүріп үйіне келді. Алыпсоқ деген маң төбеті болушы еді. Сонадай жерден Толымбекті қарсы алған сол ит болды. Жануар иесін танып, құйрығын бұлғандатып еркелеп жүр. “Ит – ырыс, жеті қазынананың бірі” деген, қарашы жаны қалмай жатқанын” деп Толымбек оның

басынан сипап қояды. Атын түпкі қораға байлап, жайлап келіп ақырын есік қақты. Үйдегілер шырт ұйқыда екен, әзер оянды. Ана жүрегі сезімтал келеді деген, есікті Төлештің өзі ашты.

– Күн көргішім-ау, сенбісің, амансындар ма? – деп ұлынан айналып-толғанып жатыр, – бәсе бағана оң қабағым тартып еді, – дейді анасы сәуегейлік жасап. Басқалар да оянып, шұрқырасып қалған. Бірақ Толымбекке мұнда көп кідіруге болмайтын еді. Өйткені бұл үйге сырттай күзет күшейген. Оның шекара асып кеткенін білген белсенділер үйін торуылдап сәт сайын бақылап жүр. Қалай да қолға түсірудің айла-шарғысын істеп бағуда. Мән-жайдан хабардар болған Толымбек келген ізімен кері қайтуға мәжбүр болды. “Қап, оңбағандардың қорлығын-ай, ә!” дейді іштей кіжініп. Кеше ғана бір ауылда өскен қайсыбір достарының бүгін өзіне жау болып, жаңа үкіметтің сойылын соғып жүргенін қайтесің. Олар қазір адам танымайды. Дос түгіл әкесі болсаң да аямайды. Өйткені қызылдарға шын берілген, нағыз ақжүрек шолақ белсенділер. Бұл жердегі жағдай өте қиындап кеткен. Малды ортаға алады деген сөз бар. Малынан айырылған шаруаның күні не болары белгілі. Айналып келгенде, бұл мекенде бұдан былай тұрақтап қалудың еш реті жоқ. Қайткен күнде жан сауғалап, жайлы қоныс іздеу керек сияқты. Сонымен, үш үйлі жан түгелімен арғы бетке өтуге бел байлап отыр. Ырғалып-жырғалып жатуға уақыт жоқ. Ағайынды үшеуі ақылдаса келіп, қоныс аударуға бекінді. Олар түн жамылып екі атқа жүк артты. Анасы Төлешті ілестіріп Толымбек тайып тұрды. Ертесі қалғандары түк болмағандай жайбарақат тіршілік кеше берген. Төлешті сұрағандарға “қызына кетті” деп қысқа жауап қайырады. Осы сапарында Толымбек дарияның бір иінін белгі етіп кеткен. Үйдегі қалған жүктерді ағаларына сонда жеткізуді тапсырған. Межелі жерге жетсе болды, арғы жағынан өзі келіп алып кетіп тұратын болып келіскен-ді. Бұл міндет мінсіз орындалды. Киіз үйдің ағашы, туырлық, үзігіне дейін буып-түйіп қойған. Күзетшілердің көзін ала беріп, түні бойы сонда жеткізіледі. Арғы жағында Толымбек пен Мұқырда екеуі байқап жүреді. Жүк келсе болды екеуі қағып әкетеді. Осылайша жан пендеге білдірмей бір ай шамасында үйдің заттары тасымалданып бітті. Жүктерді түгел өткізіп болған соң жаяу-жалпылап өздері жылыстай бастады. Бір түнде Момбек әйелі Нағима екеуі қол ұстасып жаяулап кетті. Бұл кезде мал біткеннің бәрін ортаға алып болған. Есігінің алдын-

да үрген иттен басқа тігерге тұяқ жоқ. Малың бермей, қарсылық көрсеткендерді “халық жауы” деп тұтқындап жатыр. Халықтың алды ашыға бастаған. Қайсыбір үйдің адамдары көнек ауруына шалдығып, ісіп-кеуіп жатыр.

1930 жылдың қаңтары, қақаған аяз бет қаратпайды. «Жұт жеті ағайынды» деген тегінде рас. Биылғы қыс та ерекше ызғарлы болып тұр. Бұл өңірге қар да қалың түсті. Сүмбенің жазығында адам түгіл ат омбылап жүре алмайды. Осындай бұрқасынды күндердің бірінде Абдрахманның келіншегі – Алуа буыншақ-түйіншегін арқалап, апақ-сапақта Текеске қарай бет алғаны сол еді, жандайшаптар ұстап әкеліп, заставқа тапсырды. Ол бір жетіден кейін зорға босанып шықты. “Енді қашсаң сотталасың” деп қолынан тілхат алып әзер жіберді. Мұндағы жәйден хабарсыз қалған Толымбек тағатсыздана күтіп жүр. Уағдалы күндер өтіп кетті. Аға-жеңгесі хабар-ошарсыз. Бір күні оның шыдамы таусылып, Сүмбеге өзі келді. Не деген жүрек жұтқандық? Қамалаған қалың жасауылдың ортасына тайсалмай келіп тұр. Қабағына қар қатып, кірпігіне мұз тоңып жүрген жігіт мән-жайды сұрасқаннан кейін шамалы мызғып алуды ойлаған. «Ұйқы дұшпан» деген осы, таң атып кетіпті. Тыңшылардың да құлағы сақ екен. Толымбектің келгенін біліп, дереу заставқа хабарлап үлгерген. Белсенділер оның үйін қоршауға алған. Лезде екі солдатты ертіп, отрядтың бастығы Құсайын деген жігіт жетіп келді. Есіктің алды көлденең үш қашамен қоршалғанды. Соған келіп ат тұмсығын тіреп тоқтаған қарулы топ айқайлап тепсініп тұр.

– Әй, Толымбек! Енді құтыла алмайсың, шық бері! – дейді Құсайын зіркілдеп. Үйдегілердің иманы ұшты.

– Ойбай-ай, енді қайттік! Не бетімді айтайын, сұмдық-ай! – деп жеңгесі Алуа шырылдап жүр.

– Саспа, жеңеше! – деп Толымбек сырт киімін шешіп жеңілденіп алды. Түк болмағандай сыртқа шығып:

– Сендерге керегі құла ат еді ғой. Міне, қазір мініп шығамын, – деп қамшысын керт ұстап қораға беттеді. Жасауылдардың ойында түк жоқ, оның шығуын күткен. Енді құтылып көр. “Өзің келіп қақпанға түстің бе бәлем” деп Құсайын миығынан күліп тұр. Толымбек құла аттың айылын мықтап тартып қораның есігінен шыға бере атқа қарғып мінді. Сөйтті де, құла атқа қамшысын басып-басып жіберген. Жануар бүктетіліп барып секіргенде көлденең



қойған үш қашадан ілінбей қарғып түсті. Жасауылдар өзіне қарсы шапқан жігіттен жасқанып шегініп-шегініп қалған. Мұндай оқыс қимылды олар күтпесе керек. Бәрі де аңқиып қалыпты. Толымбек қашадан секірген бойда шаба жөнелген. Құла ат та ұшқыр еді. Көз ілеспес жылдамдықпен сағым болып жұлдыздай ағып барды. Әлден уақытта есін жиған солдаттың біреуі аттан түсе қалып, тізерлеп отырды да мылтығын кезеп сығалап тұрып, карабиннің шүріппесін басып қалды. Жер-көкті жаңғырықтыра гүрс еткен ащы дауыстан бүкіл ауыл дүр сілкінгендей болды. Толымбек құлағымды жұлып кеткен екен деп ойлады. Дәл құлақ түбінен оқтың дыбысынан құлағы тұнып қалған. Ештеңе естілмейді. Басын ішіне алып құйындатып барады. Бұл кезде ол жасауылдардан едәуір ұзап кеткен-ді. Енді атсаң да оқ жетпейді. Желдей ұшқыр жүйрік атпен құйғытып барып тоғайға кірді де, көзден ғайып болды. Өзі келіп қармаққа ілінген үлкен “олжадан” айырылып қалғанына Құсайын өлердей боп өкініп тұр.

– Қап, құдайдың ісі-ай, ә, – дейді санын соғып, – Оның атының жүйрік екенін біле тұрып атына жібергенімізді қарашы. Үйінде тұрғанда байлап алсақ ше... Ол қара жердей болып түтігіп тұр.

Абдрахман мен Алуада жан қалмаған. “Құдай-ай, сақтай көр!” деп жазмышқа жалбарынумен жүр. Толымбектің өлі не тірі екенін біле алмай, пұшайман күйде жүрегі жұдырықтай болып уайымдап отыр.

Осылайша Толымбек бір ажалдан аман қалды. Әлі де көретін жарығы бар екен. Тоғайдың ішіне кірген соң есін жинап өзіне-өзі келгендей болды. “Иә, жаратқан ием, жар бола көр! – деп бір Аллаға мінажат қып жатыр, – жанағы жерде оққа ұшсам не болдым?!” Шынында да қорқынышты, өлім деген суық нәрсе ғой. Оның денесі мұздап кеткендей болды. Өзінің мұндай шешімге қалай барғанын енді ғана ақыл-таразысынан өткізе бастаған. “Бір есептен осы ісім оңды болған шығар. Егер олардың қолына түскенде маған енді жарық дүние қараң еді ғой” деп ойлады. Жігіт көпке дейін өзіне-өзі келе алмай толқып тұр. Әлдекімге кектенетін секілді. Құла аттың мойнынан құшақтап, оған мұңын шаққандай болады. “Жансерігім, жануарым-ай! Бір ажалдан аман алып қалдың-ау, мені!” дейді көңілі босап. Өзінің жазықсыз жапа шегіп, әлдекімдерден қуғын көргеніне күйініп ыза болып тұр. “Егер зорлықшыл үкімет маған қысым көрсетпесе, мен шекара

бұзып “банды” атанар ма едім?” дейді тісін қышырлатып. Адам баласы үшін бостандық, теңдік дегеннің не екенін ол енді ғана ұғына бастаған сияқты. Егер өз басында билігі болса, мұншалық сергелдеңге түсер ме еді. Көкірегінде көзі, өзіндік өмір танымы жоқ қайсыбір топас жандардың кім айтса соған мақұл болып, бас шұлғумен күнелтетінін көргенде тұла бойын ашу кернейді. Қой екеш қой да өліп бара жатқанда аяғын бір серпімей ме, ал адам бола тұрып әділетсіздікке қарсы тұра алмаса, оның несі адам? Ақ-қарасын ажыратып жатпай қожасының айтқанына көніп, айдауына жүре беретіндердің хайуаннан несі артық. Оның санасын осы бір ойлар осқылап өтті. Ол ат үстінде келе жатып, сан түрлі ойға кетті. Адамды адам атып өлтіретінін есіне алғанда жаны шошыды, денесі түршікті. “Жаңағы бір әзірде мені атып тастау, олар үшін түкке тұрмайтын іс еді-ау...” дейді өзіне-өзі тіл қатып. Енді қайтіп ол Сүмбені көрместей болған. Толымбек үйге көңілсіз оралды. Жігіттің қабағы қатулы, жүзі жүдеу. Арттағы елдің жайын сұрағандарға да мардымды жауап қатпады. Баласының қабағынан бір жайсыздықты сезген Төлеш одан әрі қазбаламады.

Толымбек қуғындалған соң, Абдрахманның құлағынан қиқу кетпеді. Белсенділер оны күн сайын кеңсеге шақырып алып:

– Сенің бауырларың шекара бұзғаны үшін біз сені соттаймыз. Рұқсатсыз ешқайда шықпайсың. Толымбектің қашан келетінін айтасың, – деп қиғылықты салады.

– Мен қайдан білейін, қашан келетінін маған айтқан жоқ, – деп ақталады ол.

– Қалай білмей қалдың? Толымбек саған айтпағанда кімге айтады, – дейді Құсайын тепсініп. Беліне байлаған маузерін көрдің бе дегендей оның бауын түзеп ыңғайлап қояды.

– Жаңа үкіметке қарсылық көрсеткендерің көресіңдер әлі! – дейді ол қатуланып, – қазір үкімет кедейлердікі. Сендей байшікештердің көзін жоямыз. Орташаны ортаға тығамыз. Көрнектіні көрге тығамыз.

Бұларға қарсы уәж айтып, ештеңені ұғындыра алмайсың. Оданша үнсіз отырып тындай бер. Есе тимегенге есе тисе, есірік қоса тиеді, деген сөз бар. Қазір кедейден шыққан белсенділердің дәуірі жүріп тұр. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Жаңа үкіметке арқа сүйеген Құсайын тәрізділердің айдарынан жел есіп, кеудесіне нан пісіп тұр. Құдайды да танымайды. Өстіп Абдрахманның шарадай басы шақшадай болып күнде тергеуде жүр.

Арада біраз уақыт өтті. Белсенділер де жалыққан болуы керек. Сәл босанси бастаған. Өткен жолғыдан кейін Толымбек те хабарсыз. Абдрахман не істерін білмей қатты ойланып жүр. Дүние көздің құрты деген, Алуаны жетелеп бір түнде кетіп қалайын десе, үйдегі қалған заттарды қимайды. Кетпейін десе, белсенділердің күн көрсететін түрі жоқ. Ақыры ол кетуге бел байлады. Келіншегімен ақылдаса келе, Алуаны біраз күн қала тұруға көндірді.

— Сен мына жүктерге ие болып, осында бола тұр. Біз қалай да бір ретін тауып алып кетеміз, — дейді. Сол күні ол түн жарымда Нолағай-Толағай қайдасың деп тартып кетті. Ортаға бермей алып қалған жалғыз көк биені мініп, дариядан өте шыққан. Қазіргі кезде Текес өзенінің бетіне қалың мұз қатқан. Ары-бері қатынауға қолайлы еді.

Бұл жақта Толымбектің дәуірі жүре бастаған. Қарауыл қалмақтармен ол қоян-қолтық араласып кеткен-ді. Көбімен достасып алған. Шекарадан өткендер Толымбектің адамы еді десе, олар тіпті төбесіне көтереді. Өздері жол бастап барып, деген жеріне жеткізеді. Абдрахман да сондай бір мейірімді адамның қолына түскен. Әмбе деген мұңғұл еді. Толымбектің атын естігенде түсін жылытып:

— Ой, тамыр, онда біздің адам болдың. Жүр мен ертіп барайын, — деп алдыға түсіп маңып берген.

Осылайша босқындар арты-артынан шұбырып келе бастады. Мұсаның төңірегіне сиятын түрі жоқ. Ақыры бұлар ақылдаса келіп жақын маңнан қоныс іздеген. Қыс көзі қырауда оларға жайлы үй, жылы мекен қайдан табыла қойсын. Кеңесіп келіп, тауға тарта мекендеуді жөн көрді. Тянь-Шань тауының етегіндегі Ақсай деген жерді таңдады. Таудың сағасы қыста жылы болады. Жазы салқын. Отын-судан да тарықпайды. Қалың қарағай көмкерген ну жыныстың ішінен қалаған отыныңды теріп алып жаға беруге болады. Осылайша оншақты үй келіп Ақсайға қоныс тепті. Үйі барлар киіз үй тікті. Үйі жоқтары жеркепе қазып алып соны қыстады. Азын-аулақ малына таудың күнгей-күнгейін тептіріп жайылым етті. Тау беткейіндегі тусып кеткен сары шөптен аяқ алып жүргісіз. Ерінбеген адам қарды ашып беріп-ақ малын жұтатпай қыстан аман алып шығуына әбден болады.

Алуаның мұнда қалғанына екі жұмадан асып барады. Босқан елден еш хабар болмай тұр. Ақпан айы туғалы бері қыс қаһарына мінген, қақап тұр. Далада сары шұнақ аяз, ту деген түкірік жерге түспейді. Ол отын-судан да, азық-түліктен де тарығайын деді. Оның үстіне жасауылдардан көрген қорлығын атама. Күнде біреуі келіп зікір соғып кетеді.

– Бандының қатыны, байыңның қай күні келетінін айт! – деп әлек салады. Ол не айтсын, ештеңе білмейтіндігін айтып ақталады. Осылайша ішқұса болып қиналып жүрген шағында мұның үйіне бірде Мүсәпір келіп тұр. Жеті атадан қосылатын жамағайын жігіт.

– Жеңеше, мен арғы бетке өтейін деп едім. Серік болатын адам табылмай тұр. Сен кетпейсің бе? – дейді ақырын сыбырлап. Біреу естіп қоймасын дегендей жан-жағына жалтақтап қарап қояды. Алуаның жалғыз қалғанын біліп, әдейі келіп тұр.

– Онда сенің кімдерің бар?

– Ойбай-ау, біздің ағайындардың көбі өтіп кеткен жоқ па.

– Е, е, қайдан білейін, байғұс-ау, – деп Алуа танданыс білдірген. “Осы шын айтып тұр ма өзі? – дегендей келіншек оған сынай қараған, – Мұны жасауылдар тыңшылыққа жіберуі де ғажап емес қой?..”

– Ей, сен мені ұстап берейін деп жүрген жансыз емессің бе?

– Жеңеше, ол не дегеніңіз, алла-білла, міне болайын, – деп кеңірдегіне қолының қырын тақап қояды. Адалдық үшін ант ішкен сияқты. Алуа сенейін деді.

– Онда бүгін түнде қашамыз, – деді келіншек батылданып. Өткен жолы Толымбек қайнысының айтқандарын ол қайталап есіне түсірген. “Нолағай-Толағайды бетке алып тура тартасың. Дариядан өткен жерде қарауыл қалмақтар болады. Мен оларға табыстап қойғанмын. Менің атымды айтсаң, олар саған көмектеседі” – дегені бар.

Не керек, сол түні Мүсәпір екеуі түннің бір уағында жолға шықты. Ауыл шырт ұйқыда. Қыстақтан ұзап шыққанша демдерін ішіне алып, сақтанып келеді. Кім білсін, жасауылдардың торына түсіп қалуы да мүмкін ғой. Абырой болғанда, артынан қуғыншы шықпады. Екеуі қасат қарды омбылап малтақтап келеді. Баратын жерлері – Нолағай-Толағай. Қазір оның қайда екені де көрінбейді. Әйтеуір көкірек көзімен шамалап, осы тұста болар деген жорамалмен бағыт ұстануда.

Түнгі дала меніреу тыныштыққа басып тілсіз жатыр. Маңайда қыбыр еткен жан жоқ. Тек екеуінің күртiк қарды сықырлата кешкен аяқ дыбысы ғана естіледі. Ай қараңғы болса да ақ қар жамылған қысқы дала бозамықтанып әудем жерге дейін көзге анық шалынады. Мүсәпірдің үстінде борақтай тері тон. Бұтында тері шалбар. Аяғында саптама етік. Жеті аяз келсе де оны үсік шалатын көрінбейді. Алуаның үстіндегі қабулы шапан, басында түбіт шәлі. Аяғына кигені шегірен етік. Қазір екеуі де суық ызғарды елейтін түрі жоқ. Жас адамдар емес пе, жүрген сайын денелері қызынып, үскірік аязды шыбын шаққандай көретін емес. Қанша жер жүргені белгісіз. Бір кезде бұлар қалың тұманға тап болды. Көзге түртсе көргісіз деген осындай-ақ болар. Тіпті қатар келе жатқан екеуі бір-бірінен көз жазып қала жаздайды. Қарға адым жер көрінбейді. Нағыз соқыр тұман. Шамасы тоғайға жақындап қалған сияқты. Тұман тіпті қалың екен. Бұлар қайдан келіп, қайда тұрғанын білмей шатаса бастады. Екеуі де тұманға сіңіп, қаратүнек бір тылсымға жұтылып бара жатқандай күй кешуде. Енді жүрсе бағытынан адасуы әбден мүмкін. Қараңғылықтан бастары айналады ма қалай?

Алуаның бойын үрей билей бастады. Әлдебір тұстан үйірлі қасқыр шыға келіп, өздеріне тап беретін секілді. Кенет оның денесі мұздай болып, суынып кетті. Өз ойынан өзі шошынып қорқып тұр. Серігіне бірдеңе айтайын десе, үні шықпайтын тәрізді.

– Мүсәпір, – дейді келіншек әлден уақытта тілге келіп, – енді жүрсек адасамыз.

– Онда не істейміз?

– Осы арада таңның атуын күтейік.

Ол үндемей қалды. Шамасы келіскен болуы керек. Бұрын да сөзге сараң Мүсәпір қазір тіпті үнсіз. Бұлар аяздың күшін енді сезіне бастады. Киімдері қанша қалың болғанымен, қимылсыз тұрған адамнан өтіп барады. Алуаның тісі тісіне тимей дірілдеп кетті. Аяғындағы былғары етік қоқайып қата бастады. Мүсәпір ойланып жатпады. Омбы қарды теуіп-теуіп қазан шұңқыр жасады да, ішіне кіріп, борақтай тонына оранып жатып қалды.

– Мен не істеймін? – дейді Алуа шарасызданып.

– Мен қайдан білейін, – деді ол дүңк етіп.

Осылайша тұра берсе қатып өлетін түрі бар. Мүсәпірден қайран жоғын сезген Алуа енді қимылға көшкен. Жігіттің жатқан жерін айналып жүгіре бастады. Аздан соң денесі икемге келіп жылы-

найын деді. Бірақ қашанғы жүгіре берсін, шамалыдан соң шаршап қалды. Бірде ол далбасалап Мүсәпірдің қасына келді.

– Мүсәпір деймін, менің аяғым қатып қалды. Шалбарыңның бауын шешші, мен аяғымды тығайын да екеуміз қойындасып жатайық.

– Болмайды, жеңеше, ұят емес пе, шалбарды шешкен деген, – деп ол көнетін көрінбейді.

– Ұяттан әдірем қал! – деді де Алуа теріс айналып кетті. Жолдасқа жарыған екен. Жаман жолдастан таяғым артық, жаман аттан аяғым артық деген осы. Ол енді үсіп өлмеудің жайын ойлаған. Екі аяғын бір-біріне соққылап дамылсыз қимылдаумен болды. Енді бірде жан ұшырып арылы-берілі жүгіре берді. Мұндай да ұзақ түн болар ма? Таңның ататын түрі жоқ. Алуаға бүгінгі түн жылдай ұзақ болып көрінген. Ол қимылдауын доғарып отыра қалса, бітті сол орында қатып өледі. Осыны сезген келіншек өмір үшін арпалысып жүр. Әлгіндегі бір қасқырлар жайлы әзәзіл ойдан да арылған. Мынау аязды түннен үсіп өлмей аман шығудың камалқасын жасауда. Алуа әбден титықтады. Бұдан ары жүгіруге шамасы жоқ. “Шынымен-ақ үсіп өлгенім бе?!” деп ойлады ол. Өлім туралы ойлауы мұң екен, тұла бойын ғаламат бір күш кернеп кеткендей болды. Ол шаршағанын да ұмытып қалған секілді. Тұра сала қайтадан жүгірді. Ұзап шығуға батылы бармайды. Мүсәпірді айналып дедектеп жүр. Бір кезде тұман сейілейін деді білем, төңірек біртіндеп көрініс бере бастады. Таң білініп қалған сияқты. Шығыстан қарауытқан алып таудың арғы астынан торғын шымылдықтай болып болар-болмас сарғыш сәуле нұр шашып келе жатты. Алуа қуанғанынан жылап жібере жаздады. «Таң, таң атты!..» дейді іштей күбірлеп.

Мына қызықты қараңыз, тоғай таяқ тастам жерде тиіп тұр. Алуа: «уһ» – деп отыра кетті. «Түнде қалай осыған жете алмағанбыз» деп өкінді ол түнімен көрген қорлығын есіне алып. Тұман ашылған, таң атып келеді. Қысқы таң қандай ғажап! Тянь-Шаньның шығысындағы орқаш-орқаш биік шыңнан шашырай көтерілген алтын жебелер аспанға атылып, бар аймақты күміс нұрға бөлейді. Жан-жақтың бәрі жайнап сала берген. Бәрі де тіршілік жайлы, өмір жайлы күй толғайтын сияқты. Алуа дереу Мүсәпірді оятты.

– Әкеңнің үйінде жатқандай жатырсың ғой, тұр деймін! – деді зілденіп. Ол ыңырсып әзер тіл қатты. Жеңеше, тұра алмаймын. Аяғым жоқ сияқты, – дейді жыламсырап.

– Құдай атты десейші! Енді не бетімді айттым.

Мүсәпір кеудесін көтеріп жүрелеп отырды. Расында солай, тізесінен төмен қарай жан жоқ. Аяғы ағаш болып сіресіп қалыпты. Келіншек оның бір қолын иығынан асырып ұстады да, екінші қолымен демеп жатқан орнынан әзер тұрғызды. Өзі де алпамсадай неме екен. Алуаның белі майысып әзер көтерді.

– Ал енді бас аяғынды! – дейді. Мүсәпір жүре алатын емес. Тізесі қалтырап дір-дір етеді.

– Сорлы-ау, өстіп жүріп, ұсталып қаламыз ғой. Ең болмаса мына тоғайдың ішіне жетіп алайық та, – дейді келіншек сабырсызданып! Ол аяғын бір басып еді, етбетінен құлай жаздады. Алуа бар күшін салып зорға ұстап қалды. Түнімен көрген азабы аз болғандай енді мына қорлықты қарай көр. Ол Мүсәпірді сүйрелеп жүріп тоғайдың шетіне ілікті. Алуа өзінің жаурағанын да ұмытып кетті. Қайтсем оны дарияның жағасына жеткіземін деп әлек. Аздан соң Мүсәпірге жан кірмейін деді. Алуаның иығына асылып ілбіп келеді. Тоғайдың іші кәдімгідей ық екен. Бойлары жылынып қалды. Дарияның беті жап-жалтыр мұз. Алуа дереу белбеуін шешіп, бір ұшын Мүсәпірдің қолына ұстатты.

– Ал, сен отыр. Мен мұздың үстімен сүйрейін, – деді. Ол отыра алмады. Мұздың үстіне шалқасынан сұлап жатты. Бұған да мақұл болған келіншек кескен теректей серейтіп мұздың үстімен сүйрей жөнелді. Жаңағыдай арпалысқаннан гөрі мынау әлдеқайда жеңіл болды. Дарияның арғы бетіне іркілместен сүйреп алып шықты. Осылайша екеуі ит көрмеген қорлықпен жанталасып жүріп тоғайдан зорға шықты. Бұл уақытта күн едәуір көтеріліп қалған-ды. Шекараны шолушылар да жүре бастаған екен. Қай жағынан келгені белгісіз, кенет екі адам тап бола кетті. Аттарының құйрығын шарт түйіп алған. Ауыздықпен алысқан екі арғымақ тықыршып тұр. «Әлгі қарауыл қалмақ деген осы шығар» деп ойлады Алуа.

– Мен Толымбектің жеңгесімін, – деп ол төтесінен қойып қалды.

– О, о, сені біз күтіп жүргелі қашан, – деп біреуі аттан қарғып түсті.

– Ой, сәтер. Үсіп өлуге тәс қалыпсың ғой (сәтер мұнғұл тілінде келіншек деген мағынада), кел атқа мін, – деп екіншісі Алуаны қолтығынан демеп атқа мінгізді. Мынауың кім деп сұрап жатпады. Мүсәпірді де атқа көтеріп салды да шаба жөнелді. Бір белдің ас-

тында үйі бар екен. Кәдімгі киіз үй. Бұл Толымбектің тағы бір танысы – Төрге деген қалмақтың қосы-тұғын. Әйелі – Ертолқын. Алуа жылы үйге кіргенде бетінің ұшы шым ете қалды. Үсігенін енді сезді. Төргенің әйелі ылдым-жылдым қимылдайтын пысық адам еді. Оның аяғынан етігін әзер шешіп алды. Екі аяғының саусақтары да үсіген екен. Көлдіреп шыға келді. Мұнғұл әйелі дереу қойдың майын ерітіп жіберіп қарағайдың көміріне қосып шылады да, екі аяғының басына жағып орап таңып тастады.

Мүсәпірдің қалы тіпті мүшкіл екен. Етігін шешкенде екі аяғының басы тобығына дейін сыпырылып жидіп түсті. Өкірігенде құлындағын даусы шығып ойбайлап жатыр. Әйел оған да көмірге шылаған қойдың майын тартып, аяғын орап жатты. Екеуі де бебеулеп жатып бір кезде ұйықтап кетті. Әсіресе Алуа төбеге ұрғандай қатты ұйқыға батқан. Бұларды жайғастырып қойып сонау тау сағасындағы Толымбектің үйіне Төрге сүйіншілеп шауып кеткен.

– О, тамыр, жеңген келді сүйінші! – деген ол мұртынан күліп. Мұндай хабарға қуанбай қайтсін:

– Қалауыңды ал, – деп бәрі де бәйек болып жатыр. Әсіресе Төлеш ананың қуанышында шек жоқ.

– О, жаратқан ием, жақсылығыңды бере көр! Айналып қана кетейін-ай, Алуам келген екен ғой, – дейді ана құрақ ұшып. Қалай қуанбасын, жападан жалғыз қалып кеткен келініне қол ұшын бере алмай, бір ошарлы жан жабырқап жүргелі қашан. Алуаның шекара бұзып жалғыз келуі теңдесі жоқ ерлікке татитын іс еді.

Толымбек дереу қос ат алып Төргенің үйіне тартты. Қарауыл қалмақ аталатын бұл мекен Ақсайдан едәуір қашық еді. Тау бөктеріне қардың қалың түсетін әдеті. Қасат қарды омбылап құла ат бөкен желіске салып суыт жүріп келеді. Толымбектің жетегіндегі торы төбел де жетекшіл екен. Шаужайын қағып қалса болды, жануар ентелей басып алға ұмтылады. Екі аттың танауынан құшақ-құшақ бу атқылап омбы қарды күтір-күтір опырады. Суыт жүрістен бір тынбаған Толымбек кешкі бесін әлетінде Төргенің қосына жетті. Толымбекті көргенде Алуа аяғының ауырғанын да ұмытып кетті білем, отырған орнынан елп етіп жеңіл көтерілді де, қайнысына қарай ұмсына беріп шоңқиып отырып қалды. Екі аяғының басына біреу шок басып алғандай жанын қоярға жер таппай бебеу қақты. Жігіт оны сүйемелдеп тұрғызып, амандық-саулық айтысып жатыр.



– Ой, менің батыр жеңешем! Аман-есен жеттің бе әйтеуір, – дейді шүкіршілік етіп.

– Қалай, өздерің амансыңдар ма?

Алуа түннен бергі көрген қорлығын жыр қылып айтып жатыр.

– Құдай сақтаған екен, Текестің жағасындағы суықты атама, қайта түні бойы тынбай жүріп шыққанның абзал болған. Егер кимылдамай отырсың сол орнында қатып өлетін едің, – дейді ол басын шайқап.

Бұлар енді жолға жиналды. Төргенің әйелі Алуаның аяғын жылылап, орап таңып берді. Етік киюге келмейді. Екі аяғының басы дөңкиіп ісіп кеткен. Саусақтары көлдіреп суланып тұр. Алуа мен Мүсәпірді бір атқа мінгестіріп алып Толымбек Ақсай қайдасың деп тартып келеді. Ел орынға отыра бере үшеуі ел шетіне жетті. Мүсәпірді туыстарына табыс етіп, Алуаны үлкен үйге түсірген. Үйдегілер Алуамен шұрқырасып көрісті. Әсірес, енесі құрақ ұшып келінін өбектеп жүр. Аяғының орауын шешіп, білген емін істеп бағуда. Төлеш ананың бәйек болатын жөні де бар еді. Алуаның төркіні түгел сол жақта қалған. Ол шекара бұзып күйеуінің артынан келмей-ақ қалып қоюына әбден болушы еді. Бірақ Алуаның адамгершілігі оған жібермеді. Жастайынан құдай қосқан қосағы Абдрахманмен отасып түтін түтеткен ордасын іздеп қыс көзі қырауда қатерлі жолға тәуекел еткен. Бәрі де сәтті аяқталды. Аман-есен үйіріне қосылды.

\* \* \*

Босқын елде не береке болсын, шықпа жаным, шықпа деп күн кешуде. Шығыс Түркістанның байырғы жұрты ұйғырлар мен дүнгендерге жәутендеп, солардың қас-қабағына қарайды.

Россия патшалығы мен Қытайдың Маньшың хандығы шекара бөлген кезде арғы бетте қалып қойған тұрғылықты қазақтарға қара тартып күнелтуді ойлайды. Ағияз, Қас, Күнес деп аталатын байтақ өлкені алып жатқан кең далада Қызай рулары қоныс тепкен. Қызайлардың бұл араны мекендегеніне үш жүзі болған. Бұлар Іле аймағының ежелгі тұрғындары іспетті. Қазақ жерін бөліске салған екі үлкен империя – Қытай мен Россияның 1864 жылы жүргізген шекара сызығын бойлап, Хан Тәңірі шыңының түбінен сонау Алтай, Тарабағатй асуына дейінгі ұлан-ғайыр өлкені қазақтар қоныс

еткен. Құлжа, Шәуешек, Алтай қалалары қазақтардың тығыз орналасқан жері. Халық санының мөлшеріне қарай Құлжада ұйғырлардың, ал Шәуешекте татарлардың сыбағалы салмағы басым. Алайда бұл шәһарларда қазақтардың да өз орны бар-тұғын. Қазақ байларымен, ел тізгінін ұстаған басшылар ұйғырлардың өктемсуіне есе жібермейтін. Сауда-саттық жағынан ұйғыр базарларын етпен, жүн-тері тағы басқа бұйымдармен қамтамасыз етіп тұрған қазақ шаруалары-тұғын. Бірінсіз-бірінің күні қараң. Сол үшін де бұл жердегі аз санды ұлттар тізе қосып ортақ жауы Маньшың хандығынан қорғаудың жолын іздестіретін Қытайдың үкімет орталығы Үрімжі қаласына орналасқан. Аз санды ұлттар мекендейтін аймақтарда жергілікті ұлт өкілдерінен тағайындалған адамдар билік жүргізеді. Текес өлкесінде мұндай басқару тетігі әлденеше жерде шоғырланған. Аймақтық орталық Құлжа қаласында. Ал бөлімшелері Мұңғұлкүре, Қызылкүре, Қас, Күнес, Нылқы, Тоғызтарау, Шәуешек, Алтай қалаларында.

Мұңғұлкүреге қарайтын бес аудандағы ең күшті жасақталған бекініс Шаты деген жерде. Тянь-Шаньның өткел бермес мұз тауларынан Қашқарияға, одан ары Ауғанстан мен Иранға асатын бірден-бір асу осы Шаты шатқалында. Мұнан басқа жерден жол тауып өту еш мүмкін емес. Сірескен мұзды шындардан Шатыдан басқа жерден ұшқан құс болмаса басқа тірі жан өте алмайды. Шаты шатқалы қазіргі Райымбек ауданындағы Нарынқол кеңшарынан Шығысқа қарай шамамен он бес, жиырма шақырым жерде. Шаты өзенін бойлап тау аңғарына терендей сұғынып барып мұз таулардың белінен басып, арғы бетке – Қашқар ойпатына асып түседі. Бұл асуды ұйғырлар «Мұздауан» деп атайды. Өйткені биік таудың мұзды қабаттарына жеткенде жүргіншілер көк мұзды шауып, көліктің тұяғы таймайтындай етіп жалғыз аяқ жол жасап алып, содан кейін ғана асудан асатын болған. Мұз дауанға жеткенде кей күндері әлей-дүлей боран тұрып, жүк артып келе жатқан керуеннің талай көлігі жүк-мүгімен жарылған мұздың арасындағы шыңрау құзға құлап, мерт болатын кездері жиі ұшырасады. «Қашқаржол» аталатын осы керуен жолының өн бойында түстік жерде бір-бірден керуен сарайлары орналасқан. Олар жолаушыларға қызмет көрсетеді. Мінген ат, жүк артқан көлігі – қашырлар мен есектерін жем-шөппен қамтамасыз етеді. Өздерін төредей күтіп қонақ етеді. Керуен сарайының қожасы осы кәсіп арқылы нәпақа табады.

«Жерінен ауған жек оңбайды» демекші, үркіп келген ел енді күн көрістің қамын жасап, тұрғылықты байларға жалданып жұмыс істей бастады. Біреулер мал бақса, енді біреулері олардың қиярын қылып күнелтуде.

Патша үкіметін құлатқан Қазан төңкерісінен кейін бай адамдарға тықыр таянғаны белгілі. Заман ағымын байқаған талай байлар шекара асып, шетелге ауған. Сол аласапыран жылдары Шығыс Түркістанға келіп орныққан орыс, татар, өзбек байлары бұл арада баршылық еді. Шәкәрім-Шәрайым деген ағайынды татар байлары бұл мекенді әлдеқашан жерсініп алған. Қазақтардың ортасын ойып тұрып орын тепкен. Әсет, Сәдірден деген өзбек байлары да мыңғыртып мал айдап жүр. Қазақтар «байорыс» деп атап кеткен Михаил Григорьевич Гутаев деген алпауыттың Құлжа қаласында аса ірі сауда орталығы, мата тоқитын және тері өңдеп былғары шығаратын заводтары болған. Байорыстың байлығында қисап жоқты. Қора-қора қойларын шетелге асырып, таңбалы алтынға айырбастайды екен. Оның негізгі тұрағы Құлжа қаласында-тұғын. Ал жаз айларында Іленің ыстығына шыдамай салқын жайлауға, Тянь-Шань тауының баурайындағы табиғаты да әсем, Шекіртті деген ауылға көшіп келетін. Бұл жердің табиғат сұлулығын суреттеуге тіл жетпейді. Шекіртті қыстағы таудың тура алқымына орналасқан. Әудем жерде сыңсыған орман, ну қарағай көмкерген Тянь-Шаньның құзар тауы тиіп тұр. Таяқ тастам жер десе де болғандай. Бұл аймақ жаз айларында тыс ерекше құлпырып кететін. Аспан да, жер де, тау да көкпенбек болып керемет бір түске енер еді. Аспанмен тілдескен мұз таулардың аясындағы осы бір көгілдір әлем бір-бірімен үндесіп, әдемі жарастық табатын. Көрген жанның көңілі толып, ішпей мас, жемей тоқ боп жүретін. Сол таудың етегіне салынған байорыстың ағаш үйінің де бітімі өзгеше еді. Тянь-Шань шыршасынан қиюлап салған ағаш үйлері ертегінің көзге елестететін. Тақтаймен шатырлаған әсем ғимарат күндік жерден көзге ұрып тұратын.

Байорыстың қазақ ғұрпын меңгергені соншалық, жаз бойы Текес дариясының жағасына ақшаңқан киіз үйлерін тігіп тастап, бие байлайды. Қымыз ашытады. Табын-табын сиырын, әукесі салбырап, шуда жүні желпілдеген қодастарын сауып, малшылары аққа қарық болып жатады. Қодастың сүті қою, маңызды ке-

леді. Ұйытқан айранына қасық тік тұрады. Бір кесесін ішіп алсаң, күнұзаққа қарның ашпайды. Сүтінің құрамы майлы болғандықтан да адамға ерекше қуат береді.

Осы бір орыс әулетінің қазақтармен етене жақын болып кеткені сонша, бірін-бірі ерулікке шақырып, қымыз ішіп марка жесісіп жатады. Ұлан жазға думандатып жанға жайлы салқын жайлау, көк майсада тіршілік кешеді де, күзге салым Құлжаға түсіп кетеді. «Заман осылардікі-ау шіркін!» деп қазақтар оған таңырқай қарайтын.

Толымбек сол байорыстың қырдағы саудасын жүргізетін жұмысқа тартылды. Мініс аттарын Тянь-Шань асырып, Ақсу мен Қашқар қалаларына апарып саудалап келеді. Қойларын Мұңғылкүре, Қызылкүре, Құлжа қалаларына айдап апарып, құшханаларға өткізеді. Жыл бойы жұмыс дегеніңіз бастан асып жатады. Жасы отызға жете қоймаған, жүзіктің көзінен өтердей ымқырулы іскер жігітті жете таныған Байорыс оған сауда тізгінін сеніп тапсырғанды. Жасынан жақсы тәрбие көрген, жаны таза адал жігіт оның қылдай затына қиянат жасамайтын. Болған істің мән жайын жасырмай шындығын айтады. Сөз шындықтан бұзылмайды деген бар. Қайсыбір келеңсіздіктерге тап болса кешіріммен қарайтын. Толымбектің қолы жұғымды болып, Байорыстың саудасы да дүркіреп жүріп жатты.

Астына мінгені жүйрік құла ат, кигені асыл кездемеден тігілген елде жоқ шекпен мен тұжірке. Көркіне көз тоятын сылқым жігітке әлдекімдер сұқтана қарайтын. Әсіресе осы өңірдің бай-шонжары – Ақбай ақалақшы (болыс) Толымбектің сән-салтанатын, қарға аунаған түлкідей құлпырып бара жатқанын әрі аузы түкті орыс шонжарының саудасын дөңгелетіп әкеткенін көріп, іштей қызғанып «бәлем сені ме?» деп тыжырынып қоятын. Ол өзінің осы бір жұмысқы, арам пиғылын жүзеге асыруға кірісті. Алыстан тор құрып, тұзаққа түсірудің айналасына көшкен. Бір күні Толымбекке екі жігітін жұмсады.

– Барып таныстық жасандар, үйіне шақырып қонақ етіндер, – деп тапсырған. Бұл екі жігіт Ақбайға ісімен жаққан жалдамалы ұрылары еді. Екеуі де жатқанның жамбасын кесіп алатын сонау айшылық алыс жолдан – Жұлдыз бен Торғауыттан жылқы айдап әкелетін әккі баукеспелер болатын.

Ертеңгі шайдың үстінде сол екеуі сап ете қалды. «Жоқ іздеп жүр едік» деп сылтауратқан олар аты-жөндерінің Асубай мен Таңатар

екенін айтып дәм татысты. Адам баласын жатырқамайтын ашық мінезіне бағып Толымбек оларды жік-жапар болып күтті. Олар мұны сөзге тартып:

– Бұл жердің сарт-сауанына қарағанда өзіміздің бауырымызсың ғой. Мұнан былай таныс-біліс болалық, – деп іштарта сөйлеген.

– Өздеріңіздей ақыл берер аға болса, іні болуға дайынбыз, – деп Толымбек те ағынан жарылған. Содан былай осы жігіт бұл ауылға келгіштеп, Толымбекті төңіректеп жүр. Келген сайын әртүрлі әңгімелер айтып жігіттің тамырын басып көретін сияқты. Келесі бір кездескенде Таңатар:

– Осы сенің құла атыңа дегеннен шығатын жүйрік ат деп естиміз. Әттең осы атпен бір жорыққа шықсақ қой, – деп сөзінің соңын жұтып қойды.

– Ол қандай жорық? – деді Толымбек оның жұмбақтап тұрғанына түсіне алмай.

– Сенен несін жасырайық. Біз Қабай ақалақшының сенімді адамымыз. Алыс-алыс жерлерден жылқы айдап әкелеміз. Іс насырға шауып, дау туып жатса ақалақшы өзі жөндеп жібереді. Бізді құтқарып алады. Сен де бізге ілессейші, – дейді жас жігіттің тамырын басып. Толымбек ойланып қалды. Әсте ондай жамандық жолға жүріп көрмеген ол не деп жауап қатарын білмей, тосылып қалған. Артық дәулет бас жара ма, мынадай қиыншылық көріп, елден-жерден ауып, сансырап жүргенде «тәуекел» десем бе екен деген бір әзәзіл ой әріден қылаң берді де тез сөніп қалды.

– Жоқ, ағалар, мен ондай жолға жүре алмаймын, – деді бірден бас тартып. Дегеніне көндіре алмаған екеуі сүмірейіп жайына кетті. Әр реткі Толымбекпен болған әңгімені Ақбайдың өзі қадағалап, тыңдап отыратын. Бұл жолғы әңгімені естігенде ақалақшы бұлқанталқан болып қатты ашуланды.

– Шолақ етек қашқынның сөзін қарай гөр, ондай жолға жүре алмаймын деуін. Жүргіземін әлі, – деп кіжінді ол.

Күндер зымырап өтіп жатты. Жаз ортасы болып қалған кез. Босқындарға да шыр бітіп қалған. Әркім өзінің өлмес күнін көріп жатыр. Толымбек кезекті бір сапарға шығайын деп дайындалып жатқан. Бұл жолғы сауданың ауқымы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп болатын түрі бар. 70-80 ат, 20-30 бас өгізді айдап Қашқар асып, Қотанға дейін бармақ. Қасына екі-үш жігіт ертіп, сәрсенбінің сәтіне жолға шықпақ. Апаратын аттар мен өзгіздерді іріктеп бөліп, жеке табын етіп қойған.

Түс әлеті болатын Толымбектің үйіне сарала қылыш асынған екі шерік жетіп келді. Ашық күнде аспаннан ай түскендей болып үйдегілер шошып кетті.

– Толымбек шықсын бермен! – дейді біреуі өктем дауыспен.

– Жайшылық па, айналайын! – деп ағасы Абдрахман оларға қарсы жүрген.

– Жайшылық болушы ма еді. Ұрыны ұстап әкеліндер деп Мудүйшың жарлық қылды, – дейді біреуі.

«Ұрысы несі, қайдағы ұры?» түкке түсінбеген ол аңырып тұр. Сақшылар сөзге келетін емес, алды-артына қаратпай Толымбекті алып кетті.

– Ой, құдай-ай, тағы не бәлеге душар болдық! – деп Төлеш ана бебеу қақты.

– Алла, өзің сақтай көр! – деп жеңгесі Алуа да жазмышына жалбарынуда.

Мұндай суық хабар жерде жатсын ба, азғантай ауылды дүрліктіріп «Толымбекті ұстап әкетіпті» деген үрейлі сөз бүкіл ауылға тарап та үлгерген.

– Ойпыр-ай, не болды екен?

– Оның не жазығы бар еді? – деп жанашыр жақындары есіркеушілік білдіріп жатыр.

\* \* \*

Аймақтық жерлерде Гоминдаң өкіметінің құзырлы орындары болатын. Мұңғылкүре ауданына қарасты Шаты деген жердегі бекіністі біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл бекет бүкіл Шығыс Түркістанның солтүстігі мен оңтүстігін жалғайтын күре жолдың қылтасына, қысан жерге салынған. Тянь-Шань тауынан асатын мұзды асудың дәл аузына орналасқан. Тау шатқалына кіретін бірден-бір жол осы. Мұны Қашқар қақпасы деп атаса да болады. Сауда керуені мен жүргіншілер осы Шаты қыстағын басып өтеді. Мұнан басқа алып тауды айналып өтер жол жоқ. Бұл бекеттің аты дардай болғанымен, әскери қуаты шамалы-тұғын. Жергілікті жердің хабар-ошарын жоғарыға жеткізіп тұратын бір-екі поштабай мен бесалты сақшысы бар. Қыстақтың тау жақ шетіне орналасқан оншақты ағаш үйден тұратын үкімет кеңсесі, екі ауыздан абақты үйі ғана бар. Қылмыстыларды бұл жерде ұзақ ұстамайды. Мұңғұлкүредегі үлкен түрмеге жөнелетіп отырады.

Толымбекті осында алып келді. Оны бірден бастықтың бөлмесіне кіргізді. Мудүйшың деп атын естігені болмаса бұрын көрмеген адамы. Екі жағына пышақ жанығандай бас сүйегі сопақша келген ұзын бойлы, қарасұр кісі екен. Мудүйшың деген қытайша мәнсабының аты. Өзінің азан шақырып қойған аты – Мұхамедкәрім деген қазақ азаматы еді. Ол Толымбекке оқты көзімен ата бір қарады да:

– Иә, жігітім, Асанның жылқысынан қаншауын айдап келдіңдер? – деді төтесінен. Ештеңеге түсінбеген Толымбек аңтарылып қалды.

– Тақсыр, Асан дегеніңіз кім? Не қылған жылқы түсінбедім? – деді ол. Тергеушінің жүзіне кекесінді мысқыл үйірілді.

– Түсінесіңәлі, – деп қалтасынан кестелі жібек дорбаға салынған махоркасын алып газет қиындысына орай бастады. Сұқ саусақтай етіп ораған темекісін бір езуіне қыстырып, шақпағын алып тасқа жанып, екі-үш рет тартып жіберіп еді, қолындағы ұшқын түскен қу тұтанып жана бастады. Ол темекісін тұтатып, құшырлана екі-үш мәрте сорып-сорып жіберіп, сөзін тағы жалғастырды.

– Жігітім, қылжақтамай шындығынды айт. Күнәнді тез мойындасаң жазан жеңілдеу болады. Егер көнбесең көзіңе көк шыбын үймелетемін, – деді зілденіп.

– Тақсыр, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деген. Маған істің мән-жайын айтып беріңізші! Не қылған жылқы, Асан дегеніңіз кім? – деп Толымбек Мудүйшыңның өзіне сұрақ қойған.

– Ә, ә солай ма? Сен түк білмейді екенсің ғой?! Жүр онда мен саған түсіндірейін, – деп Толымбекті ілестіріп тысқа шықты. Есік алдындағы екі сақшы бастарын төмен иіп, екі қолын қусырып, оған құрмет көрсеткен болды.

– Бірінші есікті аш! – деп бұйырды ол өктем үнмен.

– Құп болады, – деп біреу қалтасынан топ кілтті аударыстыра бастады. Есік ашылып ішке енгенде Толымбек өз көзіне өзі сенбей қалды. Қол-аяғы кісендеулі екі жігіт көзіне оттай басылды. «Құдайым-ау! Мынау Асубай мен Таңатар ғой».

– Мына екеуін танысың ба?

– Танимын.

– Танысаң жылқы айдап келгенінді қалай ұмыта қалдың? – деді Мудүйшың кекетіп.

Толымбек оқиғаның мән-жайын енді ұққандай болды. Бұл екеуінің жала жауып тұрғанына көзі жетті.

– Ей, Таңатар, Құдай-аруақ бар емес пе? Дәм-тұзымды татып едіңдер ғой. Жорыққа шығайық дегендерінде мен ондай жолға бармайтынымды айтып едім ғой. Енді келіп мені арандатып отырғандарың не қылғандарың? – деп Толымбек Таңатарға тігіле қараған. Ол жігіттің бетіне қарай алмай көзін төмен салып мінгір-мінгір етеді.

– Барғаның рас қой, – деді күмілжіп.

– Тфу, қарабет! Құран ұстап жан бересің бе осы жерде, – деп Толымбек шымырқанып кетті. Өтірік сөз өрге басқан ба, екі ұрының да жүзі төмен болып Толымбекке қарай алмай, көздері тайқып кете барды.

Толымбектің де аяғына кісен салып, абақтының екінші бөлмесіне қамап тастады. Жігіт ішқұса боп өлердей күйігіп жатыр. «Ойпыр-ай, осындай да құдайдан безген, имансыз адамар болады екен-ау!» – деді ызадан жарыла жаздап.

Ол істің мәнін кейін ұққан. Ақбай ақалақшының нұсқауымен бұл екі ұры Іле бойындағы Асан деген байдың жылқысынан қысырақтың үйірін айдап әкелді. Асанның жігіттері де осал емес екен. Жылқы ұрлаған түннің ертесінде бес-алты жігіт ізіне түсіп қуып шығады. Топ жылқыны ұрылар елсіз жермен айдап, тау ішіне тығылады. Түнде жүріп, күндіз бой тасалайды. Түзу жолдан қияс кетіп, ізін жасырады. Сөйтіп жүріп, күншілік жерден он неше күнде ауыл шетіне ілігеді. Бұлардың да бекінісі оңай жерде емес-ті. Ағияз өзенінің Текес дариясына құйған жеріндегі бір қалың қорыс тоғайдың ішінде арнаулы қорасы бар-тұғын. Итпен іздеп таппасаң, жан баласы көрмейтін тұйық, ну жыныстың іші. Ұрылар жылқыны сол мекеніне жеткізіп таңбалап жатқан жерінде қуғыншы жігіттер дәл үстінен түседі. Абыройы айрандай төгіліп, қылмыс үстінде қолға түскен екі ұры ақы иесіне ешбір уәж айта алмайды. Асан байдың ашулы жігіттері жанын қойсын ба, Асубай мен Таңатарды байлап-матап Мудүйшыңның алдына алып келеді. Ұрысы қолды болған Ақбай жаптым жала деп Толымбекті өздерімен бірге ала кетуді тапсырады. Егер олар қожасының айтқанын орындамаса, бұл реткі түрмеден оңайлықпен шықпайтынын біледі. Сол үшін де олар Толымбекті қаралап отыр. Беттері бүлк етпей ұлықтың көзінше «Толымбек бізбен бірге барған» деп міз бақпай тұр. Қолды болған екі ұры Ақбай ақалақшыға сенеді. Толымбекті қаралап ұстап берсе, өздерінің түптің-түбінде босап шығатынына көздері жетеді.



Ақсайдағы ауыл осылайша дүрлігіп қала берді. Тас түскен жеріне ауыр деген, әсіресе Толымбектің үй іші қатты қиналыс үстінде еді, ет бауыры – баласы қолды болғанына күйігіп Төлеш ана бүктүсіп жатып қалған. Қалғандары да жетісіп жүрген жоқ. Ағасы Абдрахман мен Момбек те қарсыруда.

– Апыр-ай, не істейміз, кімнен жәрдем тілейміз?! – деп естері кеткен. Ауыл адамдары Мекежан, Уақыт, Әлімбай, Оспанбек қатарлы жұрт кісілері жиналып ақыл қосқан.

– Мен білсем, бұл жала, – деп бастады сөзін Мекежан, – Толымбектің мынау сауда-саттық жасап жүргенін көре алмаған дұшпансынған сірә оңбағанның сөзі болар осы.

– Бұл мына Ақбай ақалақшыдан келуі мүмкін. Өткен жолы сол пәленің құла атқа көзі түсіп жүргенін естігенім бар еді, – деп қалды Әметқан.

– Қалай болғанда да дұшпандық іс екендігі көрініп тұр, – дейді қайсыбіреуі. Ақылдаса келе бұлар Нолағай-Толағайдағы Мұсаға кісі жібереді. Мұсаның мұңғұл нояндарымен жақсы таныс екендігін білетін бұлар содан бір қайран болар ма екен деп үміттенуде. Ертесі үш-төрт кісі Шатыға қарай жол тартты. Толымбекті көзімен көріп, халін біліп қайтпақ. Әсіресе ағасы Абдрахманның жүрегі жұдырықтай болып, әлденеден сезіктенетін сияқты. Өне бойын алабөтен бір сезім билеп, көңілі алабұртып келеді. Анда-санда жүрегі атқақтап аузынан шығып кете жаздайды. «Сорлы бала не күйде екен. Көзі жылтырап жатыр-ау!..» деп ойлайды ішібауыры езіліп. Бұлар Шатыға жеткенде ұлы сәске болғанды. Кеңсеге жақындай бергенде көзі шалды. Толымбекті екі-үш жігіт сүйрелеп далаға шығарып келеді. «Бұлар не істейін деп жатыр?» деген оймен келгендер ат тізгінін тежеп тосылып қалған. Әлгілер Толымбектің жейдесін шешіп кеудесін жалаңаштады. Сөйітті де тізерлетіп отырғызды. Тақымының арасынан ұзын бөрене жіберді. Мойнына арқан салып, арқанның екі ұшымен білегінен байлап, тақымындағы бөренеге таңып тастады. Аяғының басын қайырып, оны да бөренеге шандып байлап жатты. Келгендер аттың үстінде қатты да қалды. Тілдері байланып қалған тәрізді. Ешқайсысында үн жоқ. Көздері бақырайып, әлгілерге қараумен тұр. Бір кезде екі жендет ұзын астауды көтеріп келіп, оның қасына қойды. Астауға

су құйылып, солқылдаған көк шыбық салыныпты. Мудүйшын Толымбекке жүз дүре соғуға әмір қылыпты. Мыналардың соны орындауға әрекет етіп жатқан беті. Әлгі көріністі көріп, Абдрахман қалшылдап кетті. Бейне жаурап тұрған адам секілді. Тісі-тісіне тимей сақ-сақ етеді. Үрейі ұшып кеткен. Кісі көзі бақырайып аңырып қалыпты. Жендеттер дереу жарлықты орындауға кірісті. Екі жігіт астаудағы шыбықты бір-бірлеп алып, Толымбектің жон арқасынан шыпылдатып сабай бастады. Алғашқы соққы тигенде-ақ, Толымбектің өкірген даусы шықты. Әрі-беріден соң жан дауысы шығып, шырқырап кетті. Абдрахман бауырының дауысын естіп шыдап тұра алмады.

– Ойбай-ай, ойбай! Мынадай қорлықты көргенше шыққыр көзім шығып кетсеші! – деп ышқына үн қатты да дөй далаға лағып шаба жөнелді. Мекежан мен Әметхан не істерін білмей аңырып тұр. Толымбектің құдайға үні жетердей шыңғырып жатқанымен, жендеттердің ісі жоқ. Ұзында өші, қысқада кегі кеткен адамдай болып өршелене ұрып жатыр.

– Айт шынынды, қанша жылқы әкелдіңдер? – дейді тергеуші өзеурей.

Толымбек тістеніп алған. Ащы таяқ етіне өткен сайын жігіт қайратына келіп бекіп алған сияқты. Аздан соң еті өліп кетті білем, жендеттердің ұрғанын да елейтін емес. Өңі ме, түсі ме белгісіз бір тылсым дүниенің құшағына енгендей алабөтен күй кешуде.

– Айт деймін, қанша жылқы әкелдің? – деп жекірді тергеуші.

– Ешқандай жылқы әкелген жоқпын. Олар маған жала жауып отыр, өтірік айтады, өтірік, – деп тістенеді Толымбек. Әр сөзі тісінің арасынан суыртпақталып әзер шығады. Екі жендет Толымбекті жүз шыбық сынғанша сабаған. Оның арқасы дала-дала болып терісі жыртылып етінен ет түсіп жатыр. Арқа омыртқасынан балық еттері білем-білем болып сөгіліп жалбырап тұр. Бір мезетте Толымбек есінен танып кетті. Көзінің алды тұманданып сандырақтай бастады. Осы кезде келіп тағы да сұраққа алып жатыр.

– Жылқы алдың ба?

– Жо-оқ.

– Алдың ба?

– ? –

Жігіт талықсып кеткен. Аздан соң тілден қалды, үні шықпайды. Жендеттер дүре соғып жатыр ма, сезбейді. Олар тапсырған міндетін атқарып болып, Толымбектің қол-аяғын шешіп қолтығынан көтеріп сүйемелдеп тұрғызды да ары-бері жүргізе бастады. Егер бірден жатып қалса, денедегі қан ұйып адам жазым болып кетуі мүмкін екен. Сол үшін де оны жатқызбай сүйрелеп жүрген жайы бар.

Алғашқы дүре соғылғанда-ақ Мекежан мен Әметхан теріс айналып кеткен. Мынадай қорлыққа көріп тұра беруге олардың дәті шыдамады. Ол екеуі әлгінде кеткен Абдрахманның артынан іздеп шыққан. Оның қай бағытқа кеткенін ой-жорамалмен топшылап солай қарай беттеді. Екі-үш бел асқанда Абдрахманның аты көрінді. Өзі жоқ. «Әке-ау, бұл қайда кетті?!» деген оймен екеуі желдірте басып келсе, Абдрахман жерде домалап жатыр. Көк майсаға бауырын төсеп солқ-солқ етіп егіле жылайды. Жан ұшырып көк шөпке жатып алып екі қолымен көк шалғынды жұлып, жан таласады. Өзінің не істеп, не қойғанынан ол мүлде бейхабар. Бейне есі ауысқан адам тәрізді. Әлсін-әлсін құлағына жаңағы бір әзірдегі Толымбектің шынғырған даусы келетін сияқты. Мұндайда ол жанын қоярға жер таппай, екі құлағын алақанымен басып алып, олай бір, бұлай бір аунай береді.

«Ойбай, құдай! Не жазығы бар еді, шырқыратып сабайтындай не істеп қойды ол?!» – дейді сандырақтап. Қасына келген кісілерді де елең қылатын емес. Өз-өзінен күбірлеп дөңгелеп жатыр. Мекежан мен Әметқан аттарынан түсіп, оны жатқан жерінен тұрғызып алды.

– Абдрахман, есіңді жи, сабыр қыл. Болған іске болаттай берік бол, – дейді біреуі.

– Қолдан келер не қайран бар. Алладан ақырын тілейік. Еті сенікі, сүйегі менікі демекші, жаны қалса болды ғой, – деп жұбатқан болады Әметқан.

– Ой, ой, жұртым-ай не жаздым құдайға. Елден кетіп, жер ауып жүргендегі көрейін дегенім осы ма еді, – деп Абдрахман онан сайын күңіренеді.

– Қайтсын-ай, қу бауыр деген қиын ғой, – деп Мекежан жанашырлық танытады.

Абдрахман шатасып қалған сияқты. Өмірінде мұндай сұмдықты естіп білмеген ол жаңағы көріністен жаны шошып тұр. Өне бойы

дір-дір етеді. Мекежан әлдене деп күбірлеп дем салған болды. Таңылайын көтеріп, топырақпен ұшықтап жатыр.

– Қой, тұрмалық, ауылға қайталық. Мұсадан не хабар бар екен. Соны білейік. Мүмкін Шәркіге Байорысқа адам жібергендей боламыз ба, – деп қалды Мекежан. Әметқан атын әкеліп, Абдрахманды қолтығынан көтеріп атқа әзер мінгізді. Жаны кетіп қалған адам секілді. Былқ-сылқ етіп денесін зорға ұстап тұр. Сүлей-сапа, меніреу күйде.

Бұлар ауылға жеткенде кеш батып қалған-ды. Үйдегілер елендеп отыр екен. Аттылардың төбесі көрінгенде-ақ барлығы ентелей басып Төлештің үйіне қарай жүрді. Тұс-тұстан сұрақты жаудырып жатыр.

– Не күйде екен әлгі бала? – деген Төлеш ана Абдрахманға қарап.

– Молдажанның (қайнысының атын тергегені) халі қалай екен? – дейді жеңгесі Алуа. Ол ештеңе айта алмай екі көзімен жер шұқып төмен қарайды. Өйткені жолшыбай үшеуі ақылдасып «Толымбекке дүре соққанын айтпай тұра тұрайық» деп бәтуаласқан-ды.

– Қамап қойыпты. Біреулер жылқы ұрлады деп жала жапқан көрінеді, – деді Әметқан орташа жауап беріп. Ана жүрегі сезімтал келеді емес пе, бір сұмдықтың болғанын Төлеш жанымен сезіп тұр. Сұңғыла терең, ақылгөй ана Абдрахманның сұрынан-ақ оқып қойған сияқты. Әбден жылаған, көзі қызарып, өңі өрт өшіргендей болып жүдеп тұрған баласын көріп:

– Уһ! – деп отыра кетті. Кенет оның белі ұйып, буын-буыны босап, тізесі бүгіліп кетті. «Сорлы бала сорлап қалған екен-ау, ә...» деп ойлады. Ана іштей күйзеліп, күңіреніп отыр.

Мұсаға кеткен хабаршылар да келіпті. Айтуына қарағанда, ол мұңғұлдардың нояны Еренші амбалды ертіп, ертең Шатыға өзі келмекші болыпты. Әр кеудеде үміт пен үрей арпалысқан осы бір түн жылдан ұзақ болып таң зорға атты. Соққыға жығылған адамға күтім қажет. Сол үшін де оған азық-түлік алып, тамақ істеп беру үшін Абдрахманның келіншегі – Алуаны ерте баруға ұйғарды. Ертесі тағы да бес-алты адам Шатыға жүрді. Бұлар жеткенде, Мұса мен Еренші де келіп отыр екен. Бауырының суық хабарын естігенде Зеріп те үйде отыра алмапты. Бір кепесін сойдырып, екі мес қымызын теңдеп күйеуіне ілесіп ол да жетіпті. Толымбекті көріп бәрінің-ақ қабырғасы қайысқан. Әйел адамның бауырмал келетін әдеті. Інісінің мүшкіл халін көрген Зеріп көзіне жас алып:

– Саған қастық жасаған адамға құдайдан жетсін! Өз дүниесі өзіне бұйырмай қалсын! – деп қарғысты жаудырып жатыр.

Толымбектің өңі жуған бөздей болып бір-ақ күнде сылынып түсті. Екі иығына екі кісі мінгендей зор тұлғалы, қызыл шырайлы, келбетті жігіт еді. Бір уыс болып денесі шөгіп кеткен. Көзге қораш көрінеді. Ерні жыбырлайды, даусы зорға шығады.

Еренші мен Мұса бастатқан топ Толымбектің жарақатын көріп дереу ем жасауға әрекет етті. Еренші көпті көрген зерделі кісі еді. Бұлақтың жағасынан тартар жапырақ тергізіп әкеліп, оның арқасына түгел жапсырып тастады. Сағат сайын жапырақты суға салып жараның үстіне тартып отыруды тапсырды. Сонда ол денедегі сары суды тартып алатын көрінеді.

– Мұңғұлдардың тәжірбиесінде мұндайға тағы бір ем бар, – деді Еренші Мұсаға қарап.

– Айтыңыз, тамыр, айтыңыз, қандай ем болса да, – деді ол мұны құптап.

– Қысыр емген жабағы тайдың қарынын тартса болады. Жас жылқының майлы қарны мұндай жараға мың да бір ем, – деді ол.

– Жанының садағасы, қысырдың тайын табамыз ғой, – деп Зеріп те сөзге араласқан.

Еренші мен Мұса екеуі енді Мудүйшыңмен тілдесуді ойлаған. Ұлық кеңсесінде екен. Бұларды жылы шыраймен қабылдады. Еренші амбалмен бұрыннан таныстығы бар көрінеді. Оны қошаметтеп қасынан орын берген.

– Иә, жәйша келдіңіздер ме? – деді Мудүйшың.

– Мына Толымбек деген жігіт біздің тамырдың баласы еді, – деп Еренші Мұсаға қараған. Мұсаны ол да танып отыр. Өткен қыста екі жүйрік атын тағалатқаны бар.

– Бұл бала ақтан-ақ күйіп отыр. Өздері елінен ауып, есеңгіреп жүрген жандар ондай қатерлі жолға бара ма? Бұған жала жауып отырған адамдар бар, – деп амбал мәселені қабырғасынан қойған. Мудүйшың ойланып қалды.

– Болса, болар, – деді ол әлден уақытта, – кеше біз оны қатал жазаладық, сонда да ол мойнына алған жоқ.

– Міне, көрдіңіз бе, егер кінәлі болса, етінен ет түсіп соққы жеп жатқанда мойындар еді ғой, – деп Еренші оның көзін жеткізе сөйлеген.

– Сонда жалақор кімдер деп ойлайсыз?

Жол бойы Мұса Ереншіге өзінің ойындағы күдігін айтып келген. Тұрғылықты қазақтардың ақалақшысы – Ақылбайдың ісі екенін айтқан. Өйткені ол Толымбектің жүйрік құла атын қолға түсірудің айласын жасап жүргендігін естіген. Дәуде болса, бұл қастық содан келді деп топшылаған. Еренші осы жайды баяндап берді.

– Тергейміз, істің анық-қанығына көз жеткіземіз, – деп ұлық бұл екеуін шығарып салды. Олар кетісімен екі ұрыны бір-бірлеп сұраққа алған. Алдымен Таңатарды алдырды.

– Толымбек кеше қандай жаза алғанын көрдің ғой. Ол жүз дүре алса, саған жүз елу дүре соғамын, – деді Мудүйшың. Таңатардың көзі шарасынан шығып, шошып кетті.

– Тек шыныңды айт. Толымбек сендермен бірге барды ма, жоқ па?

– Тақсыр, айтайын, – деді ол даусы дірілдеп, – бізбен бірге ол барған жоқ. Ақбай ақалақшы «бірге болды» деп айтындар деген соң айтып едік...

– Иттің баласы, хайуан найынсап! – деп Мудүйшың айқайлап жіберді, – ақ адамды сонша шырылдатып, біреудің обалына қалдыңдар доңыз!

Оның ашуланғаны сонша екі көзі шатынап, Таңатарды жеп жібере жаздады.

– Ақбайыңмен қосып, әкеңнің артына тығамын иттің баласы! – деп ол дереу ұрыны жазалауға әмір етті. Әрқайсысына жүз елуден соғуды бұйырды.

Ертесіне Ақбай ақалақшыны шақырытып алып ит терісін басына қаптады. Өтіріктен жала жапқаны үшін Толымбекке үш тоғыз айып төлеп кешірім сұрауға бұйырған. Қылышынан қан тамып тұрған қаһарлы ұлыққа қарсы сөз айту мүлде мүмкін емес-ті. Ақбай ақалақшы өз күнәсін үнсіз мойындап, жарлықты орындауға сәлләлла болды.

Аққа құдай жақ деген осы. Толымбекті қаралағандар қарабет болып, абыройы айрандай төгілді. Бұл іс қаншалықты оңға басқанымен, жігіттің жарақаты ауыр еді. Денесін қимылдата алмайды. Қатырып қойған адамдай сіресіп, қозғалуға дәрменсіз. Жөткірініп қалса болды, арқасы уатылып кете жаздайды. Сіреу боп қатқан қан тырыстырып жотасын бүріп барады. Кешегі Ереншінің айтқан емін дәл қазір жасаса да артық болмас еді. Жарасын жұмсартып, иліктіруі мүмкін ғой.

Бүгін ауылдан тағы біраз адамдар келген. Толымбектің ақталғанын естіп бәрі де қуанып қалды. Енді оны алып қайтудың қамалқасын жасауда. Жігітті орнынан тұрғызып, еппен қозғалтады. Жүрісі жайлы, атқа мінгізуді ойластырып жатыр. Уақыт қария өзінің мініп келген торжорға атын түсіп берген.

– Тор жорғаның жүрісі майда ғой шіркін! Үстіне мінген адамның қымтанған етегі ашылмайды. Су төгілмес жорға деп осыны айт, – деп Әмірбек аттың мақтауын келістіріп-ақ жатыр. Сол күннің ертеңінде Мұса мен Зеріп Ақсайға жеткен Жетегінде қысырдың жабағы тайы.

– Толымбегімнің садағасы. Сойындар қазір, жылыдай қарнын алып жарақатына тартамыз, – дейді әпкесі жаны қалмай. Әлекендей жаланған үш жігіт тайды алып ұрған. Демде бұтын–бұт, қолын–қол қып бұтарлап тастады.

– Иә, Алла, ем қыла көр! – деп Зеріп қарынды інісінің арқасына жапсырып таңып тастады. Тырысып тұрған жараны, майлы қарын жібіткендей болды. Толымбектің де жаны терезе тауып, бір сәт көзі ілініп кеткен. Есік алдындағы жерошаққа қазан асылып, семіз тайдың жас еті бүлк-бүлк қайнап жатыр. Келіндер самаурын қойып, қарбаласып жүр.

Үй артындағы тақия төбенің басына ауыл ақсақалдары жиналып мәслихат құруда. Әңгімелері Ақбайдың масқара болғандығы жайлы.

– Құдай жазасын берген екен. Момын елді зар жылатқан жауызға зауал жетті деген сол, – деп бастады Уақыт қария.

– Нақак күйген адамның назасы оңдырсын ба, қызталақты, – деп қосамжарланады Әлімбай.

– Әлгі үш тоғыз айыбын қашан әкелер екен, жүзі қара, – дейді біреуі.

Мудүйшың айтқанын орындатпай тынбайтын бір айтар адам еді. Сол күні-ақ Ақбайға шабарманын жіберген. Кешегі бұйрығын табан астында орындатпақ. Сарыала қылыш асынып ауылға келген шабарманнан көп ел сескеніп қалған. Ат ойнатып ақ үйдің алдына келген ол сестеніп:

– Ақбай бар ма, шықсын бермен! – дейді ақиланып. Майлаған бидайдай екі беті қызарып, мысық мұрты едірейіп егделеу адам үйден шықты. Шабарманды көргенде сасып қалды білем. Табалдырыққа шалынып жығыла жаздады.

– Уәде қайда, ұлықтың айтқан кесімін неге орындамайсың?

– Ой, тақсыр! Таң жаңа атты ғой. Міне, орындайық деп жатырмыз, – деп Ақбай мөнді-мөнді болған.

– Балтай-шалтайды қой, жүр алдыға түс. Малыңа барамыз. Шабарманның алдында Ақбай құрдай жорғалады. Атқошсысын ертіп өріске беттеді. Айып салудың тәртібі солай, әр түліктен тоғыз малдан болуы шарт. Бай адамдардың жылаңқы келетін әдеті. Осы жайды білетін Мудүйшын шабарманын әдейі жіберген. «Ақсақ-тоқсағын, көтеремін беріп жүрмесін. Өз көзіңмен көріп, таңдаулы мал апарасың», деп тапсырған. Ұшыр, зекет жинағанда жібі түзу мал бермей қоренділік жасайтын пейілі тар Ақбайға Мудүйшын бұрыннан тісін басып жүретін. Осы рет оны ойсыратып алудың орайы келіп тұр. Бұлар әуелі жылқыға келді. Қысырдың үйірінен тоғыз жылқыны бөліп шығады. Кілең бір қанжирен жас байталдар. Сиыр табынынан да солай болды. Бұған қоса құйрығы тегенедей тоғыз құнан қойды іріктеп бөліп алды да, өзіне айдатып Ақсайдағы қашқындар аулына қарай тартып келеді. Ақбайдың жетегінде ат шапан айыбы тағы бар. Бір қора малды топырлатып айдап келгенде ауыл адамдары таң-тамаша болған. Көп адамдар бұлай болады деп ойламаса керек.

– Көтек, мұнысы несі? – деген Төлеш ана аңтарылып.

– Айыбына әкеліп тұрғаны ғой, – дейді Алуа іштей қыбы қанып.

– Мен ешкімнен мал сұраған емеспін. Құдай әркімнің пешенесіне берсін, әкет арман! – деді Төлеш ашу шақырып.

– Бәйбіше, менен бір ағаттық кетті. Соған әкелген айыбым ғой бұл. Қабыл алыңыз, кешірім өтінемін, – деп Ақбай Төлештің алдына бөркін тастады. Төлеш сәл тосылып барып тіл қатты:

– Мұсылманның айыбын бетіне баспа, деген сөз бар шарифатта, бадамды сонша шырылдатып сабатқаныңды қалай ұмытармын. Саған да құдай бар-ды!.. – деді ол кәрін төгіп. Сөзінің соңында зіл батпан салмақ бар еді.

– Алдыға келсе, атаңның құнын кеш, деген жеңеше, кешір. Назаланба, – деп Уақыт қария араға түскен.

Уақыт бұл шаңыраққа туыстығы бар жақын адам еді. Төлештің ері Есенбайдың немере інісі. Бауырдың аты – бауыр. Толымбектің басына іс түскенде шырылдап шын жанашыр болып жүрген адам осы Уақыт. Өзі де елге сыйлы, жұрт кісісі. Жиналған қауым Уақыт



не айтар екен дегендей оның аузын бағып тұр. Осы бір сәттегі үнсіздікті бұзып Төлеш сөйлеп кетті.

Мен мынадай қаны сорғалаған малды қорама кіргізбеймін, баламның жаны қалса болды, мал деген сол. Құдай берсе адалынан берсін, алмаймын, – деп кесіп айтты.

Мынадай мол байлықтан ат-тонын ала қашқан Төлештің бұл ісіне жұрт қайран қалысқан. «Битке өкпелеп, тонынды отқа жақта, дегеннің кері ғой бұл» десіп қайсы біреулер күңкілдесіп тұр.

Ақбайда үн жоқ. Екі көзімен жер шұқып төмен қарайды. Қайсар ананың қатыгез шешімін Уақыт жөнге салғандай болды. «Шын ниетімен риза болып бермеген малда қайыр болмайды. Төлештің айттып тұрғаны да дұрыс-ау» деп ойлады. Сөйтті де жиналған жұртқа қыдырта көз тастап:

– Уа, жұртым! Біз азғантай ғана Албанның баласымыз. Бұтаға қорғалаған торғайдай болып осы елдің қолтығына тығылып отырған жайымыз бар. Құдайдың ісі парыз, ұлықтың ісі уәжіп, деген Мудүйшыңның айтқанын орындайық. Мына малды кері қайтарғанымыз болмас. Әр түтінге бірден таратып алындар, – ол Төлешке қарап қадай сөйлеген, – жеңеше, сен шын пейілмен мына Ақбайға кешірім бер. Атамыз алаш, керегеміз ағаш, бір атаның баласымыз. Бәріміз бір қазақпыз. Жамандығымыз болмаса жаттығыз жоқ. Өкпеге қисақ та, өлімге қимайтын ағайынбыз. Арада бір әттеген-ай кеткен екен, оған салауат айталық. Алладан ақырын сұрайық. Мұнан кейінгі жерде ағайын тату болайық. Береке-бірлікте ынтымақты болайық жұртым!

– Бәрекелді, сөз-ақ! – деп жиналған ел риза болып тұр.

– Көпшіліктің сөзінен шығып мен қайда барар дейсің. Мақұл кешірдім, тетелестің айтқаны болсын, – деді ана жұмсарып.

– Жамағат, олай болса қолдарыңды жайындар, мен екі елдің татулығы үшін бата берейін, – деп Уақыт қолын көтерді. Жұрт жапырыла қол жайды.

– Құдайым елге тыныштық берсін, патшаға ынсап берсін. Пендеге Алла ырзық берсе, адалынан берсін. Ағайынның аражігі ашылмасын. Мұнан былай бір-біріне қастық ойлаған адам екі дүниеде оңбасын, аллау уәкбар! – деді де Төлештің алдында жатқан Ақбайдың бөркін алып, оның басына кигізді.

Осыдан кейін ел іші тынышталып, мамыржай өмір кеше бастаған.

Арада жылдар өтіп атты. Толымбек жарақатынан айығып, қатарға қосылды. Босқындар бірінен соң бірі ағылып келіп, Ақсайдағы ауылдың іргесі кеңейе берді. Сөйтіп албандар бір болыс ел болып, іштерінен Ақалақшы сайлау үшін жергілікті үкіметке өтініш, тілек жолдаған. Олардың бұл тілегі қабыл болып, Мұсаның жақын інісі Мекежан Малмақ баласы албандарға Ақалақшы болып сайланды.

Босқындар кәдімгідей жерсініп қалған. Басына үй, бауырына қазан асып, әркім өз әлінше тірлік ете бастады. Жан жаратқан Алла пенделерін ырзықсыз қалдырмаған. «Адамдар бір-бірінен кем емес, ал бірақ несібесі тең емес» демекші қорасына қой, өрісіне жылқы салғандар да бар. Мұсаның арқасында албандардың біразы мұңғұлдармен жақын араласып тамыр-таныс болып кеткен. Мұңғұлдар күміс бұйымға өте әуес келеді. Күміс сөлкебай, күмістеген кемер белдік. Күміс ертоқым деген заттар олар үшін таптырмайтын сән-салтанат. Осы жайды білетін Толымбек бір күні анасына ақыл салған. Бұл үйде атадан балаға мұра болып келе жатқан бір асыл заттың бар екенін ол бұрыннан білетін. Буулы жатқан қоныр теңнің арасында жұдырықтай қос құлақ күміс жамбы және бір тайтұяқ бартұғын. Осыларды іске жаратуды ойлаған ол:

– Апа, сізбен ақылдасатын бір жәй болып тұр, – деді Толымбек анасын сөзге тартып. Ата-ана үшін кенже баланың орны бөлек. Сүт кенжесі болғандықтан да Төлеш Толымбекке айрықша аналық мейірін төгіп еміреніп тұратын. Оның басынан құс ұшырмайды. Айтқанын екі етпейді.

– Ол не шырағым? – деп баласына қараған. Толымбек көптеген көкейінде жүрген жамбы мен тайтұяқ жайлы әңгімені баян етті. Мұңғұлдардың ондай затқа құмар екенін де тәптіштеп айтты.

– Теңге буып тастап, бетіне қарап отырғанша кәдеге жаратпаймыз ба. Ереншіге тарту етіп жылқы сұрасақ деп едім, – деді. Еренші бұл өңірдің асқан бай кісісі. Мыңжарым жылқы біткен қызырлы адам. Жылқыларының үйірін түрге бөліп, сәнімен ұстайтын. Мақпал қара айғырдың үйірін бір бөлек, қанжиренін бір бөлек, өңшең ақсары құла қасқасын бір бөлек етіп, пар-парымен бөліп тастайды. Өзі де жомарт қолы ашық жан. Әлдеқандай шаруамен қиналып барған адамның меселін қайтармайды. Жаз бойы оның

жылқыларынан аттың майын сұрап мінетіндер тіпті жетіп артылатын. Кедей-кепшіктерге қайырымы мол дарқан жан.

Баласының ойы қаншалықты орынды болғанымен, бұл шаңырақтың бабасынан келе жатқан асыл бұйымды қиып беру оңайға түспей тұр. Төлеш ойланып қалды. Анасының пиғылын байқаған Толымбек:

«Жуанды жонып же» деген мақалың бар еді ғой, апа. «Алтын-күміс тас, арпа-бидай ас екен» демеуші ме еді. Құры жатқанша оны малданайық, – деп өтініп болмады.

Төлеш амалсыз келісім берді. Қалы кілемге ораған үлкен теңді шешіп, әлдебір заттардың ішіне орап салған жамбы мен тайтұяқты шығарды. Үлкендігі жұдырықтай болғанмен, асыл зат емес пе, салмағы зіл батпан ауыр екен. Қос құлағы едірейген құйма жамбының астыңғы жағында патша үкіметінің мөрі бейнеленген. Төлеш оны қолына алып, маңдайына тигізіп тәу етті де баласына ұсынды.

– Мә шырағым, бабаңнан қалған мұра еді. Құдай тағала берекесін бергей, игілігіңе жарат, – деді.

«Ат берсең ауылыңмен» демекші, Толымбек бұл жәйді жалғыз шешпеді. Әпке-жездесімен де ақылдасып, ақыры өз ойын жүзеге асырды. Бір күні Мұса екеуі арнайы барып Ереншіге тарту еткен. Оның байлығын асырып салтанатына сән беретін, мынадай таптырмайтын асыл затты көргенде бай іштей қатты қуанды.

– Қалағаныңды ал, – деп жәйланып түсті.

– Қалауы жылқы болып тұр, – деп Мұса желеп қойды.

Қадірлі мейманын бір күн бойы сыйлап, күткен Еренші ертесі бұл екеуін жолға салды. Үш құлынды биені жетелетіп тағы бір қаражорғаны Толымбекке мінгізіп шығарды. Көн олжамен оралған бұларды көріп, ауыл адамдары қайран қалысқан. Ереншінің жомарттығын айтып дүйім жұрттың аузының суы құрыған.

«Құдай бергенге, құлай береді» деген сөз бекер емес. Бұл шаңыраққа осы үш құлынды бие құт болып жолықты. Басқа да малдың басы құралып бірнеше жылдың ішінде бұлардың шаруасы шалқып жүріп берген. Ағайынды үшеуінің ортасында бір айғыр үйір жылқы, бір қора қой, бір табын сиыр бар. Ешкімнен кем емес, орташа байға теңеліп келеді.

Адамның дәуірі жүргенде асығы алшысынан түсіп, тасы өрге домалайтыны бар. Бұл кезде құла ат та кемеліне келген еді. Қай

жерде бәйге болса алдын бермейді. Жалғыз қара болып, оқ бойы алда келеді. Әр бәйгеден алған олжасының өзі бір төбе. «Жақында Мұқырда деген қалмақ той жасайды екен. Жаңа туған баласының шашын алу салтанатына арнап Бұрқаншоқыда ат шаптыратын көрінеді». (Мұңғылдардың ұлттық салт-дәстүрінде өмірге келген жас нәрестенің қарын шашын алу аса үлкен мереке болып саналады) деген хабар құлағына тиісімен, Абдрахман құла атты баптауға кірісті. Толымбек тек құла атты мінгенді біледі. Ал баптауын ағасы Абдрахман баптайтын.

– Бала, атыңды мен баптап көрейін. Мұңғұлдардың бәйгесі болғанша қинап қойып жүрме, – деп ескертті ол інісіне.

Жаз ортасы болып қалған. Көктің жетілген кезі. Көкке тойып жайылған мал тез көбең тартып кетеді. Абдрахман құла атты өріске ұстап әкеліп, мамағашқа байлап қойды. Сол күні кешкісін текеметке орап, ерттеп мінді де үш-төрт шақырым жерге желдіртіп барып, бусандырып әкелді. Жаздың ыстық күнінде қалың киізге ораған ат тез-ақ терлеген. Келген бойда үстіндегі текеметті сыпырып алып, жабуын жапты да жетелеп біраз жүрді. Сольғын бастырып әкеліп, қаңтарып байлап тастады. Түн жарымнан ауып, үркер жамбасқа келгенде отқа қойды. Таң азанда әкеліп тағы да байлады. Жаратқан атты осылай уақтысымен жайылтып, ашқұрсақ етіп артық етінен арылтады. Үшінші күні ол құла аттың терін тағы алды. Бұл рет текемет жапқан атты аса қинамай желе шоқырақтатып, едәуір қашыққа барып қайтты. Ат күндегіден қатты терледі. Абдрахман аттан түсіп, жабуды көтеріп көрді. Аттың өн бойын тер басып кеткен, малшыған су. Сербегінен аққан тер қара тұяғын жуып тұр. Тамшылап тұрған терді ол сұксаусағына тосып алып тіліне тигізіп көрді. «Ащы тері әлі бар екен» деді де ол қайтадан мініп тағы да шоқыртып кетті. Бұл жолы ұзаққырап барып қайтты. Келген бойда түсе қалып, аттың терін байқаған. Құла аттың етінен мөлт-мөлт етіп тер ағып тұр. Ол бір тамшы терді тағы да татып көрді. Аттың ащы тері шығып болғанда тердің дәмі су татиды әрі тұнық болады. Осы жайды білетін ол енді дұрыс болған екен деп ойлады көңілі жәй тауып. Аттың ерін алып, жабу жапты да жетелеп біраз жүрді. Тері құрғап ынтығы басылған соң кекжитіп мамағашқа тағы байлады. Бұл күні атты таң асырды. Таң құланиектеніп, шығыс жақ сәуле шашқанда тұрып оны отқа қойды. Жаратқалы бері құла атқа ертеңгілікте бір қос уыс сұлы ұнын биенің сүтіне бөктіріп беретін

болған. Ат сұлы ұнын жеп, сүтті сіміріп ішіп алды. Мұнан соң сүт пісірім уақыт қана жайылтты да тағы да байлап қойды. Жаратқан ат тым аш болса бәйгеге шапқанда аштан бұратылып қалады. Сондықтан оны өте ашықтырмай, не аса тойғызып жібермей бабымен жаятыны абзал. Мұндай тәсілді ат баптап жүрген тәжірбиелі адамдар ғана біледі. Олар аттың аш-тоқтығын құмалақтағанына қарап айырады. Құмалағы кебірленіп, тым ұсақтап түссе аттың онда аш болғаны. Мұндайда аздап жайылта түскен жөн.

Осылайша құла атты өріске жібермей, бір жұмадан астам балаша күтті. Ертең бәйге деген күні оның тұяғын қыбырлатпай тынықтырды. Таң азанда суғарып жемін берді де, біраз шалдырып алды. Атқа шабатын бала да дайын еді. Тақымы желді, өзі жеңіл Есіркен деген баланы мінгізіп, бір топ кісі Аксайдан Бұрқаншоқыға қарай жүрді. Бәйге болатын жерге сәске әлетінде адамдар ағылып келіп жатыр. Мұқырданың тойынан тараған қалмақтар өте көңілді еді. Сүтәркісіне (сүттен қайнатқан арақ) сылқия тойып алған жұрт қызынып, бей-берекет шапқылап жүр. Қайсыбір мастер аттың ана бауырына бір, мына бауырына бір түсіп бұлғақтап келеді. Бұрқаншоқының басына әлейім жұрт жиналды. Мұңғұлдар мен қоса жергілікті қызайлар, ұйғыр, дүнгені бар дүйім жұрт осында тамашаны қызықтауға келген. Олардың қатарында құла атты алып келген жиырма шақты албандар да бар. Бұл жиында мұңғұлдардың шоғыры көп көрінеді. Тұс-тұстан атой салып шапқылап келіп жатқан өңшең мас қалмақтар.

Уақыт жетіп бәйге аттарын бөлек шығарды. Жүз қаралы сәйгүліктер сылаң қағып, топтан окшау шыққан. Ішінде нелер жүйрік дүлдүлдері бар. Мұңғұлдың қарақасқа тұлпарлары тықыршып аспанға қарғиды. Дүрмекке елегізіп, ауыздықпен алысқан аттар ойқастап тек тұрмайды. Бұлардың қатарында құла ат та бар. Аттарды ұзаққа айдады. Текес дариясының құйғандағы Қаракөл деген жерден жіберетін болды. Шамасы қырық-елу шақырым жер. Даяшылардың барлығы қалмақтар. Ешкімге дес беретін емес. Шекараның қожасы өздері болғандықтан да, мейманы тасып, айдарынан жел есіп тұр.

Аттар айдалған соң, түрлі ойындар басталды. Палуан күрес, ат үстінде аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату сияқты ойындар бірінен соң бірі өтіп жатты. Бәрінен қызығы астауға құйылған айранның ішіне күміс теңге тастап, соны айранға басын малып

тістеп алып шыққан адамды көру өте қызғылықты еді. Бұл сынға Әмбе деген қалмақ шықпақшы болды. Сырт киімін шешіп, белуарына дейін жалаңаштанған ол астау толы айранға жақындады. Сөйтті де тізерлеп отыра кетіп астауға басын матырды. Бет-аузы түгел айранға көміліп, тілімен астаудың түбін сүзіп жүр. Мықты жігіт екен. Бір кезде тісімен тістеп күміс ақшаны алып шықты. Айранға малшынған Әбеннің жүзін көріп жиналған жұрт қырантопан күлкіге басты. Қалмақтардың мұнан кейінгі ойын түрі өте өрескел болды. Мұқырда дәулетті адам еді. Көп жыл бала көрмей жүріп зарығып жеткен жалғыз перзентінің қуанышынан ештеңесін аяп қалмады. Бар байлығын оңды-солды шашып жатыр. Ол бірде жиналған қауымның алдына әкеліп қазық қақты да, екі өркеші баладай сары атанды жетелеп келіп байлап қойды.

– Уа, халайық, мына түйені кім де кім тыр жалаңаш шешініп келіп қазықтан шешіп алса бұл олжа сонікі болады. Қане, кім шығады? – деді. Дүйім жұрт үнсіз ойланып қалды. Ешкімнің батылы барып бұл сынға түсетін түр байқатпайды. Бір кезде әйелдер тұрған шеттен бір қалмақ кемпір топ алдына шықты.

– Мен шығамын, – деді ол тәуекелге тас бекініп. Сөйтті де шешіне бастады. Басындағы қара қалпағын, үстіндегі жұрындаған зерді шапанын шешті. Отыра қалып шонқима етігін аяғынан сыпырып тастады да, іш киімінің бауын ағытты. Қайсыбіреулер кемпірдің жалаңаш тәнін көруге дәті шыдамай теріс айналды. Кемпір ештеңеден тайынатын емес. Анадан туғандай жалаңаш қалпы, қалың елдің алдына қарай қадам басты. Тал-тал қып өрген селдір шашы омырауына төгіліп, екі емшегі албыраған ұсқынсыз бейне түйеге жақындай берді. Ол тайсалмастан келіп түйенің бас жібін шешіп алды да жұртқа қарсы қарап тұрды. Көпшілік дуылдасып, күбірлеп кетті. Әлдекімдер мазақ еткендей күліп тұрған-ды. Соны сезген кемпірдің кәрі жанары ұшқын шашып кәріленіп тұрып:

– Неменеңе жетісіп күлесіндер? Біз болмасақ сендер қайдан жаралдыңдар. Бәрің де дәл осы жерден шыққансыңдар деп екі бұтының арасын шапалақтап-шапалақтап қойып, түйені жетелеп әкете берді. Әлгіндегі ыржалаңдап тұрған көп қауым күлкіден тыйылып бір сәт үнсіз қалды. Мұнан кейін де көп қызықты ойындар айналды. Тамашаға берілген жұрт бесін ауып кеткенін де сезбей қалды. Аттардың келетін уақыты да таянған. Жұрт қобырап аттарына мініп, Текес жаққа көз тігіп тұр. Даяшылар ат ұстауға дайын-

далып, ұшқыр сәйгүліктермен ойқастап топтан оқшау шыққан. Бір кезде аттардың қарасы көрінді. Көздің ұшында шашылған құмалақтай болып қадау-қадау қаралар көріне бастады. Барған сайын жақындап келеді. Алдында бір ат жалғыз келеді. Алыстан бұлдырап, сағымданып көрінеді. Пошымы қылаң емес, барандау болып шалынады. «Иә, Алла, жар болғай, бабам Райымбектің аруағы қолдай көр!» деп Толымбек ата-бабаның аруағына сиынып тұр. Аттар жақындаған сайын түрі-түсі анық көрінеді. Ең алдындағы құла ат. Оқ бойы алда келеді. Денесі терге малшынып, күреңітіп алған. Алдынан шыққан айқай-шуды естігенде жануар тіпті жұлдыздай ақты. Төрт аяғын топтап тастайды. Қояндай орғып, бүктетіліп жазылғанда қайыс құйысқан сауырына сарт-сарт соғылады. Екпіндеп келген аттың алдын тосқауылдап, бес-алты қалмақ қақпалап құла атты алға жібермеуге айналды. Қазақтың атын оздырмауға бекінген сияқты. Даяшылар қаншалықты қақпаласа да құла ат олардың арасынан жол тауып бұлт-бұлт етіп сытылып шығады. Ұзақ шабыстан талықсып келе жатса да жануардың көрінеді. Жолдағыларды шаң қаптырып сөреге бірінші болып жетті. Осы кезде даяшылардың біреуі:

– Бұл ат жолдан қосылды. Бұған бәйге берілмейді, – деп жар салды. Мынадай қарулыққа қазақтардың қаны қайнады. Қызайлардың өзі қызбаланып:

– Бұл не деген сұмдық, көзбен көріп, қолына ұстатақан атты жолдан қосылды деп қалай айтасың. – Бұл бізді – қазақтарды басынғандық қой. Сөзді доғар, бәйгемді бер! – деп қызайдың белді ақсақалы Төретай дебейленіп даяшға жетіп барған. «Сөзіңді біреу сөйлесе аузың қышып бара ма» дегендей, азғантай албанның тобы үркердей боп ұйлығып тұр.

– Жоқ, болмайды, бәйге біздікі, Ошырамбалдың қара тұлпары бірінші келді. Бәйгені сол алады, – деп Байынжырғал кесіп айтты.

– Көз алдында жасалған мынадай әділетсіздікке төзбеген қызайдың палуан жігіті Ерденбек астындағы атын сауырлап жіберді қамшы үйіріп, Байынжырғалдың шаужайынан ала түсті.

– Ей, қызталақ! Аттың тері, құшыры ұрады сені. Жолдан қосылғаны рас деп ант-су ішесің бе? – деді. Анау да дес беретін емес.

– Бәйге біздікі, сандалмай жолыңды тап қазақ, – деді мұрнын шүйіріп. Мынадай қорлыққа жігіт шыдамай кетті.

– Не деп оттап тұрсың-әй, – деп қамшысын көтере беріп еді, оншақты қалмақ оған лап қойды. Жанторсыққа құйып алған арақтарын анда-санда ішіп қойып қызып, жүрген қалмақтар ешнәрседен аянатын емес. Оның атын қақпалап Байынжырғалға жақындатпады. Ерденбек те қамшыгер, батыр жігіт еді. Ызаға булыққан ол қарсы келген екі-үшеуін аттан сұлатып түсірді. Алты өрме дырау қамшыны бармағын басып тұрып сілтегенде қалмақтар аттың бауырына түсіп домалап-домалап кеткен. Сөйтіп төбелес басталды да кетті. Қазақ-қалмақ болып екі жақ бытырлатып қамшы салысты. Намысқа өртенген қызай жігіттері қарап қалмады. Қалмақтарға қарай атой салып жан аямай шайқасты. Біреуді біреу біліп болмайды. Қып-қызыл төбелес. Сарт-сұрт еткен қамшылар. Аққалпақтар мен қарақалпақтар арасындағы шайқас. Бөледен машайық қашыпты дегендей, албандар тобы іркіліп тұр. Шетке шыққан бір-екі қалмақты Толымбек те ұрып түсірген. Жасынан қамшыгерлік өнерге машықталған ол қамшы сілтегенде жылдамдығына көз ілеспейтін. Қарсы келгендер қамшы көтергенше ол ұрып жығып кете беретін. Бұл ұрыста қызайлар жағы ойсырай жеңілді. Көптің аты көп қой, әр қызайға шаққанда бес- алты қалмақтан келеді. Қызайлар енді бас сауғалап шегіне бастады. Қаша жүріп ұрыс салған. Бәйге түгіл бас қайғы боп, бұл жиын осылайша рәсуа болып тарасты. Құла аттың бұл жолғы еңбегі зая кетті. Қаны бір қазақ емес пе, құла ат үшін ортада қызайлар таяқ жеп қайтты.

\* \* \*

Текес алқабы албандардың қоныс тепкен киелі мекеніне айналды. 1916 жылғы Қарқара көтерілісінен ауып келген албандардың қатарына 1931 жылғы ақсүйек ашаршылықтағы босқындар тіпті молықтырып жіберген. Қарасу, Ақсу, Шекіртті деген жерлерде маһалалар орнап, тіршілік тынсы кеңі бастаған. Қарасу аулынан бастауыш мектеп ашылып, бала оқыту ісі жолға қойылды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, көпшілік қауымдасып төрт бөлмелі мектеп үйін бір жаздың өзінде салып берген. Сонымен бірге бұл ауылда мешіт те соғылды. Сабырбек деген молда имам болып тағайындалады. Мұңғұлкүре қаласына қарасты бес ауданның ішіндегі халық саны жағынан ең көбі осы Қарасулықтар болатын.



Сол үшін де мұндағы мектеп бастауыш қана емес, сыныптық болып іріленген-ді. Оқушылар жан-жақтан атпен қатынап оқиды. Ақсу мен Шекіртінің арақашықтығы он-он екі шақырымдай жер. Мектепте бүгінгі заман ғылым негіздерімен бірге дін сабағы қатар жүргізіледі. Оқимын деп талап қылғандардың жас ерекшелігіне шектеу қойылмайтын. Небір ересек жігіттер, тіпті үйленіп кеткен азаматтар бірінші сыныптан бастап білім ала беретін. Қалалық оқу ағарту бөлімінің бастығы Қарасулық албан – Толыбай Исаев деген кісі еді. Ол өзі Нарынқолдан оқып барған білімді, парасатты жігіт ағасы еді. Сөзге шешен әрі қу тілді болатын. Отырған жерін күлкіге көмкеріп, жұрттың езуін жиғызбайтын. Бір ретте мұңғұлкүре қаласынан аудандарға іс сапармен шығады. Қарасудың халқын жинап мектепте үлкен мәжіліс құрады. Үкіметтің саясаты, ұшыр-зекет құю, оқу ағарту жайлы біраз үгіт-насихат айтады. Жиын соңында жұрттың пікірін тыңдайды. Қарасау ауылының изасы (ауыл әкімі) Нүсіпақын деген жігіт орнынан тұрып:

– Мына, Рысқан жеңгеміз тапсырған жұмысты орындамайды. Менің тілімді көтіне де қыстырмайды, – деп ауылдағы еселші әйелдің үстінен біраз өкпе айтады. Оны мұқият тыңдап болған Толыбай:

– Әй, Рысқан сенің мұның қалай? Осы Нүсіпқанның битімдай тілін көө..қыстыра салсаң нең кетеді, – дейді. Отырған жұрт күлкіден ішегі қатып көздерінен жас аққанша күледі. Оның мұндай күлдіргі әңгімелері өте көп. Бірде Толыбайға ауыл адамдарының біреуі алыстан айқайлап:

– Ой, Төке, мойныңды бұра кет, – дейді. Толыбай тоқтамастан мойнын бұрып алып кете барады. Әлгі адам артынан қуа жетіп:

– Төке, тоқтамадыңыз ғой, – деп кейістік білдіреді. Сонда ол:

– Сен тоқта деп айтқан жоқсың ғой. Мойныңды бұра кет дедің. Мен мойнымды бұрып алып кетіп барамын, - дейтін көрінеді. Тағы бірде жоқ қарап жүрген бір кісі келіп:

– Төке, көзіңізге бір қарагер ат түсті ме? – дейді. Толыбай тоқтап тұрып сұқ саусағымен кірпігін көтеріп:

– Ал қарай ғой, – дейді.

Босқындардың ішінде Қазақстаннан оқып барған небір білімді азаматтар болған. Олар біртіндеп аудандық үкіметке араласа бастаған-ды. Толыбай солардың маңдайалды жігіттерінің бірі-тұғын. Осы сапарында ол Ағияз өзенінің бойындағы қызай елін

аралайды. Қызайдың атақты байы Ыбрайымның үйіне түседі. Қымыз ішіліп болған соң бай бейтаныс қонақтың жәй-жапсарын сұрайды. Өзімен бірге ала кірген былғары сөмкесіне қарап:

– Мына талысында не бар? – дейді, оның мынадай топастау сұрағына қитығы ұстаған Толыбай:

– Тарамыс, кепеғаш, жіп-шу ғой, – дейді қишалыстанып.

– Е, етікші екенсің ғой, – деп Ыбрайым күлмен қағады, онда жақсы келдің шырағым, біздің балалардың етігі тозып кетіп еді, соны жамап-жасқап берсең қайтеді.

– Жамаймыз қария. Етіктің бәрін кірленген салып, бүгін жібітіп қойсаңыздар. Ертең келіп тігіп беремін, – деп аттанып кетеді. Ертесі байдың ауылында үлкен жиын болады. Жан-жақтағы ел түгел шақыртылып, халық көп жиналады. Бұл жиынға Ыбрайым да барады. Қараса, кешегі үйіне келіп қымыз ішкен «етікші» сарнап жұрт алдында сөйлеп тұр. «Мынау мен көрген етікшінің дәл өзі ғой» деп өз көзіне өзі сенбей сұқтана қарайды.

Иә, соның өзі. Қаладан келген үлкен үкімет. Жұртқа тәшпұх (үгіт) айтып жатыр. Көтеріп жүрген талысының ішінен қағаз-қалам алып, әлде бірнәрселерді жазып қояды. Ыбрайым өзінің аңғалдығын енді түсініп, бір кірлен суға етіктердің табанын қақыратып салып тастағанына опық жеп, өкініп қалады.

Толыбай тағы бірде Қарасу аулына келіп, әйелдерге сауат ашу ісін ұйымдастырады. Хат танымайтын әйелдерді жинап алып жергілікті мұғалімдерге оқытуды тапсырады. Оның бұл жаңалығын құп көрмеген қайсыбір жеңгелері:

– Қайным-ау, бізді әурелеп қайтесің. Сол оқуыңнан бізге келетін пайда бар ма? – деп кері тартады.

– Пайда, зиянын ертең-ақ көресіңдер, келіндер, – деп көп әйелді мектепке күштеп апарады. Бірінші күні оларға біраз әріп үйреткен болады. Кетерінде кешегі кергіген әйелдердің қолына бір-бір жапырақ жазуы бар қағазды ұстатады.

– Осы қағазды бара салып күйеулеріңе беріңдер, – дейді. Толыбай берген қағазды алып әйелдер жөніне кетеді. Кешке жақын күйеулері келгенде әлгі қағазды береді. Қағазды оқи салып, жігіттердің түсі бұзылып сала береді. Әй-шәй жоқ, әйелдерін қамшының астына алып сабай бастайды. Ештеңенің мәнісіне түсінбеген әйелдер қашып, көрші үйлерге тығылады. Осылайша бүкіл ауыл шулыған болып астан-кестені шығады.

Сөйтсе, қағазға мынадай сөздер жазылған екен. «Келіншегің сенің көзіңе шөп салып жүрген көрінеді. Бәленше деген жігітпен көңідес екен. Мен сондай сыбыс естідім...» делінген. Бұл істің нәтижесін көрген Толыбай сол үйлерге енді өзі келеді. Күйеулеріне басу айтып, оқудың пайдасына әйелдердің көзін жеткізеді. Егер әйелдер хат таныса, әлгіндей пәле жазылған қағазды өз қолдарымен әкеліп, еркектеріне бермес еді. Осылайша табан астында оқудың пайда-зиянын жеңгелеріне түсіндіреді.

\* \* \*

Аласапыран заманның әуре-сарсаңымен арпалыса жүріп, Толымбек әбден кеш үйленеді. Отыздан асқан шағында Әлімжан деген кісінің Ұлтуған атты қызын айттырып, қалың беріп алады. Бұл екі арада ортаншы ағасы – Момбек іш сүзегінен қайтыс болып, жеңгесі Нағиман екі баласын алып төркініне кетіп қалады. Жығылған үстіне жұдырық болғандай ағасынан өлідей, екі бауырынан тірідей айырылу Толымбекке оңай соққы болмаған. Әсіресе, Төлеш ана қатты күйініп, бүк түсіп жатып қалған. Аузын ашып өпкені, көзін ашып көргені алғашқы немересі – Анарбек пен Кеуерханды алып кеткенде ананың жүрегі суырылып солармен бірге кеткендей болған. Амал қанша, тағдырдың жазғанына көнбек керек. Уақыт шіркін емші ғой. Күн өткен сайын сары уайым санадан алыстап көмескі тарта бастайды. Өмір ағысы өз арнасына түсіп, қалыпты ырғақпен тынымсыз алға жылжи береді. Қашан да қуаныш пен реніштің қатар жүретіні бар. Ызғарлы қыстың артынан жадырап жаз шыққаны секілді, бұл әулеттің де шаттыққа бөленген шуақтары болған. Толымбектің келіншегі Ұлтуған ауыраяқ болып, ай-күніне жетіп отыр. Осы бір қуанышты сәтті көремін бе деп жүргенде Толымбек күтпеген жерде әскер қатарына алынды. Әр түтіннен әскерге адам бересің немесе жарамды ат бересің деп жарлық түскен. Осы жарлықты жүзеге асырушы үкіметтің өкілі Қарабек иза Толымбекке келіп:

– Құла атты бересің! – деп әлек салған. Жанына балаған жануарын қимаған ол: – Құла атты бере алмаймын. Бір аттың орнына екі ат берейін, – деген.

– Сөзді қой, құла аттан басқа аттың бізге керегі жоқ, – дейді Қарабек қасарысып. Бастықтың көнетін түрі көрінбейді. Қадалған жерінен қан алатын шолақ белсенді қатуланып алған.

– Олай болса, ұлыққа шағым түсіремін. Біздің қалаған атымызды бермеді. Үкіметке қарсы шықты деп мәлімдеймін, – деген.

Бұл пендешілікті қойсайшы, Қарабек бұрыннан таныс, бір ауылда бірге өскен жігіт. Өткен жазда бір көкпарда Толымбек екеуі тақымдасып қалған. Мұндай да астындағы аттың мықтығылы жігітке көп септігін тигізеді. Құла аттың күшіне сенген Толымбек Қарабекті ат-матымен сүйреп сүріндіріп кеткен. Қалың жұрттың алдында қас масқара болған Қарабек қара жердей болып қатты қорланған. Содан бері «бәлем, сені ме», деп кектеніп жүретін. Көптен бері көкейінде жүретін сол бір өшпенділік оты міне бүгін маздап жанған. Есе қайтарудың реті келіп-ақ тұр. Қалай да оған құла атты алып, Толымбекті мұқатып кету керек. Мындай қысастық жасап тұрған басшыға Толымбектің ашуы келді. Қаны басына шауып, қатты қапа болған ол:

– Ей, Қарабек, өліп кетсең де құла атқа сенің тақымың тимейді. Құла атты бергенше сол әскеріңе мен өзім барамын. Жаз тізіміңе, Толымбек өз атымен әскерге барады, – деді зілденіп. Осылайша құла ат үшін өзі тіленіп әскерге барған.

1945 жылы Кеңестер Одағы неміс фашистерін жеңген соң қытай коммунистеріне қол ұшын беріп, Шиньжанды Гоминдан үкіметінің шеңгелінен азат етуге жәрдемдескен. Көптеген әскери басшыларды жіберіп ұлттық аймақтардан атты әскер полкын құрған. Бұған белгілі Кеңес армиясының қолбасшылары – Ноғайбаев, Мәуленов, тағы көптеген генералдар басшылық еткен-ді.

Шығыс Түркістанға Кеңестер Одағының орасан зор ықпалы болды. Ұлттық аймақтарда оқу-ағарту жұмысын жолға қойды. Мектептерге қажетті оқу-құралдарын Алматы баспалары жеткізіп отырды. Араб әрпімен басылған оқулықтармен қатар «Абай жолы», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Миллионер» романдары біз ең алғаш сол араб әрпіндегі нұсқасынан оқып танысқанымыз бар.

Мектеп программасы түгелдей қазақстандық жүйемен жүргізілді десе де болады. Одағының азаматы деген төлқұжат таратты. Қайсыбір жандар шекарадан өтерде шулатып кеткені үшін «әлдеқандай заман болады?» деп қауіптеніп, төлқұжатты алудан бас тартқандары да болады.

Толымбек әскерге кеткенде келіншегі Ұлтуған ауыраяқ еді. Айкүніне жетіп отырған. 1945 жылы 18 тамыз күні аман-есен босанып, өмірге ұл бала келді. Шыр еткен нәрестеге зар болып жүрген Төлеш

ананың сол күнгі қуанышын атамаңыз. Әскердегі Толымбекке ат шаптырып сүйінші сұратқан. Күншілік жерде әскери ойын ойнап, машықтанып жатқан оған қос атпен хабаршы кетіпті. Ағайын-туыс, ауыл-аймақ жиналып, ұлан-асыр той болып жатқанының үстіне Толымбек те келеді. Сарыла қылыш асынып, айқыш-ұйқыш белдік буынған әскери жігіт болыпты. Ол жалғыз келмепті, құрдасы – Сағындық деген суан жігітін ерте келіпті. Құрбысы әрі әнші, әрі күйші сері жігіт еді. Жолдасын жауда қалдырмайтын ержүрек, батыл да қайырымды болатын. Әскерге барған күннің ертесінде екеуі танысып, достасып кеткен. Жақсыда жаттық болмайды, деген. Сағындықтың ақжарқын, ашық мінезді, адамды жатырқамайтын іш тартып тұратын биязы қылығы Толымбекке қатты ұнаған. Өзі де келбетті, жүзінен нұры төгіліп тұратын сылқым жігіт еді. Сол күннен тартып екеуі төс қағыстырып дос болған. Міне, бүгін екі дос үлкен қуаныштың үстінен шығып отыр.

– Нәрестенің атын қоюға асықпаңдар, әкесі келсін. Ақылдасып қоямыз, – деп Төлеш ат қоюды сәл кешеуілдеткен. Балаға ат қою сөз болғанда Сағындық бірден іліп әкетті.

– Апа, қарсы болмасаңыз менің атымды қоялық. Мен де бір елдің азаматымын. Үлкен атаның баласымын, – деген. Отырған жұрт бірауыздан мақұл көріп, құп алған. Төлеш те бұл ұсынысқа пейіл болды.

– Мақұл, қарағым. Сенің-ақ айтқаның болсын. Толымбек екеуінің ниетінді құдай қосқан шығар. Онда мына нәрестенің құлағына азан шақырып: «Сағындық» деп атын қой деді. Сағындық отырған орнынан ұшып тұрып, құндақтаулы нәрестені алақанына алып азан шақырды.

– Сенің атың Сағындық, Сағындық! – деп үш рет дауыстады да баланы бесікке салды. Үш күн бойы думандатқан олар тағы да бірер күн еру болды да қазармаға қайтып кетті.

\* \* \*

Бұл кезде Қытайдың коммунистік партиясы үстемдік алып, үлкен күшке айналған. Оның халық азаттық армиясы ішкі өлкелерді түгелге жуық гоминдан үкіметінен тазартып, батысқа қарай жылжып келе жатқан. Ішкерідегі гоминдан билігі құрдымға кеткен соң, Шығыс Түркістанды шеңгеліне ұстап тұрған Шың Шы Сай үкіметіне де тықыр таянған. Бүкіл Қытайды билеп тұрған Жан Гай

Ши тақтан тайды. Ол қашып барып Тайванды паналауға мәжбүр болды. Ескі үкіметтің үстемдігі құлап, арқа сүйер тірегі қалмай абдырап Шың Шы Сай үкіметін Шығыс Түркістанның ұлт-азаттық қозғалысының қарулы күштері быт-шытын шығарып, күлін көкке ұшыраған. Үрімжі мен Шиху қалаларында қытайлардың өлексесі тау-тау болып үйіліп қалды деседі көзімен көргендер. Жеңіліс тапқан үкімет басшылары жан сауғалап, жан-жаққа қашып жатты. Қашқар мен Хотан қалаларына, одан әрі Иран мен Пәкістанға бет түзегендері бар. Дәл осы тұста халық жасақшыларынан құралған ерікті әскерлер шекаралар мен тау асуларын бағып, оларға тосқауыл қойған. Шатыдағы баяғы Толымбекті дүрелеген Мудүйшың бір түнде жиналып, Тянь-Шанның мұзды асуы арқылы Қашқарға кетпек болды. Елбасына қанды қамшы ойнатқан жауыздың басына күн туып, жанын қоярға жер таппай қатты сасады. Неше жыл халықтың қанын сүліктей сорып, жинаған алтын-күміс асыл бұйымдарын бірнеше атқа артып асуға бет алады. Атқосшылармен жиыны жиырма шақты адам таң қылаң бере тау шатқалына кірген. Асудан түнде жол тауып жүру әсте мүмкін емес. Қытай бүлінгеннің ертеңінде-ақ мұзды асуды қарауылдап тәулік бойы күзет қойылған. Қарға, Төрге деген ағайынды екі мұңғұл сол күні кезекші еді. Биік таудың екінші қарсысында бекініп алған. Бұлар асудың ең қиын қылтасына жақын орналасқан-ды. Құзар таудың жалаң қия, жар астын кенерлеп жүретін жалғыз аяқ шуама жол осы жерден өтеді. Қашқан жауды бір-бірлеп санап тұрып атуға болатын оңтайлы тұста осы болатын. Екеуі жартастардың тасасына тығылып, бесатарын оқтап қойып дайын отыр. Көптен бері жол тосқан жасақшылардың қарауылына іліккен ең ірі топ осы Мудүйшыңның тобы болар. Өйткені бір аймақтың бар байлығын алып бара жатыр. Олардың да есебі мықты екен. Таң жаңадан атып, жерге жарық түсе бергенде мұзды асуға да таянып қалған. Керуеннің ең алдымен атқосшылар. Жүк артқан аттарды жетегіне алып екі-үш кісі келе жатыр. Дәл ортада Мудүйшың ақбоз атқа мініп, қаннен-қаперсіз келеді. Қысаң жолдың тарлығы соншалық, аяқ тіреп артқа бұрылатын жері жоқ. Не де болса алға басу керек. Жүргіншілер дәл өкпе тұсқа келе бергенде Төрге інісіне әмір қылды.

— Сен алдыңғыны ат. Мен Мудүйшыңды атамын, — деді.

— Мақұл, — деп Қарға да мылтықтың құлағын қайырған. Кенет екі карабин құзар тауды құлатардай жаңғыртып, гүрс-гүрс

етті. Алдыңғы адаммен Мудүйшың мұрттай ұшты. Арты-артынан атылған мылтық даусынан аспан опырылып жерге құлағандай тау ішінің астан-кестені шықты. Шошынған аттар кісінеп, аспанға қарғиды. Қарауылға ілікпеген қайсыбір жау жандармен аттан қарғып түсіп тас арасына жасырынып үлгерді. Ағайынды екеуі де мерген жігіттер екен. Дұшпанды ойсыратып-ақ жіберді. Жиырма шақты адамнан тірі қалса, үш-төртеуі ғана шығар. Қалғанын түгел жайратып салды. Опат болғандар сұлап түсіп, аттардың аяғында қимылсыз жатты. Жау қолында да қару барын білетін бұлар сол маңнан көз алмай қарауылдаумен болды. Мылтық даусынан үріккен бір-екі ат тастан ұшып, құзға құлап кетті. Қалғандары сол орында тапжылмастан қыбырсыз тұр. Бұл ажалдан аман қалған әлгі үш-төрт жендет тасқа тығылып, күннің батуын күтумен жатыр. Қараңғы түссе, жылыстап қашуға дайын. Қарға мен Төрге де жартастарды паналап қарсы беттен көз алмайды. Ашық көрінсе әлгі жаулар бұларды да ажал құштыруы мүмкін. Сол үшін де андысқан екі жақ еш қимылсыз күннің батуын күткен.

Тамыз айының орта шені. Жылдай ұзақ жаздың күні батар емес. Бірін-бірі андыған екі жақ тас арасын паналап, бір күнді әзер ұзатып салды. Күн батып, ымырт үйірілгенде ғана бұлар еркін тыныстап қыбырлай бастады. Аман қалған Ғопыр деген ұйғыр жігіті мен Әшімхан деген қазақ және үш адам бар. Олар естерін жинап, ақылдаса бастады.

– Біз қалай да Қашқарға жетіп, одан әрі Иранға өтуіміз керек, – деді Ғопыр тәуекелге бел байлап. Қазақ жігіттері тайсақтап, бұл шешімнен бас тартты.

– Біз ол жаққа бара алмаймыз, – деді Әшімхан күмілжіп.

Көп бөгелуге уақыт тығыз. Бұл жерден тез тайып тұру керек. Ғопыр мен тағы бір ұйғыр Қашқарға асатын болды да, қалғандары Құлжаға түсіп кетпек болды. Аман қалған аттармен олжаны өзара бөлісіп болып, өз бағыттарына жол түзеді.

Ғопыр кетерінде өліп жатқан Мудүйшыңның қойын-қонышын ақтарып, асықтан үлкен бір затты орауын жазбай қалтасына сүңгітіп жіберген.

Төрге мен Қарға да тас арасында тынығып ұйықтап кеткен. Таң атқанда қараса кешегі атыс болған жерде өліп жатқан оншақты адамның мәйітінен басқа ештеңе қалмапты. Аман қалған аттар мен жүкті алып, қалғандары түн жамылып тайып тұрған. Құздан

құлаған екі аттың үстіндегі жүгі шашылып, сай табанына дейін келіпті. Тең-тең асыл маталар бұрқырап жайнап жатыр. Ағайынды екеуі бұл олжадан жараулы дегендерін алып кері қайтқан. Мың асқанға бір тосқан деген осы. Бір кездері халықтың басына қанды қамшы ойнатып, Үрімжі түрмелерін қан сасытқан Шың Шы Сай мен оның жер-жердегі қолшоқпарларына зауал жетіп, Мудүйшын сияқтылар құзар таудың басында көмусіз қалды.

\* \* \*

Осы төңкерістен соң 1946 жылы Шығыс Түркістан республикасы өз алдына азат ел болғанын жәрия етті. Үкімет басына Ахметжан Хасыми, Дәлелхан Сүгірбаев және Ысқақбек генерал-сынды қоғам қайраткерілері келіп орнықты.

Ел іші тынышталып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай заман болды. «Шығыс Түркістан» деген газет шығып, халықтың тыныс-тіршілігін сөз ете бастады. Өз алдына ақша шығарып айналымға ендірді. Осы үкіметті орнатуға септігін тигізген халықтың ерікті сарбаздары өз міндеттерін абыроймен атқарып, үйлеріне қайтты. Екі жылдан астам генерал Ыдырыс Ноғайбаевтың атты әскер полкында қызмет көрсеткен Толымбек те 1947 жылы жазда аман-есен отбасына оралды. Толымбектің әскерден келуі туыс-туғандары үшін үлкен қуаныш болғаны анық. Алай да ол мініп келген құла аттың ағайын-туысты аралап, әр үйге бас сұғуы ғажап оқиға еді. Жол жүріп келген атты түн жарымға дейін таза суытып, ағасы Абдрахман ерін алып, жүгенін сыпырып «Бар жануар, өз мекеніңе келдің, бара ғой» деп сауырынан сипап бос жібереді.

Қан жайлаудың уақыты. Шыжандай ел Ақсу мен Қарасу өзендерін жағалай келіп қоныс тепкен. Ақшаңқан киіз үйлер қаздың жұмырқасындай шоқ-шоқ болып алқа-қотан тігілген. Әр атаның балалары өздерінше бір-бір ауыл болып отыратын. Ертеңінде күн шығып, ай жайылған кезде құла ат өрістен келіп, қозыкөш жерде отырған Мұсаның аулына барады. Үлкен үйді айнытпай тауып, есіктен басын сұғады.

— Құдайым-ау, мынау Толымбектің құла аты ғой, — деп таңырқайды танығандар.



– Ой, ол әскерден келіп қалған екен ғой, – деп елендейді қайсы біреулер.

Бауырлық сезім қандай қиын десеңізші, Толымбектің әкпесі Зеріп отырған орнынан ұшып тұрып, құла атқа қарай ұмтылды. Екі жылдан бері сағынып жүрген бауырының аман-есен келгенінің хабарын әкеліп тұрған мына атқа не айтарын білмей елпелектеп:

– Жануарым-ай, ер қанаты тұлпарым-ай! – деп көзіне жас алып, аттың мойнынан құшақтап, көзінен сүйді.

– Тілі жоқ демесең мына жануар адамнан есті ғой! – деп отырған жұрт таң-тамаша болады.

– Зеріп әкпе құла аттың қант жейтінін білетін. Толымбек бала құсатып оған арнап, қалтасына қант салып жүрер еді. Осы жәй есіне түскен Зеріп атқа бір шақпақ қант пен бір үзім нан берді. Әкпейдің алақанын жалап тұрып құла ат нан мен қантты жеді де жәйына кетті. Ол енді екінші ауылға бет алған. Толымбектің туған жиені әрі бажасы Жұмақанның үйіне барып, тұрулі тұрған есіктен қарайды. Ертеңгісін қымыз ішуге келіп отырған ауыл адамдары құла атты көріп шұрқырасып қалады.

– Ой, мынау Толымбектің құла атының дәл өзі.

– Айналайынай-ә, келіп қалған екен ғой! Осынша қалың үйлердің ішінен өз туысын айнытпай танып амандасуға келіп тұрғанын қарасайшы! – деп отырғандар қайран қалысады.

Жұмақан да құла аттың басын құшақтап, жалынан сипады. Аттың сыры бұларға да мәлім-тұғын. Ол да бір үзім нан мен бір шақпақ қантты ұсынады. Сыбағасын жеп болып құла ат өріске қарай маңып жүре береді. «Мына жануардың қылығын-ай-ә!» – деп тәмам жұрт тандай қағып артынан қарап қалады.

Толымбектің келген хабарын құла ат арқылы білген жақын-жамағайын, ағайын-туыстары Төлеш әже отырған үлкен үйге қарай ағылды. Әкпесі Зеріп еміреніп келіп, бауырын құшақтап маңдайынан сүйіп тұрып:

– Аман-есен үйіріңе қосылдың ба шырағым. Екі жыл бойы тілеуінді тілеп, сұрауыды сұрап отырдық. Құдайдың мені аман-есен көрсеткеніне тәуба! – деп сағынышын баса алмай, тебіреніп тұр.

Толымбектің әскерден келуі үлкен мереке болды. Мал сойылып, қызық-думан тамаша болып жатты. Қымызға қызынып алған жігіттер:

– Бұл да той, көкпар аламыз, – деп бата істеп жіберген.

– Ағайымыз екі жылдан бері көкпарды сағынып қалған шығар. Көкпарды нағашым үшін мен беремін, – деп Ақан өріске кісі шаптырған. Әлекендей жаланған торы төбел атпен ызғытып барып Ынтыбай отардың ішінен таңдап, нән қара серкені салақтатып өңгеріп келді. Жігіттер дереу серкенің басын кесіп, денесін суға салды да Ошырға өңгертті. Салт бойынша көкпарды бірінші мәрте той қылған үйге апарып тастайтын әдеті. Көкпар десе ішкен асын жерге қоятын Ошыр астындағы көк бедеумен құйындатып келіп Төлештің үлкен үйінің алдына лақтырып тастады. Тамашаға келіп жатқан қатын-қалаштар серкені сүйреп үйге кіргізіп алды.

– Ырым беріндер, әйтпесе көкпарды бермейміз, – деп жеңгелері сыпсың қағады. Қызды ауылға қырындап жүрген бойдақ жігіттер жеңгелеріне көрініп қалмақ болып, қалталарына қол салған. Бірінен бір жомарттық танытып, шытырлаған су жаңа Түркістан теңгесін ұсынып жатыр. Атын тебініп есіктің көзіне қарай кимелеп келген Нұрқожа:

– Женеше, міне, ырымың, – деп Нұршайымның қолына теңгені ұстатып жіберді. Бұл сыйға риза болған келіншек босағадағы серкені сүйреп шығып:

– Мә, қайным, – деп оның тақымына басып жіберді. Ұйлығып тұрған жігіттер оны жіберсін бе, сол арада-ақ додаға түсіп тақымдасып қалды. Енді кімнің аты күшті, әрі жігіт оған сай болса көкпар соныкі. Тақымдасуға келгенде Ошырға ешкім тең келе бермейтін. Ол мінген көк бедеу де жігітке сай еді. Жануардың айлакерлігі соншалық серкеге жете алмай ұйлығып тұрған қалың нөпірді жарып көкпарға жетіп баратын. Бейне мұз жарғыш кемедей қалың топты қақ айыратын. Міне, қазір де ол әш-пүш дегенше қара серкеге жетіп барды. Жеткен бойда Ошыр тобылғы сапты қырғыз өрме қамшысын екі бүктеп, алақанынан аузына тістеді де, тартысып жатқан екі жігітке қосарланып барып серкенің бұшпағынан ұстады. Оның қолының тигені сол еді, көкпар тақымына келді. Ошырдың қол қайраты сұмдық еді. Ол ұстаған жерді үзіп алмасаң, былайынша алынбайтын. Осы кезде әлдекімдер оған дем бергендей айқайлап, көк бедеудің сауырынан қамшымен тартып-тартып жіберген. Сол-ақ екен жануар ытырлып алға шықты. Көкпар Ошырдың тақымында кетті. Топтан сытылып шыға бере серкені алдына өңгеріп құйғытып келеді. Додаға түспей, сырттай бақылап жүрген Ақан кері бестімен ызғытып келіп: – Ошыр-жан, әкелші

маған! — деді. Ақан оған туыстық жағынан жақын әрі өз ағасы-тұғын.

— Алыңыз, — деп Ошыр оған өңгерте берді. Көкпардың қолына тигені сол еді Ақан атына қамшы басты. Жануар керібесті өте ұшқыр еді. Сақпанның тасындай зымырап топтан ұзап шығып кетті. Осы бойда Ақан көкпарды өзінің аулына әкеліп Зеріп отырған Мұсаның үлкен үйіне тастады.

Түс ауғанша тартысып құмардан шыққан жұрт енді пәтуаласып, бұдан былай көкпарды «қырғызша» тартпақ болды. Бұл ойынның түрі былай еді. Жиналған қауым екі топқа бөлінеді. Көкпарды екі шақырымдай жерге апарып, даяшы жігіттер қойып келеді. Оған әр топтан екі жігіттен төрт адам шығады. Олардың екеуі көкпарға барады да, қалған екеуі топқа таяу жерде тұрып, аналардың алдын тосады. Өз топтарына көкпарды тастатпауға тырысады. Футбол тілімен айтқанда олар қақпашы іспетті. Қай топтан шыққан жігіттер мықты болса, көкпарды алып қашып келіп, қарсы жаққа тастайды. Бұл олардың бірде нөл болып ұтылғанын көрсетеді. Көкпардың осы түрін біздің елде «Қарғызша» деп атайды. Осылайша албандар — Айт, Бозым және Алжан, Сегізсары болып үлкен рулық екі топқа бөлініп, екі төбенің басына барып жайғасып отырды. Бозым жақтан екі жігіт шықты. Білектерін сыбанып, әлекендей жаланып тұр. Астына мінген аттары да тықыршып, тік аспанға шапшиды. Алжан-Сегізсарының нәмінен Толымбек пен Әлкен шыққанды. Толымбектің астында құла ат. Басын жерге салып лөк-лөк желіп барады. Мына қалпында ол көкпар алып қашатын атқа мүлде ұқсамайды. Қойға мінетін топай-торы секілді.

Төрт жігіт жұптасып біраз жерге барды да, екеуі бергі жақта қалып қойды. Толымбек пен Бозымның жігіті түпке кетті. Сол екеуі көкпарды қойған жерден іліп алып тартысады да, қай мықтысы алып қашады. Ол екеуі аяндап көкпарға жәйбарақат жетті. Ана жігіттің аты жерде жатқан серкеден үркіп маңайламай қойды. Осқырынып, тіпті жақындамады. Толымбек барған бойда еңкейіп, көкпарды іліп алмақ болы. Иесінің қалпын түйген құла ат тізесін бүгіп, жерге жақындай берді. Оның қолы ілікті-ау деген кезде ат атырылды дерсің. Аттың екпінінің қаттылығы соншалық, ана жігіт орнында тұрып қалды да, әлден уақытта есін жиып, Толымбекті қуа жөнелді. Бұл кезде ол әдәуір ұзап кеткен. Жол тосқан екі жігіт оған қарай қарсы шапты. Бозымның жігітін Әлкен қақпалап,

Толымбекке жақындатпауға тырысады. Анау да өзеуреп қалай да ұстап қалуға бар күшін салған. Таяп қалған қарсыласын көргенде құла ат жалт етіп, қоянша бұлтарды да шендетпей кетті. Осы бойда ешқайсысына шалдырмаған күйі зулап келіп Толымбек топ алдына серкені лақтырып тастады. Мынадай жеңіске масаттанған Алжан-Сергі сарының бүкіл жұрты айқайлап өре түрегеліп кетті.

– Ой, жарайсың Толымбек!

– Жігіт-ақ екенсің!

– Атыңа болайын, жануар құла атқа ат жеткен бе?! – десіп гу-гу етеді.

Талай көкпарда құла атты қолқалап, ағайын-туыстардан оны сұрап мінетіндер болатын. Олардың көңілін жықпастан бір реткі аттың терін Толымбек те аямаушы еді. Бір жолғы тамашада Нұрғожа деген жігіттің қоярда-қоймай жүріп, сұрап мінгені бар. Дәл бүгінгідей қырғызша көкпарда ол да түпке барған. Барған бойда Нұрғожа іліп алмақ болып еңкейіп еді, ат оған жағдай жасап алдыңғы аяғын бүгіп жерге жақындай түскен. Үстіндегі жігіттің қолы лаққа тиді-ау деген шақта құла ат ытырылып еді, оның екпініне төтеп бере алмай Нұрғожа лақпен бірге домалап аттан ауып түсіп қалған. Жігіттің құлап қалғанын сезген ат сонадай жерге барып қалт тұрып қалды. Жануар адамнан есті мал-тұғын. Үстіндегі кісінің пиғылын жазбай танып, оның ыңғайына қарай қозғалатын. Тақымын қысып қалса болды, жайтандап аруақтанып шыға келетін.

Толымбектің құла атпен талай қашаған қуған кездері болған. Ауылды жанап өтетін қашқар жолмен ұйғырлардың сауда керуені ағылып жатар еді. Күндердің бірінде бір бай саудагер Толымбекке келіп қазақтардан көп пұл беріп сатып алған атынан айырылып қалғанын айтады. Әлгі ат ұшықтан шыққан қашаған екен. Адам көрсе болды, аң болып лаға қашады. Толымбекте жүйрік ат бар дегенді естіп келген ол:

– Адаш, мушы атны ұстап барсаң қалағаныңны бәрей деп өтініш айтады.

– Мақұл, – деп Толымбек қолына шалма арқанын алып атқа мінеді. Ауылдың бет алдында «күдір» деп аталатын сиыр таңлайланған майда қырқалар болушы еді. Әлгі ат сол қырқаларда жүрген көрінеді. Бұлар маңайлап барып шолып еді, көз көрім жерде жайылып тұрғанын байқады. Толымбек қашаған атқа туралап

бармай, сай-сайды қуалап қиыс жүріп жақындай түсті. Бір белдің үстіне шыға келгенде әлгі ат оны көріп оскырынып, құйрығын тікті де қаша жөнелді. Толымбек құла атқа қамшы басып, «шу» деді. Оқ бойы кеткен атқа жұлдыздай ағып жетіп барғанда әлгі қашағандір-дір етіп қалта қарап тұра қалды. Құла аттың мысы басып кеткен болу керек, құтқармасын білген соң өзі-ақ тұрып берген. Толымбек атынан түсіп, қолындағы арқанның ұшымен ноқталап, жетектеп әкеліп ұйғырдың қолына ұстатты.

– Ойүкәм, мушы гүйнү ұстап бәгәнің үшін сині қапа қылмасман, – деп ұйғр саудагер жік-жапар болып жатыр.

Ойлап тұрса Толымбек пен құла аттың басынан кешкен оқиғалары өз алдына бір дастан. Сонау бір заманда албандар үріккен зобалаң жылдарда шекарадан өткен босқын елді қалмақтардың жаудай тонағанын, қалмақ нояндары мен жергілікті әкімдерден көрген зорлық-зомбылықты олар ешқашан естен шығара қойған жоқ-ты. Реті келген жерде есе қайтарып, кеткен кегін алуға әр кез дайынтұғын. Толымбек осы істердің бел ортасында жүргені анық. Есебін тауып, қалмақтардың жылқысын үйірімен айдап әкеліп шекарадан өткізіп тастаған күндері де болған албандардың. Осындай қатерлі жолда жүргенде құла ат Толымбектің жан серігі әрі сенімді досындай болған еді. Құла ат тақымында тұрғанда ол жау қолына түсіп қалам деп ойламайтын. Алты аяқты болмаса, төрт аяқты жылқыға қарасын да көрсетпей кететін. Түн қатып жүрген жортуыл кезде қауіпті аймаққа келгенде жануар құла ат аяғын мысықша басып, қос құлағын тігіп тың тындар еді. Әлдеқандай бөтен дыбыс сезсе, бір орнында тапжылмай тұрып алатын. Түнгі сарын тым алыстан естілетіні бар. Сол сарын өтіп кеткенше елендеп жан-жағына құлақ түретін. Қауып бұлты сейілген соң ғана жәйбарақат жүре береді.

Осындай бір қиын сапарда, екі-үш күн бойы бел шешпестен түн қатып, түсі қашып келе жатқан Толымбек әбден қалжыраған. Кірпігі кілегейленіп, көзіне ұйқы тығыла берді. Әбден шаршаған ол бір сәт мызғып алмақ болып, айдалаға жата кеткен. Жаз айының мақпал түні, тоқымын төсеп, ер жастанып ұйқыға басты. Құла атты бос сыпырып жіберген. Мұндайда құла ат иесі жатқан орнынан ұзамай, арқан бойы жерде төңіректен жайлып тұратын. Жата салып Толымбек қатты ұйқыға берілген. Бір кезде дәл құлағының түбіне дүрсілдеген әлдеқандай оқыс дыбыстан оянып кетті. Көзін ашып еді, қап-қара бір түнектің астында жатқанын сезді. «Апыр-

ау, мен далада жатқан сияқты едім ғой, мынау не нәрсе?!» деп көзін уқалап есін тез жиып алды. Сөйтсе құла ат жігіттің кеудесіне төне түсіп, алдыңғы екі аяғымен жер тарпып, тұмсығымен оның омырауын түрткілеп оятып тұр екен. Толымбек есіне келіп, дереу атып тұрып жан-жағына зер салған. Ат та артына бұрылып, әлде бір жаққа қарап құлағын тігіп оқырынып ішін тартады. Оның бір қауіпті сезгені анық. Тастай қараңғы түнде Толымбек сәп салып ат қараған жаққа барып еді, анадай жерде бір түп шидің түбіне дуадақ жұмыртқа салған көрінеді. Ат жақындап барса қанатымен далбаңдап үркітіп тұрған сол екен. Мына іске қайран қалған Толымбек атына риза болып «әй, жануарым-ай, жан серігім-ай!» деп іштей елжіреп, оның мойнынан құшақтап шоқтығын сипады.

Талай-талай қиын-қыстау жерлерде құла ат Толымбекті аман есен алып шығатын. Қашса құтылатын, қуса жететін. Бүкіл жастық өмірінде өзіне сенімді серік болған аяулы жануар бұл күнде әбден қартайған. Азу тісі қайрақтай боп мүлде жойылып кеткен. Шөп шайнаудан қалып барады. Аттың жаңағыдай ерекше қасиеттері мен жүйріктігіне қызығып, мәпелеп баққанның арқасында Толымбек оны жирыма алты жасқа келгенше мінді. Әдетте жылқы малы он-он сегіз жаста кәрілікке бой алдырады. Ал жиырма алтыға дейін мініс беру дегеніңіз, оның сүйегінің асылдығы әрі ерекше жаратылысында болса керек. Қанша қимаса да, амал қанша, құла атты бір кәдеге жаратуға тура келді. Өткен жазда Толымбектің бірге туған ағасы – Абдрахман дүние салған. Сол кісінің жылдығына арнап құла атты жайлауға жіберді. Әбден семіріп, ағасының асына соймақ. Айтулы күн де жетті. Ел қыстауға көшіп келген күздің күні болатын. Нәзірге дайындық жұмысы жүріп жатты. Құла атты ұстап әкеліп мамаағашқа байлап қойды. Кәрі жылқының еті піскенде қатты болмас үшін сояр алдында бусандырып, терлетіп әкеліп соятын тәсіл бар-тұғын. Осы жайды ойлаған үлкендер құла атты ерттеп Абдрахманның үлкен баласы – Тұрлыға міндіріп жіберді.

– Ауылдың сыртына шығып, біраз жерге дейін желіп барып терлетіп кел, – деп тапсырған. Он алты жасқа келіп қалған балаң жігіт атты мініп шоқыртып кетті. Ауыл сыртына шыға бере ол сонау жоғарғы махалланың сыртында көкпар тартып жүрген жұртты көрді. Тұрлыға атты қалай да терлету керек. Құйындатып солай қарай шауып кетті. Бұл жеткенде төменгі махалланың жігіттері көкпарды өз ауылдарына қарай алып шыққан екен. Тұрлы құла атпен құйындатып лақ өңгерген жігітке жетіп келген.

– Ағай, маған берші, құла атпен бір алып қашайын! – деп өтінді.

Құла атты таныған Әметқан балаға өңгерте берді. Көкпар қолына тигенде құла ат жұлдыздай ақты. Лақты алған бойда жалғыз қара болып, зулап келіп үйінің қақпасына қойылған үш қашадан іркілмей ішке қарғып түскен. Арт жақтағы қуғыншылар қақпаға келіп амалсыз тұрып қалды. Ат секірген үш қашаның биіктігі кісінің кеудесінен келеді. Сондай биіктен ілінбей қоянша орғып ішке түскен атты көріп жұрт таңырқай таңдай қаққан.

Бұл елдің қағазға жазылмаған заңы бойынша, асқа арнап сойылатын малға құран бағышталған соң, үй иелері сол аруақты жоқтап соңғы рет дауыс шығарады. Әйелдер жағы дайын отыр екен. Абдрахманның әйелі – Алуа, қарындасы – Зеріп бастап жоқтау айта бастады. Бұл кезде жігіттер жағы құла аттың аяғын буып жығып жатқан. Мынадай көрініске Толымбек төзе алмады. Көзінен алты тарам жас парлап, қораның артын айналып кетті. Ол бауырын жоқтап жылады ма, жоқ әлде жан серігі болған құла атқа жылады ма, белгісіз, екі бүйірін таянып бордай егіліп отыр. Екі бірдей күйіктен өзегі өртеніп, өзін-өзі ұстай алмайды. Тек қара көзіне ерік берген, қыстыға өксіп жылайды. Бір кезде Ақан мен Жұмақан келіп оны қолтықтап тұрғызып алды.

– Нағашы, сізге не болған. Сіз бүйтіп босаңсысаңыз анау үйдегілер не болады, – деп Ақан басу айтқан. Толымбек құла атты сойып болғанша көрмеуге тырысты. Тек жиналған жұрттан:

– Құла аттың басына тиіспеңіздерші! – деп өтінді.

– Оны не істейсің?

– Ертең шалдарға шекесін бермейміз бе? – десіп жатты өзгелер. Бұған жауап қатпастан барып Толымбек қорадан екінші атты жетелеп шықты.

– Мына атты да сойындар. Осының шекесін тартамыз, – деді.

– Ой, көлдей ет, таудай шық болатын болды ғой, – деп қайсыбіреу жұтынып қойды.

Ағасының аруағы риза болсын деп Толымбек бұл жолы ештеңені аяп қалмады. Қазан да май, шөміш те май дегендей, асқа келген көп қауым қарық болып қалған. Жиын тарап, жұрт сейілген соң Толымбек екі метр ақ болатынайға құла аттың басын орады да, аулада өскен биік шынар ағаштың ұшар басына шығарып, бұтақтың ашасына мықтап бекітті. Жел шайқап құлатып кетпеу үшін қайыс арқанмен шандып байлап тастады.

Құла аттан айырылу Толымбекке өте ауыр соққы болған-ды. Ол бұрынғыдай жарқылдап күлмейді, ашылып сөйлемейді. Қабағы түсіп, үнсіз тұнжырайды да жүреді. Жүрсе-тұрса ойынан құла ат шықпайды. Кей күндері жануарды түсінде көреді. Жастық шаған, жігіттік бал-дәуренін бірге өткізген тұлпарының неқилы қылықтары есіне түсіп, жанын жегідей жеп, жігерін құм қылады. «Жануар тұлпар еді-ау! Ондай жылқы енді маған қайдан тап болсын...» деп өзінен-өзі пұшайман болады.

Келесі жылы көктемде биелер құлындай бастаған. Толымбек таң азанда жылқы жинауға барса «Қалмақторы» деп аталатын жалдас торы биенің құлындағанын көреді. Кішкентай көк қасқа құлын тілерсегі майысып, енесін еміп тұр екен. Әлгі құлын оның көзіне оттай басылған. Оған біртүрлі ықыласы түсіп, назары ауды. Жаздай оны желіге байламай енесін емізген. Құлын күнінен жілік майы толсын деп еркіне жіберген. Өзінің пайымдауынша, құлынның бітімінде жүйрікке тән белгілер байқалатын. Құнан шығар кезінде тұрқы қысқарып, дене мүшелері айшықтала бастаған. Белі қақпанбел, қабырғасы себегімен бірдей, кеудесі кең. Жүргенде екі артын алшандай басып, сылаң қағады. Басында қырым ет жоқ. Қос құлағы тас төбесіне біткен. Жалы майда, құйрығы төгіліп тұрады. Тайында тарта мін, құнанында құрта мін деген қағидаға сүйеніп, Толымбек оны құнан шығарында бірақ үйреткен. Ер салып мініп көрген. Текті жылқының жөні бөлек. Асаудан үйретілгендей емес, иесінің ымбауына көніп жүріп кетті. Құнанның бұл қылығына көңілі толған ол «Құдай қойса, бұл-дағы жаман бола қоймас» деп үміттенген. Көк қасқаны да қант беріп, нанға үйреткен. Тәттінің дәмін татқан ат адамға үйірсек болады. Иесінің қолын жалап, қант сұрайтын болып алды. Құнан бәйгеге қосып сынап көрген. Шығымды емес, денесі қызып тер шыққан соң үдейтіні байқалады. Бір-екі жарыста жер жақын болып, қолтығы ашыла қоймаған. Құнан күнінде жиырма бес-отыз шақырымда жалғыз қара болып сөреге талмай жеткен күні болған. Нағыз қазақы, қазан аттардың жүз шақырымға талмай шабатынын бұл елде екінің бірі біледі. Тер шығып денесі қызған соң, ауыздықпен алысқан тұлпардың нағыз өзі сол жылқылар еді.

Ер жігіттің тақымынан немесе есігінен деген бар. Көкқасқа ат та мисыз жүйрік болды. Талай-талай дуан бәйгеде алдына қара салмай, оқ бойы озып келіп жүрді. Бір жылы қыста жылқыға тиген арлан қасқырды таң азанда ізіне түсіп, бесін ауған кезде әбден титықтатып, болдыртып жүріп ұрып алғаны бар. Текес дариясының



жағасында қысты күні қар ерекше қалың түседі. Омбы қарды малтықтап жүре алмай қалған көкжалды ырғай сойылмен қара тұмсықтан ұрып, құлатқаны есінде.

«Ердің ерін екі ат қартайтады» деген сөз бар. 1929 жылы Толымбек Қытай жеріне құла атты мініп өтсе, 1962 жылы ата-жұртқа келерде көк қасқа атты коммунаға өткізіп кеткен-ді.

\* \* \*

Шығыс Түркістан республикасы азаттығын жариялағанынан бері үш жылдың жүзі болды. Осы уақыт ішінде жас мемлекеттің кәдімгідей өркен жайып гүлдену жолына түскендігін анық байқауға болатын еді. Ел ішінде бұрынғыдай дүрлігу жоқ. Бір сәт тыныштық орнап, бейқұт өмір басталған.

Амал қанша, бұл үкіметтің ғұмыры өте ұзақ болмады. 1949 жылы Мао Цзе Дун үкіметі жеңіске жетіп, Қытай Халық Республикасының құрылғандығын дүниежүзіне пәш етті. Осы орайда Қытайдың жаңа үкіметі Шығыс Түркістан көсемдерін Бейжінге шақырып, дипломатиялық келіссөз жасамақ болады. Олар мінген аэроплан жол ортсында тауға соғылып, бір елдің басшылары түгел мерт болады. Басшысынан айырылып, иесіз қалған қалың елді, ұлан-ғайыр жерімен қосып, үлкен империя өз қарамағына оп-оңай ала салады. Осылайша ежелгі Шығыс Түркістан мемлекеті тарих сахнасынан біржолата жойылады. Оның орнына Шинжаң өлкесі деген жаңа атау пайда болды (Шинжаң қытайша Жаңа жер деген мағынада).

Қытай коммунистері біртіндеп ұлттық аймақтарда өзінің саясатын жүргізе бастады. Аз санды ұлттардың ішінен жаңа үкіметке шын берілген шолақ белсенділерді тауып, олардың сауырынан сипап, билік басына қарай тарта бастады. Жер-жерде жаңа үкіметті насихаттайтын, үгітші-қосымдары құрылып жатты. Ондай адамдар арнайы дайындықтан өтіп, көпшілік арасына жіберіліп тұрды. Оған мүше болғандар Құдайға қолы жеткендей масаттанып, жағы талмастан жаңа үкіметті жырлаумен болды. Алайда халық ішінен шыққан ұлтын сүйетін, елім-жерім деген ержүрек азаматтар қытайларға бағынышты болғысы келмеді. Шығыс Түркістанды сақтап қалуға барынша әрекет жасап бақты.

Әр аймақта халықтық толқулар мен қарулы көтеріліске шыққандар болды. Алтайдағы Оспан батырдың көтерілісі солардың ең алдыңғы сабынан орын алды. Текес алқабында Ыдырыс Оспанов бастаған көтерісшілер «қытайға мұсылманның жерін таптат-

паймыз» деп ұрандап, қарулы қақтығыстар жасады. Мұндай бас көтерумен қарсылық көрсеткендерді Қытай үкіметі күшпен басып, жаншып отырды. Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас деген осы, қай кезде де аз халықтың үлкен жұрттан көретін теперіші осылай болған. Халықты бастап кеудесін оққа тосқан есіл ерлер ақыры ел үшін құрбан болды. Көтерілісті бастаған қайран азаматтар «банды» деген атқа қалып, халықтың алдында атылып кетті. Аз санды ұлттардың қарсылығына тап болған жаңа үкімет енді қаһарына мінді. Бас көтерер азаматтар мен байларды, болыс-билерді жаппай тұтқындай бастады. Байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін абақтыға жапты. Ел ішінде үрей туып халық көлеңкесінен қорқатын жағдайға жетті. Жер-жерде ашық сот болып, тұтқындалғандарды пытырлатып атып жатты.

1952 жылы біздің ауылда бірінші рет ашық сот болды. Қыр қазақтары мұндай сұмдықты бұрын-сонды көрген емес. Шекіртті, Ақсу, Қарасу, Қайынды Қарасу, Бас Қарасу деп аталатын маһалланың тұрғындарын тайлы-таяғына дейін сот болатын алаңға айдап шықты. Қалың нөпір халықтан жер қайысады. Көк киім киген қытай солдаттары мылтықтарын кезеп ұстап, халыққа қарсы қарап тұр. Қит етсе, қырып тастатйтын түрі бар. Былай да жаны шошып, үрейі ұшып тұрған жұрт үрпиісіп үнсіз тұр. Бір-бірімен сыбырласып сөйлеседі. Дауыс шығаруға дәрменсіз. Бір кезде қос ат жеккен арбалар көрінеді. Оншақты арба жиылған жұрттың алдына келіп тоқтады. Әрбір арбада төрт-бес адам. Екі қолы артына байлаулы, омырауына «жойылсын жауыздар» деп жазылған тақта іліп тастаған. Байлаулы тұрған кісінің әрқайсысының артында бір-бір солдат шеңбектеп оларды ұстап тұр. Бір кезде аудандық сақшының бастығы Мырза деген ұйғыр жігіті әлгілердің үкімін оқи бастады. Аузына тосқан кернеймен айқайлап:

– Халықты қанаған бай-шонжар Батталғазы болысқа ату жазасы берілді. Қыдыр болыс пен Сабырбек молдаға ату жазасы... – деп оншақты адамды атады. Қалғандарына күнәсіна қарай 20 жыл, 15 жыл, 10 жыл мерзімге абақтыға жабылсын деген жарлықты оқыды. Халық кірпік қақпастан арбадағыларға қарап қалыпты. «Бишараларды көзі қиып қалай атар екен!» деген аяушылық сезіммен жаны ашып, оларға мүсіркей қарайды. Үкім оқылып болысымен арбалар сақырлап орнынан қозғалып кетті. Жұрт қыбыр етпей, мелшиіп тұр. Әлгілерді әудем жерге апарып арбадан түсірді де қатарлап тізіп қойды. Оншақты солдат мылтығын оқтап дайын тұр. Бір кезде дүниені төңкеріп жіберердей дауыс гүрс етті. Атылғандар

етбетінен құлады. Мына көріністі көзімен көрген халықта иман қалмады. Үрейленген жұрт жағасын ұстап: «Алла сақтай көр!» деп үнсіз күбірледі. Осы топтың ішінде Мұсаның баласы Ақан да бар еді. Ешкімге жасаған қиянаты болмаса да бай болғаны, мал жиғаны үшін ол жиырма жылды арқалап кете барды. Ақан сотталып кеткен соң барлық тіршіліктің тауқыметі Зеріптің мойнына түскен. Қайсар ананың күндіз-түні ат үстінде жүретін кездері болады. Отар-отар қойлары мен жылқыларын қыстауға көшіріп, алыс жайылымдарға Тянь-Шань тауының күнге-күнге апарып орналастырып қайтады. Малына басшылық ететін жақын қайнысы – Ынтыбай деген жігіт. Сол екеуі бүкіл шаруаны тындырып жүреді.

Бір күні Зеріптің үйіне Елеу деген құдасы келеді. Ол егде тартқан, бұрыл сақалды жасамал кісі-тұғын. «Р»-ға тілі келмейтін сақау еді. Құдасын құдайындай күтетін қазақтың кең пейілі қандай, Зеріп дереу дастарқан жайғызып оның алдына ас қояды.

– Елеу-ау, Ақан ұсталғалы бері сен тегі бұл үйге келмейтін болдың ғой. Бұрындары келіп, қымыз ішіп тұрушы едің, оны да қойдың. Әлде халық жауының үйі, бір залалы тиіп кетеді деп қорқып жүрсің бе? – деп Зеріп өкпесін айтады. Сонда Елеу:

– Жаксы апа-ау (Зеріпті бүкіл ауыл жаксы апа деп атайтын) анда-мұнда келіп қаямды көписетіп) қарамды дегені) кетіп жүймін ғой! – дейді.

Әлейім халықтың басына түскен осы бір нәубетті күндерде асы-расілтеушіліктен нақақ төгілген қандар қанша ма. Өзі кедей момын шаруа Сабырбек деген молданың бар кінәсі көтерілісшілерге «бір алладан жәрдем болсын, Құдай жолдарыңды оңғарсын!» деп бата бергені үшін атып тастады. Есік қаласының тұрғыны Қазақстан Жазушылар одғының мүшесі, белгілі ақын – Естеу Сабырбеков сол кісінің баласы-тұғын.

Іле, Алтай, Шәуешек қатарлы үш аймақты тегіс қамтыған осындай нәубет халықтың басына қара бұлт болып үйірілді. Бас көтерер азаматтар мен ірі байлардың атқанын атып, қалғанын түрмелерге тоғытып жатты. Ендігі кезек орта шаруаларға келді. Бұрыннан белгілі жұрт кісілеріне тұзақ құра бастады. Олардың әр қадамын бақылайтын тыңшылар жұмыс істеуде. Толымбек те қара тізімде. «Кезінде жүйрік құла атпен талай іс тындырған қазақтардың малын айдап, шекара бұзған. Шығыс Түркістан армиясының құрамында болып, қытайларға қарсы оқ атқан...» деген секілді толып жатқан құжаттар жинақталып, бір папка болып тігіліп жатты. Оның үйін торуылдаған жансыздар түні бойы терезенің алдында отырып тың

тындайды. Пештің кернейі шығатын тесікке құлақтарын тосады. Жаңа үкіметке қарсы аузынан бір жаман сөз шыға ма деп дәмеленеді. Сыныққа сылтау іздеп әйтеуір кінә тағуға дайын. Жансыздар қанша аңдығанмен Толымбек олардың құрған торына түспей қойды. Әлденені сылтауратып тыңшылар кейде оның үйіне де келеді. Тамырын басып, сөзге тартып көреді. Жаңа үкіметті өздері жамандаған болады. Жансыздардың пиғылын таныған аңғарлы жан олар ас санаса, бұл құм санайды. Әр кез олардың құрған қақпанын баспай, аттап өтіп кете береді. Бұл пендешілікті қойсаңызшы, күні кеше өзімен бірге араласып жүрген, дәм-тұзын татқан адамдар бүгін жат болып шыға келген. «Біз кедейміз, кедейлердің күні туды. Байлардан кек аламыз» деп кеудесін қағады. Кедейлігіне мақтанған тобырлардың топас қылығын көріп, Толымбек іштей күледі де қояды. «Жетіскенінен кедей болған екен ғой» деп кекесінді кейіппен езу тартады.

Қытай үкіметі аз санды ұлттарды осылайша жанынан түңілдіріп шошытып алды. Халықтың бетке шығар қаймағын қалқып алып қырыптастады. Ендігі қалған момын елді қой құсатып қалай айдасаң да өз еркің. Бұлардың ел басқару тәсілдеріндегі қитұрқылықта шек жоқ. 1954 жылы «кеңшілік саясат» дегенді ойлап тапқан. Қайсыбір аймақтарда асырасілтеушілік болыпты. Әсіресе Мұңғұлкүреге қарасты бес ауданда адам шығыны көп болған депті. Атылғандар атылып кетті де, ал түрмеге жабылғандардың барлығын босататын болыпты. Жиырма жылға кесілген Ақан да кеңшілік саясатының арқасында аман-есен абақтыдан босап шығады. Сөйтіп қытай коммунистері халықтың сеніміне кіріп, үлкен беделге ие болады. Ел ішін дүрліктірген саяси науқан осымен аяқталып, қайтадан мамыражай тіршілік қалыптаса бастайды. Бұрынғыдай біреуді-біреу аңдымайтын болды. Әйтсе де аузы күйген үрлеп ішеді демекші, әркім-ақ үкімет жайлы ойланып сөйлейтін болды. «Кім білсін, бұлар тағы бір пәлені ойлап тауып жүрер» деп қауіптенеді. Жұрттың жанынан түңілгені сонша, бір-бірімен сөйлеспеуден қалды. Абайламай әлденені айтып қоярмын, деп сақтық жасайды. Адамдарға деген сенім азайды. Бүгінгі досың күні ертең жау болып шыға келмесіне кім кепіл. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болатын екіжүзді сатқындарға дауа жоқ.

## ҚИЯНДА

55

1988 жылы мен ауылдық жердегі бес сыныптық мектепті бітіріп, ары қарай оқуымды Мұңғұлкүре қаласындағы толықсыз орта мектебінде жалғастырмақ болдым. Қала мен біздің ауылдың арасы атты адамға бір күндік жер. Жарамды атпен таң азанда шыққан кісі қонаға жетіп жығылады. Бұл кезде ағайым Тұрлы аудандық партия комитетінде жауапты қызметте болатын. Жақында ғана ол Үрімжі қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде екі жыл оқып келіп, беделді мекеменің белді қызметкері болып орналасқан. Екі бірдей Абдрахмановтар қалаға келген соң, апам – Алуаны көшіріп алмақ болдық. Бірақ оның реті бір айға дейін келмеді. Өйткені ауылдық жерде күзгі егін ору, шөп шабу деген сияқты науқандық жұмыстар қызып жатқан. Әркімнің өзіне тән еккен егіні, шабындық жері бар. Егінді қол орақпен орып, атпен бастырады. Сондай шаруаның бел ортасында апам жүретін. Орақ орғанда жігіттерден қалыспайтын. Сонымен апам келгенше ағайым мені Изет деген мұғалімнің үйіне орналастырды. Өзі жақында үйленген екен. Әйелі Күләнда еркекшора болып өскен. Ол қызды мен де білетінмін. Әкесінің ұл баласы болмай, кішкентай күнінен оны еркекше киіндіріп, ұлға балап өсірген. Біздің ауылдағы бес сыныптық мектепте ол Ақсу деген ауылдан атпен қатынап оқитын. Жасынан ер адамдар істейтін жұмысты істеп, атқа мініп көкпар тартып өскен қыз, келін қыз қалпына түскенде де тұрмысқа икемсіздеу болды. Нан пісірсе күйдіріп жібереді. Жасаған тамағының дәм-татуы жоқ, әйтеуір әйел істейтін шаруаға Күләнда жеңгеміз олақтау болды. Өзінің бітімі де кесек, шомбалдау! Жүргенде сызылып тұрған биязы қыз сияқты емес, аттап-бұттап ер адамдарша жүреді. Мұңғұлкүредегі жеті жылдық мектепті ұл бала болып бітірген ол куәлік алған күні қыз баланың киімін киіп, күйеуге бір-ақ шығады. Изет ағай Құлжадағы он жылдық гимназияны тәмамдап, сол жылы Мұңғұлкүре қаласындағы орталау мектепке мұғалім болып орналасқан. Гимназияны бітіргендер орталау мектепке мұғалім бола беретін. Бұл елде оқу-ағарту жұмысы әлі дами қоймаған кез. Толықсыз орта мектепті бітіргендер мекеме қызметкері болып жұмыс атқара береді. Ал

гимназия бітіргендер институт бітіргенмен бірдей. Сөйтіп мен Ізет пен Күләнда жеңешемнің үйінде тұрып жаттым. Өз үйімді шөп басын сындырмайтын мен көресені Күләндадан көрдім. Екі шелекпен иін ағашты мойныма артып үш шақырым жердегі Қонақай озенінен су әкелемін. Әкелейін деп әкелмеймін Күләнда екі шелекті қолыма береді де:

– Бар, су әкел! – деп әмір қылады. Мұғалімнің әйелінің тілін алмай көр. Амалым құрып үнсіз кете барамын. Өмірімде мұндай қорлықты алғаш рет басымнан өткердім. Белім қайысып екі шелек суды әкелемін. Жолға он рет тоқтап, демаламын. Маймандап су әкеле жатқан мені көріп ұйғырдың қыздары тілін шығарып мазақтайды. Мынадай қорлыққа шыдай алмай іштей булығып ешкім жоқта жылап аламын. Тұратын үйіміз аядай бір бөлме. Оң жақта Ізет пен Күләнданың темір төсегі. Төрде мен жатамын. Керосин құйған жетілік шамның жарығымен кешкі асымызды ішеміз. Шам босаған соң мен аздап сабағыма дайындаламын. Қайсыбір күндері қызыл іңірден жатып қаламыз. Шам өшкен соң мен жуық арада ұйықтай қоймаймын. Күләнданың су тасытып қойған қорлығына зәбірленіп үнсіз жылап жатамын. Ауылда қалған апамды ойлап сағынамын. Сөйтіп көпке дейін ұйықтамай жатамын. Ізет пен Күләнда жаңа қосылған жас жұбайлар. Мені ұйықтап қалды деп ойлайтын болуы керек, жата салып-ақ болар «жұмысқа» кіріседі. Темір төсек сықырлап, жан алысып-жан беріскен ғашықтардың үндері естіліп қалады. Мұндай кезде мен көрпенің шетін тасқып тістеп аламын да күлкімді әзер тежеп, олардың шаруасының тезірек бітуін күтемін. Әлден уақытта Ізет ағайым аударылып түседі. Үй іші тыныштыққа бой ұрады. Осындай түнгі шабуылдар тым жиілеп кетті. Бір күні мен Тұрлыға барып Ізеттің үйінде тұра алмайтынымды айттым. Су тасытып қояды дедім. Ағайым менің жайымды түсінген болуы керек, екі күннен соң ауылға арба жіберіп апамды көшіріп әкелді. Мектепте жақын жерден ұйғырдың бір бөлмелі үйін жалға алып тұрып жаттық. Апам келгендегі менің қуанғанымды көрсеңіз, қағанағым қарқ, сағанағым сарқ болды да қалды. Содан былай еш алаңсыз сабақ оқуға кірістім. Мектепке сабақ (ұйғыр, қазақ тілінде) екі тілде жүреді. Қыздарды ұлдармен араластырмайды, бөлек оқытады. Арнайы қыздар сыныбы деген сыныптар болады. Әйтеуір үзіліс кезінде ғана қыздардың төбесін көріп қаламыз. Қайсыбір сақа жігіттер оларға барғыштап, есептің жауабын сұраған болып сүйкеніп жүреді.

Мен Күләндадан кейінгі қорлықты Қанағат Қарашевтан көрдім (Атақты ақын – Қанипа Бұғыбаеваның күйеуі). Ол менен бір сынып жоғары оқиды әрі жасы да үлкен. Өзі мектептің жанындағы жатақханада жатады. Сабақ біткен соң үйге кетіп бара жатқан мені ұстап алады да, тіземнен теуіп-теуіп жібереді. Оған қарсылық жасауға шамам келмейді.

– Менің жазығым не, неге тиісесің маған? – деймін.

– Сенің ағаң Тұрлы мұғалім боп жүргенде мені талай ұрған, соның өшін сенен аламын, – дейді.

– Онда мен ағайыма айтып, жаныңды шығарамын.

– Айтсаң одан ары ұрамын, – деп қорқытады. Қорыққанымнан айтпаймын. Ағайым Жоғары партия мектебін бітіріп келген соң бір жылдай осы мектепте мұғалім болып Қанағатқа дәріс оқыған ғой. Сол кезде сотанақтығынан таяқтың көкесін жеген Қарашев енді мені қырына алады. Ол кезде Тұрлы мектептен аудандық партия комитетіне ауысып кеткен-ді. Соны пайдаланып, Қанағат менен кегін алып жүр. Көп өтпей мектеп оқушылары арасында үлкен сайлау өтті. Оқушылар ұжымы деген ұйым құрылды. Оның құрамы жеті адамнан болды. Сол жетеудің біреуі болып мен сайландым. Ұйымның оқу бөлімінің бастығы болып тағайындалдым. Мектеп ішінде бұл ұйымның рөлі өте жоғары еді. Мектеп бойынша оқушылардың тәртібін, тазалығын, оқуын осы ұйым қадағалайды. Ұйым аптасына бір рет қабырға газеті шығады. Тәртібі нашар, сабақ оқымайтын жалқау оқушылар сол газеттің сатира бөлімінен бір-ақ көрінеді.

Мен сабаққа зерек, алғыр болдым. Бірінші тоқсандық емтиханда барлық сабақтан бестік баға алғанмын. Сөйтіп өзімді жақсы жағынан көрсеткендіктен де беделді ұйымға мүше болдым. Ол кезде тоқсан сайын емтихан тапсыратын едік. Емтиханнан құлап қалғандар бір сыныпқа шегініп оқитын. Мешел бала құсап бір сыныпта екі жыл отыру дегеніңіз өте ұят нәрсе еді. Сол үшін де балалар намысқа тырысып жақсы оқитын. Осылайша мен билік тұтқасын ұстаған соң Қанағаттың тепкісінен «азат» болдым. Ол маған енді шәпкесін алып амандасатын болды. «Ер шекіспей, бекіспейді» демекші, кейін Қанағатпен достасып кеттім. Қазір де жақсы сыйласып араласып тұрамыз. Қанипаның өзімен де шығармашылық байланыста болдық.

Жетінші сыныпта оқимыз. Қазақ тілінен Ыбырайым деген мұғалім дәріс береді. Гимназия бітіріп келген білікті ұстаз еді.

Сабакты да сондай жақсы түсіндіретін. Күндердің бірінде ол еркін тақырыпқа шығарма жазып келуге тапсырма берді. Тақырыбы есімде жоқ. Мұғалімінің берген тапсырмасын орындамай бару деген қылмыс жасағанмен бірдей. Үйге келе сала жазуға кірістім. Әйтеуір өресі жеткен жерге дейін жазған болдым. Ертесі сабаққа бардық. Балалар кешегі Ыбырайым мұғалімнің берген тапсырмасын кімнің қалай орындағанын білгісі келіп әркімдерге оқытып тыңдаған болды. Мен де оқып бердім.

– Ой, сенікі жақсы екен, – деген мақтау сөздер айтылып қалды. Кезекті сабағына келген Ыбырайымға балалар:

– Ағай, Мұхамеджанның шығармасын тыңдаңызшы! – деп тілек білдірді.

– Қане, оқи ғой, – деп мұғалім де маған назар аударды. Мен орнымнан имене тұрып, жазғандарымды түгел оқып шықтым. Ол тағы да бірнеше оқушыны тұрғызып, шығармаларын тыңдап көрді. Сөйтті де барлық шығармаларға талдау жасай келіп, маған айрықша тоқталды.

– Мұхамеджанның жазғанын нағыз шығарма деп атауға болады. Әсіресе, тіл байлығы бар екен. Арғымақ атқа күміс ертоқым ерттеп қойғандай сөйлемдері бір-бірімен әдемі жымдасқан, – деп мақтауын келістіріп жіберді. Мақтағанды кім жек көреді. Сабактастарымның алдында жалым күдірейіп, мәртебем өсіп қалды. Сол күннен бастап мен өзімнің бойымда әлдеқандай бір жұмбақ күштің бар екенін сезіне бастадым. Сөз өнеріне деген қызығушылық пайда болды. Бұның сыры әріде жатқанын мен ол кезде аңғара бермеппін. Ойлап тұрсам, менің болмысымда сөз өнеріне деген құштарлық бала кезімнің өзінде-ақ оянған секілді. Олай дейтінім біздің үйде қисса-дастандар өте көп болатын. Ол кітаптар баспадан шыққан күйінде емес, қолмен жазылған нұсқасы еді. Имаш молданың баласы – Есімқұл деген мұғалімге ағаларым бір лақты ешкі беріп көп қиссаларды көшіртіп алғанын білемін.

– Есімқұлдың жазуы жақсы, тасқа басқандай көркем жазады, – деп үлкендер мақтап отыратын. «Қыз Жібек», «Ләйлі-Мәжнүн», «Зархум», «Дариға қыз», «Әзіретәлі», «Мұхамед Қанапия», «Нүсіпхан» атты дастандарды мен ес білген шағымнан бастап тыңдап өстім. Тындамасқа шараң жоқ. Әсіресе қыс күндері соғым сойған кезде «соғымбасы», «сыбаға беру», «құда-жекежат шақыру», «түстік жеу» сияқты кәдеге қонақтар біздің үйге бірі-



нен соң бірі келіп жататын. Осындай мәртебелі дастарқан басына жиналған қауым сол дастандарды тындап мәре-сәре болып қалар еді. Момбек әкеміздің жалғыз баласы - Анарбек ағайым ол кезде кәдімгідей ересек еді. Қиссаларды нақышына келтіріп оқығанда тындаған жұрттың құлағы салпыып, оның аузына кіріп кете жаздайтын. Анарбектің даусында өзгеше бір үнділік бар-тын. Сол қонақтармен бірге әлгі дастандарды мен де еріксіз тындайтынмын. Жалғыз шамның жарығынан өзге баратын жерің жоқ. Еріксіз шалкемпірдің қасында отырып олардың қызықты әңгімелерін естисің, одан қалса Анарбектің оқуындағы қисаларды тындайсың.

Жаз күндері жайлауда көк майсаға тігілген киіз үйлердің сырт жағындағы тақия төбенің үстіне жиналып отырып әңгіме-дүкен құратын шалдардың шекпенінің етегін жамылып отырып сөздерін тындар едім. Өзім құралпы балалар кешкілікте тана мініп, тай жарыстырып жүргенде, мен тайға емес, шалдардың аузынан әңгіме естуге әуес едім. Сол әуестік мені сөз өнерінің сиқырлы құпиясын сезінуге итермелеген болуы керек.

Енді ойласам, мен сол бала кезімнен халықтық тілдің қаймағынан дәм татқан екенмін ғой. Дала данышпандарының алдынан аз да болса тәлім алған екенмін деп ойлаймын.

Ол кезде кітап басып шығару ісі Шыңжаңда онша жолға қойылмаған. Барлық оқулықтар, әдеби кітаптар Қазақстаннан келеді. Ағайым Тұрлы кітапқұмар еді. Үрімжіде оқыған екі жылында екі жәшік кітап жинапты. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», «Мөлдір махаббат», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Зейін Шашкиннің «Доктор Дарханов» атты романдарын мен сол бала кезімде ағайымның жинаған кітаптарының арасынан оқығаным бар. Алматыдан шығатын «Қазақ елі» деген журнал араб әрпімен басылып шығып, бізге барып тұратын.

Ыбырайым мұғалімнің мақтауынан соң мен әдеби кітаптарды оқуға бар күшімді салдым. Күндіз-түні кітаптан бас алмаймын. Кітапты көп оқығаным үшін география пәнінің мұғалімі Серікбай деген ағайдан қатаң ескерту алғаным бар. Қажығұмар Шәбденұлының «Бақыт жолында» деген кітабын оқып отыр едім әлгі мұғалім қолымнан жұлып алып:

– Мұндай кітапты саған оқуға болмайды, – деп ашуланып алып кетті. Ол жайымен кетпепті, бара салып Тұрлыға жеткізіпті.

– Сенің інің сабақ оқымайды, махаббат жайлы кітаптар оқиды, – деп жамандапты. Ағайым жұмыстан келіп менің мәселемді

карады. Ол кезде оқушыларға махаббат жайлы кітап оқуға болмайтын еді.

– Сен сабақтан нашарлап жүр екенсің. Ертең сабағыңа қатысамын, – деді.

– Келіңіз, – дедім мен.

Қауіптің қай жақтан төнгенін білемін. Серікбай мұғалінің география сабағынан бір тоқсан бойы өтілген тақырыптарды түгел шолып шықтым. Ең қиын деген тақырыптарды қайтадан оқып дайындалдым. Өте қиын «Тибет үстірті» деген бір тақырып болған. Соны әлденеше рет қайталадым. Ол кезде мұғалімдер төртінші тоқсанның сабағын өтіп жатып, бірінші тоқсанда өткен тақырыптарды сұрайтын. Өйткені жыл бойы өткен сабақты білуге міндетті. Сондықтан мен жазып қалмайын деп барынша мұқият әзірлендім. Айтқандай ертесі Серікбайдың сабағына ағайым келді де арт жақтағы бір орынға барып жайғасты. Серікбай бірден мені алдыға шығарды. Карталарды іліп тастады да:

– Тибет үстірті қай жерде, оның географиялық жағдайы қандай? Өзен-көлдерін ата! – деп қолыма таяқша берді.

Мен іркілместен заулатып жатырмын. Мұғалімнің өзі конспект етіп жаздырған жолдардың үтір, нүктесіне дейін айттым-ау деймін. Ол одан да талай сұрақ қойды. Ешқайсысына мүдірмедім. Амалы құрыған Серікбай маған ағайымның алдында «бес» қоюға мәжбүр болды. «Інің сабақ оқымайды» деп жамандағаны үшін Тұрлыдан кешірім сұрағандай үнсіз қалды. Сол Серікбай мен Ыбырайым мұғалімдер 1960 жылдары ата-жұртқа қоныс аударды. Ыбырайым ағай Райымбек ауданына қарасты Сарыбастау аулындағы орта мектепте мұғалімдік қызметін жалғастырған. Мұнда келген соң ҚазМУ-дің филология факультетін сырттай оқып бітірген.

Серікбай мұғалім Сүмбеге көшіп келіп, әртүрлі жұмыстар атқарады.

1957 жылы біз Мұңғұлкүре қаласындағы ең үлкен оқу ордасы саналатын толықсыз орта мектепті бітіріп шықтық. Бұл мектепті тәмамдаудың өзі бір салтанат еді. Мектеп бітіру кешіне аудандық құзырлы мекеменің басшылары түгел шақырылды. Дастарқан жайылып, бауырсақ қойылды. Саба-саба қымыз құйылып, бітірушілерді қызу құттықтап жатыр. Тап бір академия бітіргендей біз де марқайып, айдарымыздан жел есіп тұр. Ол қоғамның сол кездегі шама-шарқына қарай жеті сыныптық білімі бар адам-

дар кәдімгідей қызметке араласатын. Ауылдық жердегі бастауыш мектепте мұғалім болады. Ауыл деңгейіндегі әртүрлі жұмыстарға жегіледі. Сондықтан да біздер өзімізді орта дәрежелі білімді азаматтар қатарына жатқызуға толық қақымыз бар еді. Бұл кешке Үрімжі, Құлжа қалаларындағы жоғары оқу орындарына бала қабылдайтын уәкілдер келіпті. Кеш соңында олар өздерінің оқу орны жайлы хабардар етіп, жазыламын дегендерді құлағынан тізіп жаза бастады. Жасы ересектер осы алған білімін қанағат қылып, ауылда қалатындарын айтты. Мен ағайыммен ақылдаса келіп Үрімжідегі ауылшаруашылық техникумына баратын болдым. Бір айға жуық демалыс алып ауылға келдім. Көк жайлауда қымыз ішіп, біраз күн аунап-қунап алдым да уәделі күні Мұңғұлкүреге жеттім. Техникумның мұғалімдері де осында екен. Балаларды түгендеп, жүретін күнімізді белгіледі. Мектеп бітірген алпыс баланың ішінен небары оншақты бала Үрімжіге аттандық. Біраз бала Құлжадағы мұғалімдер дайындайтын гимназияға жазылды. Қыздардың көбі бітіре салып күйеуге шығып жатты. Осылайша сан тарау жолға түсіп кете бардық.

Біз мінген жүк машинасы Құлжаға қарай жол тартты. Ол кезде жолаушылар таситын автобус дегеніңіз мүлде болмайтын. Кузовтың үстіне жүгімізді қойып, қатар-қатар тізіліп отырамыз. Қара жолдың шаңын будақтатып селкілдеп келеміз. Мұңғұлкүреден ертелеп шыққан машина Қызылкүре шаһарына түсте келіп жетті. Одан әрі Кетпен тауының Сарбұрышын асуынан асып, Іле дариясына жеттік. Асау өзен буырқанып дөңбекшіп жатыр. Дарияның о шеті мен бұл шетіне тартылған жалғыз сым арқанға байланып тұрған үлкен салға жүргіншілер топырлап жатыр. Қайсыбір жолаушылардың мінген аттары үркіп, салға жоламайды. Амалы таусылған иесі атты жығып, төрт аяғын буып, жігіттердің көмегімен көтеріп салып жатыр. Саудагер ұйғырлар жүк артқан есектерін мықтап ұстап селкілдеп салдың үстінен иманын айтып, «аллалап» тұр. Әлекендей жаланған үш-төрт ұйғыр жігіті жалма-жан ескекті есіп қалып еді, сал жылжып жағадан алыстап кетті. Жал-жал көк толқындар салды ұрғылап, ағысқа қарай жұлып әкететін сияқты. Оның беті ары болсын, егер аспандағы керіп қойған сым арқан үзілетін болса салы суға кетті дей бер. Осылайша жанын шүберекке түйіп дариядан өтіп болғанша көздері алақтап есі кеткен жұрт арғы жағаға жеткенде ғана «уһ» деп демдерін алатын. Кезек біздің машинаға

келді. Машина гүрілін көбейтіп, бірнеше рет ышқынып алды да, салдың үстіне жайлап шыға бастады. Ауыр салмақты көтере алмай сал бірде батып, бірде қалқып қозғалып тұр. Біз машинадан жерге түсіп, салға жайғастық. Дарияға қарасаң басың айналады. Шымырқанып ағып жатқан өзеннің сұсты кейпі құтыңды қашырады. Тілсіз жау абайламасаң жұлып әкетіп, жұтып қоятын сияқтанады. Әйтеуір аман-есен дариядан өтіп, күн бата Құлжа қаласына келдік. Көк теректері көк тіреген әсем қала екен. Көше толған есек арба, шұбырған сансыз жаяулар. Осындай қалың нөпір халқы көп қалаға барған бір кемпір «мен болсам қызыма келе жатырмын, мына жаяуларға не жорық» деген екен. Сол айтпақшы, біз оқу іздеп келеміз. Көше бойындағы сапырылысқан мына халықты түсініп көр. Бұл жерде бір күн еру болдық та, азанда тағы жолға шықтық. Құлжадан Үрімжіге қарай шандақ жол емес, шағыл төселген тастақ жол екен. Машинаның жылдамдығы бұрынғыдан сәл үдей түскен секілді. Сүйдінкүреден өтіп, Талқының кезеңіне көтерілдік. Кезеңге шыға келгенде Сайрам көлі алдымызға айнадай жарқырап көріне берді. Жасыл қарағай көмкерген құзар таудың дәл төбесіне орналасқан осынау әдемі көл тау реңімен үндесіп, жап-жасыл болып жарқырап жатыр. Машина тау асуынан еңіске құлдилағанда тұмсығымен көлге барып қойып кететіндей әсерде боласың. Көл тіпті табанның астында тұрғандай сезіледі. Табиғаттың осынау сұлу көркіне қызыға көз тіккен балалар көлге қарап үнсіз телміріп қалыпты. Машина көлдің шығыс ақ жиегін жанап өтті. Көлден алыстаған сайын құлазыған сүреңсіз, сортаң даланың қойнауына тереңдеп сіңіп бара жатты. Көк орай шалғын жасыл орман артта қалды да, қызыл керіш құмды дала басталды. Шөлейт жерге де тәңірдің тартқан өз сыйы болады екен. Жың деген қаладан сол кезде жеген қауынның дәмі әлі күнге дейін таңдайымда тұрғандай болады. Базарларға Жыңның қауыны кіргенде басқа жердің қауындары өтпей қалады десетін үлкендер. Тарғыл қауынның бал татыған тәтті шырынын таңдайыңа басып, шөл қандырғанға не жетсін шіркін!

Ара қонып ертесі екінді әлетінде Үрімжіге жеттік. Лансан тауын жастана жайғасқан атақты қала осы екен. Қытайдың шығысы мен батысын жалғастырып тұрған күретамыры іспетті. Қалаға кіргеннен-ақ, микрофоннан төгілген ұйғырдың мұнды әуендері, дутар мен тамбурдың сым шегінен шыққан сиқырлы саз сені еріксіз

еліктіріп әкетеді. Бұл қала кімдердің мекені екенін айтпай-ақ танытып тұрған сыңайлы. Ұйғырлардың атамекені екені бешенеден белгілі еді.

Біз оқитын оқу орны қаланың ең шетінде Аргүн деген жерде екен. Одан төмен қала жоқ. Бәрі егістік алқаптар. Техникумның бас ғимаратты сары үй. Сонадайдан мен мұндалап тұр. Келген бойда біздерді жетекшіміз қабылдап алды, тізімге жазды. Жатақханаға орналастырып, қолымызға бір-бір матрастың қабын ұстатты.

– Осыған анау аңыздан барып, бидайдың сабанын салып әкеліндер, – деді. «Ол сабанды не істейміз?» деген сұрақ көкейімізде тұр. Сөйтсек, мақтаның орнына матрасқа сабан салып төсеніш етеді екенбіз.

Бір ауданнан келген алты-жеті баланы техникумның әр бөліміне бөліп жіберді. Мен, Айсабай деген бала екеуміз ауа райын зерттейтін – метрология бөліміне қабылдандық. Отыз шақты ұйғыр баласының ішінде екі қазақ оқуымызды ұйғырша жалғастырдық. Мұғалімдердің бәрі ұйғыр. Оқулықтар да ұйғырша. Бастапқы кезде бізге өте ауыр болды. Ұйғырдың тілін түсіне бермейміз. Әсіресе ғылыми терминдерден мүлде бейхабармыз. Басқа түссе баспақшыл демекші. Қинала жүріп үйренуімізге тура келді. Жарты жылдың ішінде Айсабай екеуміз ұйғырша сарнап шыға келдік. Біз ұйғырша сөйлегенде ұйғыр балаларының өздері аузын ашып қалатын еді. Әнін де, сөзін де үйреніп алдық. Адамның жас кезіндегі алғырлығы ерекше болатын көрінеді. Сөйтіп ұйғырлармен иық теңестіре бастадық. Метрология дегеніңіз аспан әлемін, табиғат құбылысын зерттейтін ғылым екен. Әдеттегі бұлттардың өзі сексен жеті түрге бөлінеді екен. Ол бұлттардың әрқайсысына берілген меншікті формула тағы бар. Бұлтқа қарап, формуласына қарап, бұлтты ажырататын дәрежеге жеттік.

1958 жылы кадрлар арасында «стиль түзету», «ашылып сайрау» деген саяси науқан бұрқ ете қалды. «Барлық гүлдер ашылсын, барлық бұлбұлдар сайрасын» деген плакаттар ілініп жатты. Оның артында қандай пәленің бұғып жатқанын аңғармаған қайсыбір ашық ауыздар ойына келгенді айтып қалып жатты. «Шыңжаң ұйғырдың ата жұрты», «Шыңжаңды бөлек республика жасаймыз» дегендер болыпты. Жарты жылға жуық сайратып алған соң «сайрағанның бәрі бұлбұл емес, ашылғанның бәрі гүл емес» деп әлгі сайрағыштарды ортаға алып, күрес жүргізе бастады. Бізге дәріс оқитын Кермухан деген мұғалім бар еді, алғашқылардың бірі

болып құрыққа сол ілініпті. «Оңшыл» деген жазуы бар дәу қағаз қалпақ кигізіпті. Оның жат пиғылдағы адам екенін қалпағының өзі айғақтап тұр. Мұнымен қоймай ортаға тұрғызып қойып, жан-жақтан «уралап» бейшараның пыстысын алатын көрінеді. Өзі толықша келген тығыншықтай кісі еді, бір айдың ішінде шөлмектей болып шыға келді.

– Сенің кімдермен байланысың бар, арт жағыңда кім тұр? – деп қинайтын көрінеді. Ол жоқ нәрсені ойдан шығарып қалай өтірік айтсын.

– Менің ешкімім жоқ. Өз ойымнан айттым, – дегеніне сене қоятын ешкім көрінбейді.

– Осы саяси науқан барлық мекемелерде, оқу орындарында етек алып, қызып жатты. Мұнымен қоса «темір қорытамыз», «Американы басып озамыз», деген ұрандар ілініп, барлық күшті темір қорытуға жұмсады. Үрімжідегі жоғары оқу орындарының студенттері түгел тау-тауға шығып, темір қорытып жатты. Оқу тоқтатылды. Біз де қос-қолаңымызды алып тауға қарай бет алдық. Біздің группадан сегіз баланы кокс шығаратын көмір кеніне алып кетті. Лян-сан тауының бір қиырындағы қотыр тауға бардық. Жетекшіміз – қаба сақалды, егделеу ұйғыр адамы. Оның арнайы білімі болмаса да, тау жыныстарын айыра білетін тәжірбиесі мол кісі екен. Неше жыл осы тауда көмір кенін ашып, зор нәтижелерге жетіп жүрген көрінеді. Келген бойда шатырларға орналасып, жұмысқа кірісіп кеттік. Сегіз сағаттан кезектесіп тәулік бойы жұмыс істейміз. Қамыстан тоқылған екі корзинаны есекке артып үңгірге кіреміз. Бір қолымызға ұстаған аспалы шаммен есекті жетелеп кіріп, жетелеп шығамыз. Адамның бойы тиер-тимес тар үңгірді қуалап, қайламен көмір қазамыз. Қайсыбір жерде қызыл керіш тас кездеседі. Сол тасты бұзып өтсең, ар жағынан саулап көмір төгіледі. Екі жігіт тар үңгірдің ішінде тізерлеп отырып көмір шабамыз. Әжептәуір үгілген көмірді есектің үстіндегі корзинаға салып далаға шығарамыз. Әр кезектің жігіттері шығарған көмір бөлек үйіліп, есепке алынып отырады. Норманы орындамасаң басың бәлеге қалады. «Мұның еңбекке деген көзқарасы нашар, идясында мәселе бар, мәселесін тапсырсын» – деп ертең-ақ плакат ілінуі мүмкін. Ондай құрыққа іліндім дегенше, құрыдым дей бер. Жаман атқа қалмауы үшін сегіз сағат бойы жанымыз қалмай жұмыс істейміз. Үңгірде әлдеқандай қиыншылық кездесе, «кен

инженері» ұйғыр шалға жүгінеміз. Біз шығарған көмірді қырман жасап тегістейді де шетінен от қойып өртейді. Қырман толы көмір түгел жанып болғанда кесек-кесек болып сұр түсті тас пайда болады. Әлгі тасты әкеліп отқа жақсаң түтін шыпайды. Көгілдір алау балбұл етіп жанғанда қызуы тең келмейді. Әлгі темір қорытуға жарайтын қызуы күшті көкіс деген отынды осылайша біз дайындап береміз. Екі-үш күнде арнайы машина келіп, қырмандағы әлгі сұр тастарды тиіп алып кетіп жатады.

Біздің үңгірден шыққандағы сұрымызды көрсең, көз бен тіс қана жылтырайды. Қап-қара негрден арманбыз. Баламыз ғой, далаға шығамыз да бірімізге-біріміз қарап күлеміз келіп. Әбден майланып, термен сіңіп кеткен көмір денеден қанша жусаң да кетпейді екен. Осылайша үш ай бойы көмір кенінде жұмыс істедік. Көкек айының соңында оқу орнына қайтып оралдық. Қыс бойы әртүрлі жұмысты болған қыз-жігіттер шұрқырасып-көрісіп жатырмыз. Әсіресе көмір кенінде болған біздің сұрқымыз оларға ерекше көрінсе керек. Қас пен кірпігіміз тұрған көмірдің дағы сұрме жаққандай бізді біртүрлі әрлендіріп көрсетеді екен.

— Не деген сұлу болып кеткенсіңдер? — деп сүйкене бастаған қыздар да болды.

— Қайсыбір жетіскенімізден сұлу болып жүр дейсің. Қыс бойы көмір кенінде жұмыс істесең сен де «сұлу» болар едің, — дейміз оларға.

Оқуды қайта жалғастырдық. Қыс бойы қалып қойған программаны қамтып қалу үшін мұғалімдер үсті-үстіне тапсырма береді. Қайсыбір тарауларды шолып өтіп, келесі тақырыпқа көшеді. Көкек айында басталған сабақ маусым айына дейін жалғасты. Жаз бойы бізді тағы да еңбек науқаны күтіп тұр екен. Қала маңындағы ауылдарға барып күріш алқаптарында жұмыс істейтін болдық. Күні бойы аңызда жүріп арық қазамыз. Көлшік жасап, су жібереміз. Күріш деген судың ішінде тұрып өсетін дақыл екен. Осылайша енді диқаншылық кәсіпті меңгере бастадық. Ұлан жазға демалыссыз ашық аспан астында еңбек еткен студенттер арқа еті арша, борбай еті борша болып қыркүйек айында оқу орнына эзер оралды. Оқу мен еңбекті ұштастыру деген осындай-ақ болар. Жұмысқа әбден көндігіп кеткенбіз. Онан салса мұнан шығамыз. Енді құлшынып сабақ оқи бастадық. Ұйғыр балаларымен қоян-қолтық араласып, достасып кеттік. Жатақханада бірге

жатамыз. Бір дастарқаннан ас ішеміз. Ұйғырлар ата тегіне қарай руға бөлінбейді. Тұрған жеріне, қаласына қарап дараланады. Құлжалық, қашқарлық, қотандық, тұрпандық болып кете барады. Бір ғажабы әр қаланың сөздік қорында өзіне тән ерекшелігі болады. Қашқарлықтардың кейбір сөздерін құлжалықтардың өзі түсінбей жатады. Оларға қарағанда қазақ тілінің тазалығына риза боласың. Қыранның қанатын талдырған, тұлпардың тұяғын тоздырған осынау кең байтақ далаға шашырай орналасса да, сөздік қорының бұзылмай таза сақталғандығы жайлы таңғаласың. Қашқар мен Хотаннан келген балалардың ішінде қазақ деген халықты естігені болмаса, көрмегендері көп екен. Олардың ұғымында қазақтар өте үлкен болады. Бір қазақтың өзі бір қойдың етін жеп жүре береді, деп естиді екен. Бізді көріп:

– Сендер неткен кішкентай қазақсындар? – деп таңырқайды. Біз оларға түсінік береміз. Бір қойды бір өзі жеп қоятын қазақтардың болатынын айтамыз.

– Ол күнде жемейді. Әлде кіммен бәстескенде ғана жейді, – дейміз. Бір тауықтың етімен бір көшеге той жасап беретін ұйғырлар үшін, бір қойды бір адамның жеп қоюы ақылға сыймайтын ертегі іспетті.

Күзге салым олар ауыздарының суы құрып, жеміс-жидек, қауындарбызын айтып шөлдеп отырады. Біз болсақ сары қымызды сабадан қотарған таулықтардың тәлімін айтамыз. Әрқайсымыз туған жеріміздің жақсылығын айтып тауыса алмаймыз. Қып-қызыл құмның үстінде отырса да өз жеріне шек келтірмей, жерұйық санайтынына таңғаламыз. Әркімнің туған жері өзіне ыстық дегені осы-ау.

Уақыт шіркін зымырап өтіп жатты. Екінші курсты бітіретін кезде біз күтпеген бір жаңалық болды. «Бейіннің Орталық Ұлттар институтына студенттер қабылдайды екен» деген хабар дүңк ете түсті. «Апыр-ай, кімдердің маңдайы жарылып тұр екен» деп бәріміз елең ете қалдық. Техникумның барлық бөлімінен таңдап тек оқу озаттарын ғана қабылдайды екен. Оның өзінде тәртібіне, шыққан тегіне қарайтын көрінеді, деген секілді неше түрлі алып-қашты әңгімелер айтылып жатты. Қабылдау комиссиясының қорытындысы бір жұмадан соң жария етілді. Жаратқан ием жар болып, сол тізімнің бел ортасында менің де атым аталды. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін мынадай хош хабарды естігендегі



қуанышымды айтпаңыз. Төбем көкке жеткендей шаттанып, масайрап тұрмын. Бір мемлекеттің астанасы, Бейжін-сынды тарихи қаланы көру және сол жерде оқып білім алу деген екінің бірінің қолынан түсе бермейтін мүмкіндік қой. Сонымен бізге бір айға жуық демалыс берілді. Үйімізге барып келуге ақшалай қаржы да бөлінді. Екі жылдай ауылды көрмей сағынып жүрген мен сол күні-ақ қатынас мекемесіне барып, Құлжаға баратын көлікке билет алдым. Көңілім алып ұшып, қуанышым қойныма сыймайды. Көптен бері көрмеген анамды, ел-жұртымды көремін-ау, деп сағыныштан жарыла жаздап келемін. Құлжада бір күн еру болып, ертесі Мұңғұлкүреге қарай аттандық. Өзіме таныс баяғы таулар, баяғы салмен өткен Іле дариясы, бәрі де сол қалпында өзгермеген. Тек қана менің балалық қиялым шарықтап, шартарапты кезіп жүр. Сары таудың ең биік асуы Сарбұрышыннан асқан соң кең жазиралы Текес алқабы басталды. Қарсы таудың мұз құрсаңған қарлы шырндары көзінді қарықтырады. Ұлы таудың заңғар басын көк аспанмен жалғастырып жіберердей болып Хантәңірі шыңы тәкаппар қалпын тік ұстап, көкке шаншылып тұр. Алыстан қарағандағы оның бітімі өзгеше еді. Күміс шың мұз сүңгідей жарқырап күнге шағылысады. Ой жайлауға шыққанда осы шың біздің үйдің ту сыртында өте жақын жерде тұрғандай көрінетін маған. Бала күнімнен өзіме таныс осы бір тылсым жаратылысқа ынтық болып өскен менің онымен сағынысып көрісуім бір ғанибет еді. Екі жылдай көзімнен таса, көңілімнен ада болып жүрген сұлу көріністі көргенде, кеудемнен бір түйіншек бұлқынып кеткендей болды. Еркімнен тыс бір күш зорлап кірпігіме ілініп тұрған жас тамшысын үзіп жіберді. Бұл менің кіндік қаным тамған жерге деген сағыныш жасы еді.

Мұңғұлкүреде ағайым Тұрлы қарсы алды. Ағалы-інілі екеуміз сағынып көрісіп, құшақтасып жатырмыз. Мен бұл реткі келген сапарымның мән-жайын тегіс баяндап бердім. Ол кісі мені мұқият тыңдап болды да:

— Үкімет сенім артып, жіберіп жатса бар шырағым. Сен әлі жассың, оқуың керек, — деп құптады. Ағайымның қасында бір күн болып, ертесі атпен ауылға тарттым. Мұңғұлкүре мен біздің ауылдың арасы бір күндік жол. Ерте шыққан адам кештетіп жетеді.

Менің қиялымда сол баяғы ауыл, қазір жайлауда шыжандай ел, желі толы құлынды байлап тастап, сары қарын мама биелерді күрпілдете сауып, қымыз ішіп жатқан болар, деп ойлап келемін. Сөйтсем, мұндағы өмір мен ойлағаннан басқаша болып шықты. Жұрттың тірлігі жұтаң. Мен көрмеген екі жылда қаншама дүние өзгеріп кеткен. Малдың бәрін коммунаға өткізген. Жекеменшік деген атымен жойылған. Барлығы бір орталықтан басқарылады. Бұрынғы бір ауыл бір дадүй (колхоз деген мағынада) болып жаңаша атау алған. Жұрттың бәрі қауымдасып коммунаның малына шөп дайындап, қора соғып, тыраштанып жатқанын көресің. Бұрынғыдай жүйріктерін сайлап мініп, ала жаздай көкпар тартып, бәйге тігіп жүрген ешкімді көрмейсің. Ондай өмір бұл өлкеде тіпті болмаған сияқты.

Біздің үй бұрынғы жұртында емес, Ақсу өзенінің бойында екен. Коммунаның жылқы қосын сағалап, соған шендесіп жүрген сыңайлы. Жаз айларында қымыз ішпесе ішкен асы бойына тарамайтын біздің әулет коммунаның үш-төрт биесін сауып, өздеріне қымыз қып отыр екен. Менің келуім бүкіл ауылға үлкен мерекедей болды. Ағайын-туыс шұрқырасып көрісіп жатыр. Әсіресе, анам – Алуаның қуанышында шек жоқ.

– Садаған болып кетейін. Сені Құдайдың аман көрсеткеніне шүкір! – деп айналып-толғанып үйіріліп жүр.

Менің Бейжінге баратынымды естігенде үйдегілер құлап қала жаздады.

– Көтек, не дейді!.. – деп апам шоршып түсті.

– Ойбай-ау, Бейжін дегенің күннің шығатын жері деп айтады ғой, айтқыштар. Ондай алыс жаққа оқу іздеп бармай-ақ, осы оқыған оқуың да жетер. Енді сенен тірі айырылмаймын. Бейжінге кетсең, мені өлтіріп кет! – деп шешем байбалам салып жатыр. Байқаймын басқалар да оны қостағандай сыңай танытады.

– Бейжін деген жердің түбі ғой. Оған барған адам әуелі келе ме екен, – деп әлдекімдер отқа май құя түскендей болады. Бейжіннің атын естігені болмаса, аяғы жеткен қазақ жоқ шығар бұл өлкеде.

– Тұрлы не деді? – деп қалды кіші әкеміз Толымбек сөз арасында.

– Ол туралы әлі ақылдасамыз. Қазір ауылға барып дем ала бер, деді, – деп жалтара жауап бердім. «Тұрлы аға бар деп айтты» десем, пәлеге қалғалы тұрмын.

Қызықпен өткен күндердің тез зулап кететіні бар. Әне-міне дегенше екі апта өте шықты. Мен қыпылдап не істерімді білмей дағдарып жүрмін. Оңаша қалып ұзақ ойланамын. «Қалай да баруым керек. Қолға келіп тұрған мұндай мүмкіндікті жібермеген жөн!» деп шештім іштей тас түйін боп. Бірақ бұл ойымды ешкімге сездірмедім. Сөйтіп жүргенде Тұрлыдан хабар келді. «Менің жұмысым бастан асып жатыр. Ауылға бара алмайтын болдым. Мұхамеджан маған келсін, ақылдасамыз» – депті. Үйдегілердің ау-жайын ол да шамаласа керек. Тез жетсін, депті. Сол күні кіші әкеміз Толымбек мені өзі отырған үлкен үйге шақырып алып, арнайы мәслихат құрды.

– Шырағым, сен біраз оқуды туыстың білем. Елдің балалары жеті сыныптық біліммен-ақ ел басқарып, үкімет ісіне араласып жүр. Сен Бейжінге барамын дегенді қой. Ол жердің түбі. Қайнаған қалың қытайдың ортасына, күннің көзіне сені жібере алмаймыз, – деп кесімін бір-ақ айтты. Мына сөзге апамның қыбы қанып, масайрап отыр.

– Сені бір көзіме көрсетші деп тілеуші едім Алладан, енді сенен айырылмаймын, – деп апам бәйек болуда.

– Жарайды, бармай-ақ қояйын, бірақ Үрімжіге барып құжаттарымды, қос-қолаңымды алып келейін, – деп үйдегілерді сабасына түсірдім.

– Сөйт шырағым. Біздің тілімізді ал, – деп барлығы жайылып түсті. Ертесі жолға жиналдым. Қайтып келетініме сенімі жеткендей болып, үлкендер жағы жәйбарақат қала берді.

Ағайым мені күтіп отыр екен.

– Ертең менімен бірге Балықтысуға барасың. Сол жақта мен бір апта іссапарда боламын. Сені қыдыртып серуендетемін, – деді. Мен үлкендермен болған әңгімені баяндап бердім.

– Дұрыс істегенсің, – деді.

Ол кезде аудан басшылары атпен жүретін. Небір жорға сәйгүліктер солардың тақымында. Ағайымның атақты күрең жорғасын жылқының пырағы дерсің. Жануар нағыз жігіт аты екен. Үстінен су төгілмес тайпалама жорға. Еті қызған шақта ауыздықпен алысады. Бөрімаңысқа салғанда қымтанған етегің ашылмайды. Ауыздығын қарш-қарш шайнап, саңылақтанып жүргенде жаяу адам жатып қарайтын, атты адам түсіп қарайтындай еді. Қатты жорғалағанда алдыңғы екі аяғы төсін тесіп жібере жаздайды. Сондықтан да өмілдірікке арнайы көн қапталған. Маған

сол күрең атты мінгізіп, қасына ертіп жүрді. Аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы (ол кезде Тұрлының мәнсабы тағы да жоғарылаған) Тұрлы Абдрахманов келе жатыр дегенде жылаған бала тыйылады екен. Өзі де шешен, бетті кісі еді. Балықтысу деген шұрайлы жайлауда ел аралап бір жеті сайран салдық. Дүйім жұрт қоғадай жапырылып ағайыма құрмет көрсетіп жатады. Әр үйде марқа сойылып, қымыз құйылады. Ақпа-төкпе дастарқан басында әңгіме өрбиді.

– Мына бала менің туған інім. Бейжінге оқуға бара жатыр, – деп таныстырады отырғандарға. Жұрттың назары маған ауады. Бейжінді айтқанда жалым күдірейіп, шоқтығым биіктеп алады. Өйткені бұл өлкеде бұрын-сонды бір қазақтың табаны тимеген жерге тұңғыш рет мен ғана бара жатырмын. Қайсыбір қонған үйдің бойжеткен қыздары маған жабықтан сығалап қарап тұрғанын байқап қаламын. Аттанарда көз қиығымен ұзатып салып жатады. Амал қанша, тілдесуге жер тар, іштен тынып кете барамын.

Бір жұмадан соң қалаға қайтып келдік. Ағайым бір бөлмелі пәтер жалдап тұрады екен. Бір төсек, бір шкафы ғана бар. Жұпыны жабдықталған шағын бөлме. Ол кезде Тұрлы әлі үйлене қоймаған, бойдақ кезі. Құлжа қаласындағы гимназияда оқитын Қапыш деген қызбен уағдасы барын білемін. Осы жазда ол оқуын тәмамдап келетін көрінеді. Ағайым оның оқуының аяқталуын күтіп жүрсе керек.

Екі күннен соң Үрімжіге қарай жол тартпақпын. Тұрлы жұмысына кеткен. Мен бөлмеде жалғыз өзім кітап оқып отыр едім. Кенет есік қағылды.

– Кіріңіз, – дедім дауыстап. Есік ашылып, ішке имене басып бір әдемі бойжеткен қыз кіріп келе жатты.

– Танымай қалдыңыз ба? Мен Күләйханмын ғой, – дейді жымыып. Құдай-ау, бұл қыз бала деген қалай тез өсіп кетеді. Мен жетінші сыныпты бітіретін жылы тұлымы желбіреп жүрген көршінің кішкентай қара қызы еді. Мен көрмеген екі жылда белі қыналып, бойы таралып әжептәуір үлкен қыз болыпты. Бір бұрым қып өрген қолаң шашын оң иығынан алдына қарай төгілтіп өріп қойыпты. Білектей шаш бұлғандап, жаңа тебіндеп келе жатқан төсін соққылап тұр. Біз тұрған ұйғырдың үйінен кейінгі үйде тұратын. Қайсыбір күндері сабаққа екеуміз бірге баратын едік. Қыз өспей ме, көкейінді теспей ме, деген осы. Құмырсқа бел, құмай көз

нағыз сұлудың өзі болыпты. Күләйханды көргенде менің денемнен тоқ жүріп өткендей болды. Күтпеген жерде не айтарымды білмей, абдырап қалдым.

– Кел, төрлет, – дедім орын ұсынып.

– Сен келді деп естіген соң амандасайын деп келдім?

– Әлгі сендер тұрған үйдің қызы - Әминәм айтты.

– Е, мен кеше барып онымен амандасып қайтқанмын.

Екеуміз қайдағы-жайдағыны айтып, біраз отырдық.

– Бейжінге барған соң бізді ұмытасың ғой, ә, – деп қыз қара көзін төңкеріп күлімдей қарады.

– Неге ұмытайын.

– Хат жазып тұрасың ба?

– Ол не дегенің, хатты қарша боратамын.

– Қайдам, көзден кетсе, көңілден кетеді деген бар ғой.

– Сендей қызды қалай ұмытарсың, – деп білегінен ұстай алдым.

Неге олай еткенімді өзім де білмеймін. Сол-ақ екен Күләйханның екі беті ду етіп қызарып кеткендей болды. Көз жанары жыпылықтап, қою қара кірпіктерін төмен түсіре қойды. Екеуміз де бір сәт үнсіз қалдық.

– Үйдің іші іздеп қалар, мен кетейін, – деді ол әлден уақытта.

– ?

Қыз есіктен қалай шығып кеткенін байқамай да қалдым. Өн бойымды билеген бір асау сезім жан дүниемді астан-кестең етіп жібергендей болды. Көпке дейін елегізіп, өзіме-өзім келе алмадым. «Бұл не, махаббат па?» деймін ойға қалып. Осы жасыма дейін қыз баланың білегінен ұстамаппын. Ұстамақ түгіл қызға қарап қоюдың өзі әбестік боп саналатын біздің ұғымда. «Апыр-ау, неге бірауыз тіл қатпадым. Не деген ынжық, ашық ауыз едім» деп кінәлаймын өзімді. Ол не ойлап кетті екен» деген ой басымнан шықпайды. Ертең жолға шығамын деген күні өзімді-өзім зорлап Күләйханның үйіне бардым. Тап бір қылмыс жасағалы келе жатқан адамдай абдырап сабырсызданып келемін. Қарсы алдымнан біреу шығып «тәйт» десе зыта жөнелетін түрім бар. Үйіне кіруге батылым жетпей көшені бойлап ары-бері жүрдім де қойдым. Ешкім көрінбейді. Бір кезде бойыма әлдеқандай батылдық сап ете қалды. «Несі бар, дарбазадан кірейін» деп ойлады. Қақпасынан аттағаным сол еді, қарсы алдымнан бір кішкентай сабалақ ақ күшік шәуілдеп қарсы алды. «Саған кім керек, неғып жүрген адамсың» дегендей шәу-шәу етеді. Осы кезде есік ашылып, Күләйхан шыға келді. Бейне менің келуімді күтіп отырған секілді.

– Жүр, үйге жүр, үйде ешкім жоқ, – дейді қыз сартылдап. Ешкім жоқ дегенін естіп, көңілім орнына түсейін деді. Тап-тұйнақтай таза екі бөлмелі үй екен. Төрге озып, тізе бүктім.

– Ертең таңғы сағат сегізде жүретін болдым. Саған қош айтайын деп келдім, – дедім келген ісімнің мәнісін білдіріп.

Жолың болсын, оң сапар тілеймін. Тек мұндағы бізді ұмытпай еске алып жүрсең болды ғой, – дейді сыңғырлай күліп.

Ер балаға қарағанда қыздар пысық келе ме деймін. Күләйхан ойындағысын бүкпей ашық айтып тұр. Ал мен болсам қуыстанып, қысылып отырмын. Айтатын сөзім де жоқ, бәрі де таусылып қалған секілді. Ол кезде Күләйхан альбомын алып келді.

– Мә, мына суреттерді көр, – дейді. Альбомды парактап аша бастадым. Бармақтың үлкендігіндей өңшең майда суреттер.

– Бір суретінді берсейші, – деп өтіндім.

– Ала ғой, әкел жазып берейін, – деп жеке түскен бір суретінің сыртына «Мұхамеджанға естелік үшін» деп жазып, маған ұсынды. Пионерлік галстугімен түскен кішкентай сурет маған қарап күлімсіреп тұр.

– Кішкентай күнінде де сұлу екенсің ғой. Мен қалай байқамағанмын, – деймін өзімше сөз тапқан болып.

– Қайдағы сұлу, ол кезде сен үлкен қыздармен билеуші едің ғой, – дейді қайдағыны еске салып. Расында, мен жетінші сыныпты бітіретін жылы би үйірмесіне қатысқаным бар. Күләйхан соны меңзеп тұр. Қанша отырғанымды қайдам, бір кезде мен орнымнан тұрып кетуге ыңғай білдірдім.

– Мен жүрейін. Қош-аман бол, – деп қолымды ұсындым. Ол да қолын берді. Білегі жұп-жұмыр аппақ екен. Осы сәт көзіне көзім түсіп кетіп еді, оның ерекше қимастық сезіммен толқып тұрғанын байқадым. Мөлдіреген қарақат көзі жәудіреп маған тесіле қарап тұр екен. Кенет ол бетін менің кеудеме тақап: – Мен сендікпін, – деді сыбырлай үн қатып. Менің тілім байланып қалған секілді. Бірдеңе айтайын десем, үнім шығатын емес. Бар болғаны оның шашынан сипап, кекілінен иіскедім.

– Сау бол! – дедім де тысқа атып шықтым. Біреу келіп ұстап алатындай асығыс түрде қақпадан шығып, зытып барамын. Ұзап барып артыма қарасам, Күләйхан қақпаның алдында қалшыып тұр екен. Бір жапырақ кішкентай алақанын көтеріп, қолын бұлғап тұрған сияқты.

«Сұмдық-ай, адам бойында осындай да алабөтен сезімдер болады екен-ау» – деп күбірлеймін былай шыға беріп. Мен сол

күні көпке дейін меңіреу адамдай әрі-сәрі болып жүрдім. Асқа да тәбетім соқпады. Май жұтқандай кілкіп, кіржиемін де отырамын. Ойымнан Күләйхан кетпейді. Оның сұлу көркі көз алдыма елестеп тұрып алады. Күлгені, маған қарап наздана сөйлеп еркелегені бәрі-бәрі көз алдымда сайрап тұр.

Бейжінге баруға үлкендер жағы қарсы болғаны рас. Олай болса «бәрін жинап тастап осы қызға үйленіп алсам ба екен» деген бір ой сонау әріден қылаң бергендей болды, сөйтті де ол тез сөніп қалды. «Қой, болмас, ағаң Тұрлы әлі үйленген жоқ. Саған не жорық» деп басу айтқандай болады бір сабырлы ой.

\* \* \*

Мен Үрімжіге жеткенде балалардың алды жиналып қалған екен. Бәрі де уағдалы күндері келіп жатты. Сонау Қашқар мен Тұрпанның балалары да жетті-ау әйеуір. Сонымен сәрсенбінің сәтіне ұл-қызы аралас қырық бала жолға шығатын болдық. Ол кезде Үрімжіге теміржол жете қоймаған. Жүк машинасына тиеліп екі тәулік дегенде Шинхай өлкесінің шекарасына жеттік. Сол арада поездға отырдық. Поезбен бір тәулік жүріп, Гансу өлкесінің орталығы Лянжоу қаласына келдік. Осы арадан басқа поездға отырады екен-біз. Вокзалға түскен жерде бізді халық қоршап алды. Түрі-түсіміз өзге біздерді бейне көрмеге әкелгендей соңымыздан шұбырған қалың қытай қымтап алды. Жол бастаушымыз ашу шақырып қуса да олар кететінге көрінбейді. Төрт сағат сол арада еру болып, ары қарай басқа поездға отырдық. Лянжоудан Бейжінге жеткенше он неше тескен таудан өттік. Бұл Қытай халқының еңбекқорлығын айтпаңыз. Тауларды тесіп, жол салған ғой. Қайсыбір таулардан поезд жарты сағат жүріп өзер өтеді. Хуан Хы дариясынан өтерде жол серіктерінің жаны қалмай кетті. Терезелердің әйнегін жауып, сақтық шараларын жасап жатыр. Бейне біреу келіп сені дарияға лақтырып жіберетіндей шыр-пыры шығып жан таласуда. «Хуан Хы» қазақша сары өзен деген мағынаны білдіреді. Сары өзен десе, сары өзен екен. Суы сап-сары лай болып өркештеніп ағады. Көпірдің ұзындығы бір жарым шақырымға созылған. Терезеден суға қарасаң басың айналады. Астан-кестең болып, сары жал толқындар дөңбекшіп жатыр. Ерте заманда атам қазақ атын суғарған осы сары өзен жайлы қаншама аңыз әңгімелер мен күйлер тартылған десейші...

Бейжін вокзалына сағат он бірдің шамасында келіп жеттік. Вокзалда бізді арнайы адамдар қарсы алды. Бейжін-сынды тарихи қаланы алғаш көруіміз. Аспанмен тілдескен зәулім үйлер, кең көшелер даңғырап жатыр. Қаланы бейне адам теңізі дерсің. Құмырсқаның илеуіндей құжынаған қалың топтан жол тауып жүрудің өзі қиындық тудырады. Қала көшелерінде машинадан гөрі велосипедшілер жыртылып айырылады. Ерсілі-қарсылы ағылған жаяулардың арасымен зытып жүрген үш доңғалақты велосипедтер. Шанағына екі адамды отырғызып алып, мықшындай тебініп бара жатқан қатпа кара қытайлар. Әне біреуі екі доңғалақты арбаға жегіліп зыр жүгіріп барады. Бұрын-сонды көрмеген әртүрлі көрініске танданып тұрған біздерді көлікке отыруға нұсқау қылды.

Орталық Ұлттар институты қаланың батыс шақ шетінде екен. Өз алдына бір қалашық дерсің. Бұл Бейжін университетінен кейінгі ең үлкен орын. Құрамында жиырма шақты факультет бар. Қытайдағы барлық аз санды ұлттардың тілін оқытатын бөлімдер жұмыс істейді. Қытай студенттері үшін Тибет, ұйғыр, мұңғұл, қазақ, қырғыз, татар тілдерін осында оқытады. Ал біз қытай тілін үйренуіміз керек. Келген күннің ертеңінде-ақ сабақ басталып кетті. Екі қытай мұғалім кезектесіп сабақ өткізеді. Өздері ұйғырша сарнап тұр. Күніне алты сағат бойы қырық-елу иероглифтен үйренеміз. Қытай сөздерін тақтаға жазып, хормен дауыстап оқимыз. Соңынан оның таңбалануын жазып жаттығамыз. Таңертеңгі сағат жетіде қытайдың орталық радиосының соңғы хабарын тыңдаймыз. Өйткені есту арқылы да тіл үйренуге болады екен. Аптаның бір күнін қытай тілі күні деп белгілеген. Ол күні сен тек қытай тілінде сөйлеуге міндеттісің. Жазатайым қазақша сөйлеп қойсаң, жазаға тартыласың. Тәртібі өте қатал. Қайсыбір балалар күні бойы жақ ашпастан үнсіз жүріп күн батырады. Мен сабаққа алғыр едім. Мұғалімнің аузынан шыққан сөзін сол күйінде қағып аламын, өзінің айтқанындай етіп айтып беремін. Алғашқы күннен бастап жақсы жағынан көріне бастадым.

Қытай сөздерінің жазылуы бар да, айтылуы бар. Кейбір сөздері дұрыс айтылмаса, басқа мағына береді. Бір сөздің өзі үш түрлі болып айтылады. Тілінді таңдайыңа тақап тұрып үн шығарасың. Дыбысталуы дұрыс болмаса сөздің мағынасы өзгереді. Осылайша оқуға шындап ден қойдым.

Бейжінге келген соң үйге келістіріп хат жаздым. «Айыпқа бұйыра көрмендер. Менің қалай да оқуым керек болды. Тілімізді



алмай кеттің деп жазғырмандар...» деп ағымнан жарылдым. Мені келеді деп күтіп отырған үлкендер хатты алғанда шалқасынан түскен ғой. Әсіресе апам қатты күйініп, жылап қалса керек.

Өмір ағысы дөңгелентіп алып кетті. Күнделікті сабақ, одан қалса оқу залында отырып сабаққа әзірленумен уақыт өтіп жатты. Күләйханға да хатты кешіктіріп жаздым. Күндердің күнінде одан хат алдым. Ауылдың амандығын, өзінің биыл оқу бітіретінін жазыпты. Менің оқуға берілгенім сонша, Күләйхан жайлы ойлауға мұршам болмады. Бар есіл-дертім сабақта. Бос уақытымда кітапханадан шықпаймын, оқу залында отырып, өтілген сабақты пысықтаймын. Ұлттар институтының кітапханасы өте бай кітапхана болатын. Шетелде шығатын газет-журналдар бір сөреде ілініп тұрады. «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерімен мен тұңғыш рет Бейжінде танысқаным бар. 1961 жылы жаз айында «Қазақ әдебиеті» газетінде Мұхтар Әуезовтің қайтыс болғандығы жайлы қаралы хабар берілді. Қазақ әдебиетінің қаратауы құлады деп жазылған азалы мақаланы сол газеттен оқыған едім. Атақты жазушы өмірден озғанын естіп, қабырғам қайысқан. Ел мен жердің қадірін шетте жүрген ағайындар біледі десем артық болмас. Үрімжіде кілең ұйғырдың ішінде жүрдік. Ал Бейжінде құжынаған қытайдан басқа халықты көрмедік. Сондай кездерде «Шіркін-ай, Қазақстанда өз еліңнің ішінде жүрген адамның арманы бар ма екен» деп қиялдайтынмын.

Бірінші курсты аяқтаған кезде қытай тілінде ауызекі сөйлеуге кәдімгідей төселіп қалдық. Қытайларға ойымызды жеткізе алатын дәрежеге жеттік. Сабақ аяқталысымен шаруашылығына жәрдемдесу үшін қала маңындағы қыстақтарға барамыз. Дихандарға көмектесіп, жүгері суғарамыз. «Стильді түзеу» деген саяси науқан мұнда да жалғасып жатты. Күндіз жұмыс істейміз де, түні бойы жиналыста боламыз. Әлдекімдердің аузынан абайсызда шығып кеткен келеңсіз сөздері үшін бас қатырып, құлғанаша қуады дерсің. Садық деген қазақ баласының басынан кешкен қиянаты жайлы мен «Қақтығыс» атты кітабымда жазған болатынмын. Бұл рет оған тоқталып жатуды жөн көрмедім. Сөйтіп жүріп жаздың қалай өтіп кеткенін де байқамай қалдық. Жұмыстан келсем маған ауылдан бірнеше хат келіп жиналып қалыпты. Ағайым Тұрлы Қапыш жеңгемізге үйленіпті. Апам үшеуі Мұңғұлкүреде тұрып жатқан көрінеді. Ал екінші хат Күләйханнан келіпті. «Мен

оқуымды ойдағыдай бітірдім. Ары қарай ұзап оқуға үйдің іші жіберетін емес. Сен қашан келесің? Менің үйленгім келеді» деп жазыпты. Менде әлі екі жылдық оқу бар. Барып келетін жақын де жер емес. Көп ойланып ақыры жауап хат жаздым. «... Мен оқуым бітпей бара алмаймын. Күте алмасаң, тұрмысқа шыға бер. Бақытты болуыңа тілектеспін» – дедім. Осыдан кейін одан хат-хабар келмеді. Шамасы, тұрмысқа шығып тынса керек. Енді аландайтын ештеңе қалмады. Бұрынғыдан да жігерленіп, сабаққа құлшына кірістім. Мыңсан иероглифті жазып, әрі жаттап миға тізіп жаттырмыз. Біз оқыған үш жылда үш том жеке сөзді басынан аяғына қарай, аяғынан басына қарай жатқа жазатын болдым. Бейне Құран кәрімнің сүресін жатқа айтатын қариялар секілдімін. Жаттағанда суша сіміремін.

Институтты бітіргенде он мың хатты жатқа жазатын дәрежеге жеттік. Қытай студенттерінің өзі университет бітіргенде он бес мың иероглифтен емтихан тапсырады екен. Ал қалған сөздерді сөздік арқылы өз бетінше меңгереді. Осылайша мен 1962 жылы шілде айында Орталық Ұлттар институтын қызыл дипломмен бітіріп шықтым. Тәржімандар дайындайтын қысқа мерзімді курсы үздік бағамен тәмамдадым. Үш жылда қытай тіліне бір шама жетілген едік. Бейжінде шығатын «Жен мин Жы Бау» деген орталық газеттің бас мақаласын оқып тұрып қазақшаға аударма беретін дәрежеге жеткенбіз. Ауызекі сөзде қытайдың өзін жыңылдырамыз. Қытайдың әдеби тілі «Бейжін тілі» деп аталады. Сол әдеби тілде біз жоғары білімді аудармашы атағын алдық. Диплом алған күннің ертеңінде маған үйден жедел хат келді. Аудандық халық үкіметінің мөрі басылған қатынас хат. «Мұхамеджанның ата-анасы Кеңес Одағының азаматы болғандықтан Отанына қайтатын болды. Сол үшін оны оқудан босатуларыңызды сұраймыз» делінген. Ертесі жолға жиналып, елге қайттым. Қалған балаларды Үрімжіге әкеліп, жер-жерге жұмысқа орналастырыпты.

Сонау алыс бір қиырда үш жыл көріспеген туыс-туғандар мені бір Меккеден келгендей қарсы алды. Сағынысқан ыстақ құшақтар айқасып, өліп-өшіп бетімнен сүйіп жатыр. Өте-мөте апамның қуанғанын айтпаңыз. Жұдырықтай жүрегін менің жолыма тасаттық қып жіберуге дайын. Шіркін, ананың балаға деген мейірімін ештеңемен теңестіруге болмас!

Ауылдағы бірге өскен құрбы-құрдастар да келіп, амандық-саулық білісіп жатыр. Зеріп әпкемнің баласы – Нұрмолда деген

күрдасым бар еді. Екеуміз бір жылдың төліміз. Мен көрмеген үш жылда ол кәдімгідей сақа жігіт болыпты. Сүйімқан деген бір әдемі сұлу қызға үйленген. Нұрмолданың денесі де кесек, екі иығына екі кісі мінгескендей палуан тұлғалы азамат дейтін.

— Өзінді оқу сорып тастаған-ау шамасы, шөпиіп азып кетіпсің ғой, — дейді ол менің тұрпатыма қарап.

— Немене тақияна тар келіп тұрмын ба? — деп әзілдеген болатын. Үш жыл бойы күріштен басқа тамақ жемеген адамда қайдан қуат болсын. Таза ауада қазы-қарта жеп, қымыз шіп жүрген олармен мені салыстыруға әсте болмас еді. Шөпиіп азып кеткенім ақиқат.

Апам мені ойлап, оңашада жылай береді екен. Сондықтан екі көзі басар болып ауырып, көз жанары нашарлап кетіпті. Келген күннің ертесінде «Қызылбайрақ» деген жердегі әскери қосынның дәрігеріне көрсетуге апардым. Казарманың дәрігерлік бөлмесіне кірген жерде үлкен шар айна қойылған екен. Әлгі айнадан апам өзінің сұлбасын көріп:

— Амансыз ба, құдайғи, — деп амандасып жатыр.

— Апа-ау, ол айнадағы өзің емессің бе? — деймін күліп.

— Е, қайдан білейін. Мен секілді бір әйел келіп қалған екен десем, — дейді езу тартып.

Қытай дәрігері көзін қарап, дәрілерін жазып берді. Сол дәріні пайдаланғалы бері көзі тәуір болып, қалпына келді. Менің қытай дәрігерімен қытай тіліне сөйлескеніме апам риза болып, бүкіл ауылға көпке дейін жыр қылып айтып, тауыса алмай жүрді.

— Менің балам, қытайша сөйлегенде қытайыңның өзі жолда қалады екен, — деп мақтауымды келістіріп жатыр.

Ауылға келгеніме біраз уақыт болды. Аунап-қунап демалып жүрмін. Ағайым Тұрлы да жұмыстан босап, ауылға көшіп келіпті. Көші-қонның қағазын күтіп, екі көзі төрт болып жүр. Неге екенін қайдам, сол қағаз кешігіп жатыр. Құлжадағы Кеңес Одағының консулы арқылы келеді екен. Одан әлі хабар жоқ. Көшеміз деп жүктерін буып-түйіп қойып, үйдегілер тағатсыздана күтіп жүр. Тұрлы ағаның да шыдамы таусылған болуы керек. Құлжаға барып консулға жолығып келу үшін өзі кетті. Бір жұма жүріп салы суға кеткендей екі иіні салбырап жүдеп келді.

— Күтіндер, көші-қон туралы құжаттарыңды дайындап, жоғарыға жолдағанбыз. Көшетіндерің анық. Бірақ дәл қашан екенін айта

алмаймыз, – депті. Сөйтіп екі көзіміз төрт болып, күтумен күндер өтіп жатты. Бір күні Шекіртті деген ауылдан маған шақырту келді. Сол жердегі үлкен шаруашлықтың бастығы қытай секретарына тілмаш керек екен. Уақытша болса да, осы жұмысқа барасың ба дейді. Жұмыссыз қарап отыруға болмады. Барайын деп шештім.

Кезінде байлардың малын тәркілегенде үкімет меншігіне алған малдарды бір орталыққа шоғырландырып, үлкен фирма құрылған болатын. Оған қытайлар басшылық етеді. Қандай мекеме болсын, бірінші басшысы қытай адамы да, екінші басшысы жергілікті аз санды ұлт өкілдері. Қытай секретары – Ма Шу Жи деген кісі екен. Жасы елуге таяп қалған. Қытайдың халық азаттық армиясының құрамында жиырма жыл қызмет еткен. Күрес жолында әбден шыңдалған революционер. Партияның ең сенімді өкілі. Мені келген бойда ол құшақ жайып қарсы алды. Екеуміз шүйіркелесіп, әңгімелесіп кеттік. Осылайша аудармашылық жұмысқа орналастым. Сол ауылға апам мен кішкентай қарындасым – Күләш екеуін көшіріп алдым. Шекіртті деген бір өзгеше ауыл-тұғын. Тұрғындардың көбі ұйғыр, дүнген, қырғыз және қазақтар тұрады. Құрамды ел. Келген күннен бастап Ма Шу Жидің қасынан бір елі қалмаймын. Малшыларды аралаймыз. Диканшылармен тілдесеміз. Секретарьдың айтқан сөзін оларға жеткіземіз. Малшылардың талап-тілегін Ма Шу Жиге тәржімелеймін. Мен жоқ болсам, ол мылқау адам секілді. Бір ауыз ұйғырша не қазақша білмейді. Ішкеріден жақында ғана келген таза қытайдың өзі. Ат мінуге де олақ. Ердің қасынан қос қолдап ұстап алады да, жығылып қалмаудың қамын ойлайды. Секретарьға ең жақсы аттарды мінгіземіз. Ферманың атақты күрең жорғасын соған ерттеп береміз.

Мұнда келгеніме біраз уақыт болып қалды. «Бейжіннен оқып келген қазақ баласы екен. Қытай тіліне өте жүйрік көрінеді...» деген сөздерді құлағым шалып қалады. Ауыл адамдары маған таңырқай қарайтын секілді, өйткені соншама алыс жердегі Бейжінге барып оқу мұндағылардың өңі түгіл түсіне кірмейтін жәй. Ондай сөздерді естігенде мен арқаланып кәдімгідей марқайып қаламын. Бір күні қызық оқиға болды. Ферманың темір ұстасы – Әшірахун дейтін ұйғыр жігіт бар еді. Сол дүкеніне келіп кетсін деп хабар айтыпты. «Не шаруасы бар екен?» деген жұмбақ ой жетелеп, жұмыс орнына келдім. Жігіт ағасы болып қалған еңгезердей қара жігіт еді. Маған жылы шырай танытып, күліп қарсы алды. Танауы шелектей боп қуанып тұр.

– Мұхамеджан саған бір хош хабар айтайын ба? – деді.

– Үйдің көшу қағазы шығып па? – деймін мен елендеп. Одан басқа қандай қуанышты хабар болуы мүмкін.

– Жо-оқ, мүлде бөлек әңгіме.

– Енді айтсайшы!?

Ол маған жақындап, құлағымның түбінен сыбырлай сөйледі.

– Саған бір ұйғырдың қызы ғашық болып қалыпты. Ертең біздің үйде кездестіремін.

– Қойшы, өтірік айтасың.

– Өтірік айтып не басыма күн туыпты. Менің хұтуныма келіп сол жігітпен таныстыршы, деп өтініпті, – дейді мәз болып. Мен тосылып қалдым. Несі бар, көрсем көрейін деп ойладым.

– Ой, жігітім ол қызды көрсең, өзің-ақ күйіп қаласың, – деп Әшірхұнның аузының суы құрыды.

Ертесі түскі үзіліс кезінде мені үйіне бастап келді. Әйелі құрақ ұшып төрден орын ұсынып жатыр. Бір кезде төргі бөлмеден сұңғақ бойлы аққұба қыз шығып келе жатты. Әшірахұнның айтқанындай бар екен. Алғаш көргенде мен өз көзіме өзім сенбей қалдым. Адам емес, періште дерсің Ұйғыр халқының өзіне тән бір ұлттық бітімі болады. Қыздың мойылдай қарақат көзі мөлдіреп, жүзінен нұры төгіліп тұр. Қып-қызыл шиідей ерні үлбіреп сүю үшін ғана жаралдым деп тұрған секілді. Бір бұрым қып өрген білектей қолан шашын арқасына төгілтіп өріп қойған. Бойына құп жарасады екен. Аршын төс, алма мойын арудың нағыз өзі. Ұйғыр әйелдері қастарына сүрме жағады. Мына қыздың да қасы қап-қара екен. Қас пен кірпігі үндесіп, жүзіне аздап көлеңке түсіріп тұрған сияқты. Алла тағаланың жомарттығын қойсайшы, осыншама сұлулықты қалай қиып бере салған деп ойлайсың. Адам баласында да осындай ажар-көрік болады екен-ау, деп тандай қағасың.

Ұйғырдың өткен шайын ішіп отырып таныстық жасадық. Аты Азат екен. Бесінші сыныптан соң ұзап оқи алмапты. Бірінші рет болғандықтан да қыз бала қысылып көп сөйлемейді. Қысқа-қысқа, жауаптасудан әріге барғанымыз жоқ. Әшірахұнның әйелі жеңгетайлық жасап, Азат екеумізді жарастырып жіберуге барын салып-ақ жатыр. Ұйғырлардың ұлттық салты өте қиын екенін мен бұрыннан білемін. Қыз баланы үйден шығармайды. Түнгі киноға барса жеңгесі немесе шешесі ертіп барып келеді. Алақандай ауылда өсек-аяң өршіп кетуі мүмкін. Сол үшін біздің кездесіп тұруымыз

өте құпия жағдайда болатын болды. Оныс Әсиәм жеңгей өз мойнына алды.

– Ретін тауып екеуінді кедестіріп тұрамын. Тек жеңгетайымды жақсылап төлесен болды ғой, – деп қалжындаған болады. Ойнап айтса да, ойындағысын айтып тұр. Содан бастап мен Азатпен Әшірахунның үйінде кездесіп жүрдім. Әр реткі әңгімеміз жәй хал сұрасудан әріге бармайды. Бұл қыз бала деген ерте пісіп жетілетін көрінеді. Азат менімен танысқан кезде небары он алты жаста ғана екен. «Сүйемін» деп айтудың өзі біз үшін өте қиямет еді. Бір-бірімізді көріп жәй тілдескеннің өзіне мәз болып қайтып жүрдік. Жаз ортасы ауып кеткен. Ауылдың сыртында шоқ-шоқ тал-теректер өсетін. Күзге қарай тусып кеткен қалың қурай қорыс болып өсетін еді. Кендір қурайдың ішінен атты адамның өзі әрең көрінетін. Азат екеуіміздің махаббат мекеніміз сол қурайдың іші болды. Кездескісі келген шақта Азат басындағы қызыл орамалын алып желпіп қояды. Ұйғыр халқының салтында қыздары қызыл орамал тартады. Қызыл орамал «қыз бала» деген ұғымды білдіреді. Ал мен шақырған кезде шәпкімді басымнан алып үш рет қайтып киемін. Өзімізше ойлап тапқан шартты белгіміз осы еді. Мен шақырғанда ол шыға алмайтын болса, орамалын басынан алмайды. Ондайда әлдеқандай себеппен шықпайтыны белгілі болады. Азаттың үйі біздің мекемеден анық көрініп тұратын. Аулға шықсам болды екі көзім сол жақта. Осылайша бір-бірімізді қатты ұнатып, жақсы көріп кеттік. Оны көрмесем тұра алмайтын дәрежеге жеттім. Күндердің бірінде мен оған шындықты айттым. Менің үй ішім кезінде Кеңестер Одағынан жер ауып келгенін, Кеңес Одағының азаматы деген төлқұжатымыз бар екенін айттым.

– Жақында біз көшеміз, – дедім.

Бұл сөзді естігенде Азаттың төбесінен жай түскендей болды. Екі көзінен жас парлап, кеудеме басын сүйеп, өксіп тұрып жылады дерсің. Менің де қабырғам қайысып, аяп тұрмын.

– Мені шынымен-ақ азапқа салып, кетіп қаласың ба? – дейді көз жасына булығып тұрып. Мені Бейжіннен шақыртып алғандағы себебінің өзі Отанға қайту болғанын айтамын.

– Онда мені де ала кет. Екеуіміз тез арада үйленейік, – дейді. Мен көп ойланып, бұл сырымды Қапыш жеңгем арқылы Тұрлы ағайыма жеткіздім. Азатты алып кетудің жолдарын қарастыруын өтіндім. Бір күні ағайым шақырып алып мән-жайды түсіндірген болды.

– Дәл қазір оған ешқандай амал жоқ. Біздің құжаттарымыз әлдеқашан толтырылған, үкіметке өтіп кеткен. Енді Азатты тіркеу үшін барлық құжатты қайта басынан бастау керек. Өзіміз көше алмай, дағдарып отырғанда сен екінші бір мәселені қоса көлденең татрпа, – деп тыйып тастады. Үлкенді тындап өскен біз еш қарсылық жасамастан іштен тынып, үнсіз қалдым. Ішім өртеніп бара жатқандай қиналамын. Бұл жәйды Азатқа қайтып айтарымды білмей дал боламын. Келесі жолы кездескенде шындықты айттым. Ол ағыл-тегіл болып ұзақ жылады. Мен жұбата алмай әуремін.

– Азат, сен жылама. Мен өтіп алайын, кейін шекараның сымторы жоқ жерден өтіп келіп, сені бір түнде алып кетемін, – деп жұбатқан боламын. Ондай тәуекелге баруым да мүмкін ғой. Бұл сөзімнен ол кәдімгідей жұбаныш табады. Менің кететінімді естігелі бері екеуміздің кездесуіміз тіпті жиілеп кетті. Әке-шешесінің көзін ала беріп мені шақырады. Екі өкпемді қолыма алып сол мекенімізге жетемін. Ол да келіп мені күтіп отырады. Сол арада ұзақ отырып сырласамыз, мұңдасамыз. Одан әріге бара алмаймыз.

Жаз өтіп, күз келді. Көші-қоннан хабар жоқ. Елеңдеумен күтіп жүрміз. Бір күні ұйықтап жатып түс көріппін. Түсімде бір ақсақал шал келіп:

– Балам, тұр үйлерің советке көшетін болды, – дейді. Ояна кетсем ай жайылып, күн шығып қалыпты. Апам шай қайнатып қойып мені оятып отыр екен. Түсімді айта түрегелдім. Ертеңгі шайымызды ішіп бола бергенде ауылдан екі ат жеккен арбаны алып Сағындық інім келіп тұр.

– Көшу қағазы шықты. Сендерді алып кетейін деп мінеки көлік әкеліп тұрмын, – дейді. Ойымда әрі қуаныш, әрі реніш. Жақсы көріп кеткен Азатты қиып тастап кетудің өзі маған оңай болып тұрған жоқ.

– Жүкті тией беріндер, – деп мені кеңсеге кеттім. Келсем Ма Шу Жи күтіп отыр екен. Алыс жайылымдағы мал отарларын аралауға шығамыз дейді. Мен бара алмайтынымды айтып, мәнжайды түсіндірдім. Бастық басын шайқап, менен айырылғысы жоқ екенін айтып, өкініш білдіріп жатыр.

– Мен сізге о баста айтқан едім ғой. Көшу қағаз шыққан күні мені босатасыз дегенім есіңізде шығар, – деймін.

– Есімде ғой. Бірақ сендей тәржіман енді маған қайдан табылады, – деп қиналып тұр.

Ол дереу есепшіні шақырып алып жалақымды есептетіп қолыма берді. Үш ай еңбек етсем де жігіттерге үйренісіп, бауыр басып

қалыппын. Барлығымен қимай қоштасып, үйге беттедім. Келсем Сағындық пен апам жүкті тиеп қойыпты. Жүк дейтін не жүк бар дейсің. Апам екеуміздің көрпе-жастығымыз бен қазан-ошақ қана.

– Ал жүрейік, – дейді Сағындық божыны ұстап.

– Менің жұмыстарым бітпей қалды. Кешке қарай барамын. Сендер кете беріндер деп оларды жолға салдым. Қалай да Азатпен ақырғы рет кездесіп, қош айтуым керек. Арба жүріп кеткен соң, аяндап Әшірахунның үйіне келдім. Әсима жеңгей жайрандап алдымнан шықты.

– Мен кететін болдым. Біздің үйдің көші-қон қағазы шығыпты, – дедім оған. Әйел қабағын шытып, қатты ойланып қалды.

– Азатқа обал болатын болды-ау, – деді абыржып. Менің де ішім удай ашып жүрегім ауырып тұр.

– Енді амал қанша, не істеймін, – деймін мұнайып, – Азатты осында шақыртшы қоштасайын. Әйел құрақ ұшып тез арада барып ертіп келді. Жолшыбай менің кететінімді Әсиямнан естіпті. Азаттың қара көзіне мұң тұнып, кірпігі шықтанып тұр. Енді аз болса, жылап жіберетін түрі бар. Екеуміз құшақтасып, көпке дейін үнсіз қалдық.

– Мен сенен айырылмаймын, – дейді сыбырлай үн қатып. Менде сөз жоқ. Бетіне бетімді тақап аймалаймын келіп. Бір кезде жұмыстан Әшірахун келді. Біздің жайымызды естіп, ол да қамығып тұр.

Бір-бірімізді қанша қимасақ та, амал қанша, қоштасуға тура келді. Азат жылап тұрып соңғы рет менің бетімнен сүйді.

– Қош, аман бол. Қайда жүрсең тілеуінді тілеймін, – деп көз жасын сығып-сығып алды да далаға қарай бетеді. Одан ұзаққа қала алмайтыны белгілі еді. Мен терезеден оған ұзақ қарап тұрдым. Екі иығы салбырап, жылап бара жатқанын жаныммен сезіп тұрмын...

\* \* \*

Ертесі бізге арнайы машина келді. Жүкті тиеп, сол күні-ақ Сүмбе шекарасына келіп жеттік. Бұл 1962 жылдың алтыншы қараша күні еді. Кеңес Одағында жетінші қараша үлкен мейрам екен. Соған байланысты үш күнге дейін біз Сүмбе бекетінде бөгеліп қалдық. Тек оныншы қараша күні Райымбек ауданының Сүмбе селосына келіп табан тіредік. Кезіндегі әлейім-тәлейім заманда бір-бірінен көз жазып қалған туыстар шұрқырасып, көрісіп жатыр. Апамның туыстарының бәрі осы жақта қалған екен. Бірге туған бауырлары:



Әлібек, Нұрбек, Дүйсен деген кісілер келіп шылауымызға оралып жатыр. Отыз жыл бойы көріспеген туыстардың ыстық құшақтары айқасып, мәре-сәре күй кешуде.

– «Тау мен тау қосылмайды. Ел мен ел кездеседі» деген рас екен-ау, деп үлкендер жағы шүкіршілік етуде.

Апамның ағасы – Әлібек атамның үйіне келіп түстік. Ол кісілердің қуанышында шек жоқ. Өшкені жанып, өлгені тірілгендей шаттанып жүр. Бір қойын сойып, ағайын-туысын шақырып қуанышын бөлісіп жатыр. Есігінің алдындағы екі бөлмелі тамын босатып берді.

– Осында қысылып-қымтылып қыстап шығындар. Жазға салым келістіріп үй соғып аласындар, – дейді нағашым.

Бір елден екінші жерге сіңісіп кету оңай шаруа көрінбейді. Мұндағы елдің тыныс-тіршілігі мүлде бөлек. Барлық адам колхозда жұмыс істейтін көрінеді. Үш күннен соң бізді де колхоз жұмысына жегіп қойды. Ибака деген бір ұйғыр шопырға інім Сағындық екеуіміз жүк тиеуші болып орналастық.

– Осы жігіттің машинасымен Ойқарағай, Күркілдек деген жерден қарағай тасисындар, – дейді бөлімше бастығы.

– Менің Бейжіннен институт бітіріп келгеніммен ешкімнің ісі бола қоймады. Қытайдан академия бітірсең де бұл жерде оның рөлі жоқ көрінеді. Сонымен, қарағай тасушы болып шыға келдік. Ертелетіп тауға кетеміз. Күркілдек деген жерде орманшылар қарағайды кесіп дайындап қояды екен. Құрылысқа жарайтынын, бір бөлек, отынға жағатынын бір бөлек жинайды. Біз сол арада машинаға сыйғанынша қарағай тиеп, ауылға әкелеміз. Кейбір күндері сол жақта қонып қаламыз. Кешегі студент – бүгінгі қара жұмысшы. Жабырқап жүрмін. Өткен өмірімді, думанды күндерімді сағынамын. Азатты ойлаймын. Осылайша ерім мойныма кетіп жүдеп жүргенімде күтпеген бір оқиға болды. Отызыншы желтоқсан күні біздің үйге төрт-бес машинамен бір топ адам сау ете қалды. Шопырлардың барлығы орыстар. Бұларды Тұрлы ағамен аталас жақын туысқанымыз – Досжан деген кісі екеуі бастап келіпті. Істің мәнін соңынан ұқтық. Қытайдан көшіп келіп жатқанардың көпшілігі осы Сүмбеге келіп тұрақтайды екен. Атамекеніміз, өз жеріміз деп аударыла түседі. Сол үшін де бұл арада халық өте тығыз. Колхоздарда жалақы деген атымен жоқ. Еңбеккүн деген табыстың мөлшері жыл соңында ғана есептеп, аздаған ақшамен астықпен есеп айырысады. Сондықтан да Тұрлы мен Досжан екеуі

ел аралап жайлы қоныс, жақсы өріс іздеген ғой. Бұлардың бағына Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Ақсеңгір совхозының сол кездегі директоры В.Светохин кез болады. Шаруашылыққа жұмыс күші ауадай қажет екенін айтады директор.

– Біз жеті үйлі жанбыз. Барлығы еңбекке жарамды. Төпсе темір үзетін азаматтар. Қандай жұмыс болсын атқарамыз, – дейді олар. Директор сөзге келмейді, дереу көшіп келіндер деп машина бөледі.

– Апыр-ай, елге жаңа қосылғанда бір қиырға қалай көшеміз, – деп үлкендер жағы түйткелсіп тұр.

– Ештеңе жоқ. Бәрі де қазақтың жері, қазақтың елі. Елге қосылды деген осы. Қайда жүрсек те жағдайымыз жақсы болса болмады ма, көшеміз, – деп Тұрлы аға кесіп айтты. Кіші әкеміз Толымбек те:

– Көшсек көшейік, Тұрлы мен Досжан осынша жұртты жерге қаратпайтын шығар. Тездетіп қам қылындар, – деп белсенділік танытты. Бұл хабрды естіген көрші-қолан, туысқандар келіп:

– Ойбай-ау, бұларың не, астыларыңнан су шықты ма? Көрмеген жерге қалай кетіп бара жатырсындар? – деп шуласып жатыр. Апамды ағалары жібергісі жоқ.

– Алуа осында қалсын. Жағдайларың жақсы болып жатса, жазға салым баратын шығар. Қазір қыс көзі қырауда қиналып қалады, – деген сөздер айтылып қалды.

– Маған әуре болмаңдар. Жастайымнан отасқан ордам, балаларымнан қалмаймын, – деп апам бауырларының бетін қайтарып тастады.

– Мейлі шырағым, онда өзің біл, – деп үлкен ағасы Нұрбек нағашым отырып қалды. Көршілер де, туысқандар да аң-таң болып қала берді.

Біздің көш Алматыны бетке алып қозғалып кетті. Жұрт жаңа жылды қарсы алып, тойлайын деп жатқанда біз көшіп жаттық.

1963 жылы бірінші қаңтар күні Ақсеңгір совхозының орталығына келіп жеттік. Совхоздың директоры өзі қарсы алды. Бір аяғын сылтып басатын егделеу кісі екен. Қазақша судай ағады.

– Қалай туысқандар, қиналмай жақсы жеттіңдер ме? – деп хал сұрап жатыр. Орыс адамының қазақша сөйлегенін естіп, риза болып қалдық. Біз келмей тұрып-ақ орын сайлап қойған екен. Келген жеті түтінді екі бөлімшеге орналастырды. Досжанның әулеті совхоздың

бірінші бөлімшесі – Жайсаң аулына, ал біздің үй Көкдалаға келіп түстік. Ақсеңгір совхозының екінші бөлімшесін – Көкдала деп атайды екен. Бар болғаны орыс-қазақ аралас жиырма шақты үй. Ауыл адамдары келіп жүкті түсірісіп, қолғабыс тигізіп жатыр. Өздері бауырмал, кішіпейіл жандар көрінеді. Жарқылдап қалмай жүр. Шалдар мен кемпірлер таныстық жасап, шүйіркелесіп кетті. Келген күні-ақ үйге тұрғызбай ерулікке шақырушылар көбейді. Орысбай, Байқұлақ, Мұсақан деген азаматтар бар екен. Бұрыннан таныс, туысқан адамдардай араласып кеттік. Өзім теңдес достар да табылды. Қазіргі арқалы ақын Өмірбай Өмірзақов деген жігіт сол ауылдан екен. Оныншы сыныпты биыл бітіріпті. Совхозда жұмыс істейтін көрінеді. Аз ауылда бозбалалар саны онша көп емес көрінеді. Өмірбай Өмірзақов, Жанат Ахметов сынды балаң жігіттермен әзіліміз жарасып, достасып кеттік.

Ақсеңгір совхозы 1957 жылы тың игеру кезінде құрылған шаруашылық екен. Жамбыл ауданы бойынша алдыңғы қатардағы ірі совхоз. Негізгі кәсібі мал мен астық өндіру. Жұмысшылар ай сайын қып-қызыл ақшаны шытырлатып санап алады. Тек еңбек етсең болғаны. Жалақы төленіп жатыр. Тұрлы ағаның айтқанындай бар екен. Колхозға қарағанда, совхоздың жағдайы көш ілгері көрінеді. Көшіп келген бізге бір өгізшені сойысқа берді. Екі қап ұн, қант-шай дегенді әкеліп, мамандардың өзі үлестіріп кетті. Еңбегіміз сіңбей жатып, мынадай жәрдем жасаған басшыларға алғысымызды айтып жатырмыз.

Үш күннен соң Сағындық екеуіміз совхозға жұмысшы болып тіркелдік. Сүмбеде қарағай таситын едік. Бұл жерде сабан таситын болдық. Бөлімшеде совхоздың үш отар бойдақ сиыры бағылады екен. Соған күн сайын қар астында қалған мая-мая сабанды тасып жеткіземіз. Тракторшы – орыс жігіті. Ол қазақша білмейді, біз орысша білмейміз. Әйтеуір ыммен болса да, түсінісіп жұмыс жасаймыз.

Қанша жыл оқыған еңбегім зая кетіп, осылайша қара жұмысшы болып қалу менің азаматтығыма сын болды. Жатпай-тұрмай іздене бастадым. Москвадағы дипломатиялық орындарға хат жазып, қытай тілін білетін маман қажет пе? – деп сұрау салдым. Алматыға да хат жолдадым. Барлығынан жауап алдым.

1961 жылғы Кеңестер Одағы коммунистік партиясының ХХІ-ші құрылтайында «Сталиннің жеке басқа табынушылығы» туралы мәселе қозғалып, сынға алынғаннан бастап Қытай үкіметімен

қатынас үзілген. Москвадағы Қытай елшілігі жабылған. Қытай тілін білетін мамандар қажет емес. Өкінішке орай сізді мамандығыңыз бойынша жұмысқа қабылдай алмаймыз деген жауап алдым. Осылайша еңсем түсіп, тауым шағылып жүргенде Байқұлақ деген ағайдың жақын бауыры Есберген Естаев деген азамат ауылға келіп қалыпты. Ол кісі ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқытушы екен. Менің жайымды естіп, көп ақыл-кеңес берді.

– Сен жазға дейін жұмыс істеп жүре тұр. Бұл елде мынадай заң бар. Бір институтты бітірген адам екенші институтқа емтихансыз қабылданады. Ол үшін дипломыңды қытайшадан орысшаға тәржымалатып қой. Қазақстанның Оқу министріне өзім алып барамын, – деді. Мынадай жағымды жаңалықты естіп, көңілім көтеріліп қалды. Үміт ұшқыны маздап жана бастады. Тағатым таусылып, жаз болуын күтіп жүрмін.

Қытаймен мемлекеттік қатынас үзілгелі бері екі елдің арасында хат-хабар алысу да тоқталып қалыпты. Азатқа жазған хаттарым сол күйінде өзіме қайтып келіп жатты.

Көктем шыға совхоздың қауырт жұмысы басталды. Жер жырту, төл алу, жүн қырку дейсің бе, әйтеуір толып жатыр. Кіші әкеміз Толымбек үй ішімен совхоздың бір отар бойдақ сиырын алып, бақташы болып кетті. Қырмаға көшіп шығып, Жиренайғыр өзенінің жағасындағы көктеуге барды. Жазда жайлауға шығатын көрінеді. Мен апам екеуміз Көкдалада қалып қойдық. Басшылар қайда жұмсайды, сол жерге барып еңбек етемін.

\* \* \*

Бірінші мамыр мейрамы қарсаңында Сағындық Нарынқолға барып келмекші болды. «Екеуміздің Сүмбеде істеген екі айлық жалақымызды сұраймын. Ағайын-туыстарды аралап, амандығын біліп келемін», – деп кетті.

Ол Сүмбеге барған күннің ертеңінде 1 мамыр Халықаралық еңбекшілердің ынтымақ күніне арналған шеру салтанатты түрде өтіп жатады. Мектеп оқушылары мен мұғалімдер көсемдердің суретін көтеріп көшеге шығады. Барын киіп, бақанын қолына алған ауыл тұрғындары колхоздың орталығындағы стадионға жиналды. Осы жерде әртүрлі ойын-сауық тамаша басталады. Бұл жиынға Сағындық та барады. Бір кезде жаяу жарыс, аударыспақ, палуан күрес сияқты ойын түрлері ойналады. Күреске сол ауылдың

бұрыннан атақты, жауырыны жерге тимеген палуаны – Еркін деген ұйғыр жігіті шығады. Сүмбеде тұрғындардың 30 пайызы ұйғырлар-тұғын.

Ұйғырлар Еркінді қолпаштап, даурығысып тұрады.

– Біздің Еркінге шығатын қазақ бар ма? Жоқ болса, бәйгемізді беріндер. Шаппай бәйге алу деген осы болады, – деп егделеу бір ұйғыр адамы ортаға шығып, өңешін созып тұр. Мынаның сөзі кімнің де болса намысын қоздыратыны анық. Мекежан атамыз қасында тұрған Сағындықты жетелеп, ойланбастан ортаға алып шықты.

– Атаң Райымбектің аруағы қолдасын, күрес балам! – деді нық сеніммен. Сағындық он сегіз жасқа жаңа толған балаң жігіт болатын. Дене бітімі кесек, палуан тұлғалы болып өсіп келе жатқан. Бірақ бұрын-соңды мұндай шаршы топта сынға түсіп көрмегенді. Өзінен әлдеқайда үлкен мына жігітке төтеп бере ала ма, кім білсін. Қаумалаған жұрт бір сәт үнсіз қалды. «Не болар екен?» деп демдерін ішке тартуда. Екі жігіт ұстаса кетті. Сағындық та оңайлықпен берісе қоятын көрінбейді. Ұйғырдың бір-екі реткі тегеурініне төтеп берді. Екеуі жұлқыласып бірін-бірі ала алмай тұр.

Осы сәт Мекежан:

– Иә, иә, аруақ, Райымбек! Райымбек! – деп ұрандап айқайлап жіберді. Даусы да зор кісі еді. Айналаны жаңғырықтырып дүрліктіріп жіберді. Айқай шыққанда Сағындық жігерленіп кетті. Еркінді іштен шалып жерге бір-ақ ұрды да, басынан аттап тұрып кетті. Жиналған қауым қошемет көрсетіп, Сағындықты аспанға лақтырып жатты. Мекежан шал қуанғанынан көзінен жас парлап оған жетіп барып:

– Ботам менің! Сені тапқан апаңнан айналайын! Намысты қолдан бермедің, жарайсың! – деп құшақтап бауырына басты.

Бұл жиынға колхоздың бастығы да келген-ді. Жұрт «сарыбастық» атап кеткен қабілетті басшы еді. Руы Алжан-тұғын. Ұйғырлардың алдында қазақтардың мәртебесін көтерген Сағындыққа ол да іштей риза болып тұрған-ды. Сағындыққа бәйгесін беріп жатып:

– Сен бала жиын тарқаған соң, маған жолығып кетші! – деді.

– Мақұл ағай, – деп ол жайнап кетті.

Бұл жиында ұйғырлардың жүні жығылып, жасып қалған. Жеңіліп қалған палуанына басу айтып, көңілін демдеп жатқандар бар.

Мерекелік ойын-тамаша түске қарай аяқталды. Сарыбастықты Сағындық көзбен шолып тұрған. Бір кезде ол аяндап кеңсесіне қарай беттеді. Кабинетіне кіріп, жайғасты-ау, деген мезетте Сағындық та ішке енді.

– Кіруге бола ма екен, ағай, – деді ілтипатпен.

– Кел, бала, кел, – деп бастық орнынан тұрып, оған қошамет көрсетіп, қасынан орын нұсқады.

– Сен Алжансың ба?

– Иә.

– Алжанның қайсысысың?

– Шағыр боламыз ағай.

– О, менің жақын бауырым болдың ғой.

– Қытайдан қашан келдіңдер?

– Өткен жылы қараша айында келгенбіз.

– Бұл араға тұрақтамай, неғып Алматы жаққа өтіп кеттіңдер?

– Үлкендеріміз жан бағысқа жайлы қоныс іздеген көрінеді.

– Ол жақта жақсы ма екен?

– Енді колхозға қарағанда, совхоздың жағдайы жақсы көрінеді.

– Совхоздардың жағдайы жақсы екені рас, өйткені олар мемлекеттің меншігінде. Уақтысымен жалақы төлейді. Барлық шығынды мемлекет көтереді.

– Иә, солай көрінеді.

– Мұнда нендей шаруамен келдің?

– Бұл жерде нағашыларым, туысқандарымыз бар. Соларға аман-сәлем жасаймын деп және өткен күзде осы колхозда ағайым Мұхамеджан екеуміз екі ай Ибака деген шопырға грузчик болып қарағай тасыған едік. Сондағы жалақымды алсам ба деп келіп едім, бұғалтырыңыз бермей қойды, – деді.

– Жалақыңды бермейтін ол сарттың не әкесінің құны бар екен, – деп бастық шытынып қалды. Дереу телефонның құлағын бұрап әлдекімді осында шақырып жатты. Көп кешіккен жоқ, еңгезердей аласа бойлы қара кісі домалаңдап кіріп келе жатты.

Кешегі жалақыны бермей қойған мықтының дәл өзі.

– Мына баланың жалақысын неге бермейсің? – деп бастық оған ежірейе қарады:

– Ведомость дайын болмай қалып еді, – деп далбасалады.

– Сөзді доғар, қазір екі адамның жалақысын есептеп, қолына сал, – деп бұйырды.

– Мақұл, мақұл, – ол есікке беттеді.

– Бауырым, Алжан деген аруақты ел. Бүкіл Албанның ұранына айналған Райыбек батырдың әулетіміз. Сондықтан да ел намысын жоғары ұста. Бабаң Райымбектің рухы қолдап, әр кез жеңіс тұғырына көтеріле бер, інішек! – деп қолымды қысып тұрып қоштасты.

– Рақмет ағай, айтқаныңыз келсін! – деді Сағындық оған туысқандық сезіммен елжірей қарап.

Ол есепшінің кабинетіне кірді. Кешегі шекесінен қарап, жауап қатқысы келмеген «мықты» бүгін құрдай жорғалап:

– Міне, жігітім, міне, мына жерге қолыңды қойып жібер, – дейді ведомосты оның алдына қойып. Сағындық көрсеткен графаға қол қойды да екі адамның екі айлық жалақысын санап алды. Әжептәуір ақшаны қалтаға басып, колхоздың кеңсесінен марқайып шығып келе жатты.

\* \* \*

Жаз ортасы болып қалған. Бір кні Есберген ағайдан хабар келді. Алматыға жетсін, депті. Қуанғанымнан жүрегім жарыла жаздап жүр. Совхоздың кеңсесіне барып, директорға жұмыстан босатуы жайлы өтініш жаздым. Ол қарсы болмады. Оқуға түсемін деген талабымды құптап, сәттілік тілеп жатыр. Ертең жүрем деген күні таң алдында түс көріппін. Түсімде астыма ақбоз ат мініп, тауға шығып келеді екенмін. Ояна кетсем түсім екен. Ертеңгі шайда апама айтып, түсімді жорыттым.

– Түсің жақсы екен, балам. Құдай қаласа, оқуға түседі екенсің. Ақбоз ат мініп жүрсең, мерейің үстем болады екен, – деп жақсы лебіз айтты. «Иә, Алла, өзің медет бере көр!» деп жаратқанға сиынып жолға шықтым. Алматыға келіп, дипломымды аударттым. Аудармашы – Тұрсын Дарияев деген ұйғыр жігіті екен. Арнайы мемлекеттік куәлігі бар, маман тілмәш. Дипломды орысшаға аудартып, нотариус арқылы растап берді. Ертесі Оқу министрлігіне келдім. Маңдайшасында «Қазақстанның Оқу министрі» деген тақта ілінген еңселі ғимарат. Есіктен имене басып қабылдау бөлмесіне кірдім. Бөлмеде үкінің балапанындай бір әдемі қыз отыр екен. Жәйымды айтып едім, лып етіп ішке кіріп кетті де тез шықты.

– Кіріңіз, – деді есікті нұсқап.

Министр не деп жауап қатар екен, деп жүрегім тарсылдап тұр. Тіпті атқақтап аузымнан шығып кете жаздайды. Сәл демімді басып, сабыр сақтап имене басып ішке кірдім. Оқу министрі Б.Серікбаев деген кісі екен. Қырықтың кең мол ішіне кіріп қалған зор денелі қарасұр жігіт. Түсін жылытып, мені жылы шыраймен қарсы алды. Менің де көңілім орнынан түсіп, келген шаруамды баяндап жатырмын.

– Қытайда он бес жыл оқып келіп едім ағай, сол оқуым бұл жерде іске аспай қалды. Тағы оқығым келеді, жәрдемдессеңіз екен, – деп жалбарынып тұрмын. Министр дипломымды қолына алып, аудармасына көз жүгіртті.

– Қайда оқығың келеді? – деді сәлден соң.

– ҚазГУ-дің тіл-әдебиетіне барсам деймін, – дедім.

– ҚазГУ де оқу саған қиын болады, шырағым. Сен орысша білмейсің, текке қиналып қаласың. Оданша КазПИ-ге бар. Ол да ҚазГУ-ден кем білім бермейді. КазПИ-дің тіл-әдебиет бөлімінің екінші курсынан бастап оқисың. Келістік пе? – деді.

Мен қуанғанымнан жылап жібере жаздадым.

– Рақмет ағай, рахмет! – деп алғысымды жаудырып жатырмын. Министр қызыл бояқ қарындашпен «Қабылдау комиссиясы» екінші курстан қабылдаңыз» – деп дипломымның көшірмесіне бұрыштама соғып берді. Бақыттан басым айналып, студент болатыныма сенерімді де, сенбесімді де білмей тұрмын. Бұл өмірде жақсы адамдардың орны ерекше ғой. Жақсының шарапаты тиеді деген осы болар. Министрдің жарлығымен студент болып шыға келдім. КазПИ-ге келіп деканға жолдаманы көрсетіп едім, сөзге келмей қабылдау тізіміне жазып алды.

– Қазір екінші курстың студенттері ауылшаруашылық жұмыста жүр. Сабақ он бесінші қазан күні басталады. Сол күннен қалмай келсең болды, – деді факультеттің деканы Киікбаев деген кісі. Қуанышым қойныма сыймай ауылға келдім. Естіген жұрттың бәрі құтты болсын айтып қолымды қысып жатыр.

Оқу басталғанға дейін әлі екі ай уақыт бар. Совхозға уақытша арыз жазып қайтадан жұмысқа кірістім. Оған дейін аздаған тиын-тебен тауып алу ойымда бар. Бұрынғыдай емес, еңсем көтеріліп, көңілімді шаттық кернейді. «Қалай да оқуым керек» деп құлшына түсемін. Білімге шөліккеп құштараланып жүрмін.



Күзге салым жайлауға кеткен мал отарлары далаға түсті. Қойшылар, сиыршылар көшіп келіп жатыр. Бір күні бөлімшенің зоотехнигі Қаташ деген жігіт келіп:

– Ертең Алматыдағы ет комбинатына бір табын сиыр айдаймыз. Сен айдасып барсаң қайтеді. Ақынды жақсылап төлеймін, – деді.

– Жарайды, – деп мен келісе кеттім. Маған жұмыстың бәрі-бір, әйтеуір ақша төлесе болғаны. Нұргелді Қорғанбаев деген бақташының қарамағындағы сиырларын түгел етке өткізетін болыпты. Нұргелді екеуміз екі атты сайлап мініп, жүз қаралы сиырды Алматы қайдасың деп айдап шықтық. Қаташ өзі және Қамбар деген тағы бір сиыршы төртеуміз жолға түстік. Етке апаратын мал болған соң жініктірмей жәйімен айдадық. Ауылдан ұзап шыққан соң Қаташ пен Қамбар екеуі жол бойындағы ауылдарды аралап кетеді де, біраздан соң қайтып келеді. Жәй келмейді, тана-торпақ жетелеген ауыл адамдарын ерте келеді. Сиырды иіріп тастап, бір танаға білдей бір ту сиырды айырбас жасайды. Нұргелді екеуміздің шаруамыз қанша, малды аман айдап барсақ болғаны. Осылайша үш күн жүріп, төртінші күні Алматыға жеттік. Ауылдан шыққанда үлкен сиырларды айдап шыққан сияқты едік, Алматыға жеткенде өңшең тана, бұзау болып кетті. Шамасы мұнда келгенде саны түгел болса болатын көрінеді. Төртінші күні сәскеде Алматы көшелерімен топырлатып С.Сейфуллин даңғылындағы қазіргі ет комбинатына айдап бардық. Қаташ сиырларды өткізіп, бір кезде біздің қасымызға келді.

– Жігіттер жарайсындар. Мал ойдағыдай өтті, – деп күлмен қағып, қалтасынан будақ-будақ ақшаны шығарып санай бастады.

– Мынау сендердің үлестерің, – деп Нұргелді екеуміздің әрқайсысымызға төрт жүз сомнан ақша ұстатты. Ол кездегі ақша қандай құнды. Совхоз жұмысшыларының бір айлық жалақысы сексен сомнан аспайды. Сонда біз төрт күнде төрт айлық жалақы таптық деуге болады. Нұргелді де мұртынан күліп тұр.

– Біз мініп келген екі атты жетелеп сендер кешегі келген жолмен қайта беріндер. Ауылға барған соң, сиыр айырбастады, деген әңгіме айтып жүрмендер, – деп Қаташ таптап жатыр.

– Жоқ, ондай сөз айтылмайды, – деп жатырмыз.

Ара қонып ауылға жеттік. Келген күннің ертесінде аудан орталығы Ұзынағашқа келіп, универмагтан елу сомға әдемі кос-

тюм-шалбар сатып алдым. Қыстық пальто, бәтіңке алып қарық болып қалдым. Соның өзінде жүз елу сом қалтамда қалды. Апамның қант-шайын да алып бердім.

Сағына күткен уақыт та келіп жетті. Айтылған күні Алматыға келіп Селхан деген шалдың үйіне пәтерге жайғастым. Үй иесі Отан соғысында екі аяғынан айырылып, кем болып келген адам екен. Бір аяғы тізесінен, еінші аяғы қара санынан кесілген. Қос балдақпен жүреді. Мүгедекерге арналған екі кісілік машинасы бар. Барлық қозғағыш тетіктері рульдің үстінде, қолмен басқарылады. Әйелі сауда-саттық жасайды. Ерте кетіп, кеш келеді. Ертең Алматының қай бұрышында қандай шетелдік заттардың сатылатынын біліп келеді. Әлгі заттарды қалай да алып, екі есе артық бағасына сатады. Сара атты мен құралпы ерке қызы бар. КазГУ-дің бірінші курсында оқиды. Шал да қарап жатпайды. Күні бойы көк базарда машинасымен жұрттың затын тасиды. Әр күні кәдімгідей ақша тауып келеді. Ішіп-жемге де кең. Дастарқанды кісілер. Мен бұл үйге қолбала есебінде, арнайы шартпен келдім. Су тасимын, дүкенге барып қант-шай, нан әкелемін. Шал келгенде қақпасын ашып қызмет көрсетемін. Қойшы, әйтеуір ер адам атқаратын жұмыстың бәрін істейтін болып келістім. Айына он бес сом төлеймін де бірге ішіп, бірге тамақтанамын.

Уәделі күні алғаш рет сабаққа бардым. Сабақ кестесін жазып алғанмын. Институттың бес ғимаратында жиырма төртінші аудиторияда дәріс тыңдап отырмыз. Жаңадан келген маған жұрттар тосырқай қарайды. Группада небір сақа жігіттер, сарыкідір тартқан келіншектер де жүр. Қазіргі Қазақстанға белгілі қаламгерлер – Төлеген Қажыбаев, марқұм Нүкеш Бәдіғұлов осы группада оқиды екен. Адам баласы сөйлескенше, жылқы баласы кісінескенше деген, бара-бара жігіттермен тансып, жақындасып кеттік. Бұл группада Үрімжіден оқып келген Нүкеш Бәдіғұлов, Манап Тойқин, Мүлік Фазылов деген жігіттер бар. Асқар Сүлейменовтың туған қарындасы Жұлдызай Сүлейменова да осында оқиды екен. Қазақ тілінен Асқат Әбілқаев, Нұржамал Оралбаева деген ғалымдар дәріс оқиды. Ауыз әдебиетінен академик Қажым Жұмалиев лекция оқиды. Күніне үш пар дәріс тындаймыз. Мен ғалымдардың оқыған лекциясын жазып қалуға тырысамын. Арабша жазудың пайдасын сонда көрдім. Оның тез жазылатыны соншалық, бірнеше сөзді сүйкектетіп бір белгімен таңбалайсың. Ғалымдардың аузынан шыққан сөздің елу пайызынан астамын қағаз бетіне

түсіріп үлгеремін. Қытайда арабша және қытайша оқып келгендіктен мұндағы славян жазуына шорқақпын. Әріптерді танығанмен жүгіртіп оқи алмаймын, тез жаза алмаймын. Сондықтан да лекцияны жазып қалуға күш саламын. Маған өте ауыр тигені қазақ тілі болды. Кейде курсовой жазамыз. Мұғалім ара-тұра диктант жаздырады. Ондайда арабша жазуға болмайды. Амалсыз кириллицамен жазамын. Қып-қызыл қате болып шығады. Бекер обалы қане, ұстаздарым маған кешіріммен қарайды. Жекелеп тапсырма береді. Менің оқуға деген ынталығымды бағалайды. Қазақ тілі сабағынан жүйелі білім алу үшін бірінші курсқа түске дейін, өз группама түстен кейін барып дәріс тыңдап жүрмін. Үшінші курсқа барғанда қазақ совет әдебиетінен қазіргі академик – Серік Қирабаев дәріс оқыды. Ол кезде отыздың ар жақ, бері жағындағы қылшылдаған жас жігіт еді. Өте шешен, тілмәр кісі-тұғын. Сабағының тартымды, қызықты өтетіні соншалық үзілістің қалай тез болып қалғанын сезбей қалатын едік. Ол кісінің лекциясы қашан болар екен деп күтіп жүретінбіз. Жастық шақтың ең бір тамаша кезені студенттік өмір ғой. Небір қызық думанды сауық кештеріне барамыз. Стипендия алған күні бір байып қаламыз. КазПИ-дің бет алдында жиырма сегізінші гвардиялық парктің ішінде ресторан бар, достармен кейде сонда барып сыралатып қайтамыз. Стипендияға алатыным жиырма жеті сом. Оның он бес сомын жатқан үйіме төлеймін. Қалғанын талшықтап жолақыға пайдаланамын. Айында бір рет ауылға келемін. Алматыдан поезға отырып, Ұзынағаш стансасына түсіп қаламын. Көкдала поезға жақын. Екі арасы үш шақырым жер. Жаяулатып үйге жүгіріп келемін. Бірде Алматыға қатынайын деп стансаның вокзалында кассаға билеттің өшіретінде тұрмын. Менің алдымда бұйра шашты, сұңғақ бойлы бір әдемі қыз тұр. Әлгі қыз көзіме оттай басылды. Көңілім түсіп, танысқым келді. Байқаймын әлі жас, мектепті бітіре қоймаған.

– Қарындас, танысып қоялық, – деп қолымды ұсындым. Ол да қарсы болмады.

– Хадиша, – деп қолын берді. Екеуміз бірге билет алып поезға бірге міндік. Алматыға жеткенше ашық-жарқын әңгімелесіп бардық.

– Қайда оқисың?

– Мектепте оныншы сыныпта оқимын. Осы стансада тұрамын, – дейді. Мен өзімнің жайымды айтып тұрмын. Әлгі қызды бір

көргеннен жақсы көріп, ұнатып қалдым. Мұнан кейін де кездесіп тұрайық деп уағда еттік. Сол күннен бастап ол менің ойымнан шықпай қойды. Шамасы, шын ұнатып, ғашық болып қалғанымды сездім. Уақыт зымырап өтіп жатты. Хадишамен хат алысып, хат берісіп тұрдық. Ұзынағаш стансасына келген сайын оның үйін төңіректеп, төбесі көріне ме деп торып жүремін. Есебін тауып ол да үйінен шығады. Түннің бір уағына дейін қыдырып, сейіл құрып қайтамыз. 1964 жылдың көктемінде Хадишамен осылайша табысқан едім.

Әкесі Ұлы Отан соғысына қатысып, бір қолынан айырылып, кем болып келген кісі екен. Жалғыз қолымен-ақ шаруа ұстайды. Жазда бие байлап, қымыз ішіп отырады. Қыста саятшылық жасайды. Күртiнiң жазығында тазы жүгіртіп, түлкі аулайды. Кәдімгі бұрынғы саятшы қазағы. Хадиша арқылы үй ішінің мінез-құлқын толық зерттеп болғандайымн. Кейбір кездесуде анасы мені көріп қалып жүрді. Хадиша да мен туралы шешесіне айтқан болу керек. Күндердің бірінде ол маған керемет жаңалық жеткізді.

— Егер ол баламен шын көңілдерің жарасып жүрсе, мен қарсы болмаймын, үйге ертіп кел, — депті анасы. Мен үшін бұл күтпеген оқиға еді. Бірден кіріп баруға батылым жетпей ұялып:

— Келесі жолы барамын, — деп Көкдалаға кетіп қалдым.

Мен ауылға әркез Алматы-Қостанай поезымен келетінмін. Поездың жүретін уақтысы белгілі. Ұзынағаш стансасына кешкі сағат сегіз жарымда жетеді. Сенбі күні Хадиша мені вокзалдан күтіп алды. Екеуміз қол ұстасып үйге келдік.

Желтоқсан айының орта шені, далада үскірік аяз, шықырлап тұр. Анасы — Шәлипа үлкен жүректі мейірімді адам еді.

— Айналайын-ай, жаурап кетіпсің ғой. Киімі де жұқа көрінеді, — деп жаны қалмай жатыр. Ол кісінің жылы қабақ танытқанына мен де риза болып, іштей қуанып тұрмын. Әкесі — Баймұхамбет деген кесек бітімді, қапсағай денелі зор кісі еді. Халық жауының баласы деп қудаланып, атамекені Көкшетаудан бой тасалап 1930 жылдардың ішінде Алматыға келіп паналапты. Қазақтан шыққан тұңғыш хирург дәрігер, Социалистік Еңбек Ері — Ысқақ Әлібековтермен әкелері бір туған жақын туыс екен. Олар да сол репрессия жылдары қоныс аударып Алматы, Ташкент қалаларында бой тасалап жүріп, оқу оқып, өз еңбектерімен сонша биік лауазымға жеткен адамдар.

Осылайша мен алғаш рет ата-енемнің қолынан дәм татып, үйіне түнеп шықтым. Содан былай бұл үйдің есігі мен үшін ашық болды. Өз үйімдей келіп-кетіп жүремін. Келген сайын қолғабыс тигізіп, шаруашылығына болысып жіберемін. Хадишаны ілестіріп түнгі киноға барып қайтамыз.

Сол жылдың көктемінде болашақ қайын атамыз еліне кетті. Қостанайда бірге туған әпкесі, жиендері бар екен. Көкшетауда қалған туыстарын аралап келмек болып жолға шықты. Бәріміз сәт сапар тілеп шығарып салдық. Бір жұмадан соң Қостанайдан суыт телеграмма келіп тұр. Баймұхамбетті елінде еркелетіп Бақай деп атап кеткен екен. Телеграмманың мәтінінде «Бақай аман-есен келді, қайтыс болды» деп жазылған. Телеграмманы алған бойда үй іші жылап-сықтап жоқтау айтып жатыр. Мен де әбіржіп, қайғырып жүрмін. Жан-жақтағы көршілері құлақтанып, ат қойып келіп жатқан ел. Баймұхамбеттің сол ауылда Байжұма атты құрдасы бар екен. Ол сонау көшенің аяғынан «ой бауырым!» - деп атпен құйғыта шауып келе жатты. Шамасы ішінде аздаған «жынды су» болуы мүмкін. Қатты айқайлап өкіріп келеді. Келген бойда есіктің алдында кір жайғыш темірге алқымынан асылып, жерге бұрқ етіп құлап түсті. Қатты құлағаны сонша, есі ауып қалды. Жұрт оған су бүркіп, әзер тірілтіп алды. Есін жиып, орнынан тұрған ол қайтадан «әндетіп» үйге беттеп бара жатты. Кеше ғана үйден сап-сау кеткен адамды өліп қалды деуге ешкімнің де көңілі сенбеді. Жақын адамдар ақылдасып, Қостанайға анық-қанығын білу үшін қайтадан хабар жіберді. «Өлген адам кім, аты-жөнін анық айтындар» депті. Сол күні кешке тағы да телеграмма келді. «Қайтыс болған Бақай емес, оның жиені – Сұлтан деген кісі» депті. Жаманнаттан шошып қалған үйдегілер көңілі жайланып, мауқын басқан сынайлы.

– Баймұхамбеттің жасы ұзақ болады екен.

– Көп жасайды екен, – десіп ағайын-туыс көңіл білдіріп жатыр. Екі жұмадан соң ол кісі қайтып оралды. «Өліп-тірілген» адамның келуі ауыл адамдары үшін зор қуаныш болды. Көңіл жетер ағайындар оны стансадан күтіп алып, қошеметтеп ертіп келе жатыр. Әкесінің аман-есен келе жатқанын естіп қыздары Қалима мен Хадиша алдынан шыққан. Екеуі жарыса жүгіріп барады. Осы кезде Баймұхамбеттің екі тазысы қыздарды басып озып, құйындай ұшып барып иесінің екі иығына екеуі аяғын салып асылып тұр.

– Жануар, «ит – ырыс, жеті қазынананың бірі» деген рас. Бұлар да жаманатты сезген-ау шамасы, – деп мына көріністі көрген жұрт

тебіреніп толқып тұр. Айтса айтқандай, тазы деген өте ақылды хайуан. Қыс күндері Бәкен саятшылық құрады. Жаңа қар жауған таң азанда екі тазысын ілестіріп, қырға беттейді. Жаңа жауған қардың бетінде түлкі мен қарсақтың іздері сайрап жатады. Мұндайда тазылар ізге түсіп, белден-бел асып көрінбей кетеді. Әлден уақытта сонау бір қиянда алтайы қызыл түлкіні зыттыра қуып барып, тірсегінен алып лақтырғанын көріп қаласың. Мұны көрген саятшы да шауып келіп, қар үстінде арпалысып жатқан түлкіні қара тұмсықтан ұрып сұлатып түсіреді. Олжалы қайтқан күні тазылар үйге бұрын жетіп сүйінші сұрағандай арсалақтап сылаң қағып келеді. Ал қанжығасы майланбай, құры қайтқан күні тазылардың құлағы салбырап, иесінің артынан сөмпендеп келеді де екеуі екі босағаға бүрісіп жатып қалады. Кешірім сұрағандай мүләйімсіп, көздерімен ғана бақылап жатады.

\* \* \*

Үшінші курсты аяқтаған жылы Хадиша екеуміз үйленіп, отау құрдық. 1965 жылы бесінші тамыз күні үйлену тойымыз Үлкенсаз жайлауында малшылар арасында өтті. Той кіші әкеміз Толымбектің шаңырағында болды. Ол кездің де өзіндік қызығы бар-тұғын. Тойға арналып бірнеше қазақ үй тігіліп, ақпа-төкпе той мәзірі дайындалып жатты. Той дастарқанынан дәм татып шыққан жігіттер қызып алып, неше түрлі ойын-тамашаны бастап кетті. Кәстек асыл тұқымды қой заводының қойшылары мен Ақсеңгір тәжірибе шаруашылығының жігіттері екі топқа бөлініп күш сынасты. Палуан күрестен соң бұқа тартысқа менің құрдасым — Нұрмолда Мұсаев шықты. Ол өте қарулы жігіт еді. Ат спортынан талай рет Қазақстанның намысын қорғап, Грузияға дейін барып келген. Арқанның тұйықталған ұшын мойнына салып қарсыласын күтіп тұр. Өзі сайыскер, көкпаршы деп атағы шыққан оған ешкім батылы жетіп шыға қоймады. Намысқа тырысқан Кәстек жағы бір жігітті зорлап шығарды. Төреші жігіт оның мойнына арқанның тұйықталған екінші ұшын кидіріп тендеді де: — Ал тартындар! — деп әмір берді. Сол-ақ екен, Нұрмолда әлгіні дырылдатып сүйрей жөнелді. Бұйым құрлы көрмей, дедектетіп барады. Төреші жігіт арқанды ұстап қалмағанда өзеннің жағасындағы теңкиген қой тастарға соғып, жазым ететін түрі бар. Бәйгенің бәсін жеңіп алған Нұрмолда қасқайып тұр. Мұнан кейін көкпар берілді. Өңшен

сәйгүлік мініп, сайланып келген жігіттер тағы да Нұрмолданың тақымынан лақты ала алмай, әуреленіп жүр. Ақсеңгірдің қойшыларының ішінде Қырғызбай Жұмабеков деген көкпаршы жігіт бар еді. Ол Нұрмолда екеуі тізе қосып көкпарға барғанда көп жігіттер беттей алмай тайқып шыға беретін. Бүгін де сол екеуінің дәуірі жүріп тұр. Көкпарды қайта-қайта әкеліп, той жасаған үйге тастайды. Жолын беріп лақты Кәстектің жігіттері алғанымен, былай шыға бере Нұрмолда мен Қырғызбай олардан тартып алады. Бір кезде көкпарды ұзатып, сонау Көктөбеге дейін Нұрмолда алып кетті. Сол күні той жасаған біздің үйдің түтіні көкке шалқып, көпке дейін әуеде қалықтап тұрды.

Күзге салым мен оқуыма кеттім. Хадиша апамның қолында Көкдалада қалды.

\* \* \*

КазПИ-де оқыған жылдары мен әдебиетке мейлінше ден қойдым. Әдебиет теориясын өз бетімше талдап оқыдым. Шығарма жазудың қыр-сырына үңілдім. «Жазсам-ау» деген бір құштарлық көкейімде сонау әріден қылаң береді. Бірақ күнделікті сабақтан мұршам болмай жүрді. Ойымда пісуі жеткен тақырыптар да болды. Әйтсе де оны қағаз бетіне түсіруге уақыт жар бермеді. Өзім сүйіп оқитын жазушылардың кітабын, классикалық шығармаларды зерделеп оқумен болдым. «Туған ай тураған етпен тең» деп атам қазақ айтқандай, ай артынан ай өтіп, уақыт шіркін зымырай берді. Соңғы курсты бітіретін уақыт жетті. Төрт сабақтан мемлекеттік емтихан тапсырып жатырмыз. Алла жар болып емтиханның барлығын жақсы деген бағамен тапсырып шықтым. Төрт жыл бірге оқыған достар әбден түсінісіп, бір-бірімізге бауыр басып кеткен едік. Бірге туған бауырдай болып жүрген достарыммен қоштасу өте қиын болды. Шымкент облысының Сарыағаш ауданының баласы Жолдас Бердішев деген жігітпен көңіліміз жарасып жақсы дос, қимас бауырдай болып жүрдік. Сол жігітпен кәзірге дейін хат арқылы болса да хабарласып, амандығымызды білісіп тұрамыз.

Алматы облыстық оқу бөлімі маған Жамбыл ауданына жолдама берді. Келген бойда бірден аудандық білім басқармасына бармай, ағайын-туыстарды сағаладым. Аталас жақынымыз Мақсұт Бела-

саров деген кісі Үңгіртас орта мектебінде мұғалім екен. Өзі білгір, елге сыйлы, беделді ұстаз-тұғын. Біздің үйлер Қытай жеріне ауғанда ол кісіні халық жауының баласы деп Арқа жаққа жер аударып жібереді. Әкесі-Беласары Нарынқол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған шағында нақақтан ұсталып, атылып кетеді. Тегінде ірілік бар, еті тірі азамат қуғындалып жүрсе де есебін тауып оқып, жоғары білім алып шығады. Біз Қытайдан келген соң үлкен кісілер бірін-бірі іздеп тауып туыстық сабақтастығын қайта жалғаған-ды. Сол кісіге барып дипломым мен жолдаманы көрсеттім. Менің оқу бітіріп келгеніме шын пейілмен қуанып, құтты болсын айтып жатыр.

– Сен баласың ғой, біле бермеуің мүмкін. Осы ауданда сенін тағы бір мықты ағаң бар. Мына Жамбыл аулында мектептің директоры. Ол жігіт те сенің әкелеріңмен аталас жақын туысың болады. Ертең шақырып таныстырамын, – деді.

Айтқандай ертесі түске таман бұл үйге шақырылған қонақтар келді.

– Рахым Дәуітов деген бауырың осы болады, – деп Мақсұт ағай келген кісіні маған таныстырып жатыр. Қырық жастың қырқасына енді ғана көтерілген жүзі жылы, жайдары жан екен. Көрген жерден жатсынбай, шүйіркелесіп кеттік. Жәй-жапсарымды сұрастырып жатыр. Дастархан басында мәре-сәре болып отырып туысқандар әңгіме-дүкен құрды.


– Мына інің институт бітіріп, диплом алып келіпті. Қасыңа ал, жол көрсет, – деп Мақсұт ағай кесіп айтты.

– Жарайды, сіз айтсаңыз орындаймыз ғой, – деп Рахым келісім берді. Ұзақ отырыстан соң Рахым аттанып кетті.


– Ертең сағат тоғыздан қалмай аудандық оқу бөлімінің кеңсесінің алдына кел. Мен өзім күтіп алып бастыққа жолықтырамын, – деді ол кетерінде.

Жамбыл аудандық оқу бөлімінің сол кездегі бастығы Мәтқасым Шөпбаев деген кісі екен. Семізше келген қызылшырайлы толық жігіт. Рахыммен ескі достардай жайраңдасып, күліп амандасты. Бір-бірінің үй іш, бала-шағасын сұрап жалпылдап жатыр. Сөздерінің ұшырына қарап, «Рахымның сөзі өтетін шығар» деп іштей үміттеніп тұрмын. Директор келген шаруасын баяндап еді, Шөпбаев сөзге келген жоқ. Хатшы қызды шақырып алып, бұйрық жаздырды.





*Жазушының әкесі  
Абрахманның інісі –  
Толымбек*



*Жазушы (оңжақтан  
түрегеп тұрған  
бірінші) Бейжіннің  
Орталық Ұлттар  
институтының  
студенті*




*Жазушының  
үлкен әпкесі –  
Зерін*



*Жазушы отбасы мүшелерімен бірге*



*Жазушы анасы – Алуа, жұбайы Хадишамен бірге*



*М.Абдрахманов жұмыс үстінде*



*Оңнан солға қарай: ақын Еркін Ібітанов,  
Мұхамеджан Абдрахманов оқырмандар ортасында*



*Жазушының мерейтой салтанаты.  
Жұбайы Хадиша екеуі*



*Жазушының отбасы*

1966 жылы үшінші қыркүйек күні мен Шөпбаевтың жарлығымен Жамбыл ауданына қарасты Жамбыл орта мектебіне мұғалім болып орналастым. Үлкен ауылға, жақсы ортаға келіп түстім. Мұғалімдердің көпшілігі ер адамдар екен. Сайдың тасындай іріктелген сақа жігіттер. Жанат Мұсақұлов, Бидәулет Рахманов, Әлімжан Сартбаев, Кәміл Дүйсебаев, Дәуітбай Исағұлов, Айдар Оспанов-сынды тәжірбиелі ұстаздар. Бұл мектепте қазақ тілі мамандары жеткілікті көрінеді. Зықан Балаева, Райхан Баймырзаева деген апайлар бар екен. Олардан маған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен артық сағат болмады. Өз мамандығым болмаса да, мектеп басшылары маған суреттен, ән-күйден, дене тәрбиесінен сағаттар тауып берді. Мектеп жанындағы интернатқа жарты жалақымен тәрбиеші болып орналастым. Осылайша менің ұстаздық өмір жолым басталды.

Жамбыл мектебіне мен 24 жасымда келдім. Жұбайым Хадиша он тоғыз жаста болатын. Тұңғыш баламыз – Сағадат бес айлық нәресте еді. Сол кездегі ең жас мұғалім мен болатынмын. Зыр жүгіріп жұмыс істеймін. Жаңа ортаға жақсы жағымнан көрініп қалуға күш саламын. Аудандық оқу бөлімінен шыққанда директор мына жәйды қадап айтқан-ды.

– Рахымның туысы боламын деп ешкімге айтпа. Бұл жердің адамдары арасында арызқойлар көп. Рахым туысқанын мұғалімдікке қабылдап жатыр деп ертең-ақ арызды қарша боратады, – деді. Мен тіксініп қалдым. Мешкей деген жақсы ат па дегендей, осындай әруақты, атақты жердің адамдарының ішінде арызқойлар бар дегенде кәдімгідей ішім ауырып қалды. Рахым ағай айтқандай қайсыбір мұғалімдер менің бұл ауылға қалай келгенімді суыртпақтап сұрай бастады.

– Өз ауылыңа, Ақсеңгір мектебіне бармай мұнда қалай келдің? – деді бір мұғалім.

– Мұнда Жәкеңнің мұражайы бар, оның бастықтары жазушылар. Осындай әдеби ортаны қалап келдім. Түптің түбінде менің де кітап жазсам ба деген ойым бар, – дедім. Олар ойланып қалды. Сол жылдан бастап, шағын мақалалар мен очерктер жаза бастадым. Жазғаным аудандық «Екпінді еңбек» қазіргі «Атамекен» газетінің бетінде жарық көріп жатты. Бара-бара әңгіме, повестер жаздым. Тұңғыш жазған повесім «Ағайша» деп аталды. Өлгі повесті жазуын жазсам да, газеттерге ұсынуға батылым жетпей

қорынып жүрдім. «Мынауың түкке тұрмайтын шығарма, несіне әуреленесің» деп айта ма деп көпке дейін ешкімге көрсетпедім. Алайда жазғаным өзіме ұнайды. Бірақ басқаларға көрсетуге батылым жетпейді. Сол кездегі Жамбыл мұражайының директоры – Мұхаметжан Етекбаев деген жазушы болатын. Қаламы қарымды, балалар жазушысы-тұғын. Ол кісімен таныстық жасап, әдебиет жайлы пікірлесіп жүрдім. Мұқаң бала мінезді, кішіпейіл адам еді марқұм. Едәуір жас алшақтығымыз болса да туысқан адамдардай сыйласып кеттік.

– Мұқа, мен бір повесть жазып едім. Сізге көрсетуге жүрексініп жүрмін. Уақтыңыз болса, оқып шығып пікір айтсаңыз! – деп өтіндім, бір орайы келгенде. Ол кісі қуанышпен құп алды.

– Әкеліп бер, оқимын, – деді. Повесті әкелуін әкелсем де, жүрегім жұдырықтай болып «не айтар екен, нашар дүние екен десе не бетімді айтамын» деп қысылып жүрмін. Бір күні үйге Мұқаңның өзі келді. Жүзінде қуаныш лебі бар.

– Мына повесінді оқып шықтым. Нағыз көркем дүние. Сен өзің қаламы төселген жазушы екенсің ғой, – деді. Мына сөзді естігенде өз құлағыма өзім сенбедім. «Мына кісі шын айтып тұр ма?» деп аңтарыла қараймын. Жоқ, рас айтып тұрған сияқты. «Ағайшаны» бақайшығына дейін талдап, көп пікір айтты. Аздаған олқы тұстарын өңдеп, қайта бір қарап шықсаң, баспаға ұялмай ұсынуға болады, – деді. Сол күні менің қуанышымды айтпаңыз. Жүрегімнің басынан бал тамып тұрғандай, бір тәтті сезімге бөленіп марқайып жүрмін. Етекбаевтың берген бағасынан кейін өзіме-өзімнің сенімім арта бастады. Бұрынғыдан да құлшынып жазуға кірістім. Мектептің жұмысынан қолым қалт етсе болды, қолыма қалам аламын.

Енді мен аудандық газеттің редакциясын жағалай бастадым. Ол кезде аудандық газет аптасына үш рет шығатын. Редакторы Сабырхан Асанов деген азамат. КСРО Жазушылар одағының мүшесі, он неше прозалық кітаптың авторы – Заманбек Жәкенов осы газетте редактордың орынбасары-тұғын. Көрмесем де атағын алыстан естимін. Кітаптарын оқығанмын. Бұрын жазғандарымды мен хат арқылы жолдайтынмын. Бұл рет редакцияға өзім келдім. Жүрексініп, есіктен әзер кірдім. Дәлізде тілші жігіттер ұшырасып қалды. «Мына біреу кім-ей өзі!» дегендей қайсыбірі шекесінен қарап өтіп барады. Қарсы ұшырасқан жігіттен Заманбекті сұрап едім:

– Ол кісі мына кабинетте отыр, – деп есігін нұсқап жіберді. Есік тұтқасын ұстағанда жүрегім өрекіп кетті. «Шығармамды жаратпай өзіме қайтарып берсе не істеймін?» деген бір әзәзіл ой мазалайды. Не де болса ішке ендім. Шарғы бойлы, қабағы ашық аққұба жігіт екен. Мені жылы қабылдады.

– Иә, қай баласың? – деді ол амандық сұрасқан соң. Мен аты-жөнімді айттым.

– О-о, әлгі газетке үзбей мақала жазып тұратын сен екенсің ғой, бәрекелді. Танысқанымыз жақсы болды, – деп мәз болып жатыр. Жақсының жаттығы жоқ деген осы болар, Заманбек мені іш тартып ескі досындай жадырап әңгімесін айтып ақтарылды.

– Иә, тағы да жазғандарың бар ма, не әкелдің? – дейді. Мен күмілжіп: – Ағай, бір повесть жазған едім, соны әкеліп тұрмын, – дедім.

– Жарайды, қалдырып кет. Оқып қоямын, – деді.

Екі жұмадан соң хабарластым.

– Шығармаң жақсы екен, нағыз өмірдің өзінен ойып алғандай дүние. Газетке дайындап жатырмын, – деп қуантып тастады. 1968 жылғы көкек айында «Аяулы ару» деген атпен аудандық газеттің алты нөміріне повестен үзінді берілді. «Екпінді еңбек» әдеби газет емес. Соның өзінде менің шығармам қатарынан алты нөмірінде жарық көрді. Газеттің сол кездегі тілшілері – Мақан Әміреев, Еркін Құтпанбаев, Жұмаш Арғынбаевтар құттықтап: – Бұл біздің газет үшін рекордтық көрсеткіш. Бұрын-сонды алты нөмірге дейін әдеби шығармалар беріліп көрген емес, – деп ағынан жарылып жатыр. Мынадай жылы лебізді естіп, мен кәдімгідей марқайып қалдым. Тағы бірде осы газетте «Әкем қайда» деген шағын әңгімем жарық көрді. Ойымда ештеңе жоқ, көшеде келе жатсам, бір үлкен кісі мені тоқтатып:

– Ой, айналайын, аудандық газеттен сенің энеукүнгі әңгіменді оқып шықтым, қандай керемет жазғансың. Ойлашы өзің, баланы әкесіз тірі жетім қылып өсіруге болмайды ғой. Бала үшін әке керек емес пе, солай ғой, ә! – деп өзіме растатып қояды. «Бұл кісі маған не айтпақ болып тұр?» – деген жұмбақ сауал көкейімде қалды. Оқиғаның мән-жәйын кейін түсіндім. Сол адамның қарындасы күйеуінен ажырасып, бір баламен жесір қалған көрінеді. Қарындасының бұл қылығына ағасы іштей күйініп, баланың әкесіз өсіп келе жатқанына

қапа болып жүрген ғой. Менің газетте жарияланған әңгімем ол кісінің дәл қышыған жерін тапқандай болған. Шынымды айтсам, бұл әңгімені мен жаңағы кісінің қарындасының өмірінен алып жазған жоқпын. Оның күйеуден ажырасқанынан да бейхабармын. «Басқа пәле тілден» дегендей, осы әңгімеден соң маған мұғалімдердің ішінен алақөзденіп, теріс айналып кететін апайлар пайда болды. Менің Қытайдан келгенімді, орысша жөнді білмейтінімді бетіме салық қылғысы келетіндер табылды. Аяғымды шалыс бассам аямастан жаулық қылатын түрі бар. Осыдан былай мен де ширап сала бердім. Әрқандай жұмыста қамшы салдырмаймын. Мектеп басшыларының айтқан жерінде тұрамын. Маған алақөзденгендер амал жоқтан мысы құрып, іштей жауығумен жүр. Күндердің бірінде мектепке үлкен комиссия келетін болды. Аудан мектептерінің директорлар кеңесі өтпекші. Оларға ашық сабақтар көрсету үшін мектеп басшылары үш мұғалімді таңдапты. Сол үшеудің біреуіне мені белгілепті. Қалған екеуі мектептің бетке ұстайтын тәжірибелі ұстаздары. Бидәулет Рахманов деген соғыс ардагері, атақты тарихшы. Екіншісі Орысбай Молдағұлов деген физик. Ол да мақтаулы мұғалім. Ал үшіншісі – мен. Институтты жаңа бітіріп келген жас мұғаліммін. «Таяқ жесе, осы жесін» дегендей ойда болса керек. Бір Аллаға сиынып тәуекелге бел будым.

Айтулы күні мектепке қырық директор сау ете қалды. Олар алдымен Рахманов пен Молдағұловтың сабағына қатысып шықты. Ендігі кезек менікі. Мұндай үлкен сынға бұрын түсіп көрген жоқпын. Жүрексініп те тұрмын. Қоңырау берілді. Оқушылардан соң директорлар топырлап кіріп жатыр. Олар тегіс жайғасып болған соң «нар тәуекел» деп сабақты бастадым. Өзімді барынша байсалды, салмақты ұстауға тырысамын. Методикалық әдіс-амалдарды пайдаланып, сабақты барынша жаңашылдықпен өткізуге күш-жігерімді жұмсадым. Әйтеуір барымды салып жатырмын. Мұғалімге берілген 45 минутты қолмен қойғандай етіп дәл пайдаландым. Сабақты қорытып, үй тапсырмасын берген кезде үзіліске шығуға қоңырау соғылды. Журналды қолтықтап, сынып бөлмесінен шығып келемін. Бұл туыстық жақындықтың да жөні бөлек. Сол жылы Жамбыл орта мектебіне ағылшын тілі пәнінен мұғалім болып Дүйсеке Рахжанов деген албан жігіті келген-ді. Сол жігіт бірінші болып, қолымды алып құттықтап жаттыр.

– Ағай, сабағыңыз жақсы өтті. Мен қоңырау соғылғанша есіктің саңылауына құлағымды тосып, сізді тыңдап тұрдым. Даусыңыз



жарқын-жарқын шығып жатты, – дейді әлгі жігіт жанашырлық танытып. Қалған мұғалімдердің менің сабақ берген-бермегенімде жұмысы жоқ. Сабақ біткен соң директорлар жаңағы үш мұғалімнің сабағына талдау жасады. Бірінші болып сөз алған, Ленин орденінің иегері, облысқа атағы жайылған – Жұмабай Жадрин деген кісі болды. Сабақ өткізген үш мұғалімге талдау жасай келіп:

– Менің пайымдауымша, мынау жас мұғалімнің сабағы өте жоғары деңгейде өтті. Оның бүгінгі сабағын аудан мектептеріне тәжірибе ретінде таратса болады. Бұл жігіттің болашағынан үлкен үміт күтемін. Әліне келе нағыз шебер ұстаз, айтулы педагог шығады деп ойлаймын, – деді. Сөз алғандардың бәрі Жадринды жақтап сөйледі. Мен мұндай мақтауды күтпеген едім. Мақтағанды кім жек көреді. Әріптестерімнің алдында шоқтығым биіктеп, жалым күдірейіп қалды. Жиын соңынан директорлармен бірге Жәкеңнің мұражайына бардық, суретке түстік.

Сол күні кешкісін Рахым Дәуітов бастаған мектеп басшыларын үйге шақырып, сабағымның ойдағыдай өткенін «жуып» бердім. Дастарқан басында да олар жақсы ниеттерін айтып, батасын беріп жатты.

Осы оқиғадан кейін маған сыртын беріп жүргендердің жүні жығылып қалды. Мені еріксіз мойындай бастады. Амалының жоқтығынан бетіме жылтырайды. Тісін көрсетіп, тілін жасырады. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деп бұрынғылар бекер айтпаса керек. Жаңа ортадан жаңа достар табылды. Әскер Күлменов, Асқарқұл Әубақиров, Рыскелді Әбуов деген ауылдың жігіттерімен көңіліміз жарасып, достасып кеттік. Мереке күндері бір шаңырақта бас қосып табақтас боламыз. Әсіресе, Әскер Күлменовтың маған деген ниеті ерекше еді. Марқұм мені туған бауырындай жақын тартып, шын ниетімен сыйласқан-ды. Мұғалімдердің ішінен де маған жылы қабақ танытқандары болды. Жасым кіші болса да қатарына алып, қадірлейтін. Жанат Мұсақұлов, Бидәулет Рахманов, Кәміл Дүйсебаев деген ағалармен жақсы жарастықта болдық.

Адамның бағы жанып, дәуірі жүрейін десе, бәрі оңынан бола кететін көрінеді. Бір күні мені мектептің бастауыш партия ұйымының хатшысы Күләш Дүйсенбаева деген апай шақырып алды:

– Сені партия мүшелігіне қабылдаймыз. Өтінішінді жазып бер, – деді. Мен не айтарымды білмей тосылып қалдым. Ол кезде Қытайдан көшіп келгендерге мұндағылар шекесінен қарайтын

заман болған. «Олардың түбі шикі, сенімсіз адамдар» деген пікір қалыптасқан. Ал коммунистік партияның қатарына өту дегеніңіз олар үшін арман ғана. Осындай қиын әрі жауапты іске менің шартым тола ма деген ой бар.

– Апай, мен әлі дайын емеспін ғой, – деймін күмілжіп.

– Жоқ дайынсың. Мен аудандық партия комитетімен келісіп келіп отырмын. Сөзді қой да арызыңды жаз, – дейді парторг.

Кеңестік дәуірде коммунистік партияның рөлі өте жоғары болғаны белгілі. Үкіметке ең сенімді, нағыз қайраткер ғана бұл саяси ұйымға мүше бола алады. Партия мүшесі болмасаң қызмет дәрежең де жоғарламайды. Осындай беделді ұйымға мүше болу үлкен абырой екені анық. Іштей қуанып тұрсам да, сыпайылық жасап, арызымды жазып бердім. Менімен бірге мектептің сол кезедгі оқу істері жөніндегі бастығы Жанат Мұсақұлов деген азамат екеуміз бір күнде коммунистік партияға кандидат болып қабылдандық. Бір жылдық сынақтан соң аудандық партия комитетінің жанындағы комиссияның сараптауына жіберді. Бұл сараптау мемлекеттік емтихан тапсырудан да қиын болды. Өңшең іші пысып отырған шалдар қайдағы бір ойда жоқ сұрақтарын береді. Сенің саяси сауаттылығыңды, білім деңгейіңді байқап көреді. Абырой болғанда, бұл сыннан да сүрінбей өттім. Партия комиссиядан өте алмай құлап қалғандар да болды. Сонымен, Жанат ағай екеуміз Жамбыл аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінің алдынан бір-ақ шықтық. Бүгін бізді бірінші хатшы Аймұханбет Мансұровтың өзі қабылдамақ. Қабылдау бөлмесінде кезек күтіп отырмыз. Мүшелікке өтетіндер бір-бірден кіріп «емтихан» беріп шығып жатыр. Аудан бойынша әр шаруашылықтан келген түрлі мамандық иелері бар. Озат қойшылар, диханшылар, оларға бюро мүшелері жеңіл сұрақтар беріп, тез-тез өткізіп жіберетін сияқты. Ақсеңгір совхозынан келген бір қойшыға Мансұров:

– Сен партияға өз еркінмен өтейін деп келдің бе, жоқ әлде біреу зорлап әкелді ме? – дейді. Сонда қойшы:

– Мына парторог бала жанымды қоймай жүрде-жүр деп алып келді ғой, – дейді. Отырғандар күлісіп алады. «Қой, мына қойшының жанын қинамай-ақ қабылдайық» деген оймен бірінші хатшы төр жақта ілулі тұрған Л.И.Брежневтің портретін нұсқап:

– Мынау кімнің суреті? – деп сұрайды. Қойшы ойланбастан:

– Айеке, ол өзіңіз ғой, – дейді. Бюро мүшелері қыран-топан

күлкіге батады. Өмір бойы қой соңында, далада жүрген қойшы Брежневтің суретін қайдан танысын. Ішегі қатып рахаттана күлген бірінші хатшы күлкісін әзер тежеп.

– Жігіттер, қабылдаймыз ба? – дейді. Барлығы бірауыздан дауыс беріп «мүшелікке өтсін» – дейді. Осындай көңілділіктен кейін біз кірдік. Бекер обалым не, отырғандар көп әурелемеді. Бірер сұрақтан соң дауысқа салды да «қабылдайық» деп қаулы алды. Сөйтіп 1971 жылдан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясы мүшесі деген қызыл билетті қалтаға салдық.

Жалындап тұрған жастық шақ. Шаршау дегенді білмейміз. Күні бойы мектепте боламын. Түннің бір уағына дейін шығармашылық жұмыспен айналысамын. Жазғандарым облыстық, республикалық газет-журналдарда жарық көре бастады. 1971 жылы «Лениншіл жас», қазіргі «Жас Алаш» газетінде «Он сегіз деген жасымда» атты әңгімем жарық көрді. Ол кезде газеттің проза бөлімінің бастығы Оралхан Бөкеев, орынбасары – Сағат Әшімбаев еді. Екеуі де жақсы пікір айтып, әңгімені газетке берді. Жігіттерге рақмет айтып, қуанышымды бөлістім. Жазғандарың жарық көріп жатса, шабыттанып одан сайын құлшына түседі екенсің. Бірде «Қазақ әдебиеті» газетіне «Дәурен-ай» деген әңгімені апардым. Бөлімде Кәдірбек Уәлиев деген жігіт отыр екен. Шығармамды ұсынып, жайымды айтып едім:

– Әкелші, оқып көрейін, – деді. Жеті беттік шағын әңгіме болатын. Тез-ақ оқып шықты. Оқып болып:

– Мынадай тілмен повесть жазбасаң, повестің әкесі өледі ғой, – дегені әлі есімде. Көп өтпей, әңгіме «Қазақ әдебиетінің» бетінде басылып шықты.

1971 жылы желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Алматы облысы мен Талдықорған облысында тұратын жас ақын-жазушыларының екі күндік семинар-кеңесі өтті. Сол жиынға мен де шақырылдым. Жанр бойынша топқа бөлініп шығармаларымызды талқылап жатыр. Біздің топты Бердібек Соқпақбаев басқарды. Мұндай алқалы жиынға алғаш рет қатысып отырмыз. Қазіргі мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов та сол жиында бізбен бірге болған-ды. Мүйізі қарағайдай үлкен жазушылардан өзіңнің жазғандарың жайлы сөз есту дегеннің өзі бір бақыт. Менің шығармам жайлы Бердібек ағай өте жақсы пікір айтты.

– Мына жігіт қаламы төселген жазушы ғой, – дегені бар сонда.

Жиын соңынан бәріміз суретке түстік.

1969 жылы «Жалын» журналының бірінші саны жарық көрді. Бұл жас жазушылардың бәсіресі іспетті еді. Менің әңгімелерім сол журналдың бетінде жарық көре бастады. Осы жылдар ішінде мен Жазушылар одағын жағалайтын болдым. Шығармаларымды алдағы жылдың жоспарына ендіруге әрекет еттім. Сөйтіп жүріп, әдеби ортада жаңа достар таптым. Дулат Исабеков, Төлен Әбдібеков, Бексұлтан Нұржекеев, Жәнібек Кәрменовтермен жиі араласып тұрдым. Мұқағали Мақатаевпен туыстық жақындығымыз бартынды. Екеуміз де Албан ішінде Алжан руынан тараймыз. Райымбек батырдың ұрпағымыз. Былайша айтқанда, аталас жақынбыз. Сол себепті Мұқанды ағалап, қасында еріп жүрген кездерім болды. Бір күні Максим Горький паркіндегі сыраханадан шөл қандырып отырмыз. Салқын сырадан екі саптыаяғын тастап жіберіп Мұқан шешіліп бір әңгіме айтқаны бар.

– Мен Алматыдан әбден жалықтым, қажыдым, – деді марқұм қабағын шытып. Алдағы жылы «Өмірдастан» атты өлеңдер жинағым жарық көреді. Сол кітап шықса, ауылға кетемін. Қарасазға барып, Елшенбүйрек тауының бір жырасына үй тігіп қоямын да екі бие сауғызып қымыз ішіп жатып, әй бір көсіліп жазбасам, – дейді армандап. Мұндай сұхбаттасу жиі болып тұратын. Алматыға барған әр сапарымды ол кісімен стакан соғысытымай қайтқан кездерім болмайтын. Өзі де келбетті, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, қызыл шырайлы, қыран қабақты жігіт еді.

– О, бауырым, келдің бе? – деп мені қуана қарсы алатын. Жоғарыда айтылған жас жазушылардың кеңесіндегі бір оқиға әлі есіменен кетпейді. Жазушылар одағының конференция залында үлкен жиналыс енді ғана басталған. Президиумда үкімет адамдары, Орталық Комитеттің сол кездегі идеологиялық хатшысы Камалиденов, Мирошкин, Жазушылар одағының төрағасы Әнуар Әлімжанов, аға жазушалар Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Мұхамеджан Қаратаев, Әзілхан Нұшайқов, тағы басқалар тізе қосып, сіресіп отыр. Әнуар Әлімжанов орнынан көтеріліп жиналысты енді аша бергенде залға Мұқағали Мақатаев кіріп келді. Алдыға таман жақындап келіп:

– Ей, Әнуар, тоқта! – деді, кезінде қазақ радиосының директоры болған адам. Дауысы зор екен. Бүкіл зал аңтарылып, өктем дауысқа құлақ салып тұр. Әнуар бөгеліп қалды.

– Бүгін орыстың ұлы ақыны Твардовский қайтыс болды. Марқұмды бір минут үнсіз тұрып аза білдіріңдер, – деді де басындағы қойдың жүнінен қолмен тоқылған бас киімін қолына алып үнсіз тұр. Президиумдағылар да орнынан көтерілді. Біз де тұрып аза білдірдік. Шамалыдан соң:

– Отырыңдар, ал енді сөйлей бер! – деді де, залдан шығып жүре берді. Мемлекеттік жиналысты тоқтатып қойып, өзінің айтқанын істеп кеткен не деген ерлік десеңізші?!

Тағы бір жолы кездесіп, ағалы-інілі екеуміз шамалап «бөртіп» алған едік. Амал не, Лашын жеңгеміз келіп қалып, Мұқанды дедектетіп ертіп кетті...

\* \* \*

1970 жылдардың бас кезінен бастап Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитет, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті және «Жалын» баспасы ұйымдастырған әдеби жабық конкурсқа деген болды. Шын таланттардың танылуы үшін осы конкурстың көп септігі тигені анық еді. Өйткені мұнда таныс-тамырлыққа жол берілмейтін. Шығарма авторлары аты-жөні құпия конвертпен баратын. «Бағымды сынап» көрейін деп мен де осы конкурсқа арнап «Аманат» атты повесть жазып жібердім. Сол шығарма 1974 жылы екінші жүлдеге ие болды. Бұл мен үшін теңдесі жоқ қуаныш еді. Сол күні Жамбыл мұражайына жол түсіп, Қабдеш Жұмаділов, Қалихан Ысқақов, Рамазан Тоқтаров деген жазушылар келіп қалған екен. Солармен бірге бәйге алғанымды атап өттім. Қыстың күні, соғым сойылған кез болатын. Сүрі қазыны астырып қойып, үйімде қонақ еттім. Бұл отырысқа мұражайдың сол кездегі директоры – Мұхамеджан Етекбаев та шақырылды.

Жылдар жылжып өтіп жатты. 1975 жылы Жамбыл аудандық оқу бөлімінің бастығы Ізтілеу Жотабаев мені шақырып алып, осы аудандағы бір мектепке директор етіп тағайындайтынын айтты. Ойланып қалдым. Мен тегінде мәнсапқор адам емеспін. Әйтсе де Жотабаевтың пікірін шет көрмедім. Бұл жөнінде мынадай бір аңыз-әңгіме еске түседі.

Қожанасыр жолда келе жатып, үйездеп жатқан қалың сирыға тап болады. «Осылардың біреуін мініп көрсем қайтеді» деген оймен қаперсіз жатқан бір тананың үстіне қарғып мінеді. Асау тана мөңкіп-мөңкіп Қожаны жығып кетеді. Әсте сиырдан жығылған қатер болады. Қожа қатты жығылып, есі ауып қалады. Бір кез-

де есін жиып орнынын тұрып, шекпенін қағып жатып «бұл да көкейде жүрген шаруа еді. Мұны да тындырдық» дейтін көрінеді. Сол айтқандай «директор деген қандай болады екен. Болсам болып көрейін» деп шештім. Үш күннен соң жарлық шықты. Самсы деген ауылдағы сегіз жылдық мектепке директор болып орналастым. Жотабаевтың өзі ертіп барып отырғызып кетті.

Су жаңа директормын. Жұмысты жаңаша бастап жатырмын. Басшылық қызметпен қоса директор күніне үш мұғалімнің сабағына қатысып талдау жасау керек екен. Тапсырылған міндетті аяғына дейін орындайтын әдетім бойынша күнде мұғалімердің сабағына қатысамын. Сабақтың түрі басқа болғанымен тәсілдері бірдей. Ұстаздың сабақ өткізудегі шеберлігін байқаймын. Әдіс-амалын саралаймын. Мектепте көп жылдық стажға ие тәжірбиелі педагогтар – Қызайбай, Панар, Қалдыбала-сынды мұғалімдер бар екен. Әуелі сол мақтаулы мұғалімдердің сабағын көрдім. Қалдыбала бұрын бастауыштың мұғалімі болған. Кейін сырттай оқып, география пәнінің мамандығын алыпты. Бастауышта ол озат мұғлім болған, мақтау қағаздары бар. Мен сабақтарына қатысқанда тырнақ астынан кір іздеп, жамандық қумаймын. Әйтеуір мұғалімнің сабағы жақсы өтсе екен деген ойда боламын. Бір күн бұрын өздеріне ескертіп, содан кейін ғана қатысамын. Кезек Қалдыбалаға келді. Сол күнгі оның өтетін тақырыбын оқулықтан бір шолып шыққанмын. Мұғалім сабағын бастады. Оқулықта берілген екі беттік дүниенің тең жарымы айтылмай қалды. Нені айтып, нені қойғанын өзі де білмейді. Оқушылар мандытып ештеңе ала алмады. Сабақта жүйе жоқ. Уақыт өлшемі деген атымен болмады. «Мақтаулы мұғалімнің сабағы мынау болса, жетіскен екенбіз» деп іштей ренжіп шықтым. Түс қайта әлгі сабақты талдауға кірістім. Мен кемшілігін айта бастап едім, ол ашу шақырып, өзіме қарсы атылды.

– Сен менің озат мұғалім екенімді неге ескермейсің, – деп дүрсе қоя берді.

– Апай-ау, сіздің озат мұғалім екендігіңізді білемін. Бірақ бүгінгі сабағыңыз көңілден шықпады ғой. Оқулықта берілген дүниелердің тең жартысын айтпай кеттіңіз, бұл қалай? – деймін мен. Ол шамданып:

– Мен мұндай сынды қабылдай алмаймын, – деп торсиды. Бақырайып тұрған шындықты мойындата алмаған қорлық екен.

– Онда келесі сабағыңызға дайындалыңыз. Мектептің оқу істері жөніндегі орынбасарымды, кәсіподақ ұйымының бастығы, бастауыш партия ұйымының бастығы – барлығымыз қатысамыз, –

дедім. Ол тұлан тұтып, «тындырып ал» дегендей тепсініп шығып кетті. Төрт-бес адам оның кезекті сабағына қатыстық. Сол баяғы сарын, сабақта жүйе жоқ. Методикалық әдіс-амалдарды пайдаланып, алған тақырыбын жаңашылдықпен түрлендіріп өтуден аулақ. Оқушыны қызықтырып өзіне тарта білетін бірде-бір қыры байқалмайды. Мұғалім бір жақта, оқушы бір жақта жүр. Баяғы қырық жылдық ескі сарын. Бір қырық бес минут қырық бес жылдай болып зорға бітті. Қоңырау соғылды. Үзіліске шыққан бетте шағын құрамда оның сабағына талдау жасадық. Қатысқандардың бәрі де көзге ұрып тұрған олқылықтарын айтып жатты. Көпшілік емес пе, бұл жолы күшпен иліктіріп, кемшілігін мойындатқандай болдық.

Менің ойымда ештеңе жоқ. Барлық мұғалімдерге бірдей жақсы ниет, ізгі тілекпен қараймын. Әйтсе де бір байқағаным, кемшілігін айтқан мұғалімдер сені жақсы көрмейді екен. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» демекші, бұларға күлдіріп айтсаң ғана жағатын секілдісің.

Әр адамның мінезі әртүрлі. Біреулер ақырын айтсаң тіпті басыңа қарғиды. Айналдырған жиырма мұғалімнің тілін таппай шарадай басым шақшадай болды. Шығармашылықпен айналысу жайында қалды. Күндердің бірінде ақылға келіп, ойлана бастадым. Дәркембайдың балағы босқа тозыпты, дегендей менің бұл жүрісіме жол болсын? Мына мұғалімдерді қайтадан тәрбиелеп, білімін жетілдіріп болғанша не тамтығым қалады. Одан да қылдың қысқа, жіптің жіңішкесінде жөнімді табайын, директорлығына рақмет, бұл жұмысты өткізейін деп ойладым. Директор болғаным бір жылға жуықтап қалған. Бір күні аудандық оқу бөліміне келіп, бастықтың кабинетіне кірдім. Жотабаев орнынан табылды. Кірген бойда болған жайды мәлімдедім.

– Ағай, бұл жұмыс маған қол емес екен. Мені босатуыңызды өтінемін, – дедім. Бастық орнынан атып тұрып айқайды салды дерсің.

– Сен партиямен ойнап жүр екенсің. Партия саған ойыншық па? Өл-тіріл үш жылға дейін қайтсең де істейсің. Партия жүктеген жұмыстан бас тарту дегенді білемісің, қылмыс жасағанмен бірдей жігітім, – дейді. «Мәссаған, енді не істеймін?!». Сәлден соң ашық әңгімеге көштім.

– Ағай, мен беретінімді берейін. Бұл жұмыстан құтқарыңызшы! – дедім. Бастық сәл жібігендей болды.

– Өзіңнің жағдайың қалай, туыстарың не істейді? – деді.

– Туыстарымның барлығы мал бағады, тұрмыстары жақсы, – деп жатырмын.

– Біздің үйдегі жеңген бір сиыр ұстасақ деп еді, сол жағы қалай болады?

Ақсенгір совхозында ағайым Анарбек бірінші тума құнажын сиырылардың бақташысы еді.

– Айтқаныңыз болады, – деп келісе кеттім.

– Онда былай істе, директорлықтан кететінің жөнінде ешкімге айтпа. Оқу жылын аяқта да, мектептің мөрін маған әкеліп тапсыр, – деді. Өмірімде мұндай қуанбаспын, – рахмет айтып қолын алдым. Екі күннен соң айтқанын бұлжытпай орындадым. Желіндеп тұрған дәу қоңыр құнажынды машинаға тиеп әкеліп, Зәкеннің жақын туысы, «Еңбекшіарал» ауылындағы бастауыш мектептің завшколы – Асқар Шадыровтың қорасына әкеліп түсіріп бердім. Осыдан кейін көңілім көтеріліп, арқамнан бір ауыр жүк сыпырлып түскендей күй кештім. Бастыққа берген уәдем бойынша ешкіге тіс жарып, бұл сырымды айтпадым. Оқу жылы аяқталып қалды. Көктемгі емтихан жүріп жатыр. Бір күні оқу бөлімінің жігіттері телефон соғып:

– Ауданға тез келіп қайт, – деді. Қазіргі Алматы облыстық оқу бөлімінің бастығы Тоққожа Естенов ол кезде Жамбыл аудандық оқу бөлімінің инспекторы болатын. Мұқтар Мұсылманбеков, Болат Сырбаев деген жігіттер сонда істейді. Барлығымен достасып көңіліміз жарасып кеткен-ді. Бәрі де маған жанашыр жандар. Айтқан уақытында жетіп келдім. Тоққожа мен Мұқтар алдымнан шығып:

– О, сорлы, шұнақ ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп құлағынан айырылыпты дегендей, директор боламын деп құритын болдың. Үстіңнен арыз түсті, – деді. Мен олардың қалжыны шығар деп ойлады. Расында солай болып шықты. Аудандық партия комитетіне жазылған. Домалақ арыздың мазмұнын айтып берді. Мәтінде былай делінген: «Мұхамеджан деген директор ешқандай жұмыс істемейді, сенбі сайын машинасына отырып, Жамбылдағы үйіне кетіп қалады. Қойшыларға барып, қозы сойдырып жейді» деп өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп арызды қарша боратады. Желдің қай жақтан соққанын біле қойдым. Қалдыбаланың ұйымдастырып жүрген ісі екені белгілі. «Қап, бәлем сені ме?» деп ішіме бүгіп қойдым.

– Аудандық партия комитеті арызды тексеруді бізге жүктеген екен. Зәкен «ол жігіттің өзі де директорлықтан кетейін деп жүр.



Бұл арызды қарамай-ақ қоялық» деп басып тастады, – деді Токқожа мені сабама түсіріп.

Директор болғаныңа жыл толмай жатып, бір мектепті шулатқан сендей мықты директорды көрмеппін, – деп Мұқтар қалжыңға басты.

– «Атың шықпаса жер өрте» деген, жарайсың, – деп Токқожа да бір жағымнан мүйіздеп жатыр.

– Болары болды ғой, арызда не жазыпты танысып шығайыншы, – деп жігіттерден мәтінді сұрап алдым. Оқып болып жағамды ұстадым. Бұл арызқойларға дауа жоқ. Менің жүрген, тұрғанымды бұлжытпай қағазға түсірген ғой. Тіпті мен туарлы жазылған күнделік десе де болады. Қазақтың салты бойынша, жаңа келген адамға ерулік беріледі. Қайсыбір үйдің шақырғаны, қандай қой сойғанын, бәрін-бәрін тізіп жазған. Мектепте болмаған күндерімнің ай-күніне дейін дәл көрсеткен. Самсы аулындағы қойшылардың біразы біздің елдің адамдары екен. Албанның бір азаматы атқа мініпті деп ерулікке шақырып, қозы сойып, қонақ еткендері рас еді.

– Ештеңе етпейді, ер жігіттің басына нелер келіп, не кетпейді, Зекеңнің арқасында бір ажалдан қалдың. Енді мұны атап өтуіміз керек, – деп жігіттер тауға қарай тартты...

Менің көңілімді көтеріп, жұқарған жүйкемді орнына келтірмек.

Самсыға директор болып барарда: «қалай-қалай емес» деген оймен Жамбылдағы пәтеріме апам мен балаларымды қалдырып кеткен едім. Келіншегім Хадиша екеуміз ғана барғанбыз. Солай еткенім ақыл болған екен.

1976 жылы бірінші шілдеде оқу жылын аяқтадық та Жамбылға қайтып кеттік. Жүрер алдында мектептегі тонның ішкі бауындай сыйласып жүрген біраз жігітті шақырып ажырасар аяқ бердік. Бейсеғұл, Еспенбет, Қызайбай деген ағайлар менің кететінімді естігенде:

– Бұл қалай? – деп аңтарылып қалды. Қаперінде бұлай болады деп күтпесе керек.

– Қап, бекер еткенсің! – деді Қызайбай шал өкініп.

– Сен әлі жассың, мұнан да биікке көтерілетін едің ғой, – дейді Бейсеғұл. Олардың қимастықпен айтып жатқанын білемін. Қалай десе де, болары болып қойған іске енді шаршаудың қажеті шамалы еді. Осылайша олармен қош айтысып, келген жағыма қарай тартып отырдым. Жамбыл мектебіне қайтадан жарлық алып,

мұғалім болып орналастым. Көпке дейін Қалдыбаланың жазған домалақ арызы көкейімнен кетпей қойды. Қалай да оған жауап қайыруым керек болды. Жаз өтіп, жаңа оқу жылы басталған кез. Бір күні ойыма әлдебір тақырып орала кетті. Сиыр фермасындағы сауыншылардың өмірінен алып «домалақ арыз» атты фельетон жаздым да, аудандық «Екпінді еңбек» газетіне апарып бердім. Газеттің келесі санында фельетон жарық көрді. Оқиға сауыншы әйелдердің сиырға таласқаны жайында. Анау әйел көп сиыр сауып қойды. Бізге неге аз сиыр бересің, деп сиыр ферманың бастығымен шатақтасқан әйелдердің образы бейнеленді. Ақыры іс насырға шауып, бастықтың үстінен арыз жазып, жоғарыға жолдайды. Мектептегі сағат бөлісудің ретін сауын сиырларды бөлісуге ұқсаттым. Ойымда ештеңе жоқ, сабақ өтіп жатқан едім. Мектептің оқу істері жөніндегі бастығы – Жанат Мұсақұлов келіп:

– Сені зав. районо шақырып жатыр. Тез жетсін дейді, – деді. Машинаға отыра салып, ауданға жетіп бардым. Бастықтың кабинетіне бас сұқсам, Жотабаевтың алдында менің екі кейіпкерім отыр.

– Жігітім, не бүлдірдің? – деп бастық маған қарады.

– Ештеңе бүлдірмеген сияқтымын.

– Қалай бүлдірмейсің, бізді айдай әлемге паш етіп, газетке жазғаның не, біз не істедік саған? – деп екі әйел жабыса кетті.

– Қайдағы газет деймін, – түк білмеген адам сияқтанып.

– Аудандық газеттегі «домалақ арыз» деген фельетон кім туралы екенін білесің бе? – дейді әйелдер.

– Сіздер жоғары білімді педагогсыздар. Сиыр фермасында болған оқиғаны қалайша өздеріңізге ұқсатасыздар, – деймін. Кейіпкерім Қалдыбала көз әйнек киетін-ді. Панар деген мектептің атаманы мойны құрықтай шекесінде қырым ет жоқ, арық кісі-тұғын. Мен оны «Панарбек» деп ер адам етіп алғанмын.

– Менің томпайып тұрған бетім, көзіме киген мына очкиім дәл маған ұқсап тұр ғой, – дейді Қалдыбала.

– Қалтандап тұрған басым, құлқиған мойным менен аумайды ғой, – деді Панар.

– Жазушы фантазиясы бойынша күнде көріп жүрген адамдардың портреті көз алдына келуі мүмкін ғой. Түрлеріңіз ұқсап кетсе кешіріңіздер. Бірақ оқиға сіздер туралы емес қой. Сиыр фермасында болған, – деймін мен жалтарып.

– Мектептің оқушылары «біздің екі апай газетке шығылтты» деп көшеде көтеріп жүренін көріп, біз үйден шыға алмай қалдық. Қандай масқара болдық десейші, – деп екеуі зар қағады.

– Сіздер домалақ арыз жазып па едіңіздер? Егер менің үстімнен арыз жазбасаңыздар неге бұл фельетонды өздеріңізге телісіздер? – деймін әдейі білмеген болып. Жауап қата алмайды. Іштері біліп тұр. Осылайша екі кейіпкеріммен есе қайтарысып, жаным жай тапты. Тысқа шықсам, жігіттер күтіп тұр екен.

– Әй, қатырдың, жарайсың, – дейді Тоққожа, қолымды алып.

– Арызқойларға сауап болды. Енді көп адамдар арыз жазбайтын шығар, – дейді Мұхтар қарқ-қарқ күліп.

\* \* \*

1977 жылы тұңғыш кітабым «Ағайша» жарық көрді. Кітаптың жауапты редакторы қазақ әдебиетінің көрнекті ақалгері Дулат Исабеков болды. Екінші кітабыма Жәнібек Кәрменов редакторлық етті. Жәнібек ол кезде «Жалын» баспасында қызмет істейтін. Марқұм өте ақ көңіл пейілді азамат еді. Кітап жайлы пікірлесіп жүріп, екеуміздің арамызда бір әдемі сыйластық орнағанды. Үйінде талай рет болып, Тотының қолынан дәм татқанмыз бар. Мен Алматыға барған сайын Жәкең үйіне ертіп барып, қоңыр домбырасын қолына алып ән салатын. Кейде әнші достарын шақырып алатын. Жабықбай Сапарғалиев деген жігітті шақырып, бір кеш бойы ән салғызғаны есімде.

Менің шығармаларым жайлы Жәнібектің пікірі өте жоғары еді.

– Мұха, саған тек жазу керек. Мынадай тілмен сен әлі үлкен шығармалар беруің керек. Әрине әдеби ортадан алыста жүрсің. Жалғызсырайтыныңды білемін. Сен ештеңеге алаңдамай, он неше күн бас көтермей жаз да, жазудан жалыққан күні маған жет. Мен екі-үш күн әндетіп, көңіліңді шалқытып, қайтарып жіберемін. Сол әсермен барып тағы да жаз. Жалықсаң маған кел дейтін, иманды болғыр. Оған қайдан уақыт жар берсін. Ұстаздық қызметтің өзіне тән машақаты бастан асады. Күнделікті сабаққа әзірленумен, сабаққа жоспар жазудан қолың босамайды. Мұғалімдік жұмысты тастап, бірыңғай шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік болмады. Жалақысыз қалай күн көресің. Бала-шағаны бағып, оларға нан тауып беру керек. Осылайша жұмысбасты болып жүрсем де, он неше кітап шығардым. Соған да тәуба қыламын. Жазған кітаптарымның жарық көруіне сол кездегі «Жалын» баспасының директоры Қалдарбек Найманбаевтың көп көмегі тиді. Жақсы адамдар шарапатын да көп көрдім десем де болады. Сәуірбек

Бакбергенов, Әбітай Атығаев, Қабдеш Жұмаділовтермен пікірлес болдым.

Жазған дүниелерім іркіліссіз жарық көріп жатты. Ол кезде кітап шығару қияметтің қияметі болатын. Қолжазбаң жоспарға тіркелген соң талай рет сүзгіден өтеді. Жабық рецензияға беріледі. Цензура тағы бар. Сондықтан қатал сындарға менің кітаптарым төтеп берген-ді. Менің бағыма жұбайым Хадиша орысша, қазақша өте сауатты машинистка еді. Мен қолжазбамды күні бүгінге дейін араб әрпімен жазамын. Өйткені жасымнан әдеттенген жазу маған өте тез әрі ыңғайлы көрінеді. Шығармамды қарындашпен жазамын. Өйткені қарындашпен жазылған дүниені өшіріп, қайта өндеуге жеңіл болады. Қолжазба жазылып біткен соң, Хадиша машинкаға отырады. Мен диктовка жасаймын. Хадишаның басқаны бойынша қолжазба өндірске бара беретін.

Шығарма да іштен шыққан перзентің сияқты. Оның кітап болып басылып шыққанын көргендегі сезімді тілмен айтып жеткізе алмайсың. Тұла бойынды қуаныш билеп, тоят тапқан қыран бүркіттей төңірегіңе биіктен көз саласың. Сонда өзіңнің басқалардан ерекше адам екеніңе көзің жеткендей болады. Шығармашылық ләззаттың бал-шырынын татқандай боласың.

Менің мұғалімдік жұмысым да жеміссіз болмаса керек. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі деген атаққа ие болдым. Аудандық және облыстық оқу бөлімінің штаттан тыс инспекторы ретінде сан рет мектеп тексеруге шықтым. Алматы облысында бармаған жеріміз жоқ. Іссапармен «Құйғандағы» Бозжанов атындағы орта мектепті тексеруге барып, катормен Іле өзені арқылы Балқаш көліне барғанымыз есімнен кетпейді. Дарияның ағысымен жүзіп барып, айдынға шыққанда алдыңнан жарқ ете қалған көк теңіздің көрінісі өте әсерлі еді. Ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін көкпеңбек дүние, көк теңіз. Сол күнгі кеменің каютасында пісірілген балықтың ухасы әлі тандайымда тұрғандай. Тағы бір реткі сапарда Жамбыл мектебінде өзіммен бірге істейтін Қалмақан Есікбаев деген азаматпен Бесмойнақ аулындағы орта мектепті тексеруге бардық. Мұғалімдердің дені ер азаматтар екен. Еркектер жүрген жер қашанда көңілді болатыны белгілі. Үзіліс кезінде шоғырланып тұра қаламыз.

– Ағай, анекдот айтыңызшы! – деп өтінеді олар. Мен әңгіменің тиегін ағытамын. Жігіттер ішін басып, көздерінен жас аққанша күледі.

– Қалмақан, сендер мектепте өте көңілді жүретін шығарсыңдар. Мынадай ағайларың бар, – қандай бақыттысыңдар. Сабақтан шаршап шыққан кезде күлдіріп көңілдерінді көтеретін шығар, ә, – дейтін көрінеді олар Қалмақанға.

Әр адамның өзінің бір сүйікті ісі – «хоббиі» болады. Мен де жұмыстан қолым босаған кезде бильярд пен дойбы ойнайтын едім. Жамбыл орта мектебінің мұғалімдері: Тұрысбек Туматаев, Қалмақан Есікбаев, Сержанбек Ормахановтармен ойнаған дойбы өте қызықты болатын. Ойынның қызығына берілгендер түскі асқа бармай қалатынбыз. Дойбыдан облыстық чемпион болған мені жеңу оларға оңайға соқпайтын.

Жамбыл мұражайының директоры, Жамбыл ақынның немересі Мәулен Қожашевпен өте жақын достасып кеттік. Екеуміздің сырымыз да, жырымыз да бір болатын. Мінезі сай келетін адамдардың арасындағы татулықтың достастыққа ұласатынын білемін. Мәулен екеумізді достастырған сол мінезіміздің сәйкестігінен болса керек.

Хадиша екеуміз үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірдік. Ұлдарымыз – Сағдат, Асхат, Фархат. Қыздарымыз – Қарлығаш, Айнұр. Бәрі де аяқтанып, үй-жәй болып кетті. Қолымызда ұлдың кенжесі – Фархат, келінім Зәуре бар. Қара шаңырақтың иесі деп соларды ұстап отырмыз. Жас шағымызда баланың қадірін білмедік пе қайдам, егде тартқан кезінде немере деген өте ыстық болады екен. Әсіресе қолымыздағы кішкентай немерем Диляра мен Дильназдың қылығын айтпаңыз, тілі де тәтті. «Аталап» алдыңнан шыққанда тіпті өзінді де ұмытып кеткендей боласың.

Мен ағайын-туыстан алыста жүрмін.

Өмірге Сүйінбай мен Жамбылдай ұлы ақындарды сыйлаған елдің ішінде тұрып жатырмын. Елінен, жерінен айналайын. Басыма бас, малыма мал қосылды. Басым аман, бауырым бүтін өсіп-өндік. Жамандық көрген жәйым жоқ. Албан атаның баласы деп сыйлайды. Төрінен орын береді. Өзімді азаматтық биікке көтерген осы елге, осы жерге айтар алғысым шексіз.

10.10.2004 – 07.05.2008

## ЗОБАЛАН

(хикая)

Ел жайлауға енді ғана шыққан кез. Шөлкөденің шытыралы көк шалғынын жапыра қонған қалың ауыл қарбаласып, үйме-жүйме қоныс тепкен. Жылғаланып аққан көкқасқа бұлақтарды жағалай тігілген ақшаңқан киіз үйлер аршыған жұмыртқадай болып алыстан көз тартады. Екі таудың ортасындағы алабы ат шаптырым мидай жазық көк дала көсіле түсіп керіліп жатыр. Таудың төсін тепкілеп аққан ағынды өзендердің сарыны құлақ тұндырады. Ағысы қатты тау суының сыландаған көкжал толқындары тастан тасқа соғылып ақ маржан тамшыларды аспанға атады. Зеңгір аспан қаракөк, барқыт түске енген, мөп-мөлдір. Тек қарағайлы құзар таудың қарлы шыңдарын қанатымен сызып, түбіттенген әредік аққат бұлттар жеңіл қалқиды.

Әлдебір ауылдардың жылқы желісінің басында қолына құрық алып қашаған қуған жылқышылардың қиқуы, кісінескен жабағының даусы құлаққа шалынады. Күміс тұрманды, бапты жарау ат мінген бозбалалар қымызға қызып, екі ауылдың арасында дабырлап даурыға күліседі. Ауылдан алыстап, тау төскейіне қарай беттеген қора-қора қойдың артынан өгіз мінген қойшылар жанторсығын қанжығасына байлап алып тепендеп барады.

Жаз жайлауда кең көсіліп, еркін тыныстаған ел бүгін бір үлкен той, ұлан бәйгенің куәсі болғалы тұр. Үш күннен бері Әбдірешбай қажының ауылында тойға деген қызу дайындық, қарбалас тірлік жүріп жатқан. Алты ұлдың ішіндегі жалғыз тал гүлі – Талжібекті ұзатып, құтты орнына қондырмақ. Қажының құдасы да осал емес-ті. Отыз болыс албанға атағы жайылған, дәулеті жұрттан асқан Сәрсенбаймен ақбatalы, қызыл қанды құда болған.

Сәрсенбай жеті атасынан бері шынжыры үзілмеген ақсүйектің тұқымы. Ырысты, ынтымақты әулеттің ұрпағы. Алла тағала пенделерінің пейіліне қарай ырзық береді деген сөздің жаны бар. Оның белдеуінен ат кетпейтін, төрінен қонақ үзілмейтін кеңпейілді кісі-тұғын. Қашан көрсең қазанында май қайнап жататын дастарқанды еді. Екі желі биені аяғына дейін сауып біткенше, басқаларының сауымы қайта келіп жатар еді. Босағадағы кісі бойы қара саба шыбығынан шығып, емізіктеп тұратын. Сәрсенбайдың есігіне барған жалшылардың жаман болғанын көрген адам жоқ.

Малайларының ақысын жемей, жәбірлемей ұстайтыны осы өңірдің байларына сабак болған-ды. Оның қойын баққандар бес-алты жылдың ішінде алдарына мал салып ауқаттанып шыға келетін. Қойшыларына ай сайын бір қойдан ақы төлейді. Қайсыбір байлар малшыларын зар илетіп, ақысын бермей жатады. Берсе де шекесін қыздырмай қойдың арық-тұрағын немесе аузында бір тісі жоқ кәрі саулықтарын көлденең тартатын. Ал Сәрсенбайдың әділеттілігіне шүбә келтірмейсің. Ай біткен күні ол қойшыны қасына ертіп алады да, отарды өргізіп санай бастайды. Жүз қойдан соң, жүз бірінші қой қойшының ақысы. Сол жүз бір санға дөп келген қой бола ма, қошқар бола ма бәрібір, ол өзінің тәлейінен көреді. Жалшы оны ұстап алады да, байдың көзінше құлағына ен салып, меншіктей бастайды. Ал жылқышыларына да солай, алты ай толғанда жүз бірінші жылқы соның ақысы. Ол санға іліккен ту бие бола ма, жалы төгілген бедеу бола ма бәрібір.

Ұлы сәскеде той болған ауылға қарай ағылған аттылар шоғыры андыздап келе бастады. Тойға арналып тігілген жиырма шақты үй қажы ордасынан оқшау. Үй сыртындағы тартылған керменің қасында даяшы жігіттер әлекедей жаланып құлшынып тұр. Келген меймандардың аттарын ұстап, қолтығынан демеп ізет көрсетіп түсіріп алып, босаған үйлерге бастап барады. Қалы кілем төселіп, шәй жастықтар қойылған мол жиһазды қонақ үйлердің іші көздің жауын алады. Кірсе-шыққысыз.

Бүгінгі тойға Толымбек те бір топ нөкерімен келіп түскен. Дуан бұзған құла аты астында сылаң қағып ауыздықпен алысып келеді. Осы тойдың хабары шыққалы бері оны талай рет таң асырып, суытып жаратумен болған. Топ-топ болып келіп жатқандардың арасынан үкілеген бәйге аттарының шоғыры тым көп көрінеді. Жануарлардың ішінен қайсысының бағы жанып, маңдайы жарылып тұрғанын кім білсін, әйтеуір атбегілердің барлығы да өз сәйгүліктерінен үміткер екені анық.

Тойдың сый-сияпаты да келіп жатқан адамдардың атағы мен дәрежесіне қарай берілетін көрінеді. Толымбек бастатқан топ кермеге келіп түскенде қажының туған інісі Момбек қарсы келіп, Толымбекпен төс қағыстырып амандасты.

— Тойыңыз құтты болсын, Мәке! Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық деген бұрынғылар, Алла ұзағынан сүйіндірсін, — деп Толымбек те жылы лебіз білдірген.

– Иншалла, айтқаныңыз келсін, – деп құрақ ұшқан ол меймандарды өзі бастап келіп, мол жасаулы алты қанат ақ ордаға кіргізді. Бұл үйдегі күтушілер де қажының ет жақын бауырлары екен. Қонақтарға өзгеше ілтипат көрсетіп жатыр. Олай болатын реті де бар еді. Толымбек бұл елге аты мәлім сайыскер, әрі жауырыны жерге тиіп көрмеген палуан еді. Албан – Бұғы болып тартысқан талай жиындарда елінің намысын қолдан бермей қарсыласын ат артына бөктеріп әкеткен жайы бар. Бір жолғы палуан күресте қырғыздың Жомартбек деген түйе палуанын шөккен нардай қып тұқырта жеңгеніне ел-жұрты куә болған. Бұл күнде жігіт ағасы болып қалған екі иығына екі кісі мінгескендей нар тұлғалы келбетті жігіт төр алдында қасқайып малдас құрып отыр. Оның бегзадалық келісті бітімі, қыран қабақты өткір көзіне қайсыбіреулер тура қарай алмай тайсақтап кететін. Өр мінезді, өжет жігіттің пышыны да өзгеше еді. Ол астындағы құла атын жайтаңдатып мініп шыққанда ауылдың қыз-келіншектері көздерін алмай жәудіреп, үй сыртында басбағып қарап қалар еді. «Әттең шіркін, менің жарым болар ма еді!» деп іштей армандап, опық жейтіндері қаншама. Айтса айтқандай, ол жігіттің сұлтаны, елінің еркесі-тұғын. Көркіне мінезі сай нағыз қасқаның өзі. Домбыраға қосылып ән салғанда көмекейінен әуезді әуен лағылдай төгілер еді. Жаратушы сүйген құлына кейде риясыз жомарттықпен бар жақсылығын үйіп-төгіп бере салатыны бар. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің төресі осы Толымбектей-ақ болар. Жүйрік ат, алғыр тазы, түзу мылтық, сұлу әйел соның еншісінде. Сондықтан да болар, бұл тойдың ең кәделі сыйы осы үйдегілерге көрсетіліп жатыр. Алакөлдей жайылған кең дастарқанда қоянжонданып төгілген ақ бауырсақ, сары ірімшік пен сықпа құрт, науат пен шекер, тортасын айырған кесе-кесе сары май сықасып тұр. Меймандарға алдымен қымыз әкелінді. Дәу тегенеге қотарылған сары қымызды божылдатып бір жігіт сапыра түсіп жұтынып қояды. Сапырған сайын көпіршіген қышқылтым ыс иісі мұрын жарады.

Әндіжан мен Хиуадан, Қашқар мен Хотаннан әкелінген жез сырлы егіз тостағандар меймілдеп арт-артынан төрге қарай ұсынылып жатыр. Шөліккеп келген қонақтар бірден қымызға бас қойған. Шарасы кең тостағанды екі бүйірінен қос қолдап көтерген Толымбек қымызды еңсеріп барып тыныс алды. Тіл үйірген тәтті қымызға тұшынып, тамсана ернін жалады. Оң қолының



сыртымен әдемі қара мұртының шалғысын баппен сылап қойды. Шамалыдан соң ол қымызды түгел сіміріп салды. Даяшылар тағы да қайталап қымызға қандырып-ақ жатыр. Қымызда да қызу бар. Отырғандар лезде масайрап шыға келді. Әртүрлі әзіл-қалжың, қағытпа сөздер отырыстың сәнін келтіріп, ажарын аша түскендей. Керегенің басындағы ілулі тұрған үкілі домбыраны алып бір жігіт «Қаражорғаны» шертті. Бұрауы жеткен домбыраның шанағынан төгілген қоңыр үн отырғандарды бірден баурап әкетті. Қос ішектен төгілген жорға жүріс тайпалып жүйткі жөнелді. Күй әуенімен бірге көз алдарына қара жорғаның арындап бара жатқан сұлбасы елестейді. Тәтті қиялға батырып, жан дүниесін тербеген күй күдіреті отырғандарды жіпсіз матап тастаған. Бірде-біреуі қыбыр етуге дәрменсіз, сілтідей тынып мелшиіп қалған. Тек домбырашы жігіт күйін аяқтағанда барып:

- Бәрекелді!
- Уай, й, жігіт екенсің!
- Шерт, тағы шерт, – деп жұрт жамырап қоя берді.

Күйші тартынбады, бар өнерін салып бақты. Саусақтары маймандап домбыраның сағасында сылаң қақты. Күй артынан күй шертіліп, қонақтардың мерейін бір тасытып тастады.

Аздан соң үлкен ас келді, табақ тартылды. Табақшылардың сән-салтанаты да өзгеше-тұғын. Қонақ үйлерден жыраққа тігілген ас үйден табақ тасу үшін жиырма шақты жігітті біркелкі жеңіл киіндіріп, астарына бірыңғай жорға аттарды міндірген. Ас үйден жасап берген табақтарды қос қолдарына ұстап тұздығына дейін шайқалтпай су төгілмес жорғалармен тайпалтып келіп босағада тұрған даяшыларға ұстата салып, салдыртқан күйі кері қайтады. Қайсыбір епті жігіттер аттың тізгінін қасқа тісімен керіле тістеп, екі қолына екі табақты ұстаған бойы тақымын қысып қалғанда астындағы су жорға иесінің ырқына көніп жөнөп береді.

Күн түске тармасқанда тойшылар атқа қонды. Жер қайысқан қалың топ ошарылып бәйге төбеге қарай ағылып барады. Бұл тойдың ендігі тамашасы сол жерде өтпек. Қыз қуу, палуан күрес, теңге алмақ секілді ойын түрлері ойналады деп күтілуде.

Жаратушының шеберлігінде шек болсашы! Ауылдың ту сыртында, қозыкөш жерде ерекше бір оқшау төбе бөлек тұр. Мидай жазық жасыл даланы жарып шыққан өзгеше бір әсем жаратылыс. «Бәйгетөбе» деп атын да жұрт тауып қойған. Бейне біреу әдейілеп

әкеліп орнатып бергендей. Бәйге аттарының шабысын биіктен қарап тамашалап отырсын деген секілді.

Жұрт төбе басына шоғырланды. Үлкендер жағы ошарыла аттан түскен. Екі-екіден аттарын қалмақша байластырып тастап, көк майсаға малдас құрып отырысып жатты. Құйрық-жалы сүзілген бәйге аттарының жабуы алынып, топтан оқшау бөлектеніп шыға бастады. Бабына келіп жараған сәйгүліктер жайтандап сәндене басады. Қайсыбіреулері қос құлағын қайшылап, ауыздықпен алысып, жер тарпып тұр.

Толымбек құла аттың ер-тұрманын соңғы рет қарап шықты. Төс айылын мықтап тартып, шабатын баланы атқа көтеріп мінгізді де:

– Қатарға тұрғанда айналманың ішкі жағын ал. Бес-алты айналымға дейін қамшы ұрма. А дегеннен еркіне жібермей, тізгінін тежеп отыр, – деп ескертті.

Атшы бала оны құптағандай болып, үнсіз басын изеді.

– Егер тер басып бара жатса, андағы бүлдіргіге байланған орамалмен көзін сүртуді ұмытпа! – деді тағы да пысықтап.

Талай бәйгеде шашасына шаң ілестірмей озып келіп жүрген әккі жануар бүгін де бір үлкен бәсекеге түскелі тұрғанын сезетін сияқты. Тостағандай жәудір көзін төңкеріп, иесіне қарап қояды. Семізінен қатырған қазан аттың зар күйінде екені көрініп-ақ тұр. Бауырын тартып оқтаудай болып жұмырланып алған. Жабуын сыпырғанда байқады, сауыры керген төстіктей теп-тегіс екен. Түгі жылтырап жылт-жылт етеді. Таза суытып бабына келтірілген құла аттың бүгінгі пышынынан бір ерекше ізгілік байқалады. Бұл нышанды жақсылыққа жорыған Толымбек «иә, Алла абырой бере гөр!» деп іштей мінажат қылды.

– Жолың болсын, енді бара ғой шырағым! – деп ол аттың сауырынан сипады. Атшы бала бұрылып жүре берді. Иесі құладан көзін алар емес. Төңкерілген тостағандай жұмыр тұяқтарын жерге қадай басып бара жатқан атының соңынан ол ұзақ қарап тұрды. Жануар артқы екі аяғын кең алып алшандай басып кетіп барады. Кенет Толымбектің көкейіне бір күдікті ой сап ете қалды. Жаңағы бір әзірде құла атқа тесіле қарап тұрған Нұрбайдың сұсты жанары оның көз алдына елестеп кетті. Бақ таластырып андысқан заман. Бір дуан елге мәлім болған Нұрбайдың бәйге торысы былтырдан бері осы Толымбектің құла атынан жеңіліс тауып жүр. Талай бәйгеде ол құла аттың соңында тезек теріп қалған. Күні кеше бәйгенің алдын

бермеген торы аттың бұл жәйі иесінің арқасын аяздай қарып, жанына бататын. Құланың маңдайы жарқырап бәйгенің алдымен келе жатқанын көргенде Нұрбай өзін қоярға жер таппай, талай рет намыс отына өртеніп өле жаздаған. Бүгін де солай болмасына кім кепіл. Адам қара саналы деген, Толымбектің басына сан түрлі қауіпті ойлар ұялап, денесін зіл батпан ауыр салмақ жаншып бара жатқандай болды.

— Ой, Төке, не ойлап кеттіңіз? Өзіңіз бір ауыр ойдың құшағында тұрсыз-ау шамасы, — деп самбырлай сөйлеген оқыс дауыстан ол селт етіп есін жиып алды.

— Ә, ә, жәй әншейін, аттың жайын ойлап тұрғаным ғой, — деп жорта жауап қатты.

— Не ойлайтыны бар, құдайым бұйыртса, бүгінгі бәйге де құла аттікі емес пе.

— Айтқаның келсін шырағым, аузыңа май, — деді Тоымбек оның жақсы лебізіне риза болып. Бұл жігіт Толымбектің аталас, жақын інісі — Ынтабай еді. Өзі бір ақкөңіл, аңқылдаған ашық жігіт. Қашан көрсең жарқылдап, күліп жүргені. Сол дағдысына бағып ол Толымбекке қолқа сала сөйлеген.

— Төке, қазір палуан күресі болғалы жатыр, тәуекел деп тағы бір шығып көрсеңіз қайтеді? Екі бәйгені бірдей олжалап қайтсақ, қандай тамаша болар еді! — деп алақанын ысқылап қояды. Бұл сөзге Толымбектің құйқасы құрыса қалды. Сіркесі су көтермей тұрған ол өзін әзер тежеп:

— Ту-у, сен де қайдағы жоқты айтады екенсің. Мен кезінде күрестім ғой, ал қазір бәрі кеш, — деді де қабағын шытып үнсіз қалды. Бауырының сыңайын таныған Ынтабай одан ары қазбаламады.

Ойын түрлері бірінен соң бірі өтіп жатты. Ендігі кезек бәйгенікі еді. Аттарды жіберетін мезгіл де таяп қалған. Айналманың шеңбері белгіленіп, әр жерге екі-екіден даяшылар қойылған. Сөренің арғы шеті көз көрім жер. Шамасы ұзаққа жіберетін сыңайы бар. Бұрынғы бәйгелерде тоғыз айналымнан аспайтын. Бұл жолы он бір айналады деген сыбыс бар. Мұншалық ұзақ қашықтыққа әрине, аттың аты ғана жүгіре алары анық.

Бір кезде сүліктей ақжал сары атқа мінген бір жігіт қолына жалауша ұстап топ ішінен шауып шықты. Ор қояндай орғыған ақжал сары ат жігіттің тақымында ойнақшып жарқ-жүрқ етеді. Жұрт назарын өзіне аударып әкеткен ол:

– Балалар, жиналындар! – деп жар салды жалауын оңды-солды бұлғап тұрып. Балалар да осы әміршіні күтіп тағатсызданған болу керек, тез-ақ жиналды. Жүз шамалы бәйге аттары сап түзеп лезде қатарға тұрды. Ат айдаушы саңқылдап:

– Балалар, айналманы он бір рет айналып шабасындар. Кімде-кім даяшылардың ішкі жағымен айналып өтсе, оның аты бәйгеден шығарылады, сақ болындар! – деп табыстады. Ол тағы да балаларды өзіне қаратып, қолындағы жалаушаны биік көтерді де:

– Ал, жолдарың болсын! – деп сермеп қалды. Сол-ақ екен сатырлаған тұлпарлардың тұяғы жер бауырын тесіп жіберердей байтақ даланы дүбірлетіп жіберді. Қалың баланың ұрандаған дауысы шырылдаған бозторғайдың үніндей үзіліп-үзіліп ауада ұйып қалып жатты. Арынды аттардың түйдектелген қалың тобы жұптарын жаза алмай жентектеліп барады. Құла аттың үстіндегі Жакып жуан ортада келеді. Ат тізгінін қос қолдап тежеп алған. Еркіне жібермей басын тартып келеді. Жаңа ғана желсіз тұрған тымық ауада дауыл тұрып кеткендей қарсы алдарынан гулеген жел балалардың тынысын тарылтып, тамағын құрғатып жіберді.

Алғашқы үш айналымнан соң аттар тізбегі жаңағыдан гөрі сиреп, созыла бастады. Шағын бір топ үркердей болып алға шыққан. Жакып алдына бес ат салып, құла аттың басын іркіп келеді. Қамшысының бүлдіргісіне байланған үлкен шыт орамалмен андасанда еңкейіп, аттың көзін, терлеген құлақ түбін сүртіп қояды. Іштей есептеп келеді. «Әлі сегіз айналуым керек», – дейді ол өзіне-өзі үн қатып.

Бес айналымнан кейін әлгіндегі алты-жеті аттың өзі біртіндеп ретке түсті. Жакып байқап келеді, аты әлі тың, қамшы салдырар емес. Денесінен тер шығып, қызынып алған. Ауыздығын басып арындап келеді. Бұл кезде қайсыбір аттардың желуге шамасы келмей, сенделіп шығып қалып жатқан.

Жакыпқа таяу, арт жағында құйрық тістесіп екі ат келеді. Оларға қамшы басып, сабалап келе жатқанын бала сезеді. Ал өзі қамшы ұрып атты қинамайды. Тақымын қағып, андасанда тебініп қояды. Тоғызыншы айналымда топ алдынан өтіп бара жатып бала байқап қалды. Толымбек көпшілік ішінен жүгіре шығып қалпағын бұлғап:

– Жібер, енді жібер! – деп айқайлап тұр екен. Өзінің де ішкі есебі осылай еді. Талай бәйгеге шауып ысылып алған әккі бала

аттың жайын жақсы білетін. Ол соңғы рет тағы да атының көзін сүртіп тебініп қап, қамшыны басып-басып жіберді. Сол-ақ екен құла ат жұлдыздай ағып алға шығып кетті. Бағанадан бері алда келе жатқан Нұрбайдың бәйге торысы екінші болып енді артта қалды. Жақып одан біраз жер ұзап алған соң аттың тізгінін қайта тежеді. Ауыздыққа сүйеніп іркіп келеді. Төрт аяғын бір-ақ жерге топтап тастайды. Аш күзендей бүгіліп, бүктетіліп барып жазылғанда қайыс құйысқан сауырына сарт-сарт тиеді. Құйысқанның қоспасына тұнған ақ көбік жентек-жентек болып желге ұшып жатыр.

Жақып айланбаның топтан алыс арғы бүйірінде кетіп барады. Даяшылардың қасынан зу-зу етіп өте шығады. Бір кезде ол алдындағы даяшының біреуі қоқиланып, атын ойнақшытып тұрғанын көзі шалып қалды. Жақындай бергенде оның:

— Шу де, бала, шу де! — деп қамшысын үйіріп тұрғанын да анық көрді. Не болғаны белгісіз әлгі жігіттің қасынан өте беріп құла ат омақаса жығылды. Жақып анадай жерге ұшып түскен. Арындап келе жатқан ат екі-үш аунап барып секіріп түрегелді де, сілкініп тұрып қалды. Жақып та орнынан ұшып тұрды. Байқайды, еш жері ауырмаған секілді. Ауырса да ет қызуымен байқайтын ол емес. Ойланып жатуға уақыт жоқ. Бала шаң қапқан бетін алақанымен бір сипады да, атына қарай ұмтылды, құла аттың шұбатылған тізгінін жерден алып мінейін деп жатқанда, жаңағы жігіттің таяп келгенін байқады.

— Ой, балақай, еш жерің ауырған жоқ па? — дейді ол қамқорсынып, Жақыпты тез мінгізіп жіберудің орнына оның үсті-басын қағып кідірте береді. Бұл жігіт Нұрбайдың жансызы болатын. Құла ат озатындай болса, оған қастық жасауға арнайы қойған адамы Қажымұрат еді. Ол алған тапсырмасын мүлтіксіз орындап шықты. Құла ат қасына жақындап келгенде оң аяғын үзеңгіден шығарып жіберіп оның тізесінен қағып қалған. Талықсып келе жатқан ат қалпақтай ұшып домалап кеткен.

Жақып қасынан өтіп бара жатқан Нұрбайдың торысы мен тағы да бір күрең атты көрді. Бала дереу атқа мініп тағы да шаба жөнелді. Бұл кезде алдыңғы екі ат едәуір ұзап кеткен-ді. Құла аттың шабысы әлгіндегідей емес, шабандап қалған тәрізді. Қанша тебінгенмен дамымады.

Міне, топ алдынан өтіп барады. Ең соңғы бір айналым ғана қалды. Байқайды, аттың үстінен тер төгіліп, қиналып келеді.

– Жақып, бас қамшыны, бас! – деген таныс дауыс бала құлағына шыңылдап әзер естілгендей болды. Осы бір талып жеткен әлсіз дауыстан қуат алғандай Жақып та, құла ат та серпіліп сала берді. Бала ұмсына еңкейіп барып аттың көзін сүртті де қамшыны аямастан басып-басып жіберді. Алты өрім дырау қамшы құла аттың санын осып-осып өтті. Қамшыдан ашынған ат қайта серпілді. Тағы да бауырын жазып жануар көсіліп тастады. Аз өтпей-ақ, күрең атты басып озды. Нұрбайдың торысы қамшы салым алда келеді. Жақып жақындаған сайын торының үстіндегі бала атты үсті-үстіне қамшылап зорлай бастады. Оны көріп келе жатқан Жақып та бір-екі рет қамшы ұрып тебініп қойды. Аз өтпей-ақ, құла ат торыны қуып жетті. Екеуі үзеңгі қағысып, тайталасып келеді. Бірде құланың, бірде торының мойыны озады. Бірақ бірінен бірі қалысар емес.

Соңғы айналымның жартысынан ауып, міне, сөреге де бет алды. Бұл кезде жұрт дүрлігіп аттарына тегіс мініп алған. Алдыңғы екі аттың қызығына қарасып тұр. Қалың топтың ішінен:

– Бас қамшыны, бас!

– Шу де!

– Сал аямай, қамшы сал! – деп даурыққан айқай-шу зорайып барады. Құла аттың айқай-шуды естігенде қызынып кететін әдеті еді. Ол кенет шабысын үдетті. Жақып та аямастан бір-екі рет қамшы басып тебініп-тебініп қалған. Сол-ақ екен жануар суырылып алға озды. Көріп тұрған жұрт оған дем бергендей айқай-шуын одан әрі зорайтып жіберген. Арқасы қозып тұрған қайсыбір жақтастары:

– Иә, аруақ, аруақ! – деп бар даусымен айқай салып, ұрандап тұрғанын өздері де сезетін емес.

Толымбектің қара тырнағына дейін шымырлап кетті. Өне бойын ғаламат бір сезім билеп, өзін қоярға жер таппай тықыршып тұр.

Жақып сөреге таяп қалды. Торыны артқа тастап, арқан бойы жерде алда келеді. Құла ат бірінші болып сөре сызығынан өткенде Толымбек те астындағы көк ала атқа қамшы басып Жақыпқа қарай ұмтылды. Екпіндеп келген арынды атты әзер тежеп бала енді шабыстан қалып, борт-борт желіп бара жатқан. Атының артынан қуа жеткен Толымбек көк аттан домалай түсіп, құланың мойнынан құшақтай алды. Терге шомған көзін сүртіп аттың жағын бетіне тақап еңкілдеп жылап жіберді. Қуанғаны ма, жоқ әлде, көз алдында жасалған жаңағы бір қастандықтан қорланғаны ма, кім

білсін, көзінен алты тарам жас парлап, бордай егіліп тұр. Ол өзінің жылап тұрғанын сезген жоқ. Жансерігі – құла атын аймалап кекілі мен құлақ түбін қайта-қайта сипай береді, сипай береді.

Толымбек өзін-өзі зорға тежеп, есін жиғандай болды. Жалпақ алақанымен бетін сипап, көзін сүртті. Сөйтті де құла аттың ертоқымын сыпырып тастап, олай-бұлай жетелеп желдетумен болды.

Бұл күні Толымбек ауылға үлкен олжамен қайтты. Атан түйе бастатқан бір тоғыз ірі қараны айдап келді. Құла аттың бір күнгі ащы тері осынша мол сыйлыққа қол жеткізген-ді. Жүйрік ат ер жігіттің бағын жандырады деген осы. Жеңілсе жасымайтын, жеңсе тасымайтын салмақты мінезінен аумайтын Толымбек дос-жарандарының алдында сол қалпын сақтады. Атшы баладан бастап ауыл ақсақалы Иембердіге «байлағаным» деп бір-бір атты жетектетіп жіберді. Қашанда қолы ашық, көңілі жомарт жігіт бұл жолғы олжаны да осылайша үлестіріп жіберген.

... Кешке таман Әбдірешбай ауылындағы тамаша қайтадан қыза түсті. Бүгінгі тойға тігілген киіз үйлердің туырлығын белдеуден жоғары қып түріп тастаған. Бұл кешке болатын қыз бен жігіт айтысына дайындық еді. Айтқандай-ақ, күн еңкейе бергенде бұл ауылға жастар жағы ағылып келе бастады. Сәнді киінген қыз-келіншектер, солқылдаған ауыл мырзалары мен бозбалалар қаптап кетті. Жұрт жиналып болды-ау деген шақта қажының үлкен үйінен Талжібекті екі-үш жеңгесі қолтықтап алып шықты. Үлде мен бұлдеге оранған жас сұлу жарқырап ақ ордадан шыға келгенде оның көркіне көз тікпеген жан қалмады. Қынама бел қара бешпет аш белін үзілтіп, мықынын айшықтап тұр. Қос етек ақ торғын көйлек төгіліп, аяғындағы мықшима етігін көміп келеді. Неше алуан асыл тастан ақық таққан кәмшат бөріктің төбесіндегі үкісі бұлғаң-бұлғаң етеді.

Жеңгелері қалыңдықты қақ ортадағы алты қанат үлкен үйге кіргізді. Әр жерден қойылған аспалы шам үйдің ішін самаладай жарық қып тұр. Қыз төр жаққа келіп бір қырынан оң тізесін басып, сол аяғын бүгіп шаншылып отырды. Қиғаш түскен шамның жарығымен ақша жүзі алаулап уылжып көрінеді. Мөлдіреген қара көзін төмен төңкеріп, ұзын кірпіктерін анда-санда қағып қояды. Қып-қызыл шиедей ерні сүю үшін жаралғандай, үлбіреп тұр.

Көк жайлаудың жазғы кеші қандай ғажап десеңізші! Тау жақтан жанға жайлы бір әдемі салқын леп еседі. Күндізгі қапырық

ауа қалыпқа түскен. Түнгі салқын әркімге де жан жадыратар сергектік сыйлайды. Тянь-Шаньның құзды шындарын жарып шыққандай мұз таулардың арғы астынан аздан соң аспан төріне ай көтерілді. Он шақты жаңасы болып қалған толық ай дөңгеленіп көкке көтерілгенде түн түндігі түріліп айнала сүттей ұйыған бозғылт нұрға бөкті. Әлгіндегі бір әзірде аспандағы жайнап тұрған жұлдыздар шоғының нұры тайып, ай сәулесінен ұялыс тапқан.

Кешкі сауыққа жиналған жұртта қисап жоқ. Жиырма шақты үй аузы-мұрнынан шығып лықа толған. Үйден орын тимеген әлдекімдер даладағы көкмайсаға жайғасып, әріптестерімен жұптасып отыр. Той дегенде ку бас домалайды деген осы, жақын мандағы ауылдардың шал-кемпірлеріне дейін осында жүр.

– Балалардың өлеңін тындайын деп келдім.

– Мұндайда үйде қайтіп отырарсың, тәйірі.

– Делебем қозып мен де үйге сыймадым тегі, – дейді үш-төрт кемпір самбырлай сөйлесіп. Кимешектерінің құйрығы жер сызып, мама қаздай мамырлап келеді. Әлі де желігі басыла қоймаған қайсыбір жеңілтектеуі ыңылдап әлдебір ән әуенін баяу толғайды. Өзіне тең әріптес табыла қалса, айтыса кетуден тайынар түрі жоқ.

– Өлең шіркін бізден қалған. Ақ қалпағын оқшырайта киіп тұсыма келген талай жігіттің аузын өлеңмен буып тастаушы едім, – деп есіп өтті біреуі.

– Қайран жастық, заман-ай десеңші! – деп ауыр күрсінді шәпеті келген сары кемпір.

– Дүние шіркін шапқан аттай зымырап өте шығады екен ғой!

– Е-е, несін айтасың, бір кезде бізді де уыздай жас болды дегенге қазір кім иланады, – деп мұнайды тайпақ қара әйел.

Той басталды. Әр үйден әуелей көтерілген асқақ үн шырқалып кетті. Жасы бар, жасамалы қара сақалдары бар әрқайсысы өздері діттеген қыз-келіншектермен жұптасып айтыса бастаған. Біреуді біреу біліп болмайды. Әркім өз әуеніне салып «игай-ауға» басып жатыр. Жұрттың бәрі өлеңші емес. Бұл өнерден мақұрым қалғандары айтысқандардың өлеңіне құлақ түріп, «қайсысын тыңдасақ екен» дегендей әліптің артын бағып жүр. Айтыс қызып жатқан шақта шеткі бір үйдің жанына жұрт топырлап жиналып қалды.

– Бәрекелді!

– Ой,й, не дейді-ау! – деп қошаметтеген дауыстар жарқын-



жарқын шығады. Бұлардың тамашалап тұрғаны осы аймаққа аты шыққан ақын жігіт Тұрдақын ман Жамал деген ақын қыздың айтысы еді. Тұрдақын кішкентай бала кезінен қазақ ауылына келіп сіңген ұйғыр заты еді. Шешесі қазақ, әкесі сарт болатын. Жастайынан жетім қалған ол нағашы жұртын сағалап, осы елде ержетіп өсіп-өнген. Жасынан өлеңге құмар ол талай той-жиындарда қара өлеңге дес бермей, әріптесін ойсырата жеңіп жүрген. Бүгінгі той-думанын қыздырып жатқан тағы да сол. Тандайынан өлең төгілген ол Жамал қызды қуырып бара жатқан. Сөз маржанының сиқырлы күші деген осы, тыңдаушылар сілтідей тынып ұйып қалған.

Жамал да оңайлықпен беріле қоятын түр байқатпайды. Жігіттен басым түспесе, кем көрінбейді. Екеуі алма-кезек сөз қағыстырып, салғыласып-ақ жатыр. Бір кезде Тұрдақын тамағын кенеп алды да, ұшатын құстай екі иығын қомдап қойып жаңа бір мақамға ауысты:

Тұрдақын – менің атым, негізім сарт,  
Құрбыжан, кесірленбей аяғың тарт.  
Жолым болып осы тойда жеңіп кетсем,  
Аламын қатын қылып осыным шарт.

Мұны естіген тыңдаушылар демін іштеріне алып, «ойпыр-ай, қыз жауап таба алмай қалмаса игі» дегендей мүсіркеп тұрған. Жамал тайсалмады. Өткір көзі ұшқын атып іле жауап қатты.

Қарашы, бұл шіркіннің кеселіне,  
Күлерсің ой жүгірткен есебіне.  
Егер де негізің сарт болған болсаң,  
Бар дағы артыла бер есегіңе, –

дегенде қаумалап тұрған жұрт ду күлкіні қойып берсін. Қайсыбіреулердің ішегі түйілердей болып көзінен жас аққанша күлген. Тұрдақын жауап өлең айта алмай, тосылып қалды. Жеңілгенін білді.

– Ой, й, бейбақ! – деп орнынан тұрды да, етегін бір қағып жүріп кетті. Жамалдың тапқырлығына сүйсінген жұрт гуілдесіп:

– Ой, жарадың Жамал.

– Пәлі, сөз-ақ болды.

– Ендігәрі Тұрдақын өлең айтпастай болған шығар бәлем! – десіп гу-гу етеді.

Бұл жеңісіне іштей масаттанған қыз миығынан күліп, көзін сүзіп отырып қалды.

Келесі бір үйдегілер де қыран-топан күлкіден ішектері қатып жатыр. Онда да Тұрдақынның кебін киіп әлдекімдер қаша жөнелсе керек.

Қазақ ұғымында күйеудің кәрі-жасы болмайды. Жасы ұлғайып кетсе де қайын жұртының қыз-келіншектеріне бүйідей тиіп, ықтырып жүретін «қотыр тілді» күйеулер көп кездеседі. Балдыз бен күйеу арасындағы қалжында шек болмайды. Сондай күйеудің біреуі, Әбдірешбай ауылынан бұрынырақта қыз алған Еркешбай балдыздарымен айтыса кеткен ғой. Заманында сері болған, қырымпоз жігіт бүгін де кәрілікке мойынсұнбай өзін сергек ұстайтын. «Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы» деп жас балдыздарының тұсына келіп өленді қардай боратқан. Қыздар да оңай шағылатын жаңғақ көрінбейді. Өлеңмен тіресіп-ақ жатыр.

Қарабатыр дегенде, қарабатыр,  
Білекті жау қашырар дара батыр.  
Сақалыңды сапситып саған не жоқ,  
Сендей-сендей әкеміз үйде жатыр, –

деп олар мұны қылжак қыла бастаған.

Ау, қыздар кәрісің деп күлесің бе?  
Ойлама жарамас деп тіресуге.  
Әлі пісіп қатпаған жас құнаннан,  
Бесті айғыр белді келер білесің бе? –

дейді Еркешбай да беріле қоймай.

Қыздар тартылатын емес:

Әкем бе деп қарасам, жат кісі екен,  
Сақал-шашы қуарған қарт кісі екен.  
Аузында тілден басқа түгі де жоқ,  
Айғырында пішілген ат кісі екен, –

дегенде тыңдаған жұрт күлкіден ішегі қатып ішін басып, қарқылдай күлген. Өзінің оңбай сүрінгенін білген Еркешбай қыздарға мұнан ары не айтарын білмей: – Тфу, тфу мұнафих, – деп орнынан тұрды да жүре берді. Балдыздардың қыбы қанып, онан сайын рахаттана күлген.

Той думаны ұзаққа созылды. Таң сарғайып атқанша Әбдірешбайдың аулының үстінде әсем әуен қалықтап тұрды. Қораландыра тігілген жиырма шақты үйдің біріндегі тамашадан екіншісіндегі қызықшылық асып түсіп жатты. Шеткі бір үйдегі тыңдаушы жұрт үймелесіп тағы бір айтыскердің үстеріне төніп алыпты. Шамасы, айтыс қызып жатса керек. Мұнда да бір ақын

келіншек пен ақын жігіт бірін-бірі ала алмай, қызылтанау болып жатқан. Бірде жігіт келіншектің шамына тиіп:

Мінгенім дәйім менің құлагерім,  
Ер жігіт сағынады туған жерін.  
Ей, құрбы етегінді байқап көтер,  
Көрініп қап жүрмесін жаман жерің, —

деп соқтықпасы бар ма.

Сонда келіншек өршеленіп:

Рас қой, астындағы құлагерің,  
Қыз бала да сағынар туған жерін.  
Неменеңе жетісіп мәз боласың,  
Сенің де сол емес пе шыққан жерің, —

деп басып салғаны. Мұнда күлмегенде жұрт қайда күледі. Көпшілік қыран-топан болып сандарын шапалақтап өліп жатыр. Жігіт ызадан жарыла жаздап, қап-қара боп түтігіп кеткен. Отырған орнынан үш ұмтылып зорға тұрды да, шапанының етегін қағып кете барды.

Тойдан кейін үш күннен соң Талжібекті ұзатпақ болды. Байбайға құяды, сай-сайға құяды деген осы, Әбдірешбай жалғыз қызынан ештеңесін аямапты. Күзем жүннен басылған қаздың жұмыртқасындай ақ отаудың жасауы көрген жанның көзін қарықтырады. Бұрын-соңды бұл елде болмаған басқаша бір үлгімен жарақталған. Ине-жіптен жаңа шыққан су жаңа бұйымдар мен жиһаздар көздің жауын алады. Қалы кілемдер мен патсайы көрпелерді былай қойғанда, үйдің сүйегіндегі әшекейді айтпаңыз! Керегенің бастары мен уықтың қарына қақтаған күміс шектіріпті. Шаңырақтың күлдіреуішіне үзбелеп сөлкебай таққан. Елде жоқ сүйек төсекті Бұқарадан алдырған деседі. Оған төселген қаздың мамығына жатқан кісі үйелеп қаларлық. Қызға міндірген су төгілмес қара жорғаның алдыңғы екі аяғына қос-қостан күміс білезік салыпты. Шашасынан төмен киілген қос білезік ат тұяғына соғылып басқан сайын сылдыр-сылдыр қағады. О заманда бұ заман атқа білезік салғанды көргені осы бұл жұрттың.

Ұлы сәске болғанда Талжібекті аттандырмақ болды. Қыз жасауы үш атанға артылыпты. Түйелер тіздеулі тұр. Қажының ағайын-жұрты, туыс-туғаны тайлы-таяғымен осында жүр. Қоштасуға келген қоңсылар одан да көп. Мезгіл түске таянып қалды. Қыз үйден шығар емес. Құдалар жағы «аманатымызды енді қолымызға тапсырыңдар!» дегендей тықыршып тұрғаны байқалады. Ұшқан ұясымен қоштасу жас қызға өте ауыр болды. Екі жеңгесі киіндіріп

болып, қолтығынан демеп еді, қыз қымсынып сәл қарсылық білдіргендей түр байқатты. Шарасы үлкен, ұялы қара көзі жасаурап, кірпігіне тіреліп тұрған жас тамшыларын мөлт-мөлт еткізіп сығып алды да, анасын құшақтай алды. Сыңсу емес, зарлы бір үн шығарып: – Сорлы басым несіне қыз боп туғанмын. Әкешешемнің оң босағасында тайрандап өткен қыз дәуренім осымен біткені ме?! – деп жылағанда сұлу жүзін жас жуып кетті. Шешесі Ақмамық та егіліп тұр. Іші-бауыры езіліп барады. Басынан құс ұшырмай үкілеп баққан әздегінің енді барып біреудің отынын жағатынын ойлағанда жүрегі шымырлап бойы мұздап сала береді. Қимас сәттердің қиын болатынын былайғы жұрт енді ғана ұғынған сияқты. Талжібектің жасығанын көріп тұрған әйелдер де тебіреніп көздеріне жас алған.

– Қайтсін-ай, ана көкірек деген оңай болып па! – деп қайсыбір кемпірлер кемсендеп, кимешегінің шылауымен жасаураған көздерін сүртті.

Бұл іске енді ауыл ақсақалдары араласты. Өйтпесе қызды шығаратын түрі жоқ.

– Ақмамық, сенің мұныға жол болсын, баланы сонша бөгеп. Сенің де енең қыз, атаң ұл болған. Мұндай жақсылықта жылай ма екен. Қой әрі, жаман ырым шығармай, босат баланы! – деп бір қарт өктемсі сөйлеген.

– Ұзатылатын қызға «асық» деген жіберіндер баланы, – деп дауыстап қалды әлдекім үй сыртынан.

Әбдірешбай үйден тысқары, анадай жерде бір топ адаммен мәслихат құрып отырған. Оның да екі көзі есік жақта еді. Қыз үйден шыққанда ол елп етіп отырған орнынан жылдам көтерілді. Елуден асып қалған жасамыс шағында етті-женді үлкен адамның мұндай ширақ қимылына қасындағылар таңырқай қараған. Мол пішілген алпамсадай ауыр денесіне қарамай, етегіне сүрінердей болып жылдам басып Талжібекке жетіп барды. Қыз да оған қарай бұрылып, оның кең құшағына құлай берді. Әкесінің кеудесіне бетін басып, солқылдап тұрып егіле жылады. Әбдірешбай қыздың басындағы үкілі сәукелесін көтеріп алды да, шашынан иіскеп бір сәт үнсіз тұрып қалды. Көзінің алды тұманданып, алқымына бір түйіншек кептеліп тұр. Тынысы тарылып, ішкі дүниесі әлем-жәлем. Енді аз тұрса Әбдірешбайдың өзі еңіреп қоя беретін түрі бар. Ол мұнан әріге төзе алмайтынын аңғарды. Өзін зорға тежеп:

– Құлыным, құдай бағынды ашсын! – деді де кілт бұрылып жүріп кетті. Ол ешкімге де қарайлайтын емес. Аптыға басып келіп мамаағашта байлаулы тұрған торжорға атқа мінді де ауыл сыртына қарай салдырта жөнелді. Қайда, неге кетіп бара жатқанын өзі де білмейді. Үйден ұзап шыға бере екі көзіне ерік берген. Бағанадан бері алқымына тығылып тұрған ащы запыран жас болып төгіліп, ағыл-тегіл жылады дерсің. Әлі ақ кіре қоймаған қарасақалын жас жуып еңкілдеп келеді. Астындағы торжорға тайпалып жүрісін жылдамдатқан сайын сақалынан домалаған жас тамшылары үзіліп-үзіліп қалып жатыр. Мұндай да балажан адам болар ма, бордай егіліп құры сүлдесі келеді. Кеше ғана өз үйінде киіктің лағындай ойнақтап асыр салып жүрген аяулы перзентінің бүгін барып жат босағаға кіріптар болатынын ойлағанда жанын қоярға жер таппайды. Жүрегін біреу қандауырмен шабақтап жатқандай шымыр-шымыр етеді. Кең жайлаудан ел көшіп, жалғыз өзі жұртта қалғандай көңілі құлазып, таусылып келеді. Ол қанша жерге ұзап кеткенін шамалап жатпады. Бір кезде ұйқыдан оянған адамдай селт етіп есін жиып алды. Қараса ну жыныс, қалың орманның ішінде келеді. «Астапыралла! Мен қайда келгенмін. Мынау Ойқарағай ғой» – деді ол өзіне-өзі үн қатып. Айтқандай-ақ ауылдан жеті-сегіз шақырымдай шалғайдағы иен таудың қорыс боп өскен қалың қарағайын аралап келеді. Мал аяғы жете қоймаған орман ішінің көк шалғыны аттың омырауын соғады. Көк сүңгідей аспанға шаншылған қалың қарағайдың қылқанды жапырағы төгіліп тұр. Қарағайдың ішінен аңқыған шәйір иісі Әбдірешбайдың танауын қытықтап, сарайын ашып жіберді. Ол кең кеудесін көріктей керіп, еркін тыныстады. Іштегі жалын сыртқа тепкендей көкірегі қарс айырылып ауыр күрсінді. Бойы бір сәт жеңілдеп қалғандай болды. Ол енді ғана өзіне келгендей болып атының басын ірікті. Төңірегіне құлақ түрді. Сыңсыған ну орманның ішінен сан түрлі құстардың шуылы естіледі. Әлдебір жақтан таукүдіретінің әуезді үні құлаққа келеді. Енді бір шалғайдан тоқылдақтың тұмсығы тоқ-тоқ етеді. Бір қиырдан еліктің лағын шақырған сыбызғыдай нәзік үні талмаусырап естіледі. Осының бәрі әкенің жабырқау көңілін көтеру үшін жасалып жатқан орманның сыйы іспетті еді.

Ол ілгерілей сұғынып, қалың қарағайдың ішіне сүңгіп барады. Айнала меңіреу түнек. Алып қарағайлардың ұшар басынан көгілдір аспан түңліктің саңлауынан көрінгендей боп зорға қылаңытады.

Тағы да орман шуылына құлақ түрді. Мың сан тіршілік иесі тынымсыз қозғалыста еді. Зәулім қарағайдың басындағы ақ тиіндер мұны елең қылар емес. Үкілі құйрықтарын бұлғандатып ағаштан-ағашқа секіріп әлек. Әбдірешбайдың көзі бірде ұшқаттың бұтағына қонып отырған сауысқанға түсті. Ұзын құйрығын көсеудей қылып бейқам отыр. Таяп келе жатқан адамнан сескенген құс сып етіп көтерілді де оның алдын орағытып, арлы-берлі ұша бастады. Жай ғана ұшып қоймай, беймаза күй кешіп толассыз шықылықтайды. Құс атаулының ішіндегі осы бір сүйкімсіз мақұлықтың соңынан қалмағанына ол кәдімгідей тарылып қалды. Бейне өзін мазақ етіп жүргендей сезініп, қарадай ашуы келді. Торжорға атты тебіне түсіп оған қамшы үйірді. Қанатты құс шалдырсын ба, тік көтеріліп қарағайдың басына барып қонды. Жәй қонып отырса бір сәрі ғой, сауысқан мойнын созып, ұмсына еңкейіп тұрып шықылықтады дерсің. Әбдірешбайда өші бардай соған қарап тұрып толассыз безілдейді. «Мынаның қорлығын-ай, ә!» – деді ашуға булығып. Мағынасыз бұл сапардан көрген сыйы осы болғандай ол одан бетер торығып жүдеп қалды. Атының басын бұрып кері қайтты. Бұл араға алғаш рет келіп тұрған жоқ. Жастайынан осы таудың бөктерінде туып-өскен оған бұл орманның әр бұтасы, әр тасына дейін жақсы таныс. Аңға шыққан кездерінде талай рет арқардың құлжасын атып, қанжығасын майлап қайтқан сайран мекені емес пе бұл. Сол бір балдәурен шаттық күндері-ай десейші! Көңілі тасып, мерейі өсіп қайтар еді ауылға. Әсіресе құмардан шығып, құралайды көзге атқан сәттердегі сезім күйін ештемемен теңгеруге болмас еді. Ол кезде бұған сауысқан түгіл, сасық күзен де жат көрінбейтін. Масаты кілемдей құлпырған мынау жасыл алқап мәңгі жастықтың белгісіндей болған мынау жасыл шырша, анау қарлы шыңдардың бәрі-бәрі көзіне оттай басылатын. Мүк басқан қарағайдың шәйір иісі бұған жұпардан да қымбат-тұғын. Неге екенін кім білсін бұл өлкенің сол сұлулығы бүгін оның назарына ілігер емес. Бүкіл әлем оған сүреңсіз қалып танытады.

Әбдірешбай өз көңілін өзі демдеп, сәл ойланып қалды. Осы маңда жұрт «әулие ағаш» санайтын бір ғажайып аша қарағай бар еді. Әдетте қарағайдың аша болуы өте сирек кездесетін құбылыс. Сол әулие ағашқа келіп тәу етіп қайтатындар, ақтық байлап тілеу тілейтіндер көптеп кездесетін ел ішінде. Әбдірешбай да сол жерге барып, Талжібекке оң сапар, бақыт жолын тілемек ниетте

болды. Жолы қиын, бұрылыстау болса да барып қайтуды жөн көрді. Орман ішінде оған бастап баратын сайрап жатқан жол жоқ. Әйтеуір көңілімен тұспалдап, төтелеп тартып келеді. Күнбатысқа қарай қиыс жүрді. Көктегі күнге қарап бағдарламасаң орман ішінде өз бағытыңды айқындау қиынға түседі. Ол соқпақсыз сүрлеумен келеді. Орман арасындағы тусып кеткен қалың шөп, сорайып өскен рауғаш дегенің аттың сербегін соғады. Ол кенет бір қалыңға тап болды. Балашық қарағай мен шетен, ұшқат пен ырғай ұйыса өскен өзекшеден кешіп өту мүмкін емес. Сонда да атын қамшылап қорысқа кіре бергені сол еді, астындағы торжорға ат оскырынып, қалт тұра қалды. Жануар қос құлағын төбесіне қадап, әлдебір қауіпті аңғартып тұр. Ол атын тебініп, қамшылап жіберді. Тақымын қысып сезікті жерден абайлап өтуге оқталды. Сол-ақ екен ат жалт етіп бір бүйірге қарай секіріп кетті. Сақтанып отырғаны мұндай жақсы болар ма, әйтпегенде аттан ауып түсіп қалуы әбден мүмкін еді. Ауыздыққа бой бермей ала қашпақ болған атты әзер тежел, жаңағы жерге қайта бұрылды. Қалыңға енді бір жағынан айналып келді. Жануар торжорғаның үріккеніндей-ақ бар екен. Қалың нудың ішінде бір елік жайрап жатыр. Қасқыр, әлде аю ма екен, кім білсін жануарды жаңа ғана жығып жей бастаса керек. Ішін жарып, өкпе-бауырын суырып жеп кетіпті. Бұл араға елік бошалап келсе керек, егіз екен. Екі лағы екі жерде қағанақ шуына оралып сұлап жатыр. Мына көріністен Әбдірешбай тіксініп қалды. «Әй, жыртқыштар-ай! – деді ол зығырданы қайнап, – әлділердің әлсіздерге жасайтын жауыздығы ғой бұл».

Ол қамшысын екі бүктеп атының мойнына бір салды да, тездетіп жүріп кетті. Келе жатып неше түрлі ойға қалды. Әлгіндегі сауысқанның соңынан қалмай шықылықтағаны, мына бір буаз еліктің мерт болуы, анау егіз лақтың жарық дүниеге көзін ашпай жатып жыртқыштарға жемтік болғаны есіне түскенде арқасы мұздап сала берді. Бұл көріністерді жаман ырымға балап, одан бетер құты қашты. Жас төлді ойлаған сайын Талжібегі есіне сап ете қалады. «Астапыралла, оның беті ары болсын!..» деп күбірледі ол қызы жайлы әлдебір жаман ойларға барып. Кенет денесі қызынып, безгегі ұстаған адамдай қалшылдап кетті. «Осы мен ауырып қалғаннан саумын ба?» дегендей ішкі сарайына үңілген. Байқайды, жанына батып тұрған ауруы жоқ секілді. «Иен жерді пері андиды деуші еді, әлдененің салқыны тиді ме?» деп те күдіктенеді. Ол енді

орманнан тез шығып кетуге бекінді. Әулиеағаш жайына қалды. Торы атты тебініп қалып қамшы басты. Қалың жыныс, ну орманда бөгет көп. Жел құлатқан қарағайлар, арбиған қу бұтақтардан жол тауып өту оңайға соқпады. Сонда да ол жүрісін жылдамдатып сәті түскен жерлерде торжорғаның басын жіберіп ағызып-ағызып алды. Асыққан сайын жол тіпті ұзап кеткен секілді. Орманның шеті әлі көрінбейді. Аспан ғана көрінетін түнектің ішінде келеді. Қанша жүргені белгісіз бір кезде саңылау көрінді-ау әйтеуір. Қамыстан шыққан балықшыға ақ айдын жарқ ете қалғандай Әбдірешбайдың да көзіне ашық дала шырадай жанды. Ол өзінің орман ішінде қанша жүргенін енді шамалады. Кіші бесін өтіп, күн еңкейіп кетіпті.

Таулы өлкенің табиғаты қызық. Таң атқанша тоқсан әлем, тоғыз сәт дегендей, бір күнде сан құбылады. Жаңа ғана ашық тұрған көкжиек кіреукелене бастаған. Батыстағы сонау бір кебеже таудың басына бұлт үйріліп түнеріп келеді. Тау шындарының арғы астынан тік аспанға бұрқырай көтерілген қорғасын бұлттар түйдегі ілезде тұтасып барады. Әп сәтте-ақ күннің көзі бүркеліп күтім кірді. Әлдеқандай қалың нөсерді бастап келе жатқандай ұйытқып-ұйытқып жел соқты. Жел күшейген сайын шөп басы ырғатылып су-су етеді.

Ол жауынға ұрынбай, үйге жетуді ойлады. Торы аттың басын жіберіп, тізгін ұшымен келеді. Абырой болғанда, бұл да жетті, жаңбыр да басталды. Жаңбыр болғанда қандай, күн күркіреп, найзағай жарқылдағанда аспан опырылып жерге құлайтын секілді. Бұрқ-сарқ еткен долы боран ұйытқып, нөсерлете сел жүріп кете жаздайды.

Бүгінгі отбасының тірлігі жабырқау күйде еді. Тоқалы Қырмызының да қабағында кірбің бар. Отағасының кейпін баққан екі әйел де тіс жарып, тіл қатуға дәрменсіз. Әбдірешбайдың кешкі асқа зауқы соқпады. Бір саптыаяқ қымыз ішті де жатып қалды.

Ертеңінде ол жолаушы жүрмек болды. Еңсесін басқан ауырлықты сәл де болса жеңілдетіп, сергіп қайту ойында бар. Бұл аймақтағы елдің ендігі бір қызығы Қарқара жәрмеңкесі еді. Үш ай жазға думандатып, түтіні тұман болып жататын Қарқара жайлауы мыңғырған малмен базаршыларға толып кетеді. Сонау Хиуа мен Бұқарадан, Бішкек пен Қарақолдан ағылған саудагерлер легі базардың шырайын келтіретін. Көк жібек шатырлардың іргесіндегі жерошақта буы бұрқырап, майы сорғалаған Самарқанд мәңтісі



мен Әндіжан палауының аңқыған хош иісі қозыкөш жерден мұрын жарады. Ат бәйге, жорға жарыс, палуан күрес дейсіз бе, бар тамаша осында. Ел-елдің алпауыт байлары отарымен қой, үйірімен жылқы айдап келіп күнұзаққа қан базар қайнап жатқаны. Қолы жеткен ауқатты адамдар осында келіп бір серпіліп, түлеп қайтатын.

Қасында үш-төрт атқосшысы бар Әбдірешбай да осы тамашаға келе жатыр. Жол да онша алыс емес. Салт аттыға бір күндік жер. Бұлардың ат сабылтып жеткенін қайтейін, сол күні Қарқара жәрмеңкесіне жай түскендей болып тоз-тозы шыққан...

Маңдайы тасқа соғылғандай Әбдірешбай тобы түн бойы кері қайтты. Ара қонып, ертесі ел шетіне ілікті.

Ауыл ағасы Әбдірешбай көп аттының ортасынан алға озып, қамшы салым оқшау келеді. Жасы ұлғайып қалса да түсін бермеген, бұрын да сұсты жүзі сұрланып қатуланып алған. Сом тұлғалы кесек бітімін тік ұстап ат үстінде шаншылып нық отыр. Астындағы торжорғаның тайпалған екпінді жүрісін үдете түседі. Оң қолын жәй сермеп, астындағы атын сипай қамшылайды. Алыс жолдан қажып келе жатса да торының жүрісі әлі ширақ. Андасанда ауыздығын басып, тізгінін сүзе тастап шұлғып қояды.

Бұл топтан ешкім де шашау шықпай, шоғырын жазбаған бойда Әбдірешбайдың үйіне келіп түсті. Алыс жолдан сусап келген жолаушылардың алдына алакөлдей ақ дастарқан жайылып дәм әкелінді. Қызыл сырлы тегенемен қымыз алдырып, кіші әйелі Қырмызы қымыз құя бастады. Сабына күмістен шығыршық тағып, үзбелеген жез сары ағаш ожаумен сары қымызды сапыра түсіп сұлу әйел сызылып отыр. Төрдегілерге қымыз ұсынған сайын оң қолын сол қолымен жебеп, аса бір ибалықпен ізет көрсетеді. Алдына қойған егіз тостағанның құлағынан ұстап енді бір қолымен демей түсіп Әбдірешбай бал татыған қоймалжың салқын қымызды тұна жұтты. Отағасының қимылын баққан басқалар да ыдыстарын қос-қолдай көтеріп, шөлікпей сіміріп жатыр. Қарағайдың ұрығынан сәндеп шабылған, балық қарын егіз тостағанның қос бүйірін еңсеріп орталаған Әбдірешбай ыдысын алдына қойды. Тәтті қымыздың тіл үйірген қышқылтым кермек дәміне тұншығып, тамсана ернін жалады. Бешпетінің қалтасынан мол пішілген ақжібек орамалын алып мұртына жұққан қымыз дағын сүртті. Иегіндегі келте, қою сақалын сығымдай уыстап сылап қойды.

Енді ол төңірегіндегілерге тегіс көз тастап, барлай қарады. Бұл кезде ауылдағылардан да біраз кісі келіп жұрт жиналып қалған. Ауыл ағасының қалпын бағып, олар да үнсіз отыр. Жолаушылардың кеткенінен келгені тез болған суыт жүрісінен әлдебір жайсыздықты сезінген ауыл адамдары үрпиісіп отыр. Әбдірешбай отырған орнынан сәл қозғалыңқырап, ұшатын құмайдай екі иығын қомдап қойып тіл қатты.

– Уа, жұртым! Біз сендерге суық хабар әкеліп отырмыз, – деді ол жүзі сынық мұңды кейіппен, – кеше Қарқарада жандаралдар келіп үлкен мәжіліс құрыпты. Ақ патшаның жарлығы бойынша, әшкерге бала бересіндер деп өкім қылыпты. Он сегіз бен отыз бір жастағы елдің өрімдей жастарын қойдай көгендеп тізіп әкететінін айтыпты. Ұлықтың әмірі екі болмайды, тез арада кісі шығады. Ауыл-ауылдың балаларын қаттайды, депті.

Мұны естіген жұрт бірден үдірейісіп қалды. Ол сөзін ары қарай жалғастырды.

– Бұл ылаңға жәрмеңкедегілер өре түрегеліп қарсы шығыпты. Ел-жұртын қорғап, арашаламақ болған Жәмеңке мен Ұзақ бастаған игі жақсыларды сол жерде қол-аяғын кісендеп, Қарақолға айдап әкетіпті. Оларды атып тастапты деген қауесет те бар ел аузында.

– Апыр-ау, бұл не сұмдығы тағы!

– Баладан тірі айырылғанша, өлгеніміз оңды емес пе?

– Ұрысқа кетті дегенше, енді көру жоқ десенші оларды!

– Жалғызымнан тірі айырылмаспын! – десіп жұрт шулап қоя берді.

– Сабыр, сабыр, – деді Әбдірешбай оң қолын көтеріп, – текке шуласпалық. Ақылдасып іс қылалық, ағайын. Ол сәл ойланып отырып қайтадан тілге келді.

– Құдайдың ісі парыз, ұлықтың ісі уәжіп деген. Патша айтқанын орындатпай тынбайды. Бұл барлық елге төнген ажал, зобалаң. Бұл жолда берсең бала өледі, бермесең мына отырған біз өлеміз, – деді ол айбарланып. Осы сәт оның жүзі қуарып, бетінен қаны қашып, екі көзінен әлдебір ұшқын жарқ-жұрқ еткендей болды. Қабағы қатып, қатты түйіліп отырды да:

– Басыңа қара күн туып, қан жамылған ақырзаман деген міне, осы, – деді ол тістеніп, – ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішер күн жетті. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кешегі бейкұт заманың енді келмеске кетті. Бұл пәледен құтылар бір-ақ

жол бар. Ол – атамекеннен ауып, Қытай аспасаң одан басқа шара жоқ. Өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір жерде жүріп күн көрерміз. Маған еретінің бүгін түннен қалмай үзігінді сыпырасың. Байлауым осы.

Әбдірешбайдың бұл тұжырымына ешкім де қарсы жауап айта алмады.

– Бітті, сөз байланды.

– Ердік соңыңнан.

– Баста өзің.

– Тірі жүрсек, туған жерге келерміз түбінде бір, – десіп кейбіреулер көңілі босап, көзіне жас алды.

Әбдірешбай түйіліп отыр. Айтуға жеңіл болғанымен, елден кетіп, жерден ауудың оңай болмасын іші сезеді. «Жер ауған жек оңбайды» деген, кім білсін, ол жақта қандай күйде боларымызды? – дейді ол іштей ойға қалып. Өзінің бұл түйткілін ешкімге сездірген жоқ.

Сол түні үдере көшкен қалың ауыл босып, Ойқарағай, Қасанды басып, Сарытаудан қырпулай өтіп, Қытай жеріне, ежелгі Шығыс Түркістанға өтіп кетті. Түні бойы шұбырған көш тізбегі тынбай жүріп күн шыға бір үлкен сулы кең салмауға келіп тірелді. Салт аттыға түстік жер саналатын мына тұрған Шөлкөдеден мырмырттаған көш аяңымен жеткен жерлері осы болды.

Бұл ара тау аңғарының апайтөс жайылмасы екен. Еңістеген сайын етегі кең жазыққа ұласып, Текес алқабына сұғынып кете барады. Әлі де мал аяғы жетпеген шүйгін шөпті, сонысы басылмаған иен жер.

Көшті бастап келген Әбдірешбай, Танабай, Толымбек, Ақан, Толбайлар сынды жұрт кісілері ақылдаса келіп, осы орынды жайлы қоныс санаған. Әліптің артын бағып, осында бірер күн еру болмаққа бекінді. Сарыны құлақ тұндырған тау өзені асқарлап тасып жатыр. Өзен бойын жағалай әр жерге шоғырланған жүк түсірілді. Түн қатып, кірпік ілмей қалжыраған қарттар мен қатын-бала, жүк артқан көліктер де титықтап келген-ді. Үй тігуге мұршалары болмай, көбі кереге жайып бас қалқа жасады. Дастарқан басына отырып барлық жан байыз тауып, бір сәт тыныс алған. Қарағайдың бүріне ысталған дәу-дәу сары местерге құйып, түйеге теңдеп келген салқын қымыздан ішіп, бәрі де жан шақырды. Қарт аналар мен шалдар шынтақтарына жастық қойып, көз шырымын алды. Он

шақты жігіт ат ауыстырып мініп, өзен бойындағы тоғайдан отын бұтап келуге аттанды. Ерлер жағы қостан аулақ анадай жердегі тақиядай төбешіктің басына жиналып төңіректеріне көз жіберіп тұр. Арқа жағында Сартау, бет алдарында Тянь-Шань тауының мұз бүркенген заңғар шыңдары көк төсіне тиердей болып шаншылып қалған. Биік таудың қарлы басына дейін көкөрім ну карағай, қаптаған қалың орман сыңсып тұр. Бұйраттанған көк зеңгір тау койнаулары бір-біріне жалғасып, көз көрімнен әріге созылған. Алыс шеті аласарып барып, боз мұнарға батып кетіп жатыр. Екі таудың алабын шектестірген ұлан-ғайыр кең даланы қақ айырып Текес өзені ағып жатыр. Өзеннің екі жақтауы ну жыныс, қалың тоғай. Дарияның арғы бетінде қаздай тізілген киіз үйлер, қаптаған мал көзге шалынады.

Күн нұрына шағылысып жарқырап жатқан өзеннен көз айырмай Әбдірешбай көпке дейін қарап қалғанын өзі де аңғармады. Қақпақ пен Шұбартал жайлауларында отыратын құда-жегжаттарына жолаушылап барған талай сапарында осы өзеннен сан рет кешіп өтіп, сан рет атын суарғаны есіне түсіп, көңілі құлазып тұр. Сол бір таза тау суындай мөлдіреген тұнық сезімі лайланып, артта қалып бара жатқан туған жерін қимай тұрғаны белгілі. Сонда өткізген өмірінің қайталанбас қызық шақтары, сонау алыста қалған бала кезі бәрі де көрген түстей буалдыр сағым ғана. «Жержады деген осы екен-ау! – деп ойлады Әбдірешбай, – жат жерге табаным тимей жатып туған жердің сағынышқа айналып бара жатқанын қарай көр, о, пәруәрдігер!» Ол ауыр күрсініп, артына бұрылып кетті. Өз ойын өзгелерге сездіргісі келмей, ойлы жүзбен қасындағыларға қарады. Байқайды, бәрінің де ұнжырғасы түсіп кеткен. Жүздері жүдеу, жабырқау күйде. Туасы көрмеген жат мекенді жатырқап тұрғандарын айтпай-ақ түсінуге болады.

– Жарықтық жерден жердің айырмасы жоқ, біздің жерге ұқсап келеді екен өзі, – деді біреуі.

– Ой-й, сен де бір қайдағы жоқты айтады екенсің! – деп бір жас жігіт шырт ете қалды, – қайдағы ұқсағанды айтып тұрсың. Шәлкөде деген жердің сұлтаны емес пе, шіркін!

Байқайды, бәрі де іштей түйіліп тұр. Қасындағылардың аужайын байқаған Әбдірешбай оларды қайратқа шақырғандай болып:

– Тәуекел еткен екенбіз, тас бекінейік, ағайын. Ел деп еңіреп, туған жер деп жасығанмен алдың құз, артың жар болып тұрған жоқ

па. Обалдарың анау ақ патшаға. Мен елімнен безетіндей алабөтен зәбір көрген жайым жоқ. Мынау өңшен жас өрім сендердің қамынды, ертеңгі өмірлерінді ойлап, осы шешімге келгіміз жоқ па? – деді қатуланып. Дауысы аса зор, зілді естілді. Мұны естіген басқалар да ширап сала берді.

– Рас айтады.

– Әбекең шын сөзін айтты.

– Біздің қамымызды жемесе, осы жасында ит арқасы қиянға шығандап жанын шүберекке түйіп шетке шықпас еді ғой, – десіп Әбдірешбайды жақтап кетті тұрғандардың көпшілігі.

Бұл кезде ай жайылып, ұлы сәске болып қалған. Қарауылқалмақ атанған оң бүйірдегі қостөбені бауырлап, бір топ атты кісі осылай қарай жосылтып келеді. Мұны ең алдымен көрген Толымбек еді. Осы жұрттың ішіндегі бетке ұстары, сайыскер әрі палуаны да сол болатын. Жау түсіргіш, найзагер деген атағы тағы бар. Мына келе жатқан аттылардан секем алып тұр. Жаны бір жамандықты сезетін секілді. Кенет ол қиядан шалатын қырандай дүр сілкінді. Қасындағы жігіттерге әмір етіп:

– Бар, атқа мініңдер! Құла атты да осында келтір! – деді қатуланып.

– Мына топтың жүрісі тегін емес, – деді біреуі.

– Е, немене, шапқыншы ғой деп пе едің?

– Шапқыншы болмағанымен жерін қызғанбайтын, сонысын қорымайтын ел болушы ма еді.

– Жерін жеп, егініне түскеніміз жоқ. Құдай тағаланың иен жатқан жерін де қори ма ол жазғандар.

Әбдірешбай үнсіз тындап тұр. Оның да көңілі күпті, жүрегі бір сұмдықты сезетін сияқты. Басына сан түрлі ой оралып, шатасып тұр. «Жақсылық болса игі еді, – деп тіледі іштей, – соңыма ерген осынша халықты жат жерде жазым етіп, қатын-баласының көз жасына қалмасам жарар еді» деген қауіпті ой бар басында.

Жұмахан, Ынтабай, Төкен бастатқан жеті-сегіз жігіт сайланып атқа мінген. Үлкендердің де аттарын жетелеп келіп алдарына көлденең тартты. Сөйткенше болған жоқ, жаңағы топ келіп те қалды. Ең алдында қаратөбел арғымаққа мінген біреуі ұшыртып келеді. Ағындап келіп топқа жақындай бере ол атының басын тежеді. Кең кеуделі, есік пен төрдей сүлік қара ат арынын тежей алмай біраз жерге екпіндеп барып тоқтады. Аузын арандай ашып, ауыздығын

қарш-қарш шайнайды. Аққу мойнын ішіне алып қос тізгінін сілке тастап, тықыршып жер тарпиды. Өзінің де, атының да порымы өзгеше. Таулы жерді мекендеген халық болғандықтан, солай шығар. Шілденің ыстық күндерінде кигендері омырауынан етегіне дейін айналдыра зерлі кесте тұтқан оқалы сары тон. Белдерін шарт буынып алған. Бастарында шошақ төбелі кара қалпақ. Майлаған бидайдай боп екі бетінің ұшы күренітіп көрінеді. Әйтеуір сұрқы бөлек, бір өзге сұсты адамдар. Алдымен жеткен кара аттының пошымы басқалардан тіпті бөлекше. Денесі де зор, алпамсадай екен. Сақалын қырып тастаған. Қою кара мұрты салбырап ернін бүркей түскен. Өңі суық, ызғарлы көрінеді. Бір бұрым қып өрген айдар шашы желкесінен салбырап жауырынына түседі. Шашының ұшына сәндеп шашақ тағып қойыпты. Жас шамасын түсіне қарап айыру қиын.

– Та нар ханнаас ирсән хасагууд ва? (Қайдан келген қазақсындар?)

Тіліне түсінбеген жұрт ләм деп жауап қатқан жоқ.

Артындағылар да үйме-жүйме келіп жеткен.

– Бембе, – деп дауыстады әлгі қасқа атты дәу кара. Топ ішінен біреу суырылып, оның қасына келді. Екеуі құлдырласып өзара сөйлесіп кетті. Екі жақ бір-бірлеріне көз тігіп, таңырқай қарасады. Киген киімі, бет-жүзі, тіпті ер-тұрмандарына дейін бөлек екі топ тек көз арқылы арбасады.

Босқындар тобының алдында Әбдірешбай мен Толымбек оқшау тұр. «Не айтасындар?» деген сұраулы кескін танытады. Әлгі дәу кара қолындағы қамшысын екі бүктеп ұстап, алдындағы топты нұсқап сермеп-сермеп қояды. Қатулана, екілене сөйлеп тұр. Сөзін түсінбесе де, айтып тұрғаны жақсылық емес екенін босқындар тобы жазбай таныған. Бір кезде ол зіл тастаған өктем үнмен ақыра түсіп, сөзін аяқтады. Сол-ақ екен Бембе бұларға тіл қатты..

– Біздің Еренші амбал айтады, сендер қайдан келген қазақсындар деп сұрайды? – деді қазақшаға жатық емес қасаң тілмен. («Амбал» болыстық дәрежедегі мансап атауы.)

Ол тағы сөйледі:

– Біздің амбал айтады. Сендер мұңғыл жеріне неге келіп қонып алған? Қазір көшіндер, кетіндер. Егер көшпесендер шауып аламыс, – дейді.

— Уа, батыр, мына ұлығыңа ұғындырып айт. Біз патшамыздан зәбір көріп атамекенімізден ауып келе жатқан босқын халықпыз. Бізді қол астына алсын, отырарға орын, жайылымға жер берсін. Амбалыңның бұқарасы болайық, соны айт, — деді Әбдірешбай алға озыңқырап. Бембе Еренші амбалға оның сөзін тәржіме қып жеткізіп жатты. Оның сөзін тыңдап болған Еренші тіпті қатты ашуланып кетті. Қиық көзін оқша қадап, Әбдірешбайға тесіліп қалыпты. Енді бірдеме, десең дәл қақ бастан қамшымен тартып жіберетін түрі бар. Ол Бембеге қарап тағы да бірдемелерді сөйлеп кетті.

— Мен қазақтар келеді екен деп жер дайындап отырған жоқпын. Зұрған сұмынның (Зұрған сұмын — мұңғыл тайпаларының атауы) малы жемеген жерді қазақтардың малына таптатпаймын.

Ереншінің көнбесіне көзі жеткен Әбдірешбай не істерін білмей торықты.

— Енді ұлығың бізді қайда барсын дейді? — деп сұрады ол шарасызданып. Амбалдың берген жауабын Бембе тез тәржімеледі.

— Қарадалаға көшсін, сол жақта иен жер бар, — деді.

Әбдірешбайдың Қарадала дегенді естуі бар. Текестің Күнес өзеніне барып құйған жеріндегі кең атырап. Текес, Қас, Күнес, Ағияз сияқты үлкен өзендер бір-біріне қосылып барып, батысқа бет түзейтін кең арналы үлкен бөлігін Іле дариясы деп атайды. Сол Іленің шығыс-солтүстігіне қарай созылған қызыл керіш құмды дала. Бұтасыз, жалтаң шөлейт жер. Құнарсыз, малға да, адамға да жайсыз жер болғандықтан, жұрт мекендей қоймаған сүреңсіз боз дала.

«Бұған да шүкір, — деп ойлады Әбдірешбай іштей, — әйтеуір аман жетіп, табан тірер жер тапсақ, тағы да көрер едік Алланың жазғанын. Бәрінен де кері қайтындар, демегеніне тәуба!»

— Мақұл, — деді ол басын иіп, — ұлығыңның дегені болсын. Бізге бір күн мұрсат беріндер. Адамдарымыз бен көліктерімізді белін босатып, ең болмаса бір күн тынықтырып алайық.

Әбдірешбайдың бұл өтінішін қабыл алса керек. Ұлық қарсы жауап қатқан жоқ. Өзара құлдырласып алды да, кері бұрылып тасырлата шаба жөнелісті. Үстілеріне киген сары тонның етегі желпілдеп, желкелеріндегі бір бұрым шашы желге ұшып, бәрі де ызғытып бара жатты. Арттарынан қарап тұрғандар олардан көз айырмады.

– Құлақ естігенді көз көреді деген рас екен-ау, – деді әлден уақытта біреу. – Торғауыт мұңғылдары деген ел болады. Еркектері төбесіне айдар қояды деуші еді. Міне, бүгін көзімізбен көрдік.

– Өздерінің сұрқы жаман болады екен!

– Киген киімдері де қызық, – деп таңырқасып жатыр.

Әбдірешбай қасындағы үлкендерді бастап келіп өзінің қосына түсті. Қымыз ішіп, біраз шөл басқан соң:

– Байқадыңдар ма, жаңағы біреулердің кейіпі жаман, – деді ол ойлы көзін Толымбекке аударып, – бүгін түнде осылар бір сойқанды бастамаса не қылсын. Мен олардың сұрынан осындай сұмдықты байқадым.

– Ой, Әбеке-ай, сіз дағы бір жоқ нәрседен секем алады екенсіз, – деп жөлегендер де болды.

– Олай деуге болмайды, жігіттер, бұл сыралғы өз елің емес. Қайдан білдің олардың не ойлап кеткенін. Етек-жеңімізді кеңге салып отыратын заман ба бұл. Бүгін түнде мал-жанымызға абай болайық. Малға күзетті мықтап қоямыз. Бұл істің басы-қасында, Толымбек, өзің бол қарағым! – деп тапсырды. Өмірден көргені көп сұңғыла қарттың сыншы көзі олардың жәй жүрмеген адамдар екенін жазбай таныған. «Бұл әдейі келген шолғыншы топ, – деп ойлады ол, – жауласа қалсақ, өз қолына төтеп берер қауқары бар ма екен, әлде қасқыр апанына өзі келген жемтік пе, деп көріп кетті олар». Бірақ ол бұл сезікті ойын ешкімге айтпай, ішіне бүкті. Жігіттерге үрей тудырмайын деп ойлады.

Бұл кезде тоғайға кеткен отыншылар да келіп қалған. Әр қостың алдына түтіндетіп самауыр қойыла бастады. Ыстық ішпей, салқын сусынды қанағат тұтпаған қарттар жағы қаталап отыр.

Күн түске тармасып қалған кез. Бұл арада шілденің ми қайнатқан ыстық аптабы жер тандырын қақтап тұрмайды. Биік үстіртті таулы аймақ болғандықтан, жауын-шашын ылғалы мол, жанға жайлы. Бір түрлі салқын леп тынысынды кеңітіп, бойыңды сергітіп тұрады. Түні бойы айдау көріп шалдығып келген қора-қора қой мен қалың жылқы, табын-табын сиырлар да соны жерге біраз отыққан соң салған жерден қия баспай жусап жатыр. Әр қоста тыныштық орнаған. Әркім өз отбасында шүйіркелесіп, қызыл шайды сораптап ұрттап отыр. «Бұл ара болмаса мейлі, әйтеуір тұрақтайтын жер берді ғой. Мал-жанымыз аман болса, бір мәнісі болар» десіп жайбарақат күй кешуде.



Таулы аймақтың табиғаты қызық. Түске дейін ашық тұрған аспанды қара бұлт торлап, желеміктеніп күн бұзыла бастады. Ілебасы тауын бөктерлеп, батыстан қалың нөсер төгіп келеді. Күн кешкіріп қалғанға ұқсайды. Айнала бұлыңғыр тартып күтімдене бастаған. Әжетке жарайтын еркек атаулы түгел атқа қонған, мал шетінде жүр. Ауылдың бар жылқысын бір жерге топтап, тақымдарына ырғай-сойыл, босмойын шоқпар қыстырған белді жігіттер қайырмалауда. Толымбек жігіттерді үш топқа бөлді. Бірінші топты ауыл маңын алыстан шарлап жүретін етіп күзетке қойды.

— Егер түн ішінде жортуылшы тап болып, бір жамандық білінсе, дереу ауылға атой салып хабар бересіндер! — деп тапсырды. Екінші топты өзі бастап жылқы күзетінде болмақ. Бұл топқа бөлінгендердің бәрі дерлік мығым денелі, әлуетті жігіттер, мінгендері өңшең жарау бәйге аттары мен қан жайлауда семізінен қатырған бедеу биелер. Толымбектің астындағы өзінің атақты құлақасқасы. Бір дуан елге даңқы шыққан хас тұлпардың өзі. Отыз болыс албанның басын қосқан талай жиын-тойларда самсаған сары қолдан суырылып озып, тамам елді сүйсіндірген, құса құс шалған киелі жануар. Міне, бүгін Толымбектің тақымында ойнап, шиыршық атады.

Үшінші шағын бір топты ол қос маңына қалдырды. Бұлар арт жақтағы тың күш есепті. Қай жақтан бүлік шықса, соған көмекке баруға міндетті. Толымбектің басты күдігі жылқы болатын. Жау тисе, ең алдымен аяқты мал жылқыға шабады деп ойлаған. Бұл түні Әбдірешбай да қарап жата алмады. Қасына оншақты қарияны ілестіріп, күйіс малы — қой мен сиырды адақтап жүр.

Аздан соң бұл алапты түн қараңғылығы бүркеп, сіркіреген ақ жаңбыр басталды. Әлгіндегі беймаза жел де басылған. Ауада бір тылсым тыныштық орнап, бар ғалам ақ нөсерге ерік берген. Тек алыстан, бір қиырдан найзағайдың отты шеңбері тау сауырын таңбалап, жарқ-жұрқ етеді. Оқтын-оқтын күн күркіреп қояды. Қоста қалған әйелдер де беймаза күй кешуде. Күн жауардың алдында үй жабдығын жинастырып, жам жүгін бір жерге үйіп, туырлықпен қымтап жауып тастаған. Қазір аядай күркенің ішінде ықтап отыр.

Әбдірешбайдың шешесі Қамқа жасы сексеннен асып қалған шағы еді. Ана жүрегі алдында баланың аты қашан да бала. Ол алпысқа таяп қалса да, өзіне әлі жас қалпында елестейді. Бұл күндері ел ағасы болған ұлының әр ісіне анасы үйде отырып

барлау жасайды. «Жарығымның бет алған жағынан жарылқай гөр тәңірім!» деп тілеу тілейді. Ел-елдің дау-шарына араласып, бітімге жүрер сапарында өзі отырған үлкен үйге шақыртып алып, аналық ақ тілеуін айтып, бата беріп аттандыратын. Баласының аты шығып дәулеті артып, Әбдірешбай шешен, әділ би атана бастаған сол жылдардың бірінде айтқан ақ тілекті ана лебізі әлі жадында. «Еліңе мейірлі, шапағатты болсаң, жетімнің зарын тындап, жесірдің мұңын ұқсаң, жаратқан ием жаман қылмас. Жапан түзде арып-ашып шаршап келген жолаушы саған келіп сая табатын болсын. Зәлім байдан зәбір көрген жетім-жесір сенің ығыңа келіп қорғалайтын болсын...» – деген. Міне, бүгінге дейін сол бір айтқан ана үкімі екі болған емес. Елім деп жүріп ер ортасынан ауған шақта ұлының осы жолғы сапарын қалай деп ұғарын білмей, қарт ана қамығуда еді. Кіші келіні Қырмызыдан туған жеті айлық немересі Ақмаралды етегіне орап алып қараңғы, тар күркеде әлденені айтып ыңылдап отыр.

Әлди, әлди Ақмарал,  
Әкең сенін азған ба?  
Алтын зерлі қамқа тон,  
Бой-бой болып тозған ба?  
Қаусаған кәрі әженді,  
Қара орнынан көшіріп,  
Қай жаққа алып барасың?  
Туған жерден дәм жазбай,  
Жат жерінде көз жұмсам,  
Қайдан топырақ саларсың?! –

деп өзінің ішкі мұңын жас нәрестеге сыр қып төгеді.

Жолсоқты боп қажып келген қарт ана ұзақ отырған жоқ. Аздан соң Ақмаралды Қырмызының қойнына беріп, қос мамыққа шынтақтаған бойы қалғып кетті. Қанша уақыт өткені белгісіз, бірде ана шошып оянды. Тыстағы айқай-шуды құлағы шалды.

– Иә, иә, аруақ, иә, жасаған ием, бұл не пәле?! – деп күбір-күбір етеді. Екі келінін оятып, тысқа шығарды. Үрейі ұшқан Қырмызы дереу қосқа қайтып кірді.

– Апатай-ай, бір сұмдық болғанға ұқсайды! – деді ол аптығып, – мына жақта айқай-шу, аттандаған дауыс, шұркырай кісінеген жылқы...

– Не дейді, сорлатқан құдай, нендей күйге тап болдық жаратқан-ай! – деп кемпір етегіне оралып, сүріне-қабына

Қырмызыға асылып далаға беттеді. Қарт ананың шүңірек тартып, жансыздана бастаған қос жанары тыстан ештеңе де көре алған жоқ. Жаңбыр әлі толастамапты. Меңіреу қара түн басқан барлық ғалам тастай суық үрейлі сезілді анаға. Оның денесі тоңазып, өне-бойы қалтырап кетті. Тарамысына ілінген сал бөксе әлсіз буындары дірілдеп, еңсесін зорға көтеріп тұр. Шау тартқан сараң құлағы даладағы қым-қуыт айқай-шуды анық естіді. Тасырлата шапқан ат тұяғының дүбірі, аттандаған дауысқа ұласады.

— Ойбай, жұртым-ай! Енді қайттім, енді не бетімді айттым! — деп қарт ана бүгіліп отыра кетті, — күндерім-ау, аттан салындар. Жылқыға жау тиген ғой, жау, — дейді бебеулеп. Ақмамық пен Қырмызыда ес жоқ. Сөйлеуге тілдері келмейді. Кемпірді қолтықтап екеуі де мелшиіп қатып қалыпты.

Жылқыға жау екі жақтан тиген-ді. Жасанып келген көп мұңғыл күзеттегілерді баса-көктеп қалың жылқыны қос бүйірден қыспаққа алып, айдап кетпекші болған. Атой салып, тұра шапқан мұңғыл қолынан үркіп алаңсыз жайылып жатқан топ жылқы дүркірей жөнелген. Екпіндеп келген жау жылқының қалың тобына араласып, қолдарындағы ұзын құрық, дырау қамшыларымен ту биелерді сауырлап жүр. Етіне ащы таяқ тиіп әрі жауыннан ширығып тұрған мал бет алған жағына қарай босып, үрке қашып барады. Жау дүбірі естілгенде-ақ Толымбек жігіттерін жинап, жан аямай шабысуға әмір етті. Бұрын мұндай бетпе-бет айқасты көрмеген кейбір жас жігіттердің тұтқиылдан араласқан мұңғылдар қолынан жасқанып, тіксініп қалғандары да болған. Толымбек осы жайды сезді білем, көбіне ұран тастап жігер бере сөйледі.

— Сендерді шешелерің ұл деп тапқан, — деді ол астындағы құла қасқаның ауыздығымен алысып тұрып, — егер де мына жылқы жау қолында кетер болса, онда барлығың да намыссыз ез болғандарың. Бұл сендердің азаматтықтарыңа сын. Анау қара қоста шулап қалған көп жұрттың бар сенгені, бетке ұстары мына сендерсіңдер. Ендеше, бұл шайқас жылқы үшін емес, ел намысы үшін, қызыл қарын жас баланың қамы үшін.

Сөйтті де астындағы құла атқа қамшыны басып-басып жіберді.

— Өлсек шейітпіз, өлтірсек қазымыз. Қанеки ер соңымнан, — деді де, — Райымбек, Райымбек!.. — деп ұрандап шаба жөнелді. Осылайша жүз қаралы жігіт жауға қарсы лап қойды.

- Райымбек, Райымбек!
- Абақ, Абақ!
- Әлмерек, Әлмерек! – деп ұрандаған көп аттының даусы қара түнді қақ айырып, алысқа кетіп жатты.

Толымбектің қолын күтіп тұрғандай, бағанағы екі топ шолғыншылар мен ауыл маңында қалғандар да қос қанаттан ұран салып андағайлап келеді. Жау соңынан бұрын жеткен Толымбектің жігіттері еді. Ең алдында жалғыз қара болып ағызып келген ол жауына жете бере-ақ сойылын оңды-солды сермеп қалды. Жастайынан найзагер атанған самдағай жігіт қалмақтардың төрт-бесеуін көк желкеден ұрып, қалпақпай домалатып түсірген. Көп жылқыны олжаламақ болған топ мұңғыл үркердей үйіріп қуып кетіп барады. Артында қуғыншы, мал иесі бар-ау деген ой қаперіне де кірмейді. Жер қайысқан қалың жылқыны жан-жағынан қаумалай қоршап алған. Осындай тобы сиреп қалған кезде келіп араласқан Толымбектің жігіттері талай мұңғылға ат жалын құштырды.

Енді мұңғылдар жағы да іркіліп қарсыласа қару жұмсай бастады. Жау жағы да даурығысып, айқай салып жатыр. Тілдері түсініксіз болғанымен, қимылдарынан қаскөйлікті аңғару қиын емес. Қарсы келгенді қан жаптырып тастаудан тайынбайды. Бұл кезде Толымбек қолына көмекші екі топ та келіп жеткен. Мұңғылдар жан аямай шайқасып бағуда. Толымбектің астындағы құла аттың денесі қызып алған. Ұршықша үйіріліп, тақымында ойнайды. Бетке алған жауын аттатпай басып қалады. Жануардың жылдамдығы соншалық, тіпті қарсы келген жау сойылын сілтегенше жанынан зу етіп ағып өтеді. Астындағы аты мен өз жігіттеріне риза болған ол бел алып сестеніп жүр. Байқайды, жігіттері осал көрінбейді. Өйткені мұңғылдар қолы сиреп, ер-тұрманы сылдырлаған бос аттар қараңғыда көз жаздырып, топтан шыға қашып жатыр.

Толымбектің көңілі өсіп қалды. «Иә, жаратқан, өзің медет бере гөр! Бабам Райымбек батырдың аруағы жар бола гөр!» деп сиынды ол жаратушыға. Алыстан орағытып келіп топ мұңғылды тағы да қақ жарып өтті. Жай өткен жоқ, оңды-солды сілтеген босмойын шокпар нысанаға дәл тиіп жатты. Қараңғылыққа көзі үйреніп қалған. Шошақ төбеліні көзі шалса болды сойылмен сүйкеп өтеді. Бір-екеуін жанай ұрып түсірген. Құла аттың денесі терге шомылып, қызып алған. Жұлдыздай ағып, алдына түскенді құтқармайды. Қақтығысқан сойылдардың сарт-сұрт еткен дыбыстары естіледі.

Толымбек бірде топтан шығып жылқыға бет алды. Жаңбыр еш толассыз төгіп тұр. Жауыннан ширғып әрі айқай-шудан шошына үріккен қалың жылқы дөй далаға лағып, шұбырып барады. «Жылқыдан қара үзіп қалып аймандай болмайық» деген оймен ол құла атқа қамшы басқан. Желдей ұшқан екпінді ат үйірге тез-ақ жетті. Бір бүйірлеп алға озды. Беліндегі зырылдауықты қатайтып алды да енді жылқыға қарай қарсы шапты. Түн ішінде шыққан зырылдауықтың ащы даусынан үріккен жылқылар енді кері жөнкілді. Көп жылқының соңына түскен Толымбек қиқу салып қуып келеді. Жаңа ғана ұрыс болып жатқан жердің сол жақ қанатын ала дүркіретіп айдап өтіп барады. Қайдан шыққаны белгісіз оның қарсы алдынан біреу қылаң берді. Жау екенін жазбай таныды. Екіленіп айқай салады. Өз тілінде құлдыр-құлдыр етеді. «Жекпе-жек, жекпе-жек» дегені болар деп ойлады Толымбек іштей қатуланып. Сол-ақ екен, әлгі жалғыз қара тайсалмай келіп те қалды. Қарама-қарсы келген екеуі бір-біріне тұра ұмтылды. Қатар сермелген қос сойыл ортан белінен шарт сынып, ақ жаңқасы көкке ұшты. Екеуінің де денесіне таяқ дарымады. Ағып өткен бойда аттарының екпінін тежеп тағы да қарсы шапты. Толымбек не де болса мұнымен ұстасып көрмекке бекінді. Қолындағы ырғай сойылдың білектей сынық сабын лақтырып тастады. Сөйтті де құла атты сипай қамшылап тақымын қағып қалды. Әлгінің де оңайлықпен берісе қоятын түрі жоқ. Бұған қарай туралап келеді. Шендесе бере Толымбек оның жағасынан алды. Енді бір қолымен белбеуінен бүретүсті. Қарулы қолдар айқасып, бір денедей жабысып қалды. Кімге де болса жан беру оңай шаруа емес. Толымбек бар қайратын бойына жинап, үзеңгіні тебініп тұрып мұңғылды өзіне қарай шірене тартты. Шойындай ауыр салмақ ырық беретін емес. Осы сәт ол тез шешімге келді. Жауын қылқындыра жағасынан бұрап тақымын қысып атын тебініп қалды. Иесінің ыңғайын бағып дағдыланған құла ат тік шапшып атырыла жөнелді. Ат екпінімен тегеурінді күшке төтеп бере алмаған кеспелтектей дәу қара ат сауырынан сырғып түсіп, Толымбектің тақымында сүйретіліп бара жатты. Ат үстінен қалпақтай қып жұлып алған қарулы жігіт лақша өңгеріп әкеткен. Бұл мұңғылдар қолының басшысы, әрі батыры – Байынжырғал еді. Толымбек оны өңгерген бойы топ алдына әкеліп лақтырып тастады. Батыры қолды болған мұңғылдар жағы мұнан әріге төтеп бере алған жоқ. Өздерінше құлдырласып алды да, сырғақсып шегіне бастады.

– «Қашқан жауға қатын ер» деген, енді кумандар, – деді Толымбек жігіттеріне дауыстап.

Өз қолын жинастырып түгендей бастады. Байқайды, нобайы түгел көрінеді. Төрт-бесеуі сойылға жығылған екен, бастары жарылыпты. Жарақаты онша ауыр көрінбейді. Атқа мініп жүруге халі бар. Жаралыларға төрт жігітті қосып беріп дереу қосқа қайырды. Қалғандары жылқыға бет алды. Жау тиген мал қай оңсын, телім-телім болып бытырап кеткен. Айдауға кеткен жылқыны Толымбек өзі қайырып қалған. Ал қалған бөлігінің қайда екені белгісіз. Түн қараңғы болса да оншақты жігітті тұс-тұсқа шаптырып атырапты шолып қайтуды тапсырды.

– Осы төңіректе кісінеген дауыс естілсе, ол біздің лағып кеткен жылқылар, тез жинастырындар! – деп ескертті оларға.

Бұлар жылқының үлкен тобына жетіп, қосқа қарай беттетті. Жауын жеңген жігіттердің көңілі тасып келеді.

– Қотыр тайды да қолына түсіре алмай кеткен өңшең қалмақ не беттерін айтып барады екен, – дейді қайсыбіреуі бөсіңкіреп. Бұлардың қуанышы ұзаққа бармады. Жігіттер тағы да бір оқыс оқиғаға тап болды. Қосқа жақындай бергенде айқай-шуды анық естіді. Мұнда да шұрқан шығып жатқан.

– Қостағыларға жау тиген екен.

– Қап, иттердің қорлығын-ай, ә! – десіп жігіттердің зығырданы қайнады. Жылқының қалың тобынан оқшау шығып тың тыңдасты. Рас, ауыл үсті азан-қазан шу. Ұлыған иттің, аттан салып шуласқан қатын-қалаш, шырылдап жылаған жас балалардың шошынған дауыстары ап-анық естіліп тұр. Жігіттердің денесі тоңазып, шымырқанып кетті. Мал талауы бір басқа екен. Қоста қалған қарттар мен жазықсыз жас баланың шырқыраған үндерін естігенде бәрінің де қаны қайнады.

Түні бойы сылбырап жауған ақ жауынға малшынып, малмандай су болған түйе жүн шекпендерін шешіп, ат үстінде тұрып бөктеріп алды. Қақтығысар жау болса, жаншып тастайтын түрлері бар. Толымбек тас түйін боп булығып:

– Бұл не деген қорлық! – деді тістеніп, – малымызды олжалап, басымызды жәбірлейтін тапқан екен иттер, кеттік! – деп қосқа қарай ат қойды.

Келсе ауыл қан қақсап, ұлардай шулап қалған. Шабысып жүрген ешкім байқалмайды. Әр қоста дауыс салып жылап жатқан

әйелдер. Артынан ұғысты. Барлық қосты жау шауып, үптеп кетіпті. Мұңғылдар екіге бөлініп шабуылдаса керек. Бір бөлігі жылқыға тигенде, екінші тобы ауылды тонаған. Әр қостың буулы тендерін шашып, абдыраларын шаққан. Шал-кемпірдің қарсылығын елең қылмай, қалағандарынша керегін алған.

— Ағатай-ай, ағатайлар, жәрдем қыла көріндерші! — деп шыр-шыр еткен таныс дауыс Толымбектің сай-сүйегін сырқыратып жіберді. Дауыс шыққан қосқа Әбдірешбай мен Толымбек қатар кірген. Бұл Әбдірешбайдың қайын атасы Мергенбайдың қосы еді. Қойдың майына шылап, кесенің түбіне жаққан білте шамның сығырайған әлсіз сәулесі аядай күркенің ішіне болар-болмас жарық береді. Бет-аузын қан жапқан Мергенбай арыстай боп сұлап жатыр. Шалының басын сүйеп әйелі Асылхан үнсіз егіліп отыр. Әкесінің ауыр халінен шошынған Қырмызы дегбірі қашып, шыр-шыр етеді.

Мергенбайдың сұрын көріп Толымбек іш жиып қалды. Көз жанары кетіп қалған екен, сұлық жатыр. Таяп келіп үн қатып еді, тіл ала алмады. Толымбек оның әйелі мен балаларына басу айтып, көңілдеріне ақтық салып жатыр. Әбдірешбайда үн жоқ. Қайын жұртын көшіруге себепші болған өзі-тұғын...

Бұл түнде ауыл адамдарынан ешкім де көз ілген жоқ. Көрер танды көзімен атырған. Қадір түнін күзеткендей Мергенбай қосының маңайына жиналып, сыйғандары ішінде, сыймағандары сыртында таңға отырды.

Ауылға шапқан топ мұңғылға айбат қылған Мергенбайдың өзі болыпты. Жасы жетпістен асып кетсе де азуын шалдырмаған әлуетті қарт қатты қайрат көрсетіпті.

— Қайран асылым-ай десейші! Қайраты қайтпаған екен, — деп бастады Көктеубай шал әңгімесін. Аузында бір тісі жоқ кемиек шал сәл бөгеліп барып сөзін ары қарай сабақтады, — бізде не қалды дейсіндер, құры қара болып еріп жүргеніміз болмаса. Екеуміз қойшыларды ілестіріп қораны бір айналып шыққанбыз. «Көке, осы маңда біреулер дабырлайды» — деді ол маған. Менің саран құлағым түкті де естімеді.

— Қайдам, — дегенім сол еді, дәл қасымыздан бір топ атты кісі дүркіреп шауып өтті.

— Жау! — деді ол айқай салып.

— Сол-ақ екен қостағылар шу ете қалды, аттан шықты.

Қанша айтқанмен бөрік киген емеспіз бе, қанымыз қызып, намыстанып кеттік. Жан ұшырып қосқа қарай жүгірдік. Келсек,

аттылы-жаяу көп адам буылған теңдерді сүреп, қарсыласқан қатындарды бұрымынан алып сабап жатыр. Әй, есіл ерім-ай! Мергенбайды айтамын. Астындағы қарагерді көсілтіп келіп тақымындағы шоқпармен үш-төртеуін қағып өткенде сеспей қатып, сұлап жығылды. Ол ағып өтіп қайта қайырылғанда бес-алты аттымен жалғыз өзі айқасып қалды. Астымдығы торы биімен тепеңдеп менің де жетіп қалғаным сол еді, Мергенбайдың қарагері босап шыға келді. Әлгілер де ойысып, тайқып кетті. Мен де жетіп, атымнан домалай түстім. Қарасам етбетінен құлаған екен, сұлық жатыр. Басын сүйеп көтере беріп едім, қолым жылып сала берді. Бет-аузын қан жауып кетіпті. Әй, қайдам. Қатер болып тимесе жарар еді... – деп қарт сөзінің соңын үзіп, кәрі жанары жасаурап ернін тістеп отырып қалды.

- Сойыл қарақұстан тисе керек, шүйдесі жарылыпты.
- Бет-аузы да дала-дала.
- Он шақты адамға жалғыз өзі қарсы келіпті, оңай дейсің бе, – дейді кейбіреулер.

Бұл түнде әйелдер де кәдімгідей ерлік көрсетіпті. Әсіресе, Қырмызы қолға түсірген шойқара, дәу мұңғылды байлап алғандары сүйсінерлік іс еді. Үюлі жатқан жүктерді шашып, тонай бастағанда қолына бақан алып Қырмызы да ұмтылады. Әйелді адам ғұрлы көрмеген екі мұңғыл бір теңді сүйрей жөнелгенде жүгіре жетіп біреуін бастан қайқайта салып қалады. Ат жалын құшқан оның қолынан тең босап, сусып жерге түседі. Сол сәтте екіншісі келіп жердегі әйелді соғып өтпек болып, сойылын сермеп қалғанда Қырмызы шап беріп ұстай алады. Қолына іліккен ақ сойылдың ұшынан табандап тұрып сілке тартып қалғанда, қайыс бүлдірге жібермей оң білегі үзіліп түсердей болған әлжуаз, дәрменсіз мұңғыл толықсып барып аттан құлайды. Адам қатты қысылғанда іштегі шексіз мүмкіндіктер оянады деген әсте рас болса керек. Нәзік әйел бір мұңғылды осылайша жерге топ еткізеді. Осы кезде Ақмамық та жетіп, қолындағы темір көсеумен қақ мандайдан салып-салып жібереді. Тұтқын есінен танып сілейіп қалады. Міне, қазір дүйім жұрт сол адамды байлап алып ұстап отыр.

- Егер де Мергенбай олай-пұлай боп кетсе, қанға – қан, жанға – жан, өлтіреміз, – деседі.

Түнімән жауған жауын бір кезде толастайын деді. Таң білініп қалған. Төңірек жарық тарта бастады. Аспанды торлаған қою қара бұлт сендей тұтасып, шығысқа қарай жөңкіле көшіп барады.



Қостағылар тегіс сыртта жүр. Тізеден асқан көк шалғынды кешіп жүріп түндегі сойқан кезінде шашылған жүктерін, шағылған абдыраларын жинастыруда. Бір түннің ішінде барлық жан жабырқау тартып жүдеп қалған. Түстері қашқан, қабақтары қатыңқы. Мергенбай қосының төңірегінде екі-үш жігіт шашылған мүліктерді термештеп жүр. Қалы кілемдерге орап буылған тайдай тендер сонағұрлымға дейін жайылған. Қаншама дүниенің тонаушылардың қолында кеткенін түгендеп жатқан олар жоқ. Әйтеуір көзге түскендерін жинауда. Арынбек бір жерден дәу қызыл абдыраның қақпағы бөлініп, талқаны шығып жатқанын көрді. Ішінен көздің жауын алардай әдемі қызылала бұқар шәйісі шұбатылып, сусып шығып жатыр. Ұшынан тартып еді, қолына зілдей ауыр салмақ білінді. Ол бұл іске танданып қалды. «Судыраған жібек те мұнша ауыр бола ма?» деген ой келді басына. Ол дереу орауын жазып еді, ішінен бір түйіншек шықты. Ашып қараса, жұдырықтай қос құлақты күміс жамбы мен екі тайтұяқ алтын екен. Шамасы, бұл заттар түн қараңғысында тонаушылардың қолына ілікпей тасада қалып кетсе керек.

Түннен бері тілден қалған Мергенбай таң атқалы үздік-үздік тілге келіп, көзін ашқандай болды. Бірдеңе айтқысы келгендей ернін жыбырлатады, бірақ даусы шықпайды. Үні тым әлсіз, көмескі естіледі. Түсініксіз бірдеңелерді айтып, сандырақтап жатыр. Бір кезде ол ап-анық тіл қатты.

– Далаға шығарындаршы! – деді күбірлеп.

Әбдірешбай мен Толымбек екі қолтығынан сүйемелдеп тысқа алып шықты. Аяғынан жан кетіп қалған. Бос кеуде, құры сүлдесі сүйретіліп келеді. Сырттағы салқын ауамен еркін тыныстап, бір дем алғандай болды. Өлеусіреп, сөніп бара жатқан қос жанарын соңғы рет ашып батыс жаққа қарады. Сүмбенің жайылмасынан тартып, Өмекеге ұласқан көкадырлар бұлдырап зорға шалынады.

– Кіндік кес-с...кен жерімнен бір у-у-уыс топы-р-р... – деді де ары қарай айта алмады. Осыған ғана тілі келген ол сылқ еткізіп мойнын тастап жіберді. Толымбек абдырап қалды. Әбдірешбай да байқап қалды. Қайын атасының жан тәсілім болар шағы жеткенін сезді. Екеуі дереу оны үйге кіргізді. Бір қасық су алғызып дұға оқып аузына тамызды. Сол бір иман суының аузына тамғанын күтіп жатқандай Мергенбай көзін ашып жарық дүниеге соңғы рет тағы бір қарады. Еріні болымсыз қыбырлап еді, ештеңе айта

алмады. Арманды жан ақырғы сөзін де айта алмай, иегін бір қақты да үзіліп кетті. Оның қимылын бақылап отырған Әбдірешбай мен Қырмызы өкіре жылап өлі денені бас салды.

– Арысым-ай!

– Әкетайым-ай!

– Ақеділім-ай! – деп шуласқан жұрт еңіреп қоя берді.

Әйелі Асылханда ес жоқ. Шашын жайып жіберіп, шекесін тоқпақтап без-без етеді. Азаматын, бас иесін жоқтап зарлаған қасіретті үннен құлақ тұнады. Әсіресе Қырмызы ғазиз әкесінің ерлік істерін, ақылгөйлігін теріп сұңқылдағанда тындаған жұрттың сай-сүйегі сырқырайды...

Азамат ерді ырғалтып, сән-салтанатымен жөнелтетін күн қайда, бүгіннен қалса, бүкіл Зұрған сұмынының мұңғылы аттанып келіп малын айдауда, басын байлауда әкелері хақ. Өткен күні Еренші амбалдың бұл маңға бір түнеп шығуға ғана мұрсат бергені баршаға аян.

Біраз жоқтау айтылып, жылап-сықтау басылған соң, дереу мәйітті жерлеу қамына кірісті. Мұқырты аталатын кешегі үлкен тау өзенінің жағасына терең қазып, арулап көмді. Күн сәскеге тармасқанда қаралы көш бұл орыннан жылжи бастады. Түндегі Қырмызы түсірген тұтқынды өздерімен бірге түйеге теңдеп ала кетті. Ердің құнын дауламақ ойларында бар. Жол бойы Мергенбайды жоқтап сыңсыған үндер, аһ ұрып қасірет шеккен зарлы дауыстар бір тынған жоқ. Қара жауып, тұлдап тастаған Мергенбайдың бәйге жирені Әбдірешбайдың жетегінде келеді. Көш ұзаған сайын Қырмызы қиылып артына қарай береді. Жас топырақ жамылған жалғыз қабір томпайып алыстап қалып барады.

Мергенбайдың мерт болуы бүкіл ауылға ауыр тиген. Көз алдарында жазым болған аяулы жанның қазасы оның отбасына ғана емес, бүкіл бір рулы елге қасірет болған-ды...

«Жерінен ауған жек оңбайды», деген осы. Бұл ел Қарадалаға бір аптадан соң зорға жетті. Жол бойы көрген қорлықтарын құдай басқа бермесін. Сексенбайдың асуынан өтіп, Қарадалаға түскендегі күннің ыстығын атамаңыз. Бұрын мұндай қатты ыстықты көрмеген таулықтар жанын қоярға жер таппай сенделген. Қайранда қалған балықтай аңқасы кеуіп, ауыздары ашылып қалған. Шілденің ми қайнатқан ыстық аптабы жер тандырын қақтап тұр. Жері де қызық екен. Орқаш-орқаш қотыр таулар көмкерген құмдауыт сары дала

күйігіп, шаңытып көрінеді. Таулары тұлдыр, бұтасыз. Қызыл керіш жалаңаш тау күннің ыстығына төтеп бере алмай үгіліп кетуге шақ тұр.

«Басқа түссе, баспақшыл» деген, мұнда келгендер жылға-жылғаны сағалап орын тебе бастады. Жерсінбеген мал күрт азып кетті. Суы жақпаған бала-шағаның ішкірне болып ауырып жатқандары да бар. Халықтың мынадай күйзелгенін көрген Әбдірешбай іштей қатты опық жеуде еді. «Бекер-ақ болған екен, не көрсек те көппен бірге көргеніміз абзал еді-ау!» деп құса болады. Амал қанша, болар іс болды. Енді төзуден басқа шара жоқ. Адам итжанды болады деген тегі рас. Біртіндеп бұл жерге де үйрене бастады. Тірі адам тіршілігін істейді. Елу шақырымдай жерде, Іле бойында Қарашәрі деген шәһар бар екен. Ауылдан біраз адамдар мал айдап барып базарлап қайтты. Барғандардың аузының суы құрып:

— Бұл жақта мал қымбат, дүние арзан екен, — десіп көп олжаға кенеліп қайтқан. Ұйғырлардың диханшы халық екені әммеге аян. Бір жақсысы, астық көп көрінеді. Барғандар қап-қап ұн мен өрік-мейізді үйіп-төгіп әкеліпті. «Өлмегенге өлі балық жолығады» дегендей, бұл да болса малды ауылдың көңіліне демеу болған. Мыңғырған мал айдап келген бұл жұрт әйтеуір аштан өліп, көштен қалмайтындарына сенімді. Әйтсе де әр кеудеде жандарын жегідей жеген бір ауыр салмақты ой бар. Ит байласа тұрғысыз мынау тақыр далада осылай қалып кеткеніміз бе дегенде көкіректері қарс айырылады. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деп бұрынғылар бекер айтпаған, Шөлкөдедей жерұйыққа жер жетпейді екен-ау!» деп, аһ ұрады қайсыбіреулері.

Әбдірешбайдың түнде түсінен, күндіз есінен Шөлкөде шықпайтын болып алды. Туған жерінің жан жадыратар сұлулығын көз алдына келтірсе болды өзін қоярға жер таппайды. Жүрегі сыздап, өзегі өртеніп кете жаздайды. «Жердің сұлтаны екен-ау, шіркін! Әттең, желмаяның бөктергісіне сыймайды, әйтпесе бөктеріп әкетер едім!..» деп Асан қайғыны тамсандырған, данышпан абызға арман болған Шөлкөдені қалай ғана есінен шығара алсын. Шынында да көзге қораш, көңілге олқы сезілген бұл арада қалып қою әсте мүмкін емес еді. Көпшілігі артта қалған елге құлақ тұрумен жүр. Қыс өтіп, көктем шыға ат ізін салып қайтуды ойлап та қойған.

Уақыт жүйрік. Бұл өлкеге сұрқай күз де келіп жетті. Жалтаң далада суық ызғарлы өкпек жел аңырап тұрып алады екен. Боран

соқса бір жұма толассыз соғатыны бар. Қара суыққа өңі тотығып, еріндері шыт-шыт болып жарылған малшылардың сұры тіпті адам есіркейтіндей еді. Жұрт тегіс қыс қамытын күйіттей бастаған. Жарлы-жақыбай, жұқалтаң адамдар жеруі қазып кіріп алды. Қыс хабары біліне бастағаннан бері Ақмамықта маза жоқ. Отырса-тұрса Талжібегін айтып кемсеңдеп жылап алады.

– Ненің күнін көріп жүр екен әлгі сорлы қыз. Жауғашты әшкерге алып кеткен шығар ендігіге дейін, – деп гөй-гөйге басатыны бар кейде.

– Құлақ етімді жемей тек отыршы! – деп Әбдірешбай мұндайда зекіп тастайды. Ішқұса боп әйел жылап қалады. Әйелінің жанына батқан жәй бұған да оңай соғып жүрген жоқ. Еркектік намысына бағып, іштегі жалынын сыртқа шығаруға дәрменсіз. Былай да балажан кісі еді, Талжібегі еске түскенде тіпті өмірі өксиді. Іштен шыққан перзенті емес пе, мандайынан бір иіскеуге шөліккеп дымы құриды.

Күндердің бірінде ол оқыс шешімге келді. Қыс түсіп кетпей арттағы елден астыртын тіл алып келуді ойлады. Рубасылардан біраз адамды жинап ақыл салып көріп еді, олардың да ойында жүрген түйін екен бұл.

– Көрген жерде ауыл бар, барып келейік, – деп лепірді қайсыбіреулері.

– Бұл оңай шаруа емес, қарақтарым. Біз шекара бұзып, шулатып кеттік. Орыс өкіметі енді біздің мандайымыздан сипай қоймайды. Қолына түссең табанда атып тастаудан тайынбайды, – деп істің ақырын аңдатқан.

– Рас айтасыз.

– Ол өкімет халықтың қарсылығына ұшырап ширығып тұр. Қазір ешкімді де аямайды, – десіп өздерінше гу-гу етеді.

Ақылдаса келе бұлар екі жігітті аттандырмақ болды. Әбдірешбайдың үлкен баласы Әшімақын мен Дәуренбекті мақұл көрді көпшілігі. Өйткені Дәуренбек кезінде ірілердің сойылын соғып, барымтаға көп жүрген әккі жігіт еді. Түн қатып жол тору деген оның ата кәсібі-тұғын. Сусыз жерден су тауып ішетін, жолсыз жерде жол табатын ымқырулы еті тірі, епті жігіт. Сонымен ол екеуі аттарын сайлап, алдағы сәрсенбінің сәтінде жолға шықпақ болды.

... Жат босағаны аттап, келін боп түскелі бері Талжібектің көзінен жас, көңілінен қаяу кетпеді. Бөтен ортаға, өзге өмірге

көндікпей жатып, ел іші мынау дүрбелең. Әке-шеше, туған-туысы арғы бет асып кетті. Қыз бала жатжұрттық деген осы, бір шіріген жұмыртқадай болып бөтен ортада қалып қойды. Оның күдігі күннен-күнге күшейіп барады. Ер-азаматтарды әскерге алу тізбесі жасалып жатыр деседі. Жауғашарды алып кетсе, нендей күй кешпек. Мұндай сыбыс шыққалы бері қайын атасы Сәрсенбайда маза жоқ. Жарғақ құлағы жастыққа тимей ат үстінде жүр. Болыстарды жағалап, ояздарға кісі салып пәрелеп жатқан көрінеді. Қашан да ата-ана бала үшін өмір сүретіні белгілі. Ауқаты асқан бай болса да, үкіметтің құрығы ұзын, одан құтылып көр.

Көп өтпей-ақ, ауыл жастарының бір парасын қойдай көгендеп алып кетті. Бұрын мұндай сұмдықты басынан кешіп көрмеген қара халық есеңгіреп қалған. Балалары барса келмеске кетіп бара жатқандай, бүкіл ауыл ұлардай шуласуда. Әсіресе жалғызынан айырылған қайсыбір аналардың аңыраған даусын естудің өзі тым аянышты еді. Әр болысқа белгілі мөлшерде адам салығы салынған. Жан санына қарай әскерге алынатындардың тізбесі жасалған. Егер саны толмаса жасы асқандардың жасын кішірейтіп, бармасына қоймай айдап әкетіп жатыр. Сиыр жылы туғандарды бір мүшелге шегеріп, доңыз жылы туды қылып хаттап жатқандар бар. Мұндай кезде атқамінерлердің асығы алшысынан түсіп жатыр. Тегін олжаға белшесінен батып, есекқұрты мұрнынан түсіп тұр. Баласы үшін есігінің алдындағы жалғыз сиырын жетелеп, ауылнайдың босағасын сағалап жүргендерден тізе тозады. Қай кезде де пәре қалмаған. Ұлықтардың көмейіне шеңгелдеп асатқан қайсыбір шаруаның баласы жасы асып кеткен болып бұл лаңнан аман қалуда. «Шопанның таяғы сорлы қойға тиеді» демекші, бұл нәубеттің тозағын тартып жатқандар тағы да сол жоқ-жітік, кембағалдар.

Сәрсенбайдың ауылы күздеуде отыр. Шаруасы шағын кісілер қыстауға әлдеқашан түсіп кеткен. Тек ауқатты байлар ғана күздікті сағалап, қыстауына мал жібермей әлек. Күздеудің оты қашқан, сырғақсып мал тұрмайды. Бұл жәй әсіресе малшыларға ауыр-тұғын. Күні бойы аттан түспей, мал соңында жүруге тура келеді. Таулы өлкенің тұманды, жылауық күзі басталған. Әсіресе Шөладырдың сиыр таңлайланған майда қырқаларына соқыр тұман шөгіп, апталап жатып алатыны бар. Осындай беймаза күндердің бірінде, ел орынға отырған кезде екі салт атты келіп мамағашқа аттарын байлап жатты. Үй іргесіндегі маң төбеттер ғана бір-екі рет

марғау үн қатқаны болмаса, бұларды қарсы алған жан болған жоқ. Дастарқан басында кешкі асқа отырған олар былқып піскен дәу табақ қойдың етін орталарына алғаны сол еді, екі жігіт сау етіп кіріп келді.

– Ассалаумағалайкүм!

– Әлейкүмассалам!

Күтпеген жайда тап болған бейсауат қонақтан тіксініп қалған үйдегілер үрпиісіп жатырқай қарасады. Білте шамның болымсыз жарығынан келгендердің түр-тұрпатын анық айыру да қиын еді. Алакөлеңкеленген күңгірт үйде көз жетер емес.

– Ойбай-й, тәте-ау, сенбісің? – деп алқынған Талжібектің ащы даусы естілді. Босаға жақта отырған ол бауырын танып тұра ұмтылған. Сағыныш торлап, мұң басқан шерлі көңілі босап сала берген. Дауыс салып жылаған қыз бауырының ғана емес, үйдегілердің де сайсүйегін сырқыратып жіберді.

– Қандай күні сендерден көз жазып қалдым, ағатайым-ау! Сендерді де көретін күн болады екен, – деп аңырағанда көз жасына етегі толды. Тірі жетім атанғандай ішқұса боп тығылып жүрген Талжібек іштегі шерін бір ақтарды дерсің. Жоқтау айтқандай қыз көпке дейін солығын баса алмады. Ағасының мойнынан тас қып құшақтап алған ол біразға дейін құшырлана құшып тұрды. Бірге туған емшектесі емес пе, сағыныш мауқын баса алмай солқылдап жылап тұр. Әлден уақытта естеріне келіп қонақтар төрге жайғасты. Шұрқырап амандасқан екі жақ ел-жұрттың амандығын сұрасып, өліп-өшіп жатыр. Сөздің майын тамызатын Дәуренбек босқан елдің бастан кешкен хикаясын ұзақ таңға толғаумен болды.

Мұндағылардың да жағдайы мәз емес екен. Қарқара жәрмеңкесінде болған көтерілістің басшыларын Қарақолға айдап апарып қырып тастағанын естігенде Әшімақын мен Дәуренбек жағасын ұстады. Елім деп еңіреген арыстардың өлімін естігенде екеуінің төбе шашы тік тұрды. Иманы қырық кез көтерілді.

– Е-е, қарақтарым, қилы-қилы заман болады, қарағай басын өртең шалады, деген екен бұрынғылар. Сол айтпақшы, бір қиын заман кез болып тұр ғой халыққа. Алла түбін қайырлы қылғай, – деп Сәрсенбай салалы саусақтарымен төсіне түскен күмістей аппақ сақалын саумалай сығымдап қойды.

– Ішкеріде ұрыс күшейіп барады деседі. Ақ патшаны тақтан құлатамыз деп халық жаппай көтеріліп жатса керек. Патшаны

жойып, кедейлердің үкіметін құрамыз дейтін көрінеді. Қалай болғанда да бір сойқанның төбесі қылтиып тұр-ау, қарақтарым!.. – деп ауыр күрсініп терең дем алды. Сөзінің ұшырына қарағанда бір жағы от, бір жағы су екі қыспақтың ортасында тұрғандай шарасыздықты аңғаруға болар еді.

– Көппен көрген ұлы той, – деген Сәрсекке, бір Алланың басқа салғанын көрерміз. Бәрінен құдайым жалғыз қайғы, пәле-жаладан сақтасын деңіз, – деп Дәуренбек басу айтқан болды.

– Рас айтасың, қарағым, бәрінен де отбасымызды аман қыла гөр деп тілейік бір Алладан, – деп қарт тәубаға келді.

Ауған елдің амандығын естіп, көңілдері жайланған үй-іші жадырап сала берді. Жаңадан самаурын қойылып, қазан көтерілді. Түн ішінде күйіске кіріп кеткен малды союға болмайтын ырым ескеріліп сыбаға ертеңге қалғанымен, қап түбіндегі қатқан-құтқанды қазанға салды. Қонақтар ұзақ таңға отырып әңгіме-дүкен құрған. Өткенді аңсап сағынған әр кеуденің сезім күйі шертіліп-ақ жатты. Күздің ұзақ сары таңы сібірлеп атқан шақта барып бастары жастыққа тиді.

Сәрсенбайдың үй іші келгендерді барынша жасырып ұстауға тырысты. Таң атысымен отауды жабдықтап Әшімақын мен Дәуренбекті сол үйге орнықтырды. Малшыларды да ол үйге маңайлатпай өз қостарынан аттандырып мал туралы шұғыл тапсырмалар беріліп жатты. Күздеуде жалғыз үй отырғанның пайдасы осы жолы тигендей болды. Бұрынғыдай ауылы аралас, қойы қоралас болып жатса, кім білсін, бұларды жасырып қала алмас та еді. Жолаушылардың аттарын да көзден таса бір сайға апарып бекітті.

Талжібектің түннен бергі қуанышында шек жоқ. Өшкені жанып, өлгені тірілгендей күй кешуде. Ата-анасының, ел-жұртының амандығын естіп мауқы басылып қалған. «Тау мен тау қосылмайды, елмен ел қосылады» деген осы. Алла нәсіп етсе көріседі екенбіз деген бір тәтті үміт ұялап көңілі шаттанып жүр. Адамның сезімінен ауыр, ойынан терең ешнәрсе бола қоймас бұл жалғанда. Кеше ғана мұң торлап, қара көзі жасқа шыланып жүрген Талжібектің бүгінгі қалпын көрсеңіз. Екі иінін басқан зіл батпан жүк сыпырылып түскендей өзін соншама жеңіл сезінеді. Қабағы да ашылып, өңі гүл-гүл жайнап кеткен. Бұрын да сұлу, өнді қыз тіпті құлпырып, қарға аунаған алтайы қызыл түлкідей жарқырап

сала берген. Ата-анасының тірі екенін, өмірде бар екенін естіп, бар өмірі қайтадан гүл жарғандай болған. Қайта-қайта отауға барып ағасының қасынан шықпайды. Әрнені сұрап айналшықтай береді.

– Апам мені ойлап жылап жүрген жоқ па? – деп сұрайды ғазиз анасын есіне алып.

– Апаң жылап жүрген жоқ, бірақ сені сағынып жүргені анық, – деп жалтарады ағасы. Анасы сөз болғанда қыздың қою кірпігі жыпылықтап, кара көзіне сәл көлеңке түскендей болады.

Қонақтар бүгін үшінші күн түнеп жатқан. Кенеттен тосын оқиға болған. Әдеттегідей ай жайылып, мал өріске кеткен. Сәске әлетінде бұл үйге сау етіп төрт-бес адам жетіп келді. Ауылнайдың қасында мылтық асынған екі шерігі бар. Әлгілерді көргенде үйдегілердің зәре-құты қашты. Әсіресе Талжібектің иманы ұшты. Қол-аяғынан әл кетіп өзін ұстай алмай үлкен үйдің босағасына сүйеніп сілейіп тұр. Сәрсенбай да құрақ ұшып келгендерді төрге шығарып, дастарқан жайғызды. Көпті көрген қарт қыран іштей қобалжып тұрса да, сыр бермей байсалды қалып танытқан.

– Иә, жігіттер, бұйымтай айта отырындар, – деп суыртпақтап сыр тартқан.

– Бұйымтайымыз сол, сізге әдейілеп келіп отырмыз... – деп ауылнай сөзінің соңын жұтып, қымызға бас қойды. Мұны естігенде Талжібектің жүрегі тоқтап қалғандай болды. Буыны құрып, аяғынан әл кетіп сылқ отыра кетті. «Бәрі бітті, Әшімақынды ұстап әкететін болды» деп ойлады. Бұл сөзден Сәрсенбай да секем алып шошиын деді. «Құда баланың келіп жатқанын біреу жеткізіп қойған екен» деп есі шықты. Басына сан түрлі ой оралып, шырмауықша шатасып кетті. «Ауылнайды оңаша алып шығып пәрелесем бе екен?» деп те ойлады.

Сәлден кейін ауылнай сызданып, үзіліп қалған сөзін қайта сабақтады.

– Лауға ат алып жүрміз отағасы. Әшкерге бала бермегендер, әшкер мінетін ат берсін деген жарлық қыпты ояз. Соған сізден ат алуға келдік.

«Тфу-у, бәтшағар!» деді іштей Сәрсенбай істің басқа екенін естігенде өзіне-өзі келгендей болып. Еңсесін тіктеп, жайланып отырды. Талжібектің де бойына қайтадан жан кірейін деді. «Ух, құдай-ай, әмсе сақтай гөр, сақтаушы ием!» – деп жалбарынды жағасын ұстап.



– «Құдайдың ісі парыз, ұлықтың ісі уәжіп» деген, орындауыңыз керек, ақсақал, – деп ауылнай сес көрсеткендей қасындағы мылтық асынған шеріктеріне қарап қойды.

– Ой-й, тәйірі, ат бермеймін деп отырған кім бар саған. Әуелі қымыз ішіп қанып алындар, қарақтарым. Ат даяр ғой, – деп Сәрсенбай жөнін айтқан.

Келгендерді бастап үй иесі жылқы өрісіне қарай бет алды. «Мал жанымның садағасы, қалаған атын алсын» деп іштей пейілденіп келеді. Келген бойда қысырақтың үйіріп иіріп тастады да;

– Ал, осының ішінен қалағаныңды ала бер, – деді ауылнайға қарап. Оның да діттегені бар екен.

– Анау буырлы атты ұстандар! – деп жылқышыларға әмір етті. Әлекендей жаланған екі жігіт қанжығасындағы шалма арқандарын шешіп тұзақтады да әлгі атқа жақындай беріп шалма тастаған. Өмір бойы жылқы бағып, қашаған қуып әдеттенген әккі шалмашылар еді. Екеуінің де тастаған шалмасы сақ-сақ етіп буырлы аттың мойнына дөп түсті. Ауылнай ат алғанына емес, мына жігіттердің мергендігіне риза болып, екі езуі екі құлағына жетердей шаттана күліп тұр.

– Пай, пай-й, жігіт екенсіңдер! – дейді балаша мәз болып. Дәл бір шалманы өзі ұрғандай рахаттанып қалған.

Осыдан екі күннен соң Әшімақын мен Дәуренбек қайтпақ болды. Бұлардың келуі қандай қуанышты болғанымен, кетуі сондай қиын болды. Жақын жандар бірін-бірі қия алмай қайта-қайта қоштасып тұр. Әсіресе Талжібектің іші-бауыры езіліп, ағасынан айырылғысы жоқ. Көзінен алты тарам жас сорғалап:

– Қайда жүрсең де аман бол, аға. Әке-шешем бір құдайға аманат! – дейді егіліп тұрып. Әшімақынның да көңілі босап тұр. Тамағына тығылған бір түйіншек лықсып кетсе, жас болып төгілетін түрі бар. Жігіт өзін зорға тежеп атына қарай беттеді. Шылбырды ұстай беріп, кілт тоқтап артына қайырылды. Түн қараңғысы болса да, сұлбасын анық таныды. Талжібек бұған қарай ұмсынып келеді екен.

– Жан аға-ау, сендерден тағы айырылып қалғаным ба?! – деп солқ-солқ етеді. Жігіттің де көзі жасқа шыланып, қарындасын құшақтай алды.

– Қарлығашым, қарлығашым менің!.. – дейді оны бауырына тас қып құшақтаған күйі. Бұл екеуін Дәуренбек ажыратты.

– Қойындар, жылағанды құдайым көрсетпесін. Қатерлі жолға шығып барамыз. Жаман ырым бастамай күліп аттанындар. Ал, Сәрсекке, бізге оң сапар тілеп батанды бер! – деп қолын жайды. Өзгелер де солай істеді.

– Әуелі құдай ондасын, ата-бабаның аруағы қолдасын! Жорытқанда жолдарың болсын, қыдыр баба жолдасың болсын! Ел-жұртыңмен аман-есен көрісуге Алла нәсіп етсін, әмин! – деп ол бетін сипады. Қарт көңілі қобалжып, сақал-мұрты шықтанып тұрғанын сезген жоқ. Батадан соң олар көп аялдамады. Таң қараңғысын жамылып, шекара сызығынан өтіп кетуді ойлады.

Қарадаладағы елдің екі көзі төрт болып күнде жолаушылардың жолын күтумен жүр. Арадағы бес-алты күн жылдан да ұзақ болып кеткен тәрізді. Күнде кешкілік ер адамдар шоғырланып, үй сыртындағы дөң басына шығып әңгіме-дүкен құрады. Ымырт жабылып, көз байланғанша төбе басынан түспейді. Қайсыбіреуі батып бара жатқан күн шапағына қарайлап қара көрінсе «Әшімақындар келіп қалды ма?» деген үміт қоздайды кеуделерінде. Қалың жұрттың тағаты таусылған. Сондай бір дегбірсіз күннің бірінде батыс жақтан екі аттың қарасы көрінген. Бұдырсыз, сары далада көрінген қос атты көз ұшында әзер қарауытады.

– Балалар-ау, көздерің өткір ғой, қарасандаршы! Анау көрінген адам ба әлде мал ма жайылып жүрген, – дейді үлкендер жағы мазасызданып.

– Мал емес, адамға ұқсайды, – деп жорамал жасаушылар да бар. Айтқандары айнымай шықты. Суық күздің, сұрқайы бір кешінде аттарының үсті-басы ақ қырауға оранып, екі атты бұларға таяп қалды. Отырғандар өре түрегеліп, тайлы-таяғына дейін солай қарай ойысты.

– Иә, аруақ, ақсарбас! – деп қайсыбіреуі қуанғанынан күбірлеп келеді. Екпіндеп келген екі атты топқа жақындап келіп аттарынан секіріп-секіріп түсіп бұларға қарсы жүрген. Екі жігіт оң қолдарын төсіне басып сәлем берді.

– Ой, айналып кетейіндер, аман-есен келдіңдер ме?

– Аты-лауларың аман ба?

– Ел-жұртты көріп көзайым болдыңдар ма? – деген сұрақтар жаңбырша жауып кетті.

Әбдірешбай жұртты сабырға шақырып, барлығын тегіс үйіне бастады. Жақын маңдағылар лезде құлақтанып үлгеріпті. Қажының

үлкен үйінде ине шаншар орын жоқ. Иықтаса мінгесіп отырған жұрт Дәуренбек пен Әшімақынның аузына қарап аңырып қалыпты. Бұл екеуі де аянып қалып жатқан жоқ. Көрген-білгендерін сарқып-ақ жатыр. Артта қалған елдің хабар-ошарын естіп көңілдері көншіген жұрт түн жарымынан ауа әзер тарасты.

... Көктем шыға үлкен жұртпен барыс-келіс қайта жалғасты. Жол көріп қалған екі жігіт тағы бір мәрте барып келді. Олардың бұл жолғы әкелген жаңалығы тіпті өзгеше едің. Жақсылық хабарды естіген жұрт көздеріне жас алып, қуанғанынан жылап та алған.

— Қасиетіңнен айналайын туған жер, сені де көретін күн болар ма екен!

— Туған жерге жетіп өлсем арманым болмас еді, — деп еңкілдейді біреу есік жақтан.

— Даурықпандар, сөз тоссандар етті! — деп тыжырынды бір қария жұртты сабырға шақырып.

— Сонымен солай болыпты, ақ патша тақтан құлапты. Орнына жаңа үкімет орнапты. Ел іші тынышталған. Әскерге алынғандар біртіндеп келіп жатыр екен, — деп Дәуренбек бұл жолғы маңызды жаңалықты тәптіштеп-ақ жеткізіп жатыр.

— Біз қайтып барсақ, ендігі құрылған үкімет ұрыспай ма екен, сол жағын сұрадың ба?

— Ой-й, жазған-ау, кімнен сұрарасың! Тәп мені бір үкіметтің бітіміне барып-келгендей ойлайсың ғой деймін, — деп шытынды Дәуренбек қайсыбіреулерінің сөзін жақамай.

— Барамыз, ұрыспақ түгіл сабаса да барамыз, — деп езеуреді әлдекімдер.

Жұрттың көкейіндегі түйінді түсініп отырған қажы сөзге араласты.

— «Көлден кетсе — жалбыз мұң, елден кетсе — жалғыз мұң» деген. Кім жетісіп жүр дейсің, қарақтарым. Өрі кетіп ылдиы қалған мына біздердің сүйегіміз туған жердің төсінде жатса одан артық тәңірден не тілейміз, — деп қажы суырыла сөйлеген, — біз елден, жерден кетейік деп кеттік пе. Құдайдың мұнысына шүкір, патша тақтан құлапты, енді бізге күн туады деген сөз. Қазақ өз жеріне өзі ие болады дей бер. Орысқа енді кіріптар бола қоймас. Мен білсем, ендігі үкімет өзіміздікі. Не де болса көшеміз қайтадан.

— Бәрекелді, сөзіңе болайын!

— Ой-й, бір жасың мың болғыр қажы екем-ай! — десіп отырған жұрт орындарынан қозғалақтап даурығып кетті.

– Енді былай етеміз, – деп ол тағы да ағайындарды сабырға шақырған, – ертең тұра көшетін күйіміз жоқ қазір. Қар көбесі сөгіліп, енді ғана көктем шығып келеді. Мал арық, алыс жолға жүре алатын тауаны жоқ. Сондықтан асығыс болмасын. Шаруа қуған елміз, малдың жайына қарайық, – деп түйіндеді сөзін.

Күн жылып, жер аяғы кеңи бастағаннан бастап қажының құлағынан ызың кетпеді. «Қашан қозғаламыз?», «Қозы аяғымен көшсек те жылжи бергеніміз мақұл-ау» деушілер көбейіп кетті. Ақыры елді мұнан ары бөгей алмайтынына көзі жеткен Әбдірешбай көкек айының соңына қарай көштің басын кері бұрды. Адам түгілі мал да бөтен жерді жатырқайды екен. Үстіне шыбын жорғаламаған ту биелердің өзі қыстан азып, төрт тағандап әзер шықты. Құлындаған биелерді көрсең, арса-арсасы шыққан. Әйтеуір күн жылып, жер қарайғалы бері біртіндеп мал оңалып келеді. Бұрынғыдай дүркірей жөнелетін емес, түстік жерге ара қонып, қозы аяңымен мимырттаған көш ақырындап жылжып келеді. Өткен жолғыдай емес, барша жұрттың жүзі жарқын, еңсесі биік. Туған жерге жетіп, арттағы елмен қосыламыз-ау деген бір үміт оларды алға жетелейді.

Көштің жылжығанына үшінші күн дегенде алдарынан тосқауыл кезікті. Сібе-Соланы аралас жергілікті үкіметтің бір топ адамы көштің алдын бөгеп тоқтатып алды. Қызыл-жасыл киінген, сарала мылтық асынған жасауылдары да бар іштерінде. Көштің жайын естіген олар енді өз уәждерін алға тартқан.

– Бір жылдан бері жерімізде отырып, суымызды іштіндер. Қонысқа жер, жайылымды пайдаландындар. Жердің салығын, малдың зекетін төлемей қашып бара жатқандарың үшін қамауға аламыз, – деп қоқиланды бастығы. Күтпеген жерде жалаға тап болған ел шарасызданып көлікке артқан жүктерін түсіріп жатты.

– Уа, ұлықтар, біз қашып бара жатқанымыз жоқ. Тапайдың тал түсінде елімізге қарай көшіп бара жатырмыз. Бір жылға жуық қоныс беріп, малымызға жайлы өріс беріп қанаттарыңның астына алғандарыңызға алғыс айтамыз. Біз ондай салық төлейтін зәкундерінді білмедік, қарақтарым. Қарсылығымыз жоқ, алатын салықтарыңды алыңдар. Міне, малымыз алдарыңда, иірулі тұр. Ағаттық жасасақ өйтіп, кешіндер айналайын! – деп Әбдірешбайдың шыр-пыры шығып жатыр. Жөн сөзге олар да иліксе керек.

– Қане, малдарыңды санаймыз, – десті.

– Қандай салық аласыңдар? Оның мөлшерін айтып, мәнісін түсіндірсендерші! – деп өтініш айтты қажы.

– Салық алудың жолы былай ақсақал, – деп бір тілмаш сайрап тұр, – Екі түрлі салық аламыз. Жер салығы – бәжі және мал салығы – зекет. Әр он бас ірі қарадан бір бас, әр жиырма қойдан бір қой төлейсіздер. Ешкі-лағы бәрібір, тұяғына аламыз.

Ұлықтың айтқанын орындамасқа лажың жоқ. Көнбеске шараң қайсы. «Мал ашуы – жан ашуы», деген. Ішпей-жемей сонша малды қолдан беру қандай қиын десеңізші! Іштері күйіп, өртене жаздап тұрса да амалы жоқтан малды шұбатып саната бастады. Әркім өз отарына ертіп апарып, санақшылардың алдынан шұбыртып өткізіп жатыр. Әсіресе ауқатты, бай адамдарға бұл салық оңай тиген жоқ. Әбдірешбайдың мың жылқысынан шұрқыратып сайдың тасындай жүз жылқыны айдап алды. Екі мың қойдан екі жүз тұяқты бөліп былай шығара берді. Әр қорадан шұрқыратып айдап шыққанда қора-қора қой, үйір-үйір жылқы жат жерліктердің қолында қала берді.

– Әй-й, інішек, алдымыздан тағы да тосқауылдар шығып жүрмей ме? Бұлардан салық алынды, ендігі жерде борыштар емес, деген бір жапырақ хат қылып берсендерші! – деді қажы істің түбін ойлап.

Тілмәш бастығына оның айтқан сөзін табан астында тәржімалап жатты. Бастық та есіне әлдене түскендей, қасындағы біреуге қарап құлдыр-құлдыр етті. Әлгі адам атынан секіріп түсіп, қанжығасына байланған талысын шешіп, ішінен қағаз-қарындаш алып куәлік жаза бастады. Ол тілдей қағазды жазып болды да ұлығына ұсынған. Бастық ішкі қалталарын ақтарып жатып шүберекке мұқият оралған бармақ басындай мәрмәр тасқа ойылған мөрін басып, қажының қолына ұстатты. Олардың тілін не жазуын танымаған Әбдірешбай сұраулы кекесінмен тілмәшқа қарады. «Мұнда не деп жаздыңдар?» дегенді көзбен ұқтырып тұр. Тілмәш та зерек екен, түсіне қойды. Қағазды қолына алып, жазғандарын қазақшалай бастады.

– Мына кетіп бара жатқан елдің малынан зекет пен бәжі түгел алынды. Бұларды ешкім тоқтатпасын, – деді де қағазды қажыға қайтарып берді. Сонша малдың өтеуіндей болған тілдей қағазға сұқтана қарап сәл тұрды да Әбдірешбай екі бүктеп төс қалтасына салып қойды. Жат қолында кетіп бара жатқан малға қарап бәрінің

де іші ашып тұр. «Қасықтап жиған дүниені шөміштеп төкті деген осы-ау!» деп әркім де үнсіз қамығады. Халықтың қалпын таныған қажы:

– Уа, жұртым, мал кетті екен деп қайғырмандар. Мал жанның садағасы. Бас аман болса, мал табылады. Мал басқа бітеді. Оданша жан сауға, дендер. Жат елге келіп аман-есен қайтып бара жатқанымызға шүкіршілік қылайық, – деп басу айтқан. Бұл сөз отырғандардың жігерін жанып, кәдімгідей дәтке қуат болған-ды. Иіні түсіп кеткен қайсыбіреулер бойын тіктеп ала қойды.

Биылғы жаз ерекше болды. Елгеел қосылып, бір-бірінен көз жазып қалған ағайын-туыс шұрқырасып көріскен. Әр ауылда той болып, ала жаздай думандатып жатты. Сәрсенбай құдасының аман-есен қосылғаны үшін ат шаптырып той жасады. Талжібектің әкешесін көргендегі сәтін тілмен айтып кестелеп беру әсте мүмкін емес-ті. Бишара қыз қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздап аман қалды әйтеуір.

Жер бетінде қазақтан еренсіз халық әсте бола қоймас. Патша құлалты, заман түзелді деп ұққан қара халықтың ештеңемен ісі болған жоқ. Алдындағы бес-он шаруасының жайын күйіттеп, бұрынғыдай жайбарақат күй кешуде. «Жаңа үкімет орнапты», «Қосшы деген ұйым құрылыпты» деген сыпсың сөздерге де құлақ асқан ешкім болған жоқ. Осылайша арада бірер жыл зымырап өте шықты. Аңғарлы адамдар заман ауқымын байқай бастаған. Жаңа үкімет кедейлерге қарай іш тартып барады. Әр ауылдағы атқамінерлердің көбі кешегі малшы-жалшылар. Билік тізгінін солар ала бастаған. Білімі жоқ, надан, шолақ белсенділер қоқандап жұртқа уағыз айта бастаған. Алғашқы кезде олардың ісі біртүрлі күлкілі көрінгенімен, бара-бара жонданып бара жатқандары байқалады. Бұлардың сөздерінің ұшырына қарасаң, бір тықырдың таяп келе жатқанын аңғару қиын емес.

Көшіп-қонған елдің мамыражай тірлігі онша алысқа бармады. 1928 жылдың жазында «ірі байларды кәмпескелеу» деген лаң сап ете қалды. «Ірі байларды құртайық, қожа-молдаларды жоямыз!» деген ұран көтерілді. Бұл өңірден алғашқы болып тізімге іліккендер қажы мен Сәрсенбай болды. Бір түнде әскер шығып екеуін үйінен байлап әкетті. Мал-мүлкін мүсәдіра қылып, бар жаны тақыр тулаққа отырып қалды. Қазақтың малсыз күні қараң. Кешегі алшандай басып жүрген бай баласы сүмірейіп, мүсәпір күй

кешуде. Патшаның шеңгелінен құтылып, еркіндікке қолымыз жетті деп жүргендердің көрген сыйы осы болды. Күні кешегі лаңдай емес, осылайша бір зобалаң да басталып кетті. Жаңа үкіметтің ең алдымен байларды тәркілегеніне көп адамның қабырғасы қайыса қойған жоқ. «Бәлем сендерге сол керек» деп қыбы қанып жүргендер де баршылық. «Көргеніңнен көп екен көрмегенің, тірі жүрсен көрерсің өлмегенің» дегендей, мұндай күнді де көреді екенбіз-ау деп көп адам естері шығып, дағдарып қалған.

Ел іші осылайша бай-кедей болып жікке бөліне бастады. Кешегі есіктен қарай алмай жүрген жарлы-жакыбайлар бүгін тайрандап байлардың төріне шығып кеткен. Шолақ белсенділер тартып алған бай үйінің киім-кешектерін олардың қыз-келіндері киіп масайрап жүр. «Мені көрдің бе?» дегендей Денгелбай деген шабарманның қатыны бір күні Қырмызыға әдейілеп келіп:

— Мына кимешегің тегі маған арнап тігілген сияқты. Қарашы қандай жарасып тұр, — деп қыршаңқы сөзбен күйдіріп кеткені бар. Малы түгіл бас иесінен айырылып, есеңгіреп қалған Қырмызы оған жауап қата алған жоқ. «Құдай есебінді тапсын!» деп іштей қарғады да қойды.

Бұл күнде Алматы мен Жәркент түрмелері байларға толып кетті. Сахараның тұс-тұсынан қойша тоғытып әкеліп тығып жатыр. Не бұлардан сұрақ алған адам жоқ. «Апыр-ау, мені қай қылығым үшін қамап отыр, — деп Әбдірешбай өзінің ішкі сарайына үңілген, — он үш жасымнан дін ұстандым. Ораза тұтып намаз оқыдым. Осы жасқа келгенше біреудің алажібін аттағаным жоқ. Құдай пешенеме дәулет берді. Ешкімнен ұрлап-бөрлеп алған малым емес, өзімнің маңдай терім, табан ақыммен жинаған дүние-мүлік. Ал малшы жалдасам, ешқайсысының ақысын жегенім жоқ. Ай сайын еңбегін ренжітпей беріп тұрдым. Бірде-біреуіне зәбір-жапа көрсеткенім жоқ. Адам баласына қиянат жасаған жерім болса, мойныма қойып, істің ақ-қарасын ажыратпай ма бұлар?..

Тар қапаста тарығып қанша отырғаны белгісіз. Күні-түні бірдей қараңғы бөлмеде бастары айналып, күн реті түгіл жыл мезгілінен де жаңылайын деді. Адам итжанды болады, деген тіпті рас. Кеше ғана азат дүниенің рахатын көріп, алшандай басып жүрген ғазиз жандар мынау өмірге де көндіге бастаған. «Басқа түссе баспақшыл» деген осы. Күнінде екі мезгіл берілетін бір тілім қара нанның өзі жас марқаның сүбе қабырғасындай болып, тандайларына

татиды. Әбден ашыққан бейбақтар қара нанды қарпытып жіберіп тамсана жұтынатынын қайтерсің. «Әй, тоқшылық, сенің қадіріңді білмеппін-ау!» деп өкінеді өзектері өртеніп. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей, бір қапаста отырған бес-алты адамның бар ермегі құмалақ салу. Тамның қабырғасын үгітіп, илектеп кептіріп алған қырық бір құмалақты ашқаннан жалықпайды. Іштерінде бір «көріпкелі» бар. Құмалақты үш қатар етіп тізіп қойып, әлгіге қарап сөйлейді дерсің.

– Әбдірешбай, сенің маңдайың жарылып тұр. Басы бес, бесіктегі бала қуанғандай, бірақ осы жүрегің күпті болып тұр, – деп ортаңғы қатарды сұқ саусағымен нұқып қояды. Сөзінің соңында:

– Әй, й, қайдам, бір көлденең бар жолыңда! – деп үндемей отырып қалады. «Жақсы лебіз жарым ырыс» деген, құмалақшының аузынан шыққан мынадай сөзді не жақсылыққа, не жамандыққа жори алмай ділгірі құрып, Әбдірешбай отырып қалады. Құмалақшы енді келесі бір байға арнап ашады. Құмалақты үш-үштен қойып болып:

– О, о, саған ашпасәліп түсті. Жолың болады екен. Түрмеден аман-есен босайды екенсің, – деп кесіп айтады. Әлгі бишараның қуанғанынан жүрегі жарыла жаздайды.

– Айтқаның келсін, садаған кетейін, айтқаның келсін! – деп елпең қағады. Дәл қазір түрменің темір есігі айқара ашылып, шығып кетердей болып тағатсыздана есік жаққа қарай береді.

Соңғы кезде түрмедегілер азайып барады. Әр күні екі-үш адамнан алып кетеді. Бірақ қайтып әкелмейді. «Апыр-ау, бұларды қайда құртып жатыр. Әлде атып тастай ме екен?» – деп зәресі ұшады қалғандарының. Күндердің бірінде кезек Әбдірешбайға келсе керек. Кілтші есікті ашып:

– Әбдірешбай, шық бермен! – деп әмір етті. Аяғындағы кісенді сылдырлатып ол тұсаулы аттай ілбіп келеді.

– Бассаңшы аяғыңды, жаны бар адамша! – деп зекиді анау. Тысқа шыққанда байқады, екі ат жегілген арбада екі қолы артына байлаулы омырайған қара кісі отыр екен. Үш әскер бұған да жетіп келіп қолдарын артына қайырып тұрып тас қып байлады. Аяғындағы кісенді шешіп, кілтшіге берді. Сөйтті де арбаға шығарып әлгіге матап қойды. Үш солдат арбаға секіріп мінді де, біреуі делбені қағып қалып еді, жарау аттар құйындатып ала жөнелді. Шағын қаланың шаңдақ жолын бұрқыратып батысқа қарай бет түзеген. Қанша уақыттан бері Әбдірешбайдың күннің



көзін көріп, тысқа шыққаны осы. Жаз ортасы болып қалыпты. Шақырайған күн ми қайнатады. Қаладан ұзаған соң аттар жәй жүріске түсті. Мимырттап ілгері жылжиды. Қолы байлаулы екі тұтқын үн-түнсіз бір-біріне қарап қояды. Тілдесуге қорқып келеді. Сол күні бұлар ұзақ жүрді. Кіші бесін кезінде бір бұлақтың бойына тоқтап, шамалы дамыл қылды. Ат шалдырып өздері тамақтануға отырды. Бұларды алып келе жатқан үшеудің ішінде біреуі аздап қазақша біледі екен.

— Сендер итжеккенге барасындар. Ол жақта о,о, хорошо, — деп бұларды мазақ еткендей бармағын шошайтып қояды. Бір кезде екеуінің қолын шешіп, бұлақтан су іштіріп, бір-бір үзім қара нан берді. «Мынау өзі бір иманжүзді орыс екен» деп ойлады Әбдірешбай оған іші жылып. Арба қайтадан жолға шықты. Қазақтың кең байтақ сахарасының ұшы-қиыры жоқ. Құлазыған сары далада екі атты арба дамылсыз жүріп келеді. Елсіз-күнсіз құмды даламен жол шеккеніне бүгін төртінші күн. Таулардан алыстап, құмға қарай ішкерілеген сайын күн ысып кетті. Аңқа кептіретін аңызакта адам түгіл аттар да шыдай алмай бүгелектеп кетті. Байқайды, әскерлер де жолсоқты боп шаршаған сияқты. Бүгін күн ерекше күйіп кетті. Аспан айналып жерге түсердей қапырық ыстық бетті қарып тұр. Сөйтіп шөліккеп келе жатқанда алдарынан бір жылғаланған бұлақ кездесті. Бойында бір түп бұтасы жоқ қу тақырда көздің жасындай болып борсыған су әзер жылтырайды. Неде болса осыған кеп тоқтады. Ат айдаушы аттарды доғарып, бұлақтан суарды да арбаның шанағына әкеліп арқандап қойды. Өздері де жуынып сәл сергіп алды да тамақтануға отырды. Үшеуі де мойнындағы мылтықтарын алып бір-біріне сүйеп тіктеп қойды. Солдаттардың бүгінгі тамақтануы күндегіден өзгешерек еді. Екі тұтқын арбаның үстінде көздері жәудіреп оларға қараумен отыр. Әлдебір темір құтыны ашып, бұлар көрмеген бір тамақты көмейлеп жеп жатыр. Түйіншектерін ақтарып жатып біреуі бір шертпек арақты алып үшке бөліп құя бастады. Аздан соң үшеуі де масайрап шыға келді. Күлкілері жарасып, мәз болып отыр. Бір кезде тұтқындар есіне түсті білем, әлгі қазақша білетіні шүлдірлеп келіп, екеуінің қолын шешті де нан мен су ұсынды.

— Арбадан қозғалатын болсаңдар атып тастайды, — деп ескертті де қайтып барып араққа бас қойды. Әбдірешбай көз алмай қарап отыр. Үшеуі де масайды. Шертпекті де еңсеріп қалды. Осы бір сәт Әбдірешбайдың басына сұмдық бір ой сап ете қалды. «Мыналардың

мастығын пайдаланып қалуым керек...» деп ойлады. Ойлауын ойласа да бір шешімге келе алмай іштей арпалысқа түскен. «Егер ала алмай қалсам өлгенім ғой» деген бір сумаң қиял басында жар-жүрқ етеді. «Бұлар бізді қонаққа алып бара жатқан жоқ. Қайда болса да бір өлім емес пе» деді де кәрі тарлан бойын жиып алды. Арбадан секіріп түсіп үш мылтықты құшақтап ала қашты. Солдаттар енді есін жиып оған қарағанша Әбдірешбай бір мылтықтың шүріппесін басып отырғандардың басынан асыра атып жіберді. Жасынан аң-құс атып үйренген әккі мерген мылтық жәйін бес саусақтай жақсы білетін. Ол мылтықты солдаттарға кезеп тұрып:

– Жатындар, қозғалсаңдар атып тастаймын! – деп ақырып жіберді. Батырға да жан керек деген, үшеуі де жер бауырлап жата қалды.

– Жазған-ау, сен неғып отырсың? Байла мыналардың қол-аяғын! – деп әмір етті.

Қасынадғы жолдасы Іле бойындағы жалайыр елінің атақты байы Қайыңбай деген кісі еді. Оқыс оқиғадан ес таппай қалған ол не істерін білмей арбаның үстінде мелшиіп отыр.

– Бол деймін, қорқып тұрсың ба! – деп зекіді Әбдірешбай. Шынында ол орыстарға жақындауға батпай тұр.

– Ей, байлайсың ба, жоқ па! Әйтпесе сені де атып тастаймын, – деп мылтықты ыңғайлай беріп еді анау қимылдай бастады. Өздерінің қолын байлаған арқанды алып, бір-бірлеп қолдарын қайырып байлап тастады. Болды-ау деген кезде Әбдірешбай келіп байлауын тартып көрді. Тас қып байланған екен. Солдаттардың босанбасына көзі жеткен ол енді ғана есін жиғандай болып «ух, ух» деді де тер құйылған маңдайын сүртті. Адам баласының ішкі мүмкіндігінде шек жоқ деген әсте рас болса керек. Жаңағы бір әзірдегі Әбдірешбайдың қимылына таңғалмасқа болмас еді. Елудің кең мол ішіне кіріп кеткен жасамыс жанның ширақ қимылын көрсеңіз. Тіпті жас бала да ондай жылдам қимыл жасай алмайтын шығар. Көз ілеспес жылдамдықпен секіріп түсіп солдаттардың қасында тұрған үш мылтықты көтеріп әкеткенде тіпті олардың бір де біреуі сезбей де қалған. Осы болған көріністі жайшылықта қайталап шықшы десе Әбдірешбай оны ешқашан дәл солай жасай алмас еді.

– Міне, достым, дүние кезек деген осы. Енді біз азат болдық, – деді жайдарыланып.

– Ой,й, ерлігіңе болайын! Азаматтың сұлтаны екенсің! Не деген жүректі едің! – деп Қайыңбай оның арқасынан қақты.

– Тез жөнелейік, аттарды әкел! – деп Әбдірешбай жолға жинала бастады. Солдаттардың қос-қоланын ақтарып үш мылтықтың үш дорба оғын тауып алды. Азығынан да алып, екі атқа кәдімгідей жүк салды.

– Мыналарды қайтеміз? – деп Қайыңбай байлаулы жатқан солдаттарға қарады, – атып тастайын ба?

– Болмайды, нақақ қан төгіп күнәсін көтермейік. Жазасын бір Алланың өзі берсін, – деді де Әбдірешбай жүріп кетті.

Сары далада сағым жөнқиді. Жапан түзде екі аттыдан өзге тіршілік белгісі байқалмайды. Көз ұшында бұлдырап көрінген тау сілемдерін бетке алып тура тартып келеді.

– Біз өзі қай жерде жүрміз, сен жер жағдайын білуші ме едің? – дейді Әбдірешбай жолдасына қарап.

– Мен білсем, Шудың жазығында келеміз. Күншығысқа қарай жүре берсек, ел шетіне ілігерміз, – дейді Қайыңбай тұспалдап. Алдарында не күтіп тұрғанынан екеуі де бейхабар. Бір күн болса да әйтеуір темір тордан құтылып, азат дүниеге енгендері анық.

– Ел шетіне... – деп кексінді кейіппен езу тартты Әбдірешбай, – енді бізге ел қайда бауырым. Осылайша қашқын болып күнелтеміз әлі.

– Мейлі ғой батыр. Әйтеуір бір жолғы ажалдан аман қалдық. Енді қанша жерден от оттап, су ішерімізді бір Алланың өзі білер.

Екеуі түнде жүріп, күндіз бой тасалайды. Елді мекендерге соқпай бір қиырды айналып, жолсызбен жүріп өтеді. Қордай асуына келгенде екеуі екі айрық жолға түсті. Қайыңбай Балқашты бетке алып, құмға қарай тартты. Әбдірешбай тау сағалап шығысқа бет берді.

– Бір күндік жолдасқа мың күндік сәлем деген, батыр. Бір күн емес, бірнеше күн байлауда бірге отырдық. Қош, аман бол. Тірі болсақ бұл дүниеде, өлі болсақ қиямет күндерінде жолығармыз, кел төстесіп ажырасайық! – деп Әбдірешбай аттан түсті. Екеуі айқара құшақтасып, төс қағыстырып біраз тұрды да қайтадан аттарына мінді.

– Алла жолыңды оңғарсын! – деп Қайыңбай досына оң сапар тіледі.

Әбдірешбай Алатаудың құзды шатқалдарын басып, елсізбен келеді. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген, тауға іліккелі бері

тойынып қалды. Кеше ғана бір еліктің тушасын атып алған. Қабулы сымын жыртып бір үзім мақта алды да шақпақ таспен ұшқындатып от тұтатты. Орман ішінен қураған бұтақтарды теріп әкеліп маздатып от жақты. Құралайдың қанды бауырын шокқа қақтап кәдімгідей талғажау еткен.

Он неше күн жол жүріп ақыры Қарқара жазығына да жетті-ау, әйтеуір. Астындағы аты бұл араға зорға жетті. Тағасыз ат таумен жүргенді көтере алмай тасырқап қалған. Күннен-күнге жүрісі өнбей болдырудың аз алдында келеді. Белін босатып, диландырып алайын десе, тұрақ қылар орын жоқ. Күндіз сай-салада тығылып жатып шылбырдан ұстап жетелеп жүріп жайылтқаны болмаса арқасы босап көрген емес. Түнде мініп, тағы да ілгері жылжиды. Қойшы, әйтеуір бір айдың жүзі болғанда Шәлкөденің шетіне ілікті. Жаз ортасы ауып кеткен кез. «Ел жайлаудан әлі көше қоймаған шығар» деген оймен солай қарай беттеп келеді. Ендігі ойы жолыққан адамнан өзінің үй ішінің жайын білмек. Олармен аман-есен қауышса, көрген жерде ауыл бар дегендей, баяғы Қарадалаға тартып кету ойында бар. Бұл елде енді тұрақтап паналай алмайтынына көзі жеткен. Құдай салды, мен көндім деп ендігі жерде жан үшін күреспесе басқа амалы жоқ. Осы оймен ол өз ауылын тұспалдап келеді. Ай қараңғы. Түн түнегінен ештеңе де байқалмайды. Анда-санда атын тежеп, тың тындайды. Жер бедері өзіне таныс. Қалың ауыл отыратын жерге тұспалдап-ақ келеді. Жақындап қалса керек, алыстан үрген иттердің дауысы еміс-еміс естіле бастады. «Иә, аруақ, қолдай гөр!» деп іштей сиынып солай қарай жақындады. Айтқанындай-ақ, алдынан киіз үйлердің сұлбасы көрінді. «Алдымен байқап көрейін» деген оймен әуелі ауылды бір айналып шықты. Ауыл шырт ұйқыда екен. Тырс еткен дыбыс байқалмайды. Алты-жеті үй қораландыра тігіліпті. Қотанда қойлар пырдай болып жусап жатыр. «Не де болса осы шеткі үйге түсейін» деп ойлады. Таяп келіп дыбыс берді. Үй іргесінен бір жаман қаншық ит шәуілдеп, аттың шаужайынан алардай болып жүр.

— Кім бар-ау?

— ?..

— Әй, бұл кімнің үйі?

Іштен біреулер күбірлегендей болды. Бірақ ит абалап естіртпеді. Лезде жейде-дамбалшаң біреу ағарандап тысқа шықты.

– Уа, кімсің? – деді ол да езеуреп.

– Мен ғой.

– Менің кім ей?

– Әуелі өз жөніңді айтсаңшы батыр. Мен бір жүрген жолаушымын. Құдайы қонақ болсам ба екен деп келіп тұрмын, – деп жалтарды Әбдірешбай сақтық жасап.

– Құдайы қонақ болсаңыз келіңіз. Мен Жартыбай баласы Игенбай боламын, – деп өзін таныстырды үй иесі.

– Игенбай болсаң, өзімнің бауырым болдың ғой, – деп Әбдірешбай аттан түсті. Жақын туысқанының кез болғанына іштей қуанып кетті.

– Уа, кімсіз?

– Дабырлама, жүр үйге кіріп әңгімелесеміз, – деп Әбдірешбай оған атын ұстата берді. Тақымындағы мылтығын өзімен бірге ала кірді. Бұл кезде Игенбайдың әйелі де оянған екен. Білте шамын тұтатып, төрге көрпе жазып жатыр.

– Амансың ба, келін шырақ, – деп жылы ұшырай амандасып төрге озды.

– Ойбай-ау! Қажы-ағасыз ба?! – деп келін оң тізесін басып ибалықпен сәлем жасады.

– Көп жаса, шырағым.

Шамның жарығымен бірін-бірі енді таныған, туысқандар шұрқырасып қалды.

– Ой, қажыаға сізді де көретін күн болады екен, аман-есен келдіңіз бе? – деп үйдегілер қалбалақтап жатыр.

Игенбай Әбдірешбайға қабырға ағайын болып келеді. Атадан туа жалғыз. Басқа кенде адам еді. Сіңірі шыққан кедей-тұғын. Байларды сағалап күн көрген жалбыр етектің біреуі. Жаз айларында Әбдірешбайды ағалап келіп, талай рет сауынға сиыр алып кететін. Арнайы жалшылықта жүрмесе де, бұл үймен араласып тұратын. Мұның өзіне туыс болып келетінін, бұрынғы қарым-қатынасын ойлаған Әбдірешбай тап бір өз үйіне келгендей-ақ аяғын көсіліп салып, еркін тыныстап отырды. Ел жағдайын тәптіштеп сұрап жатыр.

– Ел ішінде бүліншілік болып жатыр қажы аға, – деп бастады ол сөзін, – Өзіңізден кейін орта байларға да қысым болады екен деген әңгіме шықты. Соны естісімен байлар малын алып, шекарадан асып кетіп жатты. Бұл істі тоқтатпақ болып үкімет ішкеріден әскер

шақыртқан. Бір көтеріліп қалған ел тұрсын ба, әскердің тосқанына да қарамай ыңғайын тауып өтіп кетті көбісі.

– Біздің үйлер қайда, осында ма?

– Осында болушы ма еді, Әшімақын бастаған талай үй бір түнде жұртын сипатып көшіп кетті. Сәрсенбай құдаңыздың да балалары түгел кетіп қалды. Осында өншен кедей-кепшік, малшылар ғана қалды.

Мынадай өзгеше жаңалықты есітіп, Әбдірешбайдың іші жылып қалды. «Бүгін түнде мен де өтіп кетсем бе екен?» деген ойдың шырмауында отыр. Бірақ атының жарамсыздығын ойлап тосыла берген. Шай ішіп, біраз бел көтерген соң ол жолға шықпақ болды.

– Игембай, сен аталас туыссың. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген, мен өлім аузынан шын құтылдым ба, өтірік құтылдым ба деп жанымды шүберекке түйіп міне, келіп отырмын. Жасыратын несі бар, қашып келіп отырмын. Атым міністі көтере алмай болдырып келді. Маған бір жарамды ат тауып бер. Жақсылығың менен қайтпаса, Алладан қайтар, маған бір мінгі тап! – деп өміріндегісін айтты.

– Қажыаға-ау, жеті түнде ат қайдан табылады. Арқандап отырған ат бар дейсіз бе бізде. Жылқы біткен өрісте ғой. Ештеңе жоқ, құдай сақтасын бүгін-ертең жатып тынығыңыз. Аттың жайын содан кейін ойласармыз. Ел іші ғой, сізге бір ат тауып бермегенде, – деп көлгірсіді ол. «Апыр-ай, ә!» деп Әбдірешбай ойланып қалды.

– Алыс жолдан қажып келіпсіз, жәке, жатыңыз! Ешкімге көрсетпей өзім-ақ өрешенің ішіне бақсам да күтемін бірер күн, – деп келін де құрақ ұшты.

«Шекарада тосқауыл бар дегені рас болса, мына атпен қанша жерге барарсың. Қашып құтыла алмай қолға түссем не болғаны?» деп ойлады да ол бір күн еру болуға келісті.

– Қарақтарым, мен келді деп жан адамға тіс жармаңдар. Кім білсін, аузы бос біреулер үкіметке жеткізіп қояр. Бір күнше мені жасыра тұрындар, айналайын! – деп өтінді ол.

– О, не дегеніңіз, қажы-аға, сіздің келгеніңізді айтып, елден сүйінші сұрайды дейсіз бе, – деп Игенбай сендіріп-ақ жатыр.

– Қатын, сен аузыңа берік бол ей-й! – деп ежірейді ол келіншегіне қарап.

– Жәкем келді деп жұртқа жаятын мені жын ұрып кетіп пе, – деп әйел ат-тонын ала қашты.

Бұл түні Әбдірешбай жайсыз ұйықтады. Ұзақ таңға ұйқысы бөлініп, мазасы кетті. Көзі іліне беріп, оянып кетеді. Бейне біреу түртіп оятқандай кірпігі айқассайшы. Өзінен-өзі сезіктеніп, ішкі дүниесі астаң-кестең. Үй ішінің хабарын естіп, көңілі алабұртып жатыр ма, кім білсін, көрер таңды көзімен атқызды. Таңғы намаздан кейін шайларын ішіп, Игенбай шаруасына кетті.

– Ей-й, Күлшәрия, үйге біреу-міреу келіп қажы-ағаны көріп қоймасын. Сен үйді жауып қой да сыртта жүр! – деп табыстады ол кетерінде.

– Мақұл, байқап жүремін ғой, – деді әйел.

Соңғы кезде ел ішінде үлкен өзгеріс болып жатқан. Ауыл бас сайын қызыл отау құрылып, азаматтар ішінен белсенділер іріктеліп алынған. Оларды ел басқаруға, үкіметтің билік тізгінін ұстауға дейін жоғарылатқан. Ауданнан келген уәкілдер оларға жол сілтеп, үгіт-насихатты жүргізіп-ақ жатқан. «Оянатын мезгіл жетті. Заман сендердікі, бай-манаптардан кек алатын күн туды. Оларды ауыздықтап малын, мүліктерін тартып алуларың керек...» – деп үйретушілер көп. Шілдесінде шырақ көрмеген, ғұмырында кісілік санатына қосыла алмай жүретін қайсыбір пенделер атқа мінгеніне дандайсып, кеуделеріне нан пісіп, айдарынан жел есіп жүр. Бір-ақ күнде болып-толып кеткен. Сондай белсендінің біреуі Игенбайдың дәл өзі еді. «Адамның аласы ішінде, мал аласы сыртында» деген осы. Әбдірешбай үйіне келіп түскенде-ақ ол арам пиғылын жүзеге асыруды ойлап қойған. Ертелетіп кеңсеге келген ол түннен бергі болған істі бастықтарына түгел баяндап берген. Тәп бір жерден жеті қоян тапқандай, өзінің «ерлік» қимылына масайрап тұр. Оның мынадай ақ жүрек белсенділігіне риза болған аудан уәкілі Игенбайдың арқасынан қағып басқаларға үлгі етіп мақтап жатыр.

– Міне, көрдіндер ме, қандай қырағылық. Үкіметке шын берілген ақ жүрек азамат деп осы Игенбайды айтуға болады. Қалғандарың не тындырдыңдар, тіпті үйіңнің іргесіндегі бай жүгін артып көшейін деп жатқанда біреуің келіп айтуға жараған жоқсындар, – деп басқаларына сөгіс беріп жатыр. Тап бір жауын жеңіп, тау қопарғандай Игенбай екі иінінен дем алып қасындағыларға шекесінен қарайды. Өзінің сатқындығына сонша марқайып, мерейі өсіп, шаттанып тұр.

Бұлар Әбдірешбайды тұтқындаудың қамына кірісті.

– Ойбай, байқаңыз, өзінің бесатар мылтығы бар екен. Түнімен қасына қойып құшақтап жатты, – дейді Игенбай сақтандырып. Мылтығы барын естігенде бастық бөгеліп қалды. Ол дереу жақын мандағы заставалардың біріне кісі шаптырып, әскер шақыртты. Түске жетпей оншақты солдат сау етіп жетіп келген. Игенбай өзі бастап үйіне беттеп келеді. Күлшәрия қонағына түскі шайын әзірлеп, жаңадан дастарқанға отырғаны сол еді, үй сыртынан аттылардың дүбірі естілді. Келіншек отырған орнынан лып етіп көтерілді де тысқа шығып, лезде қайта үйге кірді.

– Жәке, біреулер келе жатыр. Өрешенің ішіне кіріп тығылыңыз, – деді абдырап. Әбдірешбай сескеніп қалды. Керегедегі сүйеулі тұрған мылтығын қолтықтаған бойы өрешенің ішіне кіріп бой тасалады. Сөйткенше болған жоқ, бес-алты адам үйге кіріп келді.

– Ей, қатын, қайда жаңағы адам? – деп Игенбай әйеліне дүрсе қоя берді.

– Есің дұрыс па сенің, қайдағы адам? – деп әйелі күйеуіне ажырая қараған.

Аядай киіз үйдің ішінде өзге қуыс та жоқ. Келгендер жүктің бұрышын тінтілеп жүргенде Игенбай өзі барып өрешені шалқайта ашып берді. Зәре-құты қалмаған Әбдірешбай бір уыс боп шөгіп отырып қалыпты. Жаны құрғыр қандай тәтті десейші, алпамсадай адамның құнысып отырғанын көргенде тіпті жаның ашиды. Әлекендей жаланған қарулы солдаттар оның жанын қойсын ба, желкелеп сүйреп шығарды да қолын қайырып байлады. Баладай аңқау, жаны таза, адамға сенгіш ақкәңіл жан алданғанын енді сезді. Игенбайға оқты көзін қадап, тігіле қарады:

– Талай рет дәмімді татып едің. Қызталақ. Құдай-аруақ барды. Сендей сатқынның сазайын бір Алланың өзі берсін! – деп тістеніп тұрып қалды.

– Мұның не сенің, не бетіңмен ұстап беріп отырсың жәкемді. Қайтып қана дәтің барды, осылай істеуге. Не жамандық көрдің бұл кісіден, – деп Күлшәрия кемсендеп жылап жіберді.

– Өшір үніңді! – деп зекіді ол әйеліне ежірейіп.

Қарулы солдаттар оны желкелеп алып кетті. Әйел босағаға сүйеніп, үн шығармай өксіп жылап тұр. Бір кездері таңдайын



ағартып, бала-шағасына сауын берген, керек десе сойысқа мал алып сорпа-су ішкен жақсылығын қалай ұмытады. Күйеуімен қанша жыл отасса да оның дәл мынадай опасыз оңбаған екенін білсеші! «Ойпыр-ай, Құдайдан қорықпады-ау мына шіркін! Жәкемді өз қолымен ұстап беретіндей не басына күн туды екен мұның?» деп әйел күйініп тұр.

Әбдірешбайды қызыл отауға апарып шамалы тергеген болды. Түс ауа оны аудан орталығына жөнелтпек болды. Екі ат жеккен арбаға отырғызып төрт солдат қоршап алып жүрді. Ауылдан ұзап бара жатып Әбдірешбай анық көрді, Күлшәрия үй сыртына шығып қалшып қарап тұр екен. Осынша жұрттың ішінен өзіне жанашыр боп бір адамның қамығып тұрғанын көргенде көңілі босады. Мынау жарық дүниемен, көзіне оттай басылған мынау туған өлкемен соңғы рет қоштасып бара жатқандай ол бүкіл аймақты көзімен шолып, сонау биік асқар тауларға, тау етегіндегі мынау сынсыған ну орман жасыл алқапқа жәудіреп қараумен болды. Алыстаған сайын Шөлкөде мен Айғайтасты, Ойқарағай мен Күркілдек жайлаулары сағымданып, көз ұшында қалып барады. Арбаның артқы жағында отырған Әбдірешбай сол далаға, сол тауларға тағы да сұқтана қарады. Қараған сайын іштей бір қимастық сезім елжіретіп келеді. «Бізден алыстап, қай жаққа бара жатырсың?» деп таулар бұған тіл қататын тәрізді.

Әбдірешбайдың ойы оңға, санасы сан бөлінді. Жан дүниесі әлем-тапырақ болып, денесі бір қызынады, бір суынады. Іштей арпалысқан бір дүлей сезімнің құшағында тұншығып келеді. Тынысы тарылып, кеудесі қысыла берді. Құтылмас құрыққа түскенін біліп енді мұнан шығудың жолын іздеген. Байқайды, қылмысы енді бұрынғыдан да ауырлайтынын сезеді. Үш бірдей әскерді байлап тастап, қаруын алып қашып кеткен қылмысының өзі-ақ жетіп жатыр. Байшылдығын былай қойғанда, үкіметке қарсы оқ атқанын айтпайсың ба. Ендігі жерде өзіне өмір жоғын білді. «Ит арқасы қиянда ит жемі боп жат жерде өлгенше, ең болмаса сүйегім туған топырақта қалсын! – деп түйді, – сонау итжеккенде қор болып құсамен өлгенше өзімше бір ерлік өлім жасайын...» Осы сәт оның көзіне қан толып кетті. Қаны басына шауып, екі көзі өрттей қызарып кеткенін ешкім байқаған жоқ. Ол тас түйін боп

бір іске бел байлап алды. Енді қайтатын түр байқатпайды. Кенет әскерлерге тіл қатты.

– Менің ішім ауырып бара жатыр, отырып алуға босатыңдаршы! – деп өтінді. Солдаттар оны шын деп ұқты. Қолын шешіп, арбадан түсірді. Әбдірешбай үстіндегі шекпенін шешіп, желбегей жамылды да бес-алты кадамдай ұзап барып жол бойындағы бір түп шидің тасасына барып отырды. Ышқырына тығып жүретін кішкентай кездігін алып, соңғы рет тұнық аспанға, сонау көктегі күнге қарады. Қарады да қалшылдап кетті. Жан деген қандай қиын еді десеңізші! Қолы қалтырап дір-дір етеді. Тісі тісіне тимей сақылдап біраз абдырап тұрды. Осы сәт арбадағы біреудің: – Бол тез! – деп ақырған даусы естілді. Енді аз болса өзін келіп тағы ұстап алатындай көрініп кетті. Әбдірешбай жан-дәрмен жылдамдықпен кездікті шабынан тартып кеудесіне дейін бар күшімен құшырланып тартып жіберді. Қылпып тұрған көк алмас орып түсті. Ішек-қарны салқ етіп ақтарылып, аяғының басына түсіп бара жатты. Кенет оның көзі қарауытып кетті. Басы айналғандай болып шалқалап барып құлап түсті. Оның қимылын қалт жібермей бағып тұрған солдаттар жүгіре басып жетіп келген. Ішек-қарны ақтарылып жайрап жатқан Әбдірешбайды көріп олар да аңтарылып қалды. Естері шығып, бір-біріне үнсіз қарасады. Не істерін білмей, өздері де сасып қалды. Көз алдында қызыл қанға боялып қорқырап жатқан адамды көру әсте қиын еді. Оны енді алып жүруге де болмайды. Адам болмасына көзі жеткен олар осы арадан аттарының басын кері бұрды.

Әбдірешбайдың басын сүйеп, аузына су тамызатын адам болған жоқ. Жаралы жолбарыстай арпалысып жатып жұлдыз шыға үзіліп кетті. Елім деп еңіреп, туған жер деп шырылдап жүрген есіл ер осылайша жапан түзде жан тапсырды. Бұл оқиғадан құлақтанған ел-жұрты жиналып келіп, ертесі марқұмды сол жерге арулап көмді. Бір кезде жат жерде жүріп өзі армандағандай ғазиз жанның сүйегі туған жердің төсінде қалды. Шөладыр қырқаларының біреуі күні бүгінге дейін «Әбдірешбай қажының бейіті» атанып, тарих қойнауына тереңдеп батып бара жатыр...

## БАЛДӘУРЕН

(лирикалық хикаят)

Тянь-Шаньның көк тіреген мұзды шындары күмістей жарқырап, көз қарықтырады. Аспан таулардың айбынын асырғандай Хантәңірі шыңы өзгелерден оқшауланып, қасындағыларға сес көрсетіп, осқырына қарап тұрған секілді. Паң да, тәкаппар биіктік өр тұлғасын тік ұстап, көк төсіне шаншыла жаздап тұр. Сәукелесіне үкі таққан арудай болып, шың басына бір шөкім бұлт үйіріліп, құс мамығындай үлбірейді.

Мамыр айының маужыраған бір әдемі кеші. Тау жақтан жанға жайлы салқын леп еседі. Қай жағына қарасаң да жайнап тұрған әсем көрініс. Нұрға малып алғандай барлық аймақ жасарып, түрленіп кеткен.

Қыстаудан қопарыла көшкен жұрт Ойжалауға келіп орналасып жатыр. Төкес дариясы мен Ақсу өзендерін жағалай тігілген ақшаңқан киіз үйлер қаздың жұмыртқасындай шоғырланып, алыстан көзге шалынады. Әр атаның әулеттері ауыл-ауыл болып ірге тепкен. Қазақ елінің үш ай жаздағы осы бір сұлулыққа толы ғажайып өмірін ештеңемен теңестіруге әсте болмас еді. Қыс бойы маһалада, булыққан жұрт бой жазып, көк жайлауда кең көсіліп рахат күй кешетіні бар. Үй іргесінен аулақта тартылған желіге байланған асау құлындар бұлқынып, мойнын соза қитығады. Сарықарын мама биелер желі басында ұйлығып тұр. Алыс қырға беттеп бара жатқан отар-отар қой, қозының маңыраған дауысы талып естіледі. Көк майсаның арасынан шырылдаған шегірткенің дауысы, аспандағы бозторғаймен үндесіп, дала төсін бір әдемі шаттыққа толы қуаныш сазына бөлейді. Осы бір сазды әуенді қызықтап тыңдай бергің, тыңдай бергің келеді. Жасыл жайлау. Бар аймақ масаты кілемнің түріндей боп, жайқалып тұр. Осынау сұлу көріністі мен жан-жүрегіммен сезініп, өлердей жақсы көруші едім. Жайлауға көшеміз деген сыбыс шыққанда-ақ тағатым таусылып, дегбірсізденіп күтумен жүремін. Көшетін күні үйдегілер де абыр-сабыр болып, қарбаласып қалады. Басы артық жүктерді буып-түйіп қоймаға қояды да, есігін ала жіппен мықтап байлайды. Ала жіп адалдықтың нышаны. Мұсылмандық салт бойынша, ала жіптен аттаудың өзі ауыр күнә болып саналады.

Түйе мен өгіздерге жүк артылып болған соң, көш керуені жылжып береді. Маған бәсіре етіп берген кертөбел құнанның үстіне шыбын жолатпаймын. Өзім ғана мініп, аялап жүремін. Өзі су жорға. Барған сайын адымы ашылып келеді. Еті қызған кезде ауыздығын сүзе тастап, мойнын жерге салып, тайпалып кетеді. Мұндайда, тіпті, қымтанған етегің де ашылмайды. Құлын күнінен қант беріп үйреткендіктен жануар адамға өте жақын. Өрісте жүрген жерінде менің дауысымды естісе болды, оқыранып шауып келеді. Келген бойда құлағын жымырып, балаша еркелеп, алақанымды иіскелейді. Қант сұрағаны. Мен де қалтамнан бір шақпақ қант алып ұсына қоямын. Қатырлатып жейді де, жайына кетеді. Жануар жылқы деген қасиетті мал ғой. Адамға үйір болғаны сонша, менен басқа жан пендеге ұстатпайды. Кейбірде қант болмай қалса, құлағын жымырып мені қуалайтыны бар.

Біздің үй жылдағы жұртына келіп жүк түсірді. Үлкендер жағы дереу кереге жайып, қанаттарын жалғастырып, байлап жатыр. Үлкен үйді көшірісуге келген жігіттердің біреуі шаңырақ көтеруге дайындалған. Бақанның ашасын шаңырақтың күлдіреуішіне дәлдеп алып, желбаумен теңдеп ұстап аспандата көтеріп тұр. Қызкеліншектер жан-жағынан уықтарды шаншып, керегенің басына таңып бекітуде. Қағытпа қалжыңмен әзілдесіп, сылқ-сылқ күлген жеңгейлер қайындарымен қажаса жүріп, лезде киіз үйді тігіп те жіберді. Үзігі жабылып, туырлығы тартылған соң, төбедей боп ақбоз үй дүмбіреп шыға келеді. Белдеу арқан тартылып, керегенің көгіне байланды. Көшпенділердің данышпандықпен ойлап тапқан осы бір баспананың жығып-тігуі ас пісірімге жетпейтінін қайтерсің. Жаугершілік замандарда жау қарасы көрінгенше жұртын сипатып кететіні де сондықтан екен-ау деп ойлайсың. Үй тігіліп болған соң, есік алдына самауырын қойылып, жерошақ қазып, қазан асылды. Қысқы соғымнан сақтап келген сүрі ет пен жеңді-білектей қос қазы қазанға тоғытылады. Бұл күн ерекше үлкен мерекемен теңесетін. Жаңа жұртқа келгенде осылайша жаңа бір өмір есігі ашылады. Жұрттың бәрі көңілді. Үй іргесіне текемет төселіп, құрақ көрпелер жайылатын. Отағалары малдас құрып отырып, неше алуан қызықты жайлардан әңгіме дүкен құрады.

Ертесі бие байладық. Таң сәріден жылқы жинауға мен бардым. Жылдағы өрісінен тез-ақ таптым. Мал тұяғы тимеген, соңы шөпке тояттап, онша ұзай қоймапты. Тапсырма бойынша, қысырақтың

үйірін бөліп тастап, сауын биелерді ғана айдап келдім. Мен келгенше желінің қазығын қағып, дайындап қойыпты. Әкем құрықпен бұғалық жасап, құлындарды бір-бірлеп ұстай бастады. Қаракұлақ болып қалған асау құлындар мойнына бұғалық түскенде шыңғырып аспанға секіреді. Қарулы қол еркіне жіберсін бе, құлағынан басып тұрып, ноқта кигізеді. Жетелеп әкеліп желіге тиектеп байлап жатыр. Алғашқы күні желіге байланған құлындардың ішінен күні бойы жатпай, қарысып тік тұрған құлыннан кейін мықты жүйрік шығады дейді екен бұрынғылар. Осы бір сөз құлағыма тиген соң мен күнұзын құлындарды бақылаумен болдым. Әрі-бері бұлқынып, мойыны талған соң, сілесі қатып, бәрі жата бастады. Тек атақты бөрте биенің құла құлыны ғана міз бақпай қарысып тұр. «Жүйрік биеден, жорға айғырдан болады» демекші бөрте бие кілең жүйрік табатын. Оның құлындарын құда-жекжаттар қалап келіп, қолқалап әкететін. Бұл шаңырақтан ұзатылған қыздарды төркіндетіп келіп, қалауымызды аламыз деп отырып алатынын қайтерсің. Биылғы құлынның да ерекше екенін көкейіме түйіп қойдым. Реті келсе қолдан шығармау керек деп ойладым. Кешкісін, бие ағытар кезде, құла құлынның жайын айтып ем, әкем:

– Оны байқағаның дұрыс болған екен. Құдай қаласа, өзіміз ат қылып мінеміз, - деді.

– Тағы да ұзатылған қыздарға беріп жібермейсіз бе? – дегенімде әкем мырс етіп күліп жіберді.

– Расында бөрте биенің тұқымынан бірде-біреуін қолымызға ұстамаппыз-ау, – деді ол өкінгендей болып. Сол күннен бастап әкем де оған ерекше ықылас таныта бастады. Екі-үш сауымнан кейін құла құлынды ағытып жіберіп жүрді.

– Жастайынан уыздығы жарыса, жілік майы толысып өседі, – деді.

Жайлауға тегіс қоныстанып болған ел бір жұмадан соң қымызмұрын бере бастайды. Бұл салтты да бірінші болып біздің үй атқарды. Екі-үш күн ысқа қойған сабаны жуып майлап, саумалды әбден салқындатып барып құяды да, ұзақ-ұзақ пісетін. Бізді шақырып алып, апам санап отырып саба пістіретін. Әрқайсымыз мыңнан пісер едік. Пісуі жеткен қымыз күшіне кіріп, божылдап тұрып ашиды. Қара қойдың шикі құйрығын дәкеге тігіп, күшәла салып ашытқан қымызды ішсең шекенді шымырлатып, бойыңды балқытады. Босағадағы кісі бойы қара сабаны қотарып тегешке

құйғанда, қымыздың қышқылтым кермек иісі кеңсірігінді жарар еді. Қотарылған қымыздың бетінде тарыдай болып қара дақтар қалқып жүреді. Бұл қымыздың майы. Көп пісудің арқасында май түскен қымыз бал татып, тандайыңа татиды. Бір сапты аяқ қымызды сіміріп жібергенде тіпті кекірігіңе шашалып қала жаздайсың. Жанға дәру, тәнге шипа осы бір ғажайып сусынды ойлап тапқан бабаларға не дерсің, шіркін! Күні бойы сауған сүтті түнімен пісіп, бабына келтіріп ашытады да, ертесі келген жұрттың аузына тосатынын қайтерсің. Бие байлаған үйге өтіп бара жатқан көлденең көк аттының бұрылмайтыны болмайды.

— Алыстан келе жатқан жолаушы едік. Бие бауды көріп, ат басын бұрдық, — дейді бейтаныс жандар. Үйге кірген жыланның басына да ақ құйып шығарады деген қағиданы ту етіп ұстаған қазекем, келген қонақты қабақ шытпай қарсы алады ғой. Төр алдына жайылған дастарқан бір жиылмайды. Мұндай дарқандылық пен кеңпейілділікті өзге жұрттан, әй кездестіре алмайсың. Бұл тек біздің қазаққа ғана тән қасиет пе деп ойлайсың.

Ұлы сәске болған кезде топ-топ болып, әр ауылдан қымызға келетіндер бар. Үлкендердің алдынан шығып, атын ұстаймыз. Отағасы оларға ілтипат білдіріп, жазылып жастық, иіліп төсек болып жатады. Қандай меймандостық, мейірім мен шапағат десейші! Үлкендерден соң ауыл балалары да бой көрсетіп қалады. Олардың да құрауыз шықпайтыны анық. Түске таман адам аяғы сирексіп, келушілер саябыр тартады. Бізге енді еркіндік тиеді. Тәмам бала уағдаласқандай түс кезінде суға шомылуға барамыз. Өзен бойынан әр ауылдың балалары ат қойып, айдар тағып алған орнымыз бар. «Тасөткел», «Құмөткел», «Жалпақ өткел» дейтін өткелдер. Ақсу өзені өте терең, ағысы қатты өзен. Өткел тауып өтпесең, кез келген жері өткел бермейді. Осындай ағысы қатты дарияда балықша жүзетінімізді қайтесің. Өзен жағасына келген бойда шешініп тастап, айдынға күмп береміз. Судың беті тынық көрінгенімен, ағысы астында болады. Бізді бұйым құрлы көрмей дөңгелек ойнатып, жұлып әкетеді. Дәл осы жерден суға түссең ағыспен ығып барып әлде қайдан шығасың. Қайсыбір балалар тереңге бойлап, қолын көтеріп жүретіні бар. Бара-бара қолының ұшы көрінбей кеткенде тұншыға жаздап су бетіне шоршып шығып, малти жөнеледі. Өзен жағасындағы биік жардың басына шығып тұрып, төрт-бес метр биіктіктен өзенге секіріп ойнаймыз. Мұндай да басынды

ішке алып, екі алақаныңды жапсырып ұстап, суды жара секіресің. Әйтпесе қарныңмен жалп ете қалсаң, көпке дейін ішің ауырып, оңбай жүресің. Әрі-беріден соң ернің көгеріп, қалшылдап жаурап кетесің. Ол кезде жағадағы ыстық құмға жатып алып қыздырынған жанның рахаты.

Кей күндері дариядан балық аулауға барамыз. Балықтың да өз мекені болады. Судың иін жерінде көп кездеседі. Қармаққа шылаушын құртын шаншып, иірімге тастаймыз. Ұзақты күнге қанша отырсаң да, қармағыңды қаппай қоятын кездері болады. Қайсы бірде қармақтың жалманына тимей астыңғы жағынан кемітіп, шылаушынды жеп кетеді. Су астындағы кішкентай мақұлықтың осындай айлакерлігіне танданбасқа шараң жоқ. Осылайша сарылып отырғанда бір кезде бүлк-бүлк етіп жемтікке келгені қолыңа білінеді. Сол-ақ екен қармақты жұлқып қалады. Шіреніп тұрып әуелетіп лақтырасың. Бауыры жарқ етіп сазан балық судан шыққанда бейне бұғы атып алғандай сезімге бөленесің. Жолың болып, дәуірің жүрген шақта үйге бір шелек балық алып, олжалы болып оралатын кездеріміз болады.

Ақсу өзені мен Қарасудың арақашықтығы шамамен қозыкөш жер. Ол ауылда да біздің туысқандар бар. Кейде солардың балалары бізді ойнауға шақырады. Нұрмолда, Оразбек, Әният, Бекболсын деген достар. Соларға барамыз да неше түрлі ойынның туын тігеміз. Қарасуда қатты ағыс жоқ. Тынық көлшіктер көп. Терендігі сонша аттың сербегінен келеді. Өзен жағасы ну қамыспен көмкерілген. Ауыл балалары «Қалақайлы иірім» деп атап кеткен атақты терең иірім бар. Ат құлағы көрінбейтін осынау терең суға шомылып рахат күй кешеміз. Ағысы жоқ, тынық суда жүзу адамға едәуір қиындық туғызады. Ағысы қатты өзендер сені өзімен бірге ағызып отырады. Ағысты қолыңмен есіп, аяғыңды шалпылдатсаң болғаны су бетінде қайықтай қалқисың. Ал тынық суда олай емес. Аяқ-қолың тынымсыз қимылға келмесе, су түбіне шөгіп кете бересің. Кей күндері ойынның қызығына беріліп, күн батқанша судан шықпаймыз. Күн батар кезде су сондай жылы болады. Басымызды қылтитып, судың ішінде ұзақ-ұзақ отырамыз. Ақыры іңірде үйді зорға табамыз. Балалық шақта шаршау дегенді кім білген. Күнұзын үй көрмей дала кезсек, түнде «ақсүйек» ойнаймыз. Тым алысқа лақтырған таяқшаны айсыз қараңғы түнде қалың шөптің арасынан іздеп жүріп тауып аламыз да «мен таптым» деп айқайлап

тұра жүгіреміз. Қалған балалар сені ұстап қалуы шарт. Сондай сәттерде мен өте жүйрік, желаяқ едім. Қуғыншылардың бір де біріне шалдыртпай әкеліп, сөреге тастайтынмын. Шалғын шөпке шық тұрып, балағың малмандай су болады. Мұндайда балақты түріп аламыз. Ойын барысында аяқтың жаурағанын да сезбейсің. Әбден «концерт» аяқталып, ауылға қайтар кезде ғана білеміз. Үйге жете бергенде күйіс қайырып, жусап жатқан сиырларды тұрғызып жіберіп, оның орнына тұра қалсаң аяғың кәдімгідей жылынып қалады. Жаңбырлы күндердің де өз қызығы бар. Нөсерлеп тұрған ақ жаңбырда қаптың түбін бұрыштап басымызға киіп аламыз да қозы жамыратамыз. Қосақтап қойған саулықтарды сауып болған соң, қосағынан ажыратып жібересің. Көгеннен ағытылған қозылар ұлардай шулап, енесін таба алмай, арсалақтап жүргенде, біз нән қошқарларға мініп, мүйізінен мықтап ұстап аламыз. Төрт-бес жасар дәу қошқарлар сені бұйым ғұрлы көрмей көтеріп жүре береді. Қошқар мінгенде бейне мамыққа отырғандай рахатқа батасың.

Оның арқасы сондай жұмсақ, тамаша болады.

Жаз жәрмеңкесі барған сайын қыза түседі. Әр ауылда қыз ұзатып, келін түсірген тойлар көбейіп кетеді. Сүндетке отырғызатын баланы үлпілдетіп киіндіріп, қалпағының төбесіне үкі қадайды. Өзін жеке атқа мінгізіп, астына жібек қоржын салады. Сөйтеді де ересек бір адам оны жетелеп жүріп туысқан-туғандарды, құда-жекжаттарды тойға шақырады. Бұл шақырысқа баланың өзі жүреді. Барған үйлер баланы құрметтеп, сый-сияпат көрсетеді. Қоржынның екі басына неше түрлі асыл маталар, ақ құйрық үнді шайларын, науат пен мәнпәзін салып беріп жатады. Келесі жұмада дүркіреп той өтеді. Осындай ұлы жиындарда әкем мені қасынан қалдырмайтын. Басқа балаларды емес, мені ертіп алар еді. Ағаларым ондайда реніш білдірмейтін. «Махмұт кіші ғой, осы-ақ барсын» – дей ме, кім білсін. Менің тойға жиі баратынымның тағы бір себебі бар. Бәйге аттарға тек мен мініп шабамын. Тақымы жеңіл, ол мінген ат бәйгеден келмей қалмайды деп ауыл адамдары сөз ететін көрінеді. Әйтеуір жиын тойлардан қалмайтыным да сондықтан болса керек. Бүгін де сондай бір ұлы жиын, үлкен тойға келе жатырмыз. Дәркембай байдың бауырына салып алған баласы Шәймұраттың сүндет тойы. Қазақтың ежелгі салты бойынша, ағайынды адамдар бір-бірінен бала асырап алатын әдеті. Бұл баласы жоқтықтан емес, керісінше туысқандық қатынастың артып, ынтымақ бірліктің



одан сайын жақындаса түсетінінің кепілі болса керек. Жастайынан бауыр басқан балаға үлкендер жағы мейірім төгіп, жанын үзіп тұратынын қайтерсің.

Той қылған ауыл Текес дариясының жағасында тұғын. Ақсудан шыққан тойшылар Борталқының кезеңінен асып, еңістеп келеді. Шалқып жатқан дарияның жағасына тігілген киіз үйлер қаз-қатар болып сап түзеп тұр. Ауыл үсті қарақұрым халық. Біз үй сыртына тартылған кермеге келіп тоқтадық. Даяршы жігіттер үлкендердің шаужайына жармасып, атын ұстап жатыр. Той басқарап жүргендер меймандарды кідіртпестен бастап келіп, босаған үйлердің біріне кіргізді. Тойға арнап тігілген жасаулы үйлер тіпті жайнап тұр. Адалбақанға неше түрлі асыл киімдер, бұлғын ішіктер ілінген. Басқұрға байланған көк жал қасқырдың терісі шұбатылып құйрығы жер сызып тұр. Айналасына бұқардың қалы кілемдері тұтылған. Кірсең шыққысыз жұмақтың өзі. Хор қызындай үлбіреген жас келіншектер шаншылып отырып сырлы сапты аяқтарға меймілдете қымыз құюда. Даяршы жігіттер оны төрге қарай қол жалғап, ыдыс ұстаған қолын сол қолымен демеп ілтипат көрсетеді. Той иесіне құтты болсын айта отырып келген жұрт қымызға бас қойды. Шөліккеп келген қайсыбіреуі шара толы қымызды тұна жұтып, саптыаяқты еңсеріп барып тоқтаған. Енді бірулері мұртына жұққан қымыз дағын алақанымен сүртіп, тәтті қымыздың дәміне тұщынып тамсана ернін жалайды. Босағадағы кісі бойы қара сабаны көрпілдете пісіп, бір жігіт қайта-қайта тегештерді шыбығынан шығарып толтырып тұр. Төрдегілер одан сайын көңілдетіп гу-гу әңгімемен біраз отырған соң табақ-табақ ет әкелді. Ет татудың өзі бір салтанат дерсін. Тойға арнап тігілген үйлерден аулақта, оңашадағы жалғыз ас үйдің алдында кілең жорға мінген жігіттердің шоғыры көрінеді. Өздері біркелкі киініп, білектерін түріп алған. Бұл көріністе той салтанатын одан сайын асырып тұр. Ас үйден жасалған қос табақты екі қолына көтеріп алып, тізгінді қасқа тісімен тістеп тақымын мытып қалса болды су төгілмес жорғалар тайпалып келіп боз үйлердің алдына жетіп тұра қалады. Оларды күтіп тұрғандар табақтағы еттің дәрежесіне қарай бір-бірден үйге енеді. Бас пен жамбас, асықты жілік төрдегілерге тартылады. Көрі жілік пен жауырын одан төменгілерге бұйырады. Тоқпақ жілік, омыртқа тәрізділер балашағаның сыбағасы. Табақтағы еттің жасалуына қарап-ақ келген меймандардың осал адамдар емес екенін аңғаруға болады.

Ұлы сәске әлетінде келушілер тыйылып, адам аяғы сиреп қалды. Тойдың ендігі қызығы анау төбенің басында болмақ. Ақ ту тігілген сол мекенге қарай жұрт жосылып барады. Жорға мініп, торқа киген өңшең жайсаң мен қасқалар ерсілі-қарсылы салдыртып жүр.

Төбе басына келіп аттан түсіп, үлкендер көк майсаға молдас құрып, жайғасып жатыр. Құйрық-жалын сүзіп, кекіліне ақ байлаған бәйге аттары қалың топтан бөлініп, оқшау шыққан. Неше күндей таң асырып жаратқан сәйгүліктер ауыздықпен алысып, бір орында байыз таппай тықыршып тұр. Ішінде небір тұлпарлар бар-ау. Мен мініп келген көкқасқа ат та ошал емес еді. Семізінен қатырып, айдан аса жаратқан жануар бүгін жүгіретінін сезіп елеріп тұр. Кекілін сілкіп қойып шұлғып басады. Бауырын тартып, сүліктей боп жарап алған. Сауыры керген төстіктей теп-тегіс.

Тамашаның қызығы енді басталды. Балуан күрес, аударыспақ, теңге ілу сияқты неше түрлі ойын түрлері бірінен соң бірі жалғасып жатыр. Ендігі кезек бәйге аттарына келді. Сүліктей сары атқа мінген қапсағай денелі, еңгезердей жігіт топ ішінен жалауша ұстап шауып шықты.

– Балалар, жиналындар! – деп айқай салды. Осы сәтті күтіп жүрген шабандоздар дереу сап түзеп тұра қалды. Қарасы елу шақты сайгүлікті қаз-қатар тізіліп қойды да бәйгенің шартын түсіндіріп жатыр.

– Бүгінгі бәйге он бір айналым болады. Он атқа бәйге беріледі. Көрдіндер ме, энеки екі адамнан әр жерге даяршы қойылған. Кімде-кім олардың ішкі жағынан өтетін болса, оның аты бәйгеден шығарылады, – деп нығарлап айтады. Бәйгенің шартын түсіндіріп болған соң, даяршы жігіт қолындағы жалаушасын биік көтеріп тұрып:

– Ал жолдарың болсын! – деп сермеп қалды. Сол-ақ екен сатырлаған ат тұяғының дүбірі қара жерді тесіп жіберердей маңайды дүрліктіріп жіберді. Біздің елдің салты бойынша бәйгеге шапқан әр бала өз руынан шыққан батыр бабаларының атын атап ұрандауы тиіс, осылайша қалың бала шырылдап ұрандаған күйі ұзап барады. Олардың шыңылдаған даусын ат екпінімен зуылдаған жел жұлып алып қалып жатыр. Алғашқы айналымда аттардың тобы жазыла қоймады. Түйдектеліп, топтасқан бойда шауып келеді. Мен бәйгеге шабудың тәсілін бұрыннан жақсы білетін едім. Алғаш қатарға тұрғанда ішкі жағына тұру керек деп үйреткен үлкендер. Үш-төрт

айналымға дейін аттың басын тежеп ұстап, еркіне жібермеу керек. Сонда да алдыңғы топтан тым кейін қалып қоймай алдына төртбес атты салып, құйрық тістесіп шауып отыру қажет. Тоғызыншы, оныншы айналымға кеткенде аттың басын жіберерсің. Соңғы айналымда қамшы басасың. Қамшының бүлдіргесіне байлап берген шыт орамалмен анда-санда еңкейіп аттың көзін сүртіп қоясың. Әйтпесе, көзіне тер төгіліп сүрініп кетуі мүмкін. Міне соңғы айналымға кетіп барамыз. Бағанағыдай емес, аттардың түйдегі жазылып, шұбатыла бастаған. Менің алдымда бір қарагер ат зымырап келеді. Байқаймын бала үсті-үстіне қамшы ұрып қинап келеді. Мен әлі қамшы салғаным жоқ. Тек тақымды қағып қойып, басын еркіне жіберудемін. Соңғы айналымның орта шеніне жетті-ау дегенде көк қасқаға қамшыны басып-басып жібердім. Жануар жұлдыздай ағып алға шықты. Жаңағы қарагердің қасынан зу етіп өте шыққанымда бала тіпті қатуланып қамшыны қатты-қатты ұрғанын байқадым. Бұл кезде төбе басындағы жұрт өре түре келіп, аттарына мініп алған. Қалпақтарын бұлғап, айқайлап тұрғандарын сеземін. Жануар шын жүйріктің қасиеті айқай шыққанда тіпті еліріп кетеді. Екпіндеп келіп сөреден бірінші болып өттім. Көк аттың зар күйіне келіп, қызып алғаны сонша, басын тартып тежейін десем ырық бермейді. Осы кезде әкем төртөбел атпен қуа жетіп, мені аттың үстінен тік көтеріп әкетті.

– Сұрыннан айналдым сенің! – деген дауысты еміс-еміс естігендей боламын. Әудем жерге дейін екпіндеп барып тоқтаған атқа көзім түсіп еді, үстінен тер моншақтап сорғалап тұр екен. Әкем дереу ерін сыпырып жіберіп, ары-бері жетелей бастады.

– Иә, жаратқан ием, жер бола көр, иә, аруақ!.. – дейді ол күбірлеп. Менің тілім құрғап, таңдайыма жабысып қалған тәрізді. Сөйлейін десем, үнім шықпайды. Өңім де түтігіп, күйігіп кетсем керек. Мекежан атам келіп жанторсықтан қымыз ішкізіп жатыр.

– Сені тапқан апаңнан айналайын! – дейді жарықтық балаша мәз болып.

– Ақалақшы, енді барып бәйгені алыңыз! – деп әкем миығынан күліп тұр.

– Барсам, барайын – деп қария атқа қонды.

Қалы кілем жабылған қара нарды жетелеп, біз ауылға олжамен оралдық. Бәйгеден соң той иесі көкпар берген. Алты жасар нән серкені алып қашпақ түгіл жерден іліп алудың өзі жігіттерге үлкен

сын еді. Мұндайда мінген аты жігіттің өзіне сай болуы шарт. Жігіт болғанымен аты осал болса ол да бекершілік. Екеуінің күші тең болған жағдайда серке тұрмақ тана тартуға болады. Біздің ауылда көкпар десе ішкен асын жерге қоятын небір сайыпқыран жігіттер болатын. Солардың ішіндегі ең мықтысы біздің жиен ағамыз Ошыр деген кісі еді. Оның қол қайраты сұмдық деп таңғалатын былайғы жұрт. Ошырдың қолы лақтың пұшпағына тисе болды, тақымынан көресің, оның ұстаған жерін пышақпен кесіп алмасаң қолын көкпардан ажырату еш мүмкін емес-ті. Ошырға жөбі-шенді ат шақ келмейді. Өзінің көк бедеуін құлындатпай, көкпарға арнайы соны мініп шығатын. Жануар көк бедеу де көкпарға әбден төселіп алған. Ұйлығысып тұрған қалың топты мұз жарғыш кемедей қақ айырып, кеудесімен итеріп лаққа жетіп баратын. Кейде тіпті шегініп, қалың топқа арт жағымен кіретінін қайтерсің. Бүгінгі көкпар да біздің Ошыр ағамыздың тақымында келеді. Ауылдың жігіттері көк бедеуді жетелеген күйі керкені борталқыдан асырып, ауылға қарай еңкейтіп келеді. Тартыспақ болған жігіттер Ошырдың тақымынан ала алмай, титығы қатып, дінкесі құриды. Бір кезде әлдекім серкенің ішін кездікпен жарып жіберді. Ішек-қарны түскен дәу серке сәл жеңілдеп қалды. Енді жүйрік аттармен алып қашуға әбден болады.

\* \* \*

Жаз ортасы ауып, шілденің аптап ыстығы басталған кезде біздің ауыл таудағы Көксекі жайлауына көшеді. Күн қайтып күз болғанша, сол салқын жайлауда отырады. Үлкен үй мен ауыр жүк Ойжайлауда қалады да, біз апам екеуміз ғана тауға келеміз. Бұл кезде үлкендер жағы шөп шабуға дайындалады. Тауға жұрттың бәрі ошарыла көшпейді. Жылқы малын отарлатып, ойдағы шөпшілерге қымыз дайындау мақсатында жеңілдетіп үш-төрт үйден біреуі ғана шығады.

Нұрмолдың үйі, Қалжандікі және біздің үй Көксекі жайлауында жылда бірге отырады. Үш үй бірге көшіп, селбесіп жүреді.

Түннен тұрып жылқы жиған үлкендер таң сәріде біздің алдымызға табынды салып береді де, өздері жүк артуға кіріскен. Құйрық-жалы жер сызған кексе биелер салқын жайлауға бет алғанын сезгендей тоқтаусыз жүріп келеді. Күн қызбай тау сағасына да жеттік. Тянь-Шань тауының теріскей бетін ну қарағай

көмкерген. Одан әрі де жасыл алқап, көк жайлау. Табиғаттың жаратылысына танданбасқа шараң жоқ. Бәрін де адам үшін арнайы жасап қойған секілді. Қарағайдың ішінде жалғызаяқ шуама жол бар. Сол жолдан шашау шықпай, жылқылар өрге қарай тырмысып келеді. Біз орман ішін аралап ұзақ жүрдік. Әлден уақытта барып ашыққа шықтық. Ну орман, қалың қарағай төменде қалды. Қарсы алдымызда бұйрагтанған жасыл жоталар. Одан әріде қарлы шындар мінгескен мұзарт таулар. Жылдағы жұртқа келіп байыз тапқан жылқылар жайылмастан жусап тұр.

Мұнда келгенімізге де біраз уақыт болды. Біздің міндетіміз таң сәріден барып жылқы жинаймыз да, сауын билердің құлынын желіге байлап беру. Одан басқа жұмыс жоқ. Кей күндері тау шатқалдарын аралап, шыңырау құзға кетеміз. Құзар таудың қия бетіндегі зәулім тастардың арасына өскен қарақат жемісін теріп жейміз. Тау қарақаты піскенде қап-қара болып мөлдіреп тұрады. Таңдайыңа салсаң еріп кете береді. Күнұзын қарақат жеп, аузы-басымызбен жейдеміз қызыл-ала болып түске таман үйге қайтамыз. Тау қопарып келгендей келе салып өрешеге кіреміз. Менің қарным ашып келгенін білгендей апам жерошаққа қазан жаппа жауып жатыр еді. Жаңа піскен ыстық наннан бір үзіп алып, арасын ашып жіберіп, кесек сары майды салып жесең қандай рахат! Езуіңнен майың ағып, бармағыңды жалайсың. Бала кезде жеген сол бір нанның тәтті дәмі әлі күнге дейін таңдайымда тұрғандай сезіледі маған.

«Адамның аласы ішінде, мал аласы сыртында» дегендей, әр пенденің мінез-құлқы болмысына қарай қалыптасатын секілді. Сол тау жайлаған үшеуміздің мінезіміз үш түрлі еді. Нұрмолда өте ақ көңіл, ашық еді. Менің де жүрегім жұмсақ, өзім дегенге өзегімді жарып беруге әзір тұратынмын. Ал Қалжан өзгеше еді. Мінезі тұйық, көп үндемейді. Ашылып сөйлемеді. Әр қимылын есепке құрып, санасып жүреді. Бала емеспіз бе, кейде ұйықтап қалып, жылқы жинауға кеш барамыз. Таңғы ұйқы қандай тәтті. Апам қанша оятса да, тұрмай жатып алатын кездерім болды. Сондай кезде менен бұрын жылқыға барған Қалжан араласып жатқан жылқының ішінен теріп-теріп өзінің ғана жылқыларын айдап келеді де, біздің малды өрісіне қалдырып кетеді. Нұрмолда екеуміз сонынан барып бәрібір тауып келміз. Ал жылқыға біз барған күні үш үйдің жылқысын түгел жинап, айдап келеміз.

Қалжан құсап бөліп тастауға дәтіміз шыдамайды. Кей күндері Қалжанға:

– Сенің мұның қалай, біздің жылқыны неге бөліп тастайсың? – десек:

– Өздерің айдап алындар, немене, мен саған малаймын ба? – дейді қомпылдап.

Адамдардың мінезі сәйкес келгенде арасында өзгеше бір татулық сезім орнайтын болса керек. Біз Нұрмолда екеуміз ойымыздағыны айтпай түсінетін едік. Сондай тату сырлас болатынбыз. Кіршіксіз таза жүрекпен шын дос болдық. Біздің бір-бірімізге деген дос ниетті адал көңіліміздің татулығы сонша, «үлкейгенде екеуміз бір әйел аламыз» – деп армандайтын едік.

Бір күні Қалжан жылқысын түске дейін таба алмай, зар илеп жүрді. Жота-жотаға шығып, сай-саланы түгел сүзіп шықты. Жылқы жоқ, үшті-күйлі жоғалып кеткен. Сөйтсе ол былай болыпты. Қалжанның қыңыр мінезіне жыны келген Нұрмолда бір күні әдейі ерте тұрып жылқыға барады да, Қалжанның жылқысын айдап қалың қарағайдың ішіне кіргізіп жібереді. Осы мінезінен талай таяқ жесе де, оңға басқан Қалжанды көрмедік. Сол қараниет, қаскөй күйінде әлі келе жатыр. Бүкірді көр түзейді деген әсте рас. Балалық кезде сүтпен дарыған мінез, сүйекпен кететін көрінеді.

Шөп шабыс басталғалы бері мен күнара ойдағы елге қымыз тасимын. Дәу сары местерге құйылған екі шанаш қымызды ердің екі жағына тендеп салақтатып келе жатамын. Аттың жүрісімен шайқалып, одан сайын күшіне кірген қымыз месті жарып жіберердей болып, тырсиып кеуіп кетеді. Қамшының сабымен месті ұрсаң дүңк-дүңк еткен дыбыс шығады. Мұндайда местің аузына тыққан тобылғы істікті суырып алып желін шығарасың да, қайта тығып қоясың. Қарағайдың ішінде жалғыз келе жатқан мені үрей билейді. Мынау ну жыныстың ішінен әлдеқандай жыртқыш аң шыға келіп бас салатындай көрінеді. Орманға кіргеннен бастап жан-жағыма жалтақтап қараумен боламын. Бір күні мынандай бір қызық оқиға болғаны бар. Еш алаңсыз келе жатқанмын. Кенет дәл қасымнан тасырлаған дыбыс естілді. Бейне біреу қалың жылқыны дүркілдетіп қуып келе жатқандай сияқты. Жалт қарасам маған жақын келіп қалыпты. Мүйіздер самаладай, танаулары делдиіп кеткен оншақты бұғы мені басып, таптап кетердей дәл қасыма келді де, періп ұрып кері бұрылып кетті. Шолақ құйрығы кодырайып, әппақ таңы жарқырап ыршығанда сонадай жерге бірақ түседі. Басындағы мүйізі бір бұтаққа тимей, лезде көзден ғайып болды.

Өмірімде тірі бұғыны алғаш көруім осы еді. Әлденеден үркіп келсе керек.

Орман ішінде мүк басқан қарағайдың шайыр иісі аңқып тұрады. Қалың қарағайға кіргеннен бастап неше түрлі алуан құстардың дауысы естіледі. Сары шымшықтар шықылықтап, бұтақтан-бұтаққа секіреді. Тоқылдақтар тұс-тұстан тұмсығымен қарағайдың діңін тоқылдатып тесіп жатады. Алыс бір қиырдан байғұстың сұңқылдаған үні естіледі. Осындай бір ұзақ сонар құстар симфониясын тындай жүріп қарағайдан шығамын. Құзар таудың басынан қиялай жүріп етекке түскенде лап еткен ыстық леп бетінді шалады. Табаға май шыжғырып жатқандай, мың сан шегірткенің дамылсыз шырылдағаны құлақ тұндырады. Астындағы мініп келе жатқан ат та ыстыққа шыдай алмай, шыбындап басын шұлғи береді.

Мен шөпшілерге жеткенде күн түске тырмысып қалады. Менің келуім бұлар үшін үлкен мереке іспепті. Дереу қымызды түсіріп, ыдыстарға құя бастайды. Шайқалып келген бал қымыздан бірер сапты аяғын тастап жіберіп «уһ» – деп жантайып жата кетеді. Қалған қымыздарды жан торсықтарға құйып, шөп күркенің ірге жағына тыққыштап жатады.

Күн еңкейіп, бесін ауған кезде мен қайтадан тауға беттеймін. Кеш кірмей қарағайдың ішінен шығып кетуім керек. Ойдағы елдің амандығын естіп, апам да қуанып қалады. Менің ендігі кәсібім осы. Күнара қымыз тасимын. Бара-бара етім үйреніп қалды. Орман іші де өз үйімдей болып кетті. Ештеңеден сезіктенбеймін. Кейде тіпті кетіп бара жатып қарағайдан сағыз аламын. Қайсыбір қарағайдың қабығынан сағыз ағып, шор болып байланып тұрады. Оны көргенде тегін олжа тапқандай қатты қуанатынымын.

Тамыз айының соңына таман таудан түсіп, күздеуге келіп отырмыз. Қыркүйек айынан бастап мектепке барамыз. Маһаладағы бес сыныптық мектепке бұл кезде атпен қатынап оқимыз.

Балалық шақтың осы бір бал дәуренін қазір мен есіме жиі аламын. Сол бір қайта оралмас қимас күндерді ойлаған сайын жүрегім сыздап, көкейімді сағыныш кернейді. Өне бойымды ләззатты мүк торлап, көзіме сағыныш жасы тіреліп, мөлт етіп тамып кете жаздайды. Шіркін, жастық шақ-ай десейші!!!

20.12.2009. – 05.02.2010 жж.

## АНА МАХАББАТЫ

(деректі әңгіме)

Менің анам – Алуа құдай қосқан қосағы Абдрахманнан ерте айырылды. Тағдырдың жазғанына шара бар ма? Қырық жасында жесір қалды. Ол кезде мен небәрі жеті жаста едім. Байы өліп, бағы жанбаған ол ендігі жерде тек менің тілеуімді тілеп, мен үшін өмір сүруге бел байлады. Жесір қалған жас келіншектен көп адамдардың дәмелі болғаны да рас еді. Қалпағын шекесіне киіп, шікірейіп келген қайсыбіреулерге пысқырып та қарамайтын.

Әлі есімде, әкемнің жылы өткен соң бір күні түс әлетінде біздің үйге ауылдың төрт-бес қариясы сау ете қалды. Мекежан, Досжан, Әметқан, Ақан бастатқан елге сыйлы жұрт кісілері. Іштерінде басына сәлде ораған Имаш молда бар. Төр алдына жайғасып отырып қымыз ішіп, шөл қандырған соң бірден олар келген шаруасына көшті.

– Алуа, сен тыңда! Балаң екеуіңе айтатын келелі әңгімеміз бар, – деп бастады сөзін Мекежан қария, – өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі адам тіршілігін жасайды. Күйеуіңнің бақилық болғанына міне жылдан асты. Бұрынғы-соңғының жолы, аға өлсе, іні мұра деген бар. Мына Толымбек қайныңа әмеңгерлік жолмен некелесек деп келіп отырмыз.

– Иә, қарағым, сенің жалғыз отырғаның біздің арқамызға аяздай батып жүр. Қартайып тұрған жоқсың. Уыздай жас келіншексің. Алда ұзақ өмірің бар. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан, қане, не дейсің? – деді Әметқан. Барлығы жауап күткендей Алуаның аузына қарап қалыпты.

– Менің желегім желбіреп тұрғаны шамалы. Жасым болса келіп қалды. Қазір мен бай емес, баламды ойлаймын. Осы шырағымды жеткізсем, менде арман болмас еді, – деп апам ауыр күрсініп алып, сөзін ары қарай сабақтады, – бұл істің шешімін мына балам айтсын. Осы не десе, мен сол боламын, – деді. Төрте отырғандар жауап күткендей маған назар аударды. Мен жұлып алғандай: – Жоқ, апам ешкімге тимейді, ешкімге де бермеймін, – деп бұртиып отырып қалдым. Неге олай дегенімді өзім де білмеймін. Әйтеуір бір күш итермелеп, қарсылық білдіріп жатырмын.

– Ол әлі жас қой, ненің парқын біледі дейсің, – деп желеді қайсыбіреуі.

– Жоқ, мені қинамаңыздар. Баламның айтқаны болады, – деді апам да кесіп. Отырғандар бір сәт үнсіз қалды. Бізден мұндай



жауап болады деп күтпегендері көздерінен көрініп тұр. Бұрын ақылдасып алғандай аяқ астынан мұндай шешім қабылдағаныма өзім де қайранмын. Үнсіздікті Имаш молда бұзды.

– Шариғатта некесіз әйелдің қолынан ішкен ас мәкіру болады деген сөз бар. Олай болса сені саусағыңдағы анау күміс сақинаға некелейміз. Әкел, шеш сақинаңды! – деді. Апам сақинасын шығарып, молданың алдына қойды.

– Бір кесе су келтір, – деп әмір етті ол. Мен кірпік қақпай молданың қимылына қарап отырмын. Молдекең кеседегі суға сақинаны салды да күбірлеп әлдебір дұғаны оқи бастады. Еріндері жыбырлап шыныға төне түсіп сфу-у деп үш рет қайталады да, судағы сақинаны алып, анамның саусағына кигізді. Суды апама ішкізді. Сөйтті де келген шаруасын тындырғандай болып, бәрі де аттанып кетті. Олар кеткен соң анам мені құшағына алып айма-лап бетімнен, маңдайымнан сүйіп тұрып: – Сен ержетіп, азамат болсаң болғаны. Маған басқаның күн мен айы не керек. Алла осы жалғызымды аман қылғай! – деп күбірлеп бетін сипады. Ол өзіне-өзі серт қылғандай буырқанып іштей түйіліп отырып қалды. Мен анамның көңіл күйін ұққандай, қолтығына тығыла түстім.

– Менің табаныма қадалған шегір маңдайыма қадалсын деп тілейтін анам мені аялап, әлпештеп бақты. Басымнан құс ұшырмай бір шаңырақтың өздегі етіп өсірді. Ауылдық жердегі бес сыныптық мектепті түгескен соң, жүз шақырым шалғайдағы Мұңғұлкүре деген қалаға барып оқуға тура келді. Сырттан келген балаларды ол жерде жатақханаға орналастырып, үш мезгіл тамақ беріп оқытатын көрінеді. Бірақ апам бұл шартқа келіспеді.

– Жәутендетіп кісі қолына қаратпаймын. Қаңырығы түтеп, аш жүргенін көргім келмейді. Өзім көшіп барып қолымнан оқытамын, қасында боламын, – деп отырып алды. Ақыры апамның айтқаны орындалды. Оқу басталарда қалаға көшіп келіп, Мәмет деген ұйғырдың ауыз тамын жалға алып, апам екеуміз сонда тұрып жаттық. Мұңғұлкүре өз әлінше үлкен қала-тұғын. Бұрын-сонды қала көрмеген қыр баласына шаһар тірлігі қызық көрінетін. Орталық көшедегі дүкендер, ұстахана, ашпұзылдар таңның атысынан күннің батысына дейін қайнап жататын. Күндік жерден мұрын жаратын ұйғыр самсасы мен мантисының иісі аңқып тұрар еді. Қасынан өтіп бара жатқан адамды еріксіз өзіне тартып, аузыңнан сілекейінді ағызады. Аппақ қардай қойдың етін көрнекіге іліп қойып: – Яғ яйса, яғ яйса! – деп ұйғыр аспаздары айқайлап көшені басына көтеретін. Өз үйім өлең төсегімде жа-

тып еш қиындықсыз осы қалада оқуымды жалғастырдым. Ескен желдей, шапқан аттай зымырап екі жыл өте шықты. Ол кезде толықсыз орта мектеп дейтіндер жеті жылмен шектелетін. Жетінші сыныпты бітірушілерге арналған салтанатты атаманыз. Дәл бір академияны бітіргендей-ақ жер-жерден ата-аналар ағылып келіп жатты. Олар жәй келмеген қоржын-қоржын бауырсақ пен құрт майын, мес-мес қымыздарын теңдеп алып, артынып-тартынып келген. Мектептің үлкен залында мерекелік дастарқан жайылып, құттықтаулар мен жүрежарды жылы лебіздер айтылып жатты. Мектеп мүдірі бітірушілерге куәлік табыс етіп, сәт сапар тіледі.

Салтанатты кеш соңында Үрімжі мен Құлжа қаласындағы жоғары оқу орындарынан келген уәкілдер “оқимыз” деген қыз-жігіттерді тізімге ала бастады. Менің тәлейіме Үрімжідегі ауылшаруашылық техникумы бұйырды. Бір жарым айдан соң осы жерге жиналатын болып келістік. Мектептегі болған жайды апама айтып келдім. Оқуды ойдағыдай бітіргеніме қуанғанымен, Үрімжіге барып оқимын дегенімді онша құптай қойған жоқ.

– Елдің балалары осы мектепті бітіріп-ақ дырдай үкімет болып, ел тізгінін ұстап жүр ғой. Атаң-анаң көрмеген сонау алыс шәріге барып қайтесің. Көз алдымда-ақ жүрсейші, – деп қиылды.

– Қатарымнан қаламын ба, оқимын апа! – деп отырып алдым. Ол кісі амалсыздан келіскендей ыңғай танытты. Сол күннің ертеңінде апам екеуміз арбакештермен келісіп, ауылға көшіп келдік.

Жаз ортасы болып қалған кез. Қыстаудағы ел түгелі мен қотарылып Ойжайлауға келіп қоныстаныпты. Ақшаңқан киіз үйлерді тігіп тастап, көкмайсаның үсті жырғап отыр екен. Бардам үйлердің іргесінде асау құлындар бұлқынып желіде байлаулы тұр. Сары қарын мама биелер емізіктеп бие баудың басында ұйлығысады. Ішкен мас, жеген тоқ болып, бір жасап қалатын қазекемнің осы бір көк жайлаудағы өмірі ештеңемен теңестіруге келмес еді. Ұлан жазға той-думан, қыз ұзату, келін түсіру, бәйге, көкпар дейсіз бе, әйтеуір күн құрғатпай ойын-тамаша болып жатар еді. Қызықты күндердің зуылдап тез өтетіні бар. Бір жарым ай дегенің лезде-ақ өте шықты. Уағдалы күні мен жол жүруге дайындала бастадым. Киім-кешегімді реттей бастағанда-ақ апам қиылып: «Мені тастап шынымен-ақ кетесің бе?!» – дейді кемсеңдеп.

– Апа, тегі қызықсың. Далада қалып бара жатқан жоқпын ғой. Үш жыл деген не, әлі-ақ өте шығады. Жұрт қатарлы оқып, білім алайын да деймін өзімше уәж айтып.

Жол жүретін екі ат дайын болды. Мені Мұңғұлкүреге дейін ұзатып салуға Анарбек ағайым бармақшы екен. Ол кісі де тықыршып, тағатсызданып тұр.

— Ал апа, мен келгенше аман бол! — деп мойнына асылып, бетінен сүйдім. Апам да мені кең құшағына алып, маңдайымнан иіскеп, көзімнен аймалай сүйді.

— Біз көрмеген жат жерге кетіп барасың. Қайда жүрсең аман бол шырағым! Жаның құдайға аманат, — деп көзіне жас алды.

— О, несі, жаман ырымды шығарып, қайта қуанбайсың ба, балаң үлкен қалаға оқуға кетіп бара жатқанына, — деп үлкендер жағы оған басу айтып жатты. Ауылдан ұзағанша арт жағыма жалтақтап қараумен болдым. Апам ақбоз үйдің алдында қалшыып әлі тұр. Осы сәт менің кеудемді бір жалын шарпығандай лап ете қалды. Көңілім құлазып, көзіме жас моншағы тірелді. Өскен орта, ыстық ұя, аяулы анам мен туыстарымнан алыстап ұзақ сапарға кетіп бара жатқаныма енді ғана көзім жеткендей. Алда мені не күтіп тұрғаны да белгісіз. Бұлдыр елес. Әйтеуір бір үміт жетегіне ілесіп, арман қуып бара жатқаным анық. Жұдырықтай жүрегім бұлқынып кеткендей болды. Бір өзге қимас сезім қытықтап, жанымды жасыта береді.

Уағдалы жерге балалар тегіс жиналып жатыр екен. Мен де келіп, олардың тобына қосылдым. Бұл күні еру болып, ертесі таң азанда жолға шықтық. Ол кезде бұл өлкеге автобус деген әлі келе қоймаған. Ағаш шанақты жүк машинасының үстіне жүктерімізді қатарлап тізіп, соның үстіне жайғасып отырдық. Жүргізуші ұйғыр жігіт екен. Жол қозғалысының тәртібін тәптіштеп түсіндіріп жатыр. Сәлден соң машина гүрілін күшейтіп барып орнынан жылжып кетті. Барған сайын жылдамдығы артып, шандақ жолмен зулап келеді. Сол қанаттағы сары тауды бөктерлеп шығысқа қарай созылған күре жолмен ұзақ жүріп, түс әлетінде Қызылкүре деген қалаға жеттік. Түскі асты сол арадан ішіп, шамалы бой жазған соң тағы да жолға шықтық. Сарбуршынның асуы дейтін биік таудың құз-шатқалдарын сағалап иыр-қиыр тау жоталарынан асып келеміз. Сарытауды белінен басып өтіп, апайтөс кең жазыққа түстік. Шамалы жүрістен соң Іле дариясына келіп тірелдік. Құлақ естігенді көз көреді деген осы. Алдымызда асау толқындар дөңбекшіп буырқанып жатқан шалқар өзен айнадай жалтырайды. Бұл шеті мен ол шеті эзер көрінеді. Мұндай үлкен дарияны бұрын-соңды көріп тұрғанмыз осы. Судың беті толқындана дөңбекшіп ағады екен. Тылсым күш жылымына тартып әкетердей дарияның сұрқы

сұсты көрінеді. Білектей темір арқанға таңылған жылжымалы шынжыр арқылы су бетінде үлкен шарбақ бізге қарай қалқып келеді. Жолаушылардың өзеннен өткізіп тасымалдайтын “сал” деген аспалы көпір осы екен. Қолдарындағы ескектің сабын керіле тартып әлекендей жаланған екі ұйғыр жігіті салды өзеннің ернеуіне тақады. Алдымен машинаны өткізбек болды. Су үстінде қалқып тұрған тұғырға машина баяу жылжып барып тоқтады. Үлкен шарбақ машинаның салмағын әзер көтеріп тұрған секілді. Қалт-қалт етіп су түбіне шөгіп кете жаздайды. Екінші кезекте жолаушылар түсті шарбаққа.

– Суға қараушы болмандар! – деп ескертті бір ересек адам. Айтқаны рас екен. Дарияға қарасаң басың айналып, жүрегің лоблиды. Мұндайда алысқа, сонау жағадағы тал-теректерге қараған жөн көрінеді. Е дегенше өзеннің арғы жиегіне де жеттік. Табанымыз жерге тигенде әлгіндегі бір бойымызды билеген қорқыныштың үрейлі сәтінен арылып, “уһ” деп терең тыныс тарттық. Сол күні екінді әлетінде Құлжа қаласына келіп өттік. Ертеңінде сапарымыз тағы жалғасты. Сүйдінкүре, Шику, Жың қалаларының біріне түнеп, біріне түстеніп үш күнде Үрімжі шаһарына келіп жеттік. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей қаланың дөкейін енді көрдік. Біз көріп жүрген қалалар мұның қасында түк емес екен. Лянсән тауының етегіне орналасқан алып қала ерекше көркімен көз тартады. Қалаға кіргенде-ақ әр қиырдан ұйғырдың жеті мұхамымен сызылта салған халық нақшаларының әсем әуені құлаққа келеді. Дутар мен тамбурдың сым ішектерінен төгілген сиқырлы саз талмаусырап, жүрегінді қытықтайды. Біз бейне бір екінші әлемге аяқ басқандай әсерде болдық. Көшесінде ерсілік-қарсылы ағылған адам теңізінен аяқ алып жүргісіз. Біздің оқу жайымыз қаланың ең шетінде Аргун деген жерде екен. Бұл оқу орны ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын болғандықтан, мал дәрігерлік, диқаншылық, су шаруашылығы және ауа райын зерттейтін метеорологиялық бөлімдері бар көрінеді. Сонау Қашқардан, Қотаннан, Шәуешектен, Құлжа қалаларынан келген балаларды осы бөлімдерге бөліп жатты. Мен метеорологиялық факультетіне тап болдым. Оқу мерзімі үш жыл. Бітірген соң ауа райын зерттау орталығында кәсіби маман болып қызмет атқарасың.

Ертесі күні-ақ сабақ басталып кетті. Дәріс оқитын мұғалімдердің барлығы кілең ұйғырлар. Іштерінде бір қазағы болсашы. Алғашқы кезде ұйғырдың тілін түсіне алмай қатты қиналды. Бір топтағы қырық баланың ішінде небары бес-алты қазақ баласы. «Басқа

түссе, баспақшыл» демекші бара-бара ұйғырша сайрайтын болдық. Ұйғырдың тілін үйренбеске амалың жоқ. Өйткені ұйғыр балаларымен бір бөлмеде бірге тұрасың. Көшеге шықсаң қазақ емес, ұйғырларды көресің. Адам баласы ортаға тез бейімделеді екен. Бір жылдың ішінде біз өзіміздің қазақ екенімізді ұмыта жаздағандаймыз. Не керек, үш жыл да үш күнгідей болмай өте шықты. Оқу жылы аяқталып қалған кезде бізді өзгеше бір жаңалық елең еткізді. Ауылшаруашылық техникумының бес бөлімінен тандап, ең жақсы оқитын озат студенттерден 40 баланы Бейжіннің Орталық Ұлттар институтына қабылдайды екен деген хабар дүңк ете түсті. «Ойпыр-ай, кімдердің бағы жанып, жұлдызы жарқырап тұр екен?» – деп ойладық. Бір елдің астанасы Бейжін-сынды тарихи қалада оқып білім алу кім-кімге де қол жетпес арман ғой. Іріктеу комиссиясы қорытындысы ертең деген күні тіпті елегізіп жүрдік. Адамды сезім алдамайды деген әсте рас болса керек. Менің бойымда ала бөтен бір өзгеше бұлқыныс болып жүрді. Айтқандай-ақ, қырық баланың тізімі ілінген тақтадан өз атымды көргенде өз көзіме өзім сенбей қайта-қайта қарағаным бар. “Шынымен-ақ, мен Бейжінге баратын болғаным ба?” – деймін іштей күмілжіп. Сол күннен бастап бізге бір ай мерзімге демалыс берді. Ауылға барып келуге жетерлік жол-пұл да қолымызға тиді. Үш жыл бойы көріспеген ел-жұртты көріп, анаммен қауышатын болғанымға қуанып жолға жиналдым. Баяғы көрген жолмен елге келе жатырмын. Менің Үрімжіден келе жатқан хабарымды естіп күндік жерге ат жіберіп, алдымнан туыстарым күтіп алды. Анарбек ағам аңқалақтап келіп, құшағына алып, бетімнен шөпілдетіп сүйіп жатыр.

– Ой, өзің жігіт болып қалыпсың-ей! – дейді қуанғанынан аузына жөнді сөз түспей. Ауылдың амандығын, апамның хал-жағдайын сұрап, шүйіркелесіп жатырмыз. Ол күні екеуміз керуен сарайына түнеп шықтық. Мұнғұлкүреден таң азанда атқа мінген біз суыт жүріспен желі аяндап отырып бесін әлетінде ауылға жақындадық. Біздің ауыл қыстаудан Ойжайлауға көшіп келіп қоныстанған екен. Ақсу мен Қарасу өзендерінің жағасы шыжаңдай ел. Шоқшоқ болып тігілген ақ шаңқан киіз үйлер. Әр үйдің іргесінде тартылған желіде асау құлындар бұлқынады. Бие баудың басында ұйлығысқан мама биелер шыбындап тұр. Біздің екі үй сонадайдан көзіме оттай басылды. Жылдағы жұртында екен. Есіктің алды қобыраған адам шоғыры. Екпіндеп келе жатқан екі аттыны көріп-ақ тұр. Бұдан әріге апам шыдамады білем, топ ішінен суы-

рылып алға шықты. Кимешегінің құйрығы шұбатылып бізге қарай ұмтылды. Жақындай бере мен де аттан домалап түсіп, апама қарай құстай ұштым. Адам қуаныштан да жылайды екен. Екі көзімнен жас сорғалап келіп апамды бас салдым. Ол да мені құшағына алып кемсендеп: – Құлыншағым менің! Күнкөргішім менің! – деп өліп-өшіп сүйіп жатыр.

– Ой, Алуа! Бала сенікі болса да босатсайшы құшағыңнан, біз де сүйіп мауқымызды басайық! – дейді кіші әкеміз Толымбек. Осылайша сағынысып көріскен туыстармен мәре-сәре болып, ыстық құшақтары айқасып, бір жасап қалдық. Үш жылдан бері көріспеген ел-жұрттың ыстық ықыласына бөленіп, марқайып тұрмын. Амандаса келген қоңсы-қоландар саябырлап, үй оңашаланған соң әңгімеміз оқу жайына ауысты. Үш жылдан бері қандай оқу оқып, нендей мамандық алғанымды тәптіштеп айтып жатырмын. Апамның қуанышында шек жоқ. Мен сөйлеген сайын жаны кіріп, кеуделеніп отыр.

– Құдайдың мұнысына шүкір! – деп кеседегі қызыл шайын сораптап ұрттап қояды. Бейжінге баратынымды естігенде апам табанымен шоқ басып алғандай ыршып кетті.

– Не дейді, көтек, Бейжіні несі!?! – дейді аңтарылып. Мен мән-жайды тегіс баяндап жатырмын. Топтан озған жүйріктей елу баланың ішінен іріктеліп алға шыққанымды биік мәртебе санайтын шығар деп ойладым. Байқаймын, үлкендердің де қабағы түсіп кеткен, тұнжырап отыр. Бағанадан бері мені үнсіз тындап отырған кіші әкеміз – Толымбек жөткірініп қойып, баяу үнмен сөйлеп кетті.

– Шырағым, Бейжін дегенің жердің түбі, күннің шығатын жері деп естиміз. Одан әрі жер жоқ, көк мұхит дейді ғой білгіштер. Қаптаған қара қытайдың ортасына қалай барасың? Осы оқуың да жетпей ме? – деді.

– Қой, балам, Бейжін дегенінді атама. Мен сені енді ешқайда жібермеймін. Үш жылдан бері сарғайып, жолыңа қарап отырғаным да жетеді. Енді кетсең, мені өлтіріп кет. Тірі тұрып сенен айырылмаймын, – деп апам гөй-гөйге басты. Мына қалпында бұлар мені үйден шығарғысы жоқ. Түп етегімнен алып, шеңбектеп ұстайтын түрі бар. Үйдегілердің аужайын түйген соң мен де ойлана бастадым. Апамды жылатып, үлкендерді жерге қаратып кеткенде не мұратқа жетемін деген де ой оралды басыма. Бірақ ішкі бір күш алға жетелейтін секілді. “Ешкімнің қолы жете бермейтін мынадай тамаша мүмкіндікті қолдан бересің бе. Үш жыл деген әлі-ақ өте

шығады. Тәуекелге бел байлап бар” деп тұрғандай. Екі оттың ортасында қалғандай күй кешудемін. Ой таразысына салып көрсем, Бейжін жағы баса беретін сияқты. Ақыры іштей шешімге келдім. Үлкендерді иландыра туру үшін бір сылтау айтуға тура келді.

«Мақұл, бармай-аққояйын. Бірақ Үрімжіге барып құжаттарымды, қалдырып кеткен басы артық заттарымды алып келейін, – дедім.

– Е, сөйіт шырағым, – деп үйдегілердің бәрі де қуанып қалды.

Ауылды әбден сағынып қалыппын. Бірге өскен құрбы-құрдастармен қауышып бір жасап қалғандаймын. «Ел іші алтын бесік» деген ғой. Атқа мініп күнде той, күнде тамашамен жүріп бір айдың қалай өте шыққанын да байқамай қалыппын. Межелі күн жеткенде Үрімжіге қарай жол тарттым. Осы сапар жалғасып, қыркүйек айының орта шенінде Бейжінге жетіп бір-ақ тоқтадық. Ұлттар институты деген қаланың батыс солтүстік шетінде екен. Аумағы ат шаптырым жерді алып жатыр. Мұнда барлық ұлттардың тілінде оқытатын жиырма шақты бөлім бар: орыс тілінен бастап жапон, корей, тибет, мұңғыл, ұйғыр, қазақ тілдерін оқытатын факультеттер өз алдына бір-бір институт дерсің.

Көк тіреген зәулім ғимараттар қала көркін аспандатып тұр. Мұнда келген соң үйге келістіріп хат жаздым. «Тізімге ілінген балаларды қалдырмай алып кетті. Менің еркіме қоймады. Үкіметтің жарлығына қарсы шығуға болмайды екен» деп сылтауратып жатырмын. Хат кетті, оқу басталды. Күніне алты сағат қытай тілін үйренеміз. Жазуына жаттығамыз. Біз үшін мұсылман асханасы жұмыс істейді. Дүңген аспаздары тамақ пісіреді. Олар қытай асханасымен аяқ-табағын араластырмайды, дінге берік, тахуа адамдар ас әзірлейді. Тамақ тоқ, киім көк дегендей еш алаңсыз оқуға кірістік. Үш жылдың ішінде біз он мың сөз үйреніп, он мың иероглифтен емтихан тапсырдық. Қытай тіліне төселгеніміз сонша “Жен Мин” Жы-Бау” дейтін орталықтан шығатын газеттің саяси мақалаларын ұйғыр тіліне тәржімалай беретін болдық. Ауызекі сөзге тіпті түсіп аттанамыз. Қырық баланың ішінен мен оқуды үздік бағамен бітіріп, қызыл диплом алдым. Бұл менің өмірімдегі ең үлкен жетістік еді. Оқуды аяқтауымды күтіп отырғандай дәл сол кезде үйден хат алдым. Хатта ауылдың амандығымен қоса, мынадай сөз жазылып, жергілікті үкіметтің қызыл таңбасы басылыпты. «Мұхамеджан үй ішімен совет азаматы болғандықтан Отанына қайтатын болды, оқудан босатуыңызды өтінеміз!» делінген анықтамада. Әлгі хатты факультет бастықтары оқып шығып сөзге келмей менің құжаттарымды қолыма берді. Жол қаражатымды

есептеп, әжептәуір ақша да салып берді қалтама. Сол күннің ертесі Бейжін вокзалынан поезға отырып, Үрімжіге қарай жол тарттым. Он неше күн жол жүріп, Үрімжі, Құлжа қалаларын басып өтіп, Мұңғұлкүреге келдім. Тамыз айының аяқ шені болатын. Мейманханаға жайғасып алып, ауылға телефон соқтым. Анарбек деген ағайым коммунааның бастығы екенін естігенмін. Ол кісі кеңсесінде екен. Менің даусымды естіп қуанып кетті.

— Аман-есен келдің бе, шырағым! Қазір барып апанды қуантып, сүйінші сұраймын, ат жіберемін, — дейді қалбалақтап. Айтқанындай-ақ, ертесі таң сәріде керуен сарайының алдында екі сәйгүлік қаңтарулы тұр. Ат әкелген немере інім Сағындық екен. Екеуміз құшақтасып көрісіп жатырмыз. Ашпұзылдан ұйғырдың майы сорғалаған манысына тойып алып, ауыл қайдасың деп тартып кеттік. Сол баяғы таныс мекен. Жүрген жер көзге оттай басылады. Адам жерді де сағынады екен. Жол бойындағы көк майсаға жата кетіп аунағың келеді. Шіркін, «туған жер алтын бесік» деген рас екен-ау дейсің іші-бауырың езіліп.

Көктебе, Кесікті басып өтіп, Текес дариясына келіп жеттік. Ағыны қатты, ат құлағы көрінбейтін осынау жойқын өзеннің үстіне салынған ағаш көпірдің құрлысына қарап еріксіз таңғаласың. Ағаш бөренелерді қиыстырып, отаулап салынған көпірдің құрылысы шынында ғажап еді. Дәулеті асқан Құрманжан деген бай саудагер ұйғыр салдырған осы көпір “Құрманжан көпірі” аталып дүйім жұртқа қызмет көрсетуде. Сандықтай қой тастарды бұйым құрлы көрмей домалатып әкететін асау толқындарға тосқауыл болып тұрған ағаш тіреулерді қалай орнатқанына қайран қаласың. Адам баласының ақыл-ой парасатының шексіз екеніне көзім жете түсті. Үстінен екі арба қатар жүріп өтетін алып көпірді ішкеріден келген екі қытайдың басшылығымен бір топ жігіт үш айда салып бітірген, дейді білетіндер. Текес дариясының енінің жалпақтығы жүз метрден аспаса кем емес. Ағыны қатты осындай алып дарияға ағаш бөренеден көпір орнату шынында адам саңасының ғажайып жемісі екені даусыз. Халық үшін қыруар малын шығындап, көпір салған сол асыл азаматты қытайлар 1951 жылы “бай шонжар” деп атып тастағанына не айтасың?..

Біз суыт жүріспен бір тынбастан ауылға кіші бесін кезінде келіп жеттік. Біздің үйлер сол баяғы жұртында екен. Шұрқырасып көрісіп жатырмыз. Апам сағынышын жаспен жуып, құшағынан босатар емес. Көпке дейін бауырына басып, екі бетімнен сүйгілей береді.



– Құлыным менің, жер түбіне кеткен сені енді көру жоқ шығар деп ойлаушы едім. Құдайдың мұнысына тәуба! – дейді көзінің жасын кимешегінің құйрығымен сүрткілеп. Атам қазақтың аяғы жетпеген жер шетінен, құмырсқадай қаптаған қара қытайдың қақ ортасынан келген мені көруге көрші-қоландар көп жиналды.

– Бейжін дегенің қандай қала екен қарағым. Үш жыл бойы не ішіп, не жедіндер? – дейді бір қария кісі. Шамасы қытайлар кілең бақа-шаян жейді екен деген сөз құлағына тисе керек. Мен оның сұрағына жан-жақты түсінік беріп жатырмын. Бейжінде дүнген асханасынан адал тамақ ішкенімізді, тіпті қаланың қақ ортасында дүнген мешіті мұсылмандар үшін азан шақырып намаз оқып, ораза тұтатынын айтқанымда “астапыралла” деп қайсыбіреулер жағасын ұстап жатты.

Мен көрмеген үш жылдың ішінде мұнда көп өзгерістер болыпты. Малдың бәрін пәйге сындырып үкімет қарамағына алған. “Коммуна” деп аталатын ұжымдық шаруашылықтар құрылып, әр ауыл бір-бір коммуна болған. Не керек, ата қазақтың қаймағы бұзылмаған бұрынғы даладай дарқан өміріне қылау түсе бастағаны білініп тұр. Ішкеріден келген қытай босқындары төбе көрсете бастаған. Ауданнан бастап ауыл-ауылдағы бірінші бастық қытайлардан тағайындалған. Оларға тілмаш болатын адамдар табылмай, қатты қиналып жүрген көрінеді. Мен келмей жатып “тәржімән” боласың ба?” деп қолқа салушылар көбейіп кетті. Үш-төрт күн аунап-қунап апамның қасында болдым. “Бейжінге кетіп барамын” деп жазған хатымды алғанда апам құлап қала жаздаған ғой. Жылай-жылай екі көзі басар болып, ауырып әлі күнге айыға алмай жүреді екен. Көзі қызарып, шел баса бастаған. Бұрынғыдай емес, өзі азып кеткен. Жүзі сынық, жүдеу. Көзінің нұры тайып, қартайып бара жатқан секілді. Мені ойлап, уайыммен жүдеп кеткені көзінен-ақ көрініп тұр. Екі күннен соң апамның көзін емдетпек болып алып жүрдім. Тянь-Шань тауының бөктерінде қытайлардың әскери бекетіндегі ауруханаға бардық. Дәрігердің бөлмесіне кіреберістегі керегеді дәу айна тұрған-ды. Өлгі айнадан апам өзін көріп: – Амансыз ба, құдағи, – деп амандасып жатыр. – Апа-ау, ол өзің ғой, – десем.

– Е, қайдан білейін, мен секілді бір кемпір келіп қалған екен десем, – дейді.

Ақ халатты қытай дәрігері бізді жылы жүзбен қарсы алды. Апамның көзін көрсетіп, ауруының мән-жәйын қытай тілінде сұдыратып айтып жатырмын. Менің қытайша таза сөйлеп тұрғанымға

риза болған дәрігер менімен ашық-жарқын әңгімеге көшті. Мен Бейжіннен оқып келгенімді баяндап бердім. Апам дәрігер екеуміздің аузымызға қарап аңырып қалыпты. Мен сөйлеген сайын иығын қомдап қойып, ұшатын құстай түрленіп мәз болып отыр. Дәрігер біршама дәрі-дәрмек беріп, емделудің жолын айтты. Қыр қазағының ішінде өзінің ана тілін білетін бірінші адамды кезіктіргеніне қошал болған ол бізді сыртқа дейін шығарып салды. Атқа мініп жатқанымызда: — Зәй жан ба (қош болыңыз), — деп қысық көзі күлімдеп мейірлене қарап тұрды.

Ауылға жеткен соң апамның әңгімесі менің қытай дәрігерімен сөйлескенім жайлы болды. Үйдегілерге жырдан қызық қылып айтып жатыр.

— Менің балам қытайша сөйлегенде қытай доғдыры басын изеп күліп отырды. Баламның қытай тіліне жүйрік болғаны сонша, қытайдың өзін жаңылдырды әуелі, — дейді шаттанып. Қымыз іше келген көлденең көк аттылардың өзіне мен туралы айтып, көпке дейін тауыса алмай жүрді.

Жаз ортасында келген мен көші-қонның қағазы шықпай екі-үш ай күтумен жүрдік. 1962 жылы қараша айының оны күні Райымбек ауданының Сүмбе шекарасынан өтіп, ата-жұртқа табанымыз тиді. Менің әке-шешемнің туып-өскен жері осы Сүмбе ауылы-тұғын. Апамның бауырларының бәрі сол ауылда тұрады екен. Әлібек, Нұрбек деген ағалары келіп көрісіп жатыр. Отыз жылдай уақыт көз жазып қалған қарындасымен қауышып мәресәре болып қалды. Өздері көрмеген жиендерін көріп тағыстық жасағаны бар. Әлібек атамның ауыз тамы бос екен. Үш үйлі жан соған келіп ошарылдық. «Тау мен тау кездеспейді, ел мен ел қосылады» деген осы екен. Сонау бір аласапыран жылдарда бір-бірінен көз жазып, ажырап қалған туыстар жылап көрісіп, Аллаға шүкіршілік етуде.

Сүмбеде екі ай тұрып, біздің туыстар түгелімен Алматы облысы, Жамбыл ауданының Ақсөңгір совхозына қоныс аударды. Бұл 1957 жылы тың игеру кезінде жаңадан құрылған шаруашылық екен. Тек адам күші жетіспейтін көрінеді. Біздің әулеттен жеті түтін осында келіп орналасты. Аудан бойынша алдыңғы шаруашылықтың бірі екен. В.Светохин деген орыс директордың басшылығымен совхоздың дүрілдеп тұрған кезі болса керек. Қыс көзі қырауда көшіп келсек те ештемеден тарықпадық. Дүмбірлеген жаңа үйлерге орналастырып жатыр. Қант-шай, ішпек-жемекті әкеліп төгіп тастады. Екі үйге бірден сойыс мал да берді. Бейне

бір иран баққа кіргендей молшылыққа кенеліп, жырғап қалдық. Екі-үш күн еру болған соң жұмысқа жегілдік. Мен Сағындық інім екеуміз Володя деген орыстың тракторына отырып, Қопаның жазығындағы егіс даласынан жаз күндері маялап қойған сабаннан күніне бір маяға жуығын тиеп, қыстаудағы сиыр қораларына әкеліп төгеміз. Таң ертең кетеміз, кеш келеміз. Біз орысша білмейміз. Тракторшы орыс қазақша білмейді. Мылқау адам сияқты әйтеуір нұқы-нұқы деп бір-бірімізді ымман түсініппіз. Осылайша өмір өтіп жатты. Бейжіндегі ұлттар институтының студенті болып келген мен айыр көтеріп қара жұмыс істегеніме қорланып қапа болып жүрдім. Қытай тіліне тілмаштық жұмыс болар ма екен деп Мәскеуге хат жаздырып көріп едім, одан да ештеңе шықпады. Қытай мен Совет Одағының дипломатиялық қатынасы тоқтаған. «Қытай тілі маманы қажет емес» деген жауап алдым. Осылайша тауым шағылып, ерім мойныма кетіп жүдеп жүрген шағымда тағы бір жаңалық естідім. Жоғары оқу орнын бітірген дипломы бар адам екінші бір оқуға емтихансыз қабылданады деген заңның бар екені құлағыма тиді. Өшіп бара жатқан үміт ұшқыны қайта маздап, жанатындай көрінді маған. Қыс бойы тракторға тіркеуші болып жұмыс істеген мен көктем шыға оқудың жайын білуге ниеттендім.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде түс көріппін. Сүйген құлына Алла тағала аян береді деген сөз әсте рас болса керек. Түсімде жал құйрығы төгілген ақбоз атқа мініп жүр екенмін деймін. Ертеңгі аста түсімді айта түрегелдім. Түсімді апам жорыды.

— Құдай бұйыртса, бағың ашылады екен балам. Дегеніңе жетіп, оқуға түседі екенсің. Түсінде ақбоз ат мініп жүрсең, мәртебең биік болып, мерейің үстем болады екен, деп .... әлемдегі бар жақсылықты менің басыма үйіп-төгіп жатыр.

— Әмин, айтқаныңыз келсін! — деймін.

Көп өтпей, Алматыға жол тарттым. Мен естіген әңгімелер рас болып шықты. Дипломы бар адам сол мамандық бойынша екінші бір институтқа түсіп оқуға болады екен. Ол үшін дипломды қытайшадан орысшаға тәржімалау керек болды. Сыртқы істер министрлігінде аудармашы болып істейтін Тұрсын Дарияев деген ұйғыр бар дегенді естіп, оны да іздеп таптым. Бекер обалы қане, ол дипломымды тез-ақ тәржімелеп берді. Аудармасын нотариусқа растатып таңба бастырдым. Сөйтіп ертесі Қазақстан Республикасының Оқу министрлігіне тарттым. Министрдің қабылдау бөлмесінде үкінің балапанындай жәудіреген бір әдемі

қыз отыр екен. Келген шаруамды айтып едім: – Қазір, – деді дельп етіп ішкі бір есікке кіріп кетіп, тез шықты.

– Кіріңіз, министр сізді қабылдайды, – деді. Бұрын-соңды лауазымы үлкен, мәртебелі адамдардың алдында болып көрмеген мен қобалжып тұрмын. Қара былғарымен қапталған үлкен есіктің жез тұтқасын ұстағанда қолым дірілдейтін сияқты. “Не де болса тәуекел” деп ішке ендім. Әңгіредей үлкен бөлменің төрінде маңдайы жарқырап бір үлкен адам отыр екен. Менің сәлемімді алып: – Кел, бала, – деді жылы жүзбен.

Оң бүйірдегі жұмсақ орындықтардың біріне отырдым да құжаттарымды шығарып, келген шаруамды баяндап жатырмын.

– Оқығым келеді ағай, жәрдемдесе көріңіз! – деп жалбарынамын келіп. Жас шамасы қырықты алқымдап қалған қарасұр жігіт екен. Мені мұқият тыңдап болып: – Қайда оқығың келеді? – мен шамама қарамай КазГУ-ге барсам деймін, дедім.

– Онда барсаң сен қиналып қаласың. ҚазПИ-дің филфагына жіберейін. Ол жерде де КазГУ-ден кем білім бермейді, – деп бетіме қарады.

– Мейлі ағай, барайын, – дедім. Столдың үстінде тұрған қызыл бояу қарындашты алды да дипломның көшірмесіне бұрыштама жазып қолыма берді.

– Каз ПИ-ге бар да филфактың деканы Киікбаев деген ағаң бар, соған бересің, – деді. Мен қуанғанымнан орнымнан атып тұрып қолынан алып, рақметімді жаудырып жатырмын.

– Оқасы жоқ, жақсы оқы, – деп шығарып салды. Бұл өмірде жақсы адамдардың жөні бөлек қой. Жақсының шарапаты тиеді деген осы, қуаныштан жарыла жаздап келемін. Алдымнан ақ күн туып, өмірім жүз сексен градусқа бұрылып кеткен секілді айтқан жеріне келіп, Киікбаевқа жолықтым. Ол құжаттарыммен танысып, жәй-жапсарымды сұрастырып болып: – Қазір біздің студенттердің барлығы жазғы жұмыста, сонау Көкшетауда құрылыста жүр. Сен жалғыз өзің ол жаққа бара алмайсың. Оданша ауылыңа барып жата бер. Оныншы қазан күні олар да келеді. Сол кезде кел, – деді. Осылайша деканмен қош айтысып жайыма кеттім. Қуаныштан жарыла жаздап, асып-тасып ауылға келдім. Естіген жұрттың бәрі құтты болсын айтып жатыр. Әсіресе, апамның қуанғанын көрсеңіз.

– Құдайдың мұнысына шүкір. Мен қазір той жасаймын, – деп екі-үш кемпірді шайға шақырып жүр. Апам шайқұмар еді. Жібінді

қатқан қызыл күрең үнді шайын терлеп-тепшіп отырып тәбетпен ішетін.

Қыс бойы істеген еңбегіме әжептәуір ақша алғанмын. Соның бір парасына кеше апама су жаңа самауыр сатып берген едім. Сол самауырды божылдатып қайнатып, күрт-майын дастарқанға төгіп, өзі тұстас үш-төрт кемпірді шайға шақырды. Дәл осы күні апам өмірдегі ең бақытты аналардың қатарында тұрған-ды.

– Мына самауырды Мұхаметжаным сатып әперді. Соның алғашқы шайын сендерге ішкізейін деп әдейі шақырып отырмын, – дейді.

Мұнан кейін де ол кісі көп қуаныштарға кенелді. Мен оқуды бітіріп, қызметке шегілгенімді көргенде төбесі көкке екі елі тимей тұрғандай күйге бөленді. Менің ойымша, әрқандай ана үшін баласының қуанышты сәттерін көруден асқан бақыт жоқ деп ойлаймын.

Менің құдай қосқан қосағым Хадишамен үйленген кезім, одан соң алғашқы немересін сүйген шақтағы анамның сезім-күйлерін дәл айта алмаймын. Жарықтық бала секілді аңқау, ақпейіл жан еді. Бірде соғым басы бермек болып үйге көп кісі шақырдық. Ғазиз деген көрші шал кешігіп келді. Ол кісі басына қысы-жазы тақия киіп жүретін-ді. Соған қарап жұрт оны “тақиялы періште” деп атап кеткен. Былайша бүркеншік аты іспетті. Жұрт дастарқан басына отырып болған кезде келген әлгі кісіге апам құрақ ұшып, төрге шығарып жатыр.

– Әй, Мұхаметжан, тақиялы періште келді, тақиялы періште. Қолына су құйындар! – дейді самбырлап. Хадиша апамның етегінен тартып: – Оныңыз не, ұят болды ғой. Ол кісінің аты олай емес... – деп сыбырласа, – е, қайдан білейін, өздерің ғой тақиялы періште дейтін, – деп одан бетер ұялтқаны бар емес пе.

Апамның бұдан басқа талай қызықтары болған-ды. Үлкен әкпеміз Зеріптің баласы Нұрмұхамет бірде үйге келіп, қымыз ішіп қайтып бара жатса апам оған: – Әй, Нұрмұхамет, мен дәрет алып отырмын, әлгі тетелеске сәлем айт, – дейтін көрінеді. Нұрмұхамет ағай да қу тілді, күлдіргі кісі еді.

– Иә, әкпе, айтамын. Сіз дәрет алып отырып сәлем айтты деймін, – депті. Бір үйде өңшең кемпірлер шай ішіп отырған ғой. Шай үстінде өздерінше қауқылдасып, өрлі-қырлы әңгімелер айтылса керек. Сонда шай құйып отырған жас келіншек: – Апа, осы сіздер жас кездеріңізде күйеулеріңізбен сүйісуші ме едіңіздер, – деп сұрап қалыпты. Сонда апам тұрып: – Сүйіскенде қандай, әдіра қалғыр менің шалым тілімді сорып, сүйгенде көмекейіммен қосып жұлып әкете жаздайтын, – депті.

## БІР ТҮННІҢ ӘЛЕГІ

(әңгіме)

Газет шығарудың машақатын былайғы жұрт қайдан білсін. Мақала жазу, редакцияға келген хаттарға жауап қайтару, бет дайындау дейсің бе, әйтеуір таусылмайтын ұшы-қиыры жоқ дүние. Ала қағаздың әлегімен жүріп, уақыттың қалай өтіп кеткенін де білмей қаласың. Осылайша қарбалас күндер өтіп жатты. Байланыс бөлімшесінен келетін ала қапшықты ақтарғанда тіпті жүрегің айнаиды. Бума-бума хаттар. Оның бәрін шұқшиып отырып оқисың. Қайсыбір хаттар еріккеннің ермегі үшін жазыла салған көк жасық, жарымжан дүниелер. Ішінен іліп алар ештеңе таппасаң да амалсыз жауап қайтарасың. Амал не, жұмысың сол болған соң айналысасың.

Күндердің бірінде қала маңындағы әскери бөлімшелердің бірінен хат келді. Оқып көрдім. Жас жауынгердің жүрек лүпілі, ата-анасына, туған жеріне деген сағынышы самалдай есіп тұр. Тәп-тәуір жақсы өлең. Шамасы жаңадан жаза бастаған болуы керек. Қайсыбір кедір-бұдыр жерлерін түзеп жіберсең кәдеге жарап тұр. Жалпы сөз қадірін білетін, өнерге бейімі бар адамның қолынан шыққан дүние. Өзім де іскер қатарында болғанмын. Сол кездегі сағыныш сыздатқан жүрегімнің нәзік қылын мына жігіттің өлеңі тағы да бір тербеп кеткендей болды. Әлгі өлеңнің олпы-солпы жерлерін өңдеп, газеттің келесі бір санында «Солдат сағынышы» деген атпен жариялап жібердім. Содан бастап әлгі ақын баладан үзбей хат келіп тұрды. Өлеңнің тақырып ауқымы да кеңі түскен. Әр саланы қамтып, көсіліп жазатын болды. Сүйегіне сөз дарыған адамның келбеті көрініп тұрады. Егер мынадай табиғи дарынын оқу, біліммен ұштаса, сөз жоқ, жақсы ақын болып қалыптасуы ғажап емес. Өзінің түрі-түсін көрмесем де, өлеңіне қанықпын. Аты-жөні де көкірегімде жатталып қалған. Кәдімгі бір ескі танысымдай жаны тартып, есіркеп тұрамын. Жіберген өлеңдерін кідіріссіз газетке бастырып отырдым.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Күнделікті әдетім бойынша орындыққа шаншылып отырып, хаттарды қарап жатқанмын. Кетет есік қағылды.

– Кіріңіз, – дедім.

Сол-ақ екен, есікті жайлап ашып, сыптай киінген әскери адам кіріп келе жатты. Сұңғақ бойлы талдырмаш келген жап-жас жігіт жылы жүзбен сәлем беріп қолын ұсынды.

– Ардақ деген ініңіз боламын, аға.

– Ой, әлгі ақын Ардақ сенбісің?

– Иә, мен ғой аға.

– Бәрекелді, талабың таудай болсын бауырым. Сені бұрын көрмесем де өлеңдерің арқылы білемін.

Екеуміз шүйіркелесіп, әңгімелесіп отырмыз.

Екі жылдық әскери міндетін өтеп болып, аулына қайтып барады екен. Маған арнайы ат басын бұрып, рақметін айта келген беті.

Талабың жақсы айналайын. Өлеңнен қол үзбе, көп оқы. Ақындық деген тәңірдің сыйы. Ол туа бітетін, ана сүтімен бойға даритын ерекше қасиет, – деп білгенімше ақыл-кеңес беріп жатырмын.

Ардақ менің қасымда ұзақ отырды. Әлденені айтқысы келгендей қипақтап, жасқанып отырғанын байқадым да:

– Маған бір нәрсе айтқың келіп тұр ғой, – дедім суыртпақтап. Ол күлді.

– Иә, аға, айтайын десем, сізге ыңғайсыз бола ма деп...

– Несі ыңғайсыз, айта ғой, жасырма, – дедім. Жігіттің жүзі күреңітіп, сәл ұялыс тапқандай болды. Жанарымен жер шұқып тұрып:

– Ағай, жақыннан бері осы қаланың бір қызымен жүріп жүр едім. Сол қызды ертіп келіп, өзіңізбен таныстырсам деп едім, – деді.

– Ой, жолың болғыр, оның несіне сонша қысылдың, ертіп кел. Ол қыз келін болайын деп жүрген ғой шамасы, – деп күлген болдым.

Ардақ қуанып кетті.

– Ағай, мен қазір барып ертіп келемін, – деді де шығып кетті.

Жұмыстың соңынан қарай екеуі келіп тұр. Қасында қаланың әдемі бір бойжеткені. Дене бітімі қоладан күйғандай өзі де сымбатты қыз екен. Құлын мүшелері айшықталып, мен мұңдалап тұр. Төңкерген бөтелкедей тіп-тік бақайы шаншылып, ақ балтыры көз қарықтырады. Байқап қараған адамға бұл күнде қала қыздарында

кездесе бермейтін өзінде ерекше бір сұлулық сыр бар. Мойылдай кара шашын арқасына төгілтіп тарап қойған. Екі көзі жәудіреп кісіге тігіліп қарағанда мақпал түнде жарқыраған шолпан жұлдыздай болып қос жанары жалт-жұлт етеді. Қыз көркіне сүйініп, іштей риза болып қалдым. Мынадай түр мен сымбат берген тәңірге тәуба келтіресің.

– Ағаңмен танысып қой! – деді Ардақ қызға қарап.

– Гауһар, – деп ол қолын ұсынды.

Сүйріктей салалы саусақтарын алақанымға басып, мен да атымды айттым. Мамықтай жұмсақ, мынадай жұмыр саусақтарды бұрын кездестірмеген секілдімін. «Пианинода ойнайтын музыканттардың саусағы сондай салалы болады» деп естуші едім. Мынау да бекер адам емес-ау, деп ойладым іштей. Алла тағала адамға ажар, көрікпен қоса бар жақсы қасиетті жомарттықпен сыйлайтынын қайтерсің. Осында өнер академиясында оқиды екен. Өзі әнші, барлық музыкалық аспапта ойнай беретін көрінеді. Аузын ашып «әу» десе болды көмейінен ән төгілетін сияқты.

Ардақ бізді бастап қаланың орталығындағы бір дәмханаға келді. Әлекендей жаланған даяшы қыздар асты-үстімізге түсіп жатыр.

– Не қалайсыздар? – деп ас мәзірін алдымызға жайып салды.

– Ағаның қалауы білсін, – деді Ардақ ілтипат жасап.

Мен жеңіл-желпі тағамдардың атын атап едім, жігіт көнбеді.

– Ағай, мен бүгін қалталымын. Қайтар жолыма әскери бөлімшенің өзі кәдімгідей ақша берді, – деп ол көлгірсіп тұр.

Не керек, әжептәуір бағалы тағамдар алдырдық. Шамалы ішімдік те келді. Оймақтай рюмкаға құйылған коньякты қолыма алып, екі жасқа тілек білдірдім. Ардақтың болашағынан үлкен үміт күтетінімді айттым.

– Егер Ардақ талмай ізденіп, көп оқып, өзін-өзі жетілдіретін болса, халыққа танымал ақын болып қалыптасады, – дедім. Жақсы сөз кімнің жанын жадыртпаған. Ардақ інімнің жалы тікірейіп, қыздың алдында едәуір марқайып қалды. Үшеуміз коньяк толы рюмкаларды тиістіріп ернімізге апардық. Лағылдай мөлтілдеген шарапты жұтқандай Гауһардың ақтамағынан көлеңкесі көрінгендей әсер етті маған. «Мынадай қызды ілестіріп жүрген жігіттің арманы жоқ-ау!» деп ойладым, Ардақ бауырыма мейірлене қарап. Өтіп



кеткен жастық шағым, қайта оралмас. «Ой-хой жиырма бес» еске түсіп, күрсініп жібергенімді сезбей де қалыппын.

Тамашалап отырған қызықты сәттерде уақыт шіркіннің зымырап кететіні бар. Қыстың тұтамдай қысқа күні әлдеқашан қараңғылыққа бой ұрған. Түннің бір уағы болып қалыпты. Біз делбетап, масаңдау күйде рестораннан шықтық.

– Ағай, бұл қалада менің сізден басқа танысым жоқ. Ренжімесеніз үйіңізге түнеп шықсам бола ма?! – дейді Ардақ.

– Неге болмасын, жүр үйге, – дедім мен ойланбастан.

– Онда Гауһарды да ертіп алсақ қайтеді!

– Өзің біл, шырағым.

Ол қызбен күбірлесіп, сөйлесіп келеді. Мен екі жасты оңаша қалдырып, алға оздым.

– Ағай, Гауһар келісті. Бірақ үйдегі жеңгейден ұят болып жүрмесе...

– Жеңгең екі күн болды төркініне кеткен. Үйде ешкім жоқ, – дедім. Ардақ қуанғанынан екі алақанын ысқылап жіберді де: – Аға онда мен тағы бір коньяк әкелейін. Сіздің үйге барып Гауһарға таң атқанша ән айттырып, домбыра шерттіреміз – деді, қуанышын жасыра алмай. Мен де ары кет емеспін.

– Мейлі өзің біл, – дедім.

Біз түнгі сағат онның шамасында үйге келдік. Екінші қабаттағы үш бөлмелі үй бос, дүмбірлеп тұр. Не керек сауық кеші қайта жалғасты. Ардақ өлең оқиды. Гауһар сылқылдатып күй шертеді. Өзінің дауысы да әдемі екен. Домбыраға қосылып халық әндерін нақышына келтіріп шырқағанда жігіт қыздың аузына кіріп кете жаздайды. Қызды-қыздымен бір кезде мен де ән салдым. Домбыраға қосылып қоңыр даусыммен Біржанның «Жамбас сипарын» айтып бердім.

– Ой, ағай, қандай керемет айтасыз? – деп екеуі қолпаштап жатыр. Мақтағанды кім жек көреді. Кәдімгідей желпініп қалдым. Осылайша біз ұзақ отырдық. Бірде қыз үйіне қайтпақшы болды. Қарасақ сағат түнгі екі болып қалыпты.

– Қалқам-ау, қаладағы қоғамдық көліктер тоқтап қалды ғой, қалай қайтасың? – дедім.

– Такси шақыра саламын, – дейді Гауһар.

Қырсыққанда телефон істемей қалыпты. Түн жарымда көршілерді мазалап жату тағы ыңғайсыз.

– Шырағым, таң атып қалды ғой. Осында жата кетсейші. Сағат алтыдан бастап автобустар жүре бастайды, – дедім. Қыз ойланып қалды.

– Мейлі ағай, таңның атуын күтейін, – деді. Мен залдағы диванға Ардақты жатқызып, қызға балалар бөлмесіне төсек салып бердім.

– Ұйқың келсе, мына бөлмеге жатып, мызғып ал шырағым! – дедім де бөлмеге кеттім.

– Жоқ ағай, таң атуға аз қалды ғой, кітап оқып отыра беремін, – деді ол.

Шаршап қалсам керек, жата салып ұйықтап кетіппін. Кенет бір ащы дауыстан шошып ояндым. Басымды көтеріп тың тындасам, арпақ-тұрпақ алысып жатқан қыз бен жігіттің дыбысы шығады.

– Ақымақ, көрсетемін мен саған, жібер деймін! – деген Гауһардың даусы тісінің арасынан сыздықтап қатқыл естіледі. Шала-пұла киіне салып, балалардың бөлмесіне кіріп барсам, екеуі жұлқысып жүр.

– Ей, не болды сендерге? – деймін.

– Не болғанды көрсетемін әлі. Мынау ақымағың мені зорламақшы. Мен қазір полиция шақырамын. Екеуінді түрменің түбінде шірітемін. Сендер әдейі мақсатты түрде осы кешті ұйымдастырғансыңдар. Сен әйелің жоқ оңаша үйге мені алдап әкелгенсің ғой, ә, – дейді. Қыз бағанағы бір әзірдегі «сіз» деп сызылып тұрған қалпынан ауытқып, бірден «сенге» көшіп алған. Дәл қазір ол ешкімді де аяйтын көрінбейді. Гауһар қатты долданып, ашуланып кеткен. Шашы бей-берекет қобырап, ұсқынсыз бір түрге енген. Көзі шарасынан шығып шақшиып тұр. Екеуі әбден алысқан болуы керек. Қыз ентігін әзер басып, деміге береді. Мен шынында қорқа бастадым. Төбемнен біреу суық су құйып жібергендей арқам тоңазып, денем суынып кетті. Оның беті ары болсын, егер Гауһар мына қалпында полицияға шағымданса, Ардаққа қосақталып кете баратыным айдан анық. Өйткені қылмысты іске ұйытқы болып, жағдай жасап отырған менмін ғой. «Енді не істедім!» Бағанағы ішкен шараптың қызуы қайда кеткенін білмеймін. Тез есімді жиып алдым. Сөйттім де Ардақты шапалақпен тартап-тартып жібердім.

– Ой, жетесіз ақымақ! Осындай да сорақылық бола ма екен! Махаббат білектің емес, жүректің ісі емес пе? Қыз балаға аялы алақан, мейір керек... – деп тілім жеткенше сөгіп жатырмын. Арасында қатты сөздермен жігіттің ит терісін басына қаптап ұрысып қоямын. Менің сөзімнен кейін қыз сәл босаңсығандай болды. Бірақ әлі де райынан қайтатын емес. Енді мен оған жалбарына бастадым.

– Айналып кетейін Гауһар! Мен бұл жігітті бүгін ғана көріп тұрмын. Рас, газетке өлеңдерін басқаным болмаса, өзін тіпті көріп тұрғаным осы. Мен үлкен адаммын, жұрт білетін атақты жазушымын. Сен мені шата көрме шырағым! – деп жік-жапар болдым.

Қыздың ақылы бар екен. Менің сөзіме иланғандай болды. Гауһарды жетелеп барып жуынатын бөлмеге беті-қолын жудырып, шашын тараттым.

– Қазір көшеге шығып, такси ұстаймыз. Үйіңе дейін өзім жеткізіп саламын, – деп құрақ ұштым. Біз шыққанда таң бозарып қалған-ды. Шығыс жақ құланиектеніп, қараңғылықтың көбесі сөгіліп келе жатқан. Абырой болғанда, такси тез табыла қалды. Гауһарды отырғызып алып зулап келемін.

– Үйіңнің тұрағын өзің айта ғой қалқам! – деймін.

– Үшінші ықшам аудан, – дейді Гауһар.

Аталған жерге лезде жеттік. Қызды дәлізге дейін ілестіріп келіп:

– Гауһар, айналайын! Ана иттің иттігін мен үшін кешір шырағым! – дедім шашынан сипап.

– Жарайды ағай, сіз үшін кештім, – дегенде қуанғанымнан қызды құшақтай алыппын. Неге олай еткенімді өзім де білмеймін. Бәрі де далбаса тірлік. Суға кеткен тал қармайдының кері. Басыма үйірілген қауіптің бұлты сейілгендей болып, денем жеңілдеп қалды. «Ойпыр-ай, пәле қайдан, жала қайдан деген осы-ау» деймін іштей тәуба қылып.

Үйге келсем, Ардақ тырқиып ұйықтап жатыр. «Қайран жастық-ай!» деймін оған де бүйрегім бұрып. Екеуміз отырып, ертеңгі шайымызды іштік. Жігіт түндегі қылығынан қысылғандай болып төмен қарай береді.

– Әй, баламысың деген, екеуміз де күйіп кете жаздадық қой бауырым! – деймін басымды шайқап.

Осылайша мазасыз бір түнді артқа тастадық. Ардақ еліне кетті.

Ертесі екі баламды ертіп әйелім келді. Мәре-сәре болып қалдық. Ел-жұрттың амандығын айтып қайынжұрттың берген сәлем-сауқатын, сыбаға деп салған білектей сүрі қазыны столға қойып келіншегім арқа-жарқа болып жатыр.

– Бәрекелді, олжалы оралған екенсің, – деймін мен де оны қостап. Әсіресе кішкентай қызым – Ақбота мені қтты сағынып қалыпты. Етегіме оралып бетін бетіме тақап:

– Мен шені, шағындым, – дейді шүлдірлеп. Баланың бал тіліне, тәтті қылығына жүрегің езіледі. Мен оның екі бетінен шөпілдете сүйіп-сүйіп алдым да шешесіне қалдырып, жұмысқа кеттім. Үйреншікті газет жұмысы. Ұшы-қиыры жоқ, ұзақ-сонар бітпейтін бір дүние. Жүйкені жұқартатын татымсыз хаттар. Тіпті оларды қараудан торығасың. Мезі болғаның сонша, бетіне қарағың келмейді. Амал жоқ оқисың. Жауап жазасың. Осылайша жұмыстан шаршап кешке таман үйге келдім. Келсем әйелім екі бүйірін таянып, есіктің көзінде тұр. Зәр төккен отты жанарын оқша қадап, зірк-зірк етеді. Екі көзі шақшиып төбесіне шығып кеткен. Қаңтарда жараған бурадай қалш-қалш етеді. «Бағана ғана күліп-ойнап жұмысқа кеткен едім ғой».

– Әй саған не болған? – деймін түкке түсінбей.

– Не болғанын көресің жүр бері! – дейді қатуланып. Ой тәуба, түсінсем бұйырмасын. Келіншегімнің соңынан ілесіп келемін. Ол балалардың бөлмесіне кірді де, одеялды жұлып алды.

– Не мынау, мына шаш кімдікі? Жалаптарыңды ертіп келіп мен жоқта әбден сайран салғансың ғой, ә! – дейді ышқынып. Ашуланғаны сонша, өңі құп-қу болып сазарып кеткен.

– Бол, айт деймін! Енді не деп жалтарар екенсің! – Мен күліп жібердім, әйелім одан бетер ширьға түсті. Табанымен шоқ басып алғандай шоршып түсіп, көрпе мен жастықтарды лақтыра бастады.

– Мақпал, сабыр ет. Сен текке арам тер болма. Әуелі істің байыбына барып ал. Содан кейін айтарыңды айтасың.

– Ал, қане тыңдалық! – дейді зілденіп.

Мен болған жайды бастан-аяқ баяндап жатырмын. Үйге ертіп келем деп басыма пәле сатып алғанымды айтып ақталамын.

– Өтірік айтасың, сенбеймін! – дейді ол жыларман болып. Мұндай қорлықты кім көрген. Ақтан-ақ қараланып, нақақтан күйген жаман екен.

– Ал солай-ақ болсын. Қанеки неңмен дәлелдейсің. Ол жалабың қайда, жігітің қайда, көрсетші маған?

– Мақпал, біреудің обалын көтерме, ол жалап емес, нағыз адал тәрбиелі қыз. Керек болса қазір ертіп барып беттестіремін, – дедім.

– Жүр барамыз, – дейді әйелім.

– Жүрсең жүр, – деп мен де қатуландым. «Барғанмен көп қабатты үйдің қайсысынан іздерсің?» деген бір ой жылт етті санамда. Байқаймын әйелім райынан қайта бастаған секілді.

– Мақпал, менің адалдығыма арым куә. Мен шынымды айтып тұрмын. Сен үйтіп үйдің берекесін қашырма! – деймін оны саба-сына түсіріп.

Мақпал сенерін де, сенбесін де білмей дал болып тұр. Осылайша бір түннің әлегінен әзер құтылғаным есімнен еш кетпейді.

*04.04.2009 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

### *Бірінші бөлім*

Босқындар..... 5

### *Екінші бөлім*

Қияда..... 69

Зобалаң..... 130

Балдәурен (лирикалық хикаят)..... 191

Ана махаббаты..... 204

Бір түннің әлегі (әңгіме)..... 218

**Мұхамеджан АБДРАХМАНОВ**

**САҒЫМ ЖЫЛДАР**

*(Ғұмырнамалық роман)*

Редакторы	Шарипа ЖАМЫҚАЕВА
Техникалық редакторы	Дарико ОМАРҒАЛИЕВА
Суретшісі және беттеген	Берлібай МӘНБЕТИҰЛЫ

ИБ № 812

Басуға 02.11.10 қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік қағаз.

Баспа табағы 14,5. Шартты баспа табағы 2,5.

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 46

“DALAPRINT” баспаханасында басылды.  
050056, Алматы қаласы, Ереванская көшесі, 1.



**Мұхамеджан  
АБДРАХМАНОВ**

КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бейжін Орталық Ұлттар институтының қытай тілдері факультетін қызыл дипломмен тамамдаған. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің (бұрынғы ҚазПИ) тіл және әдебиет факультетін бітірген (1966). Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған. Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі. Республикалық “Жазушы”, “Жалын”, “Арыс” баспаларынан он төрт кітабы жарық көрді.